Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

(Соңы. Басы 1-бетте).



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

БІЛІКТІ БАСШЫ ЕЛДІ ОЗДЫРАДЫ

Аудан халқы жиналған Мәдениет үйінің мәжіліс залында Балқаш ауданының 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2015 жылға міндеттер туралы аудан әкімі Бейсетғали Жүнісовтың есептік кездесуі жалғасты.

– *Ауданның барлық 15 ауылдық округінде 2014 жылдың 13 қаңтары мен 11 ақпан аралығында аудан және округ әкімдерінің елді мекендер тұрғындарымен өткізген есептік кездесулерінде көтерілген мәселелердің шешімін табуы тұрақты бақылауға алынып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының ортамерзімді бағдарламасына енгізілді. Аудан әкіміне айтылған 16 және барлық ауылдық округ әкімдеріне түскен 18 ұсыныс-пікір өз шешімін тапты,* – деген аудан әкімі өткен жылы қол жеткен жетістіктер мен атқарылған жұмыстарға тоқталды

Былтыр ауданның көптеген ауылында жаңарту, қайта жөндеу жұмыстары қолға алынып, халыққа қажетті нысандар салыныпты. Мысалы, Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты және фельдшерлік акушерлік пункт ғимаратының құрылыс жұмыстарына 176 миллион теңге, Көкжиде ауылындағы «Балдырған» балабақшасына 127 миллион теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізіліпті. Сондай-ақ, Бірлік ауылының «Толғанай» балабақшасы сымсыз интернетке қосылса, Береке ауылындағы спорт алаңының құрылысын жүргізуге қажетті жобалық-сметалық құжаттама дайындалған. Жұмысқа қабылданған жас маман ретінде Құйған ауылдық ауруханасына Жезқазған және Алматы медициналық колледжін бітіріп келген 2 жас дәрігерді айтуға болады. Ауылшаруашылық жер телімдерін мақсатты пайдалануда «Ақдала–Өтес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 157 гектарға, «Өтес» агрофирмасы 185 гектарға арнабидай сеуіпті. Мал тұқымын асылдандыру қарқын алған.

Сұлкар – Қаншеңгел – Топар – Құйған автожолының 243-ші 253-ші шақырым аралығына, Береке, Ақжар және Аралтобе ауылының кірме жолдарына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Бақанас ауылындағы 3. Әбілдаев көшесі, Салтанат №1, №2 көшелері, Желторанғы ауылындағы Болтірік көшесі орташа және күрделі жөндеу жұмыстарынан өтті. Сонымен қатар, халықты ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында Желторанғы ауылындағы су құбырының құрылысына 34 миллион теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары аяқталды. Ауызсу құбыры жүйесін жөндеу үшін Топар ауылына 6 миллион теңгеден астам, Бура ауылына 2 миллион, жаңадан су құбырын тарту үшін Үшжарма ауылына 9 миллион, Боянды ауылына 5 миллион, Құйған ауылының Ким, Малдаров және Жөкімаров көшелеріне су құбырын тартуға 2 миллион, Аралтөбедегі көпірді күрделі жөндеуге 1,2 миллион, Көкжиде және Топар ауылдарына қосымша түнгі жарық орнатуға 777 мың теңгеге жобалық-сметалық құжаттары дайындалыпты. Сонымен қатар, Жиделі ауылында 5 электр желісі 500 метр электрсымы ауыстырылды, Үшжарма елді мекенінің көшелері жарықтандырылған. Ауданның жұмысқа жарамды 15,7 мың адамының 14,9 мыңы жұмыспен қамтылған.

Былтыр бюджетке түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді жинау болжамы 132,5 пайызға орындалып, 676 миллион теңгені құрапты. Бюджет шығыны 3,8 миллиард теңгені құрап, қаржы толығымен игерілген. Аудан экономикасына барлығы 2,06 миллиард теңге инвестиция тартылған. Сондай-ақ, өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,2 миллиард теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 126,6 пайызды құраған. Орташа жалақы мөлшері 61,3 мың теңгеге жеткен.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға да жан-жақты қолдау көрсетіліп, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша несие алу, қайта оқыту, заңгерлік кеңес қызметі көрсетілген. Өткен жылы осы бағдарлама аясында кәсіпкерлік басқармасынан ауданның екі азаматына 5 миллион теңге грант берілді. Жалпы Балқаш ауданында тіркелген 1778 шағын кәсіпкерлік субъектісінде 4700 адам жұмыспен қамтылған. Атап айтқанда, былтыр «Бірлік Құрылыс Жөндеу» ЖШС 15 миллион теңгеге тәулігіне 3000 шаруашылық және тағамдық қап шығаратын цехты іске қосып, жұмыс орнын ашқан.

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру және жемішөп пен отын қорын молайту мақсатында күзгі әр сенбісінде Бақанас ауылының орталық базарында жәрмеңке ұйымдастырылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың былтыр 19–20 тамызда Алматы облысына іссапары барысында берілген тапсырмасына сәйкес, шалғай үнемдеу технологиясына ауысу, суармалы және игерілмей жатқан жерлерді тиімді пайдалануға қатысты жұмыс атқарылып, 34,8 мың гектар жердің құжаты облыстық инспекцияға жолданған.

Бұдан бөлек, ауданның барлық саласында өсім бар екендігі айтылып, алдағы міндеттері тапсырылды.

Жарыссөзге шыққандар аудан әкімінің былтырғы жұмысына оң баға беріп, өздерін толғандырған мәселелерді облыс әкімінің назарына ұсынды. Атап айтқанда, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Үзақбай Несіпбаев Бақанас ауылында өткен ғасырдың 70-ші жылының аяғында салынған аудандық орталық аурухананың әбден ескіргенін айтып, жаңын-шашын кезінде төбесінен су тамшылап, ем алушыларды әбігерге түсіретінін жеткізсе, «Бірлік» агрофирмасының директоры, облыстық мәслихат депутаты Әбдіжаппар Қыстаубаев аудандағы ән-күстың саны азайып бара жатқанын тілге тиек етіп, экологиялық мәселені шешуге көмек сұрады. Барлығы 3 миллион 739 мың гектар жері бар ауданда 1 миллион 832 гектар орман шаруашылығына қарайды, ал суармалы жер 28 мың гектардан астам. Жыл өткен сайын сырттан келетін демалушылар табиғатты ластап, ан-құс саны күрт азайып барады. Осыған байланысты мемлекеттік тұрғыда бақылауды қатайтып, талапты күшейту керектігін айтқан облыстық мәслихат депутаты Әбдіжаппар Қыстаубаев облыс әкіміне табиғат байлығын сақтауды құзырлы органдар алдына нақты міндет қойып, жануарлар әлемін қорғауды ұйымдастыруға ықпал етуді сұрады. Одан кейін Мыңлы ауылындағы Қарағаш орта мектебінің ұстазы Елена Попова Ақдала, Мыңлы ауылдарындағы спорт кешендерін күрделі жөндеуден өткізуге көмек сұраса, еңбек ардагері Балапан Әділханова Бақанас ауылындағы «Қонаев» саябағына ескерткіштер аллеясын орнатуға қажетті 17 миллион теңге қаражатты облыстық бюджеттен бөлінсе деген тілегін жеткізді.


Облыс әкімі Амандық Баталов кездесуде айтылған мәселелердің маңыздылығына тоқталып, жалпы Балқаш ауданының жетістігі мен көрсеткішіне дұрыс баға беріп, жиында көтерілген мәселелерге көмек көрсетілетінін жеткізді.

▲МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

Ата-бабаларымыз аттың түсіне қарап, жасауыл сайлап, ел даңқын аспандатқанын тарихтан оқып білсек, би-шешен, батыр-бағландарымыздың есімімен бірге ерлетін тұлпар есімдері де ерекшелігіміздің белгісіндей сезіледі. Тіпті, бала күнімізде әжелерімізден: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар. Бөрінен де қой бағып, құйрық жеген озар», – деген тәрбиесі ес кіргеннен есімізден кетпейтін. Әрине, айтпағымыз бұл емес. Бірақ жылқыны алғаш қолға қондырған, қойды еріске, сиырды табынға үйреткен, есі кеткенде ешкі бағудың пайдасын бағудан пайымдаған халқымыздың дел бүгінгі өркениетті қоғамда жабағы мінін, жасып жүргені көңілге ауыр тиетіні жасырын емес. Тіпті, еріске он шақты сиырын жайып, отыз шақты қойын өргізіп, төрт-бес жылқысын оттатып отырған қарекеттеріміздің көбіс халін көріп, қарның ашады. Кешегі қиын күннен еңсесін енді тіктеген елдің бұрынсы да жөн шығар. Осы кезде қарапайым халықтың қалтасындағы қаржысы аз болса: «Үкімет тарапынан қолдау танытып, төрт түліктің сапасын жақсарт, демеп жіберуге болады ғой» – деп ойланып қаласың. Ақпарат құралдарынан осындай қолдау арналарының, төрт түлікті түлетуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бар екенін, өнімді жұмыс істеп жатқанын жиі естиміз. Сондықтан, бұл туралы толығырақ білу үшін облыстық ауылшаруашылық басқармасына бас сұқтық.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
қолдаудан кенде емес

«Жетісу»
Қажет АНДАС



Сұрастыра келе, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ несиелендіретін ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің етті бағыттағы сиыр түлігін өсіруге бағытталған 2011–2015 жылдарға арналған «Сыбаға», жылқы шаруашылығын дамытуға арналған «Құлан», қой шаруашылығын асылдандыруға негізделген "Алтын асық" жобасы «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ несиелендіретін «Бірлік» атты сүтті мал шаруашылығындағы отбасылық фермаларды дамытуды несиелендіру бағдарламасы, инвестициялық қаржы салу бағдарламасы арқылы жайылымды тиімді пайдалану мақсатындағы бұрынғы бар құдықтарды қазып ашу немесе жаңасын қазуға бағытталған тың жобалардың атқарылып жатқанын білдік. Бұлардың шаруасын шалқытуды мақсат еткен азаматтарға қолдау танытатын бірегей жобалар екенне кәзмәз жетті. Шыны керек, осыдан бірер жыл бұрынғы жағдайға қарағанда малымыз есіп, қорамыз төлге толып қалды. Бірақ саннан гөрі, сапаны талап ететін бүгінгі заманда мал өнімдерінің сапасы қанағаттық деңгейде деген сауал берімізді мазалайды. Елбасы 2016 жылға қарай экспортқа шығарылатын еттің көлемін 60 мың тоннаға жеткізуді міндеттеді. Расында, өрістегі малымыздың санымен есептегенде бұл жосларды қинамай орындауға болады. Бірақ алдымыздағы малдың ет, сүт және өнімдерінің сапалық деңгей өнімді экспорттаудың талабына сәйкес келмей жатқанын қалай жасырамыз. Сол үшін төрт түлікті асылдандырып, Елбасымыз айтқан «Қазақстан ет өнімдерін экспорттайтын өңірлік ірі елге айналуы тиіс» деген тапсырмасын орындауға ұмтылуымыз керек. Ал жоғарыда аталған бағдарламалар осы міндетті орындауға дем береді. Ендеше, келесі кезекте аталған мемлекеттік бағдарламаларға ретімен тоқталып өтелік.

Ең алдымен «Сыбаға» байланысты атқарылар істің қомақты екенін білгенміз дұрыс. Өйткені аталған бағдарламаны «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалы жергілікті атқарушы билікпен (аудан, аудан өкімдіктері) бірлесе жүргізеді. Сопар арқылы борышкердің барлық жағдайын біледі, несиенің өз мақсатына жұмсалып, уақытында қайтарылуын бақылап, тексеріп отырады. Оның басқа несиелерден басты артықшылығы – үстеме пайызы төмен, қайтару мерзімі ұзақ. Несие мерзімінен бұрын қайтарылса, айыппұл салынбайды.

Бұл жерде несиенің тек қана мал шаруашылығымен айналысатын, соның ішінде етті бағыттағы сиырлар мен ұрықтандырушы аталық мал, яғни асыл тұқымды бұқалар алуға жұмсалуы тиіс. Несие алушы берілген қаржыға тек сиырлар мен бұқаларды сатып алып қана қоймайды, оны өсіріп, өндіріп, етті бағыттағы сиырлардан туратын табынға айналдырады да ұрғашы төлдерін өздерінде қалдырып, ерекше төлдерін бордақылау алаңдарына тапсырады. Несиенің көлемі 8,5млн. теңгеден жоғары жеті жылға алты пайыздық мөлшерлемемен беріледі. Қарызды қайтарудың алғашқы екі жылына жеңілдік қарастырылған. Кепілдікке шаруаның жағдайына қарай, жылжитын және жылжымайтын мүліктер алынады. Несие алушы қарызын мерзімнен бұрын (жеті жылдан) өтеп жатса, оған айыппұл салынбайды. Бірақ несие алуға қойылатын талап та аз емес, ең алдымен қандай шаруашылық нысаны болмасын, оның қаржылық жағдайының тұрақтылығы, төлем қабілеті басты назарға алынады.

Қарыз алушының несиеге арыз берген күнге дейінгі соңғы үш айда салыққа, бюджетке тиісті төлемдерге берешегі болмауы тиіс. Сондай-ақ, екінші деңгейдегі банктерге, басқа да қаржы институттарына мерзімі өтіп кеткен қарыздары болса, несие берілмейді. Жалпы, қарыз алушының бұған дейін несиеге байланысты ешқандай жалтамсыз жайттары болмауы тиіс. Екіншіден, несие алушының малды бағып-күтуге қажетті мүмкіндігі, қора-қопсысы, суат көзі, мал азығының берік қорын жасақтайтын жағдайы, мал жайылатын жайылымы болуы міндетті. Шаруашылықтың төңірегіндегі малдәрігерлік-санитарлық ахуалдың жақсылығы есепке алынады. Сосын тағы бір ескеретін жағдай – «Сыбағаны» алатын шаруаның бұрыннан малы болуы тиіс. Оп малдың саны несиеге алынатын мал басының 50 пайызын құрауы керек. Яғни сіздің он бас ірі қараңыз болған жағдайда малыңызды тезірек көбейткіңіз келсе, қалауыңыз бойынша, жиырма басқа дейін сиыр немесе қашар алу үшін несие алуға болады.

Мал сатушының ауылшаруашылығы малдарын бірдейлендіру жөніндегі ережеге сәйкес, ірі қара малы бірдейлендірілуі (таңбалануы, сыртқалануы) қажет. Етті бағыттағы бірнеше класстан төмен емес бұқашықтар немесе бұқалар асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтардан алынады және олардың асыл тұқымдық, малдәрігерлік куәліктері болуы керек. Тап осы тұста көңіл аударатын бір мәселе бар. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша мал сатып алатындарға жергілікті атқарушы орындар, аудандық ауылшаруашылығы бөлімдері малды қайдан, қай шаруашылықтан, серіктестіктен алуға болатындығы жөнінен көмектесуі керек. Оп малдардың жынысы, жасы, тектілігі, өнімділігі, яғни барлық сапалық өлшемі көрсетілген ақпараттар жинақтығы компьютерлік базада болуы міндетті.

Осы тұста көпшілікте «Шетелден асыл тұқымды ірі қара сатып алғанша өзіміздің отандық асыл тұқымды малдарды жаппай өсіруге болмас па?» – деген сұрақ туындап жатады. Әрине, өңіріміздегі шаруашылықтар отандық асыл тұқымды мал қорын өркендетіп жатыр. Ал шетелден асыл тұқымды мал әкелудің мақсаты – мал тұқымының гендік сапасын жақсарту. Бұл тек Қазақстанда ғана бар жағдай емес, қазіргі таңда өлемнің барлық елдері осы тәсілді қолданып жүр.

Иә, бұл бағыттағы жұмыс өңірімізде сәтті қолға алынып, жоспардағыдай орындалуда. Айталық, 2011 жылы Үкіметтің қаулысымен бекітілген «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» кешенді жобасына сай облысымыз өткен төрт жылда фермерлік шаруашылықтар үшін 22300 аналық сиыр сатып алу жоспарланса, нәтижесінде 415 шаруа қожалығы 27453 бас асыл тұқымды аналық сиыр сатып алып, жоспар 123 пайызға артық орындалған. Ағымдағы жылдың 15 қаңтардағы ақпараттық талдау жүйесі бойынша тұқымдық түрлендіруге 1254 шаруашылықтан 101146 аналық сиыр тіркеліп, оның ішінде 18 айдан жоғарғысы 84938 бас болған. Ал бұқамен қамтамасыз ететін шаруашылықтарға тоқталсақ, өткен төрт жыл ішінде шетел селекциясынан 8655 бас асыл тұқымды етті бағыттағы ірі қара жеткізілді. 9 асыл тұқымды репродуктор шаруашылығы құрылды. Бүгінде осы шаруашылықтарда 327 бас «Абердин-Ангус» және «Герефорд» тұқымының 15 айдан жоғары бұқашықтары бар. Ал 15 шаруашылықта отандық етті бағыттағы «Әулиекөл» «Қазақтың ақбасы», «Самғатерту да». «Голлевей» тұқымының бұқалары бағылуда.

Осы тұста «Сыбаға» бағдарламасы аясында өрленген бордақылау алаңының болуы талап етіледі. Бұл тұрғыдан келгенде өңірімізде қуаттылығы 18920 бас болатын 40 мал бордақылау алаңы іске қосылған. Басқарма мамандарының айтуынша, бишігі міндет те қомақты көрінеді. Алымдағы жылы облысымыздан 2420 тонна ет өнімін экспортқа шығару көзделсе, келесі жылы бұл санды 4500 тоннаға жеткізу міндеті тұр. Оны орындау үшін шаруашылықтар мен жекелерді асыл тұқымды мал өсіруге мыналандыру керек. Оның бірден-бір жолы – субсидия беру. Бұл бағыттағы жұмыстар да жүйелі атқарылып келеді. Сатып алынған әр бас асыл тұқымды ірі қарға 154 мың теңге бір рет. сондай-ақ, селекциялық, асылдандыру жұмысына қатысқан әрбір аналық басқа 18 мың теңгеден субсидия төленеді (мұнда 30 бас аналықта бір бұқадан келетінін айта кеткен жөн). Өткен жылы облыс бойынша «Сыбаға» бағдарламасы бойынша шаруасын түзеген 327 шаруашылық пен селекциялық асылдандыру жұмысымен айналысқан 769 шаруашылыққа 1 млрд. 169 млн. теңге субсидия төленген.

Айтпақшы, 2014 жылдан бастап «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ ауылшаруашылығы тауар өндірушілерне «Алтын асық» бағдарламасы бойынша қой сатып алуды. «Құлан» бағдарламасы бойынша жылқы шаруашылығын дамытуды несиелендіру бойынша тағы екі бағытты жүзеге асыра бастады. 'Құлан' бағдарламасындағы негізгі талап – 15 аналық биеге 1 асыл тұқымды айғыр. жылқының жасы 12-36 ай аралығында болуы тиіс. Шаруада жоспарланған мал санының 30 пайызы жекеменшікте немесе оны сатып алатын қарамағы болуы керек. Ал бұл үшін берілетін несиенің ең азы 4.5 млн. теңгеден басталады. Бір аналық, басқа берілетін қаржы – 350 мың теңге. Несиені өтеу мерзімі – 10 жыл. Статистикалық мәліметке сүйенсек, өңірімізде «Құлан» бағдарламасының талаптарына ниет танытқандардың саны көбейіп отыр. Яғни, өткен жылы облыстық ауылшаруашылық басқармасы 700 бас асыл тұқымды жылқы сатып алуды жоспарлаған, нәтижесінде бағдарлама аясында сатып алынған асыл тұқымды жылқы 1369 басқа жетті. Сатып алынған мал асыл тұқымды болса әр басына 40 мың теңгеден субсидия төлеу қарастырылған. Бұл көмек «Құлан» бағдарламасына қомегей және түлғаларға да қатысты. Бірақ, бір асыл тұқымды айғырға 30 аналық биеден келуі керек. Демек, бұл бағдарлама жетісулықтардың көңілінен шыққанын көрсетеді.

Ал "Алтын асық" бағдарламасы бойынша қойылатын талап: 30 саулыққа – 1 асыл тұқымды қошқар, сондай-ақ, қойдың жасы 12-ден 36 ай аралығында болуы тиіс. Бірақ, бір саулыққа берілетін несие 25 мың теңгеден аспауы керек. Бағдарламадағы тағы бір жеңілдік – қой күнын арзандатуға, ет өндіруге, селекциялық жұмыс жүргізуге байланысты мемлекеттік субсидия тағайындалған. Яғни, асыл тұқымды қойдың бір басына 8 мың теңге, асылдандыру жұмысы бойынша әр бас қойға мың жарым теңге демеуқаржы беріледі. Мысалы, сіз 1000 қой сатып алдыңыз, оған талап бойынша асыл тұқымды 30 қошқар қоссаңыз, қошқардың басына 8 мың, әр бас қойға мың жарым теңге субсидия аласыз деген сөз. Бұл да болса шаруаның біраз қиындығын жеңілдететін көмек. Сондай-ақ, шаруада 600-ден аса қой болса, оларға қажет жемшөп өндіру техникасына кеткен шығынның 50 пайызына мемлекет есебінен жеңілдік жасалады.

Сонымен қатар, «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы «Бірлік» сүтті мал шаруашылығындағы отбасылық фермаларды дамытуды несиелендіру бағдарламасы жүзеге асырылатын болды. Несиені 14% жылдық мөлшерлемемен (7% жылдық мөлшерлемемен субсидиялауды ескеріп) 84 ай мерзімге дейін алуға болады. Бағдарламаның негізгі мақсаты – қуаттылығы 50-100 сауын сиырға арналған сүтті-тауарлы фермаларды дамыту. Демек, жоғарыда аталған бағдарламаларды басшылыққа алу, оның орындалуын тездету жергілікті аудан әкімдеріне үлкен сын болғалы тұр. Өйткені бұл жобалардың жүзеге асуы алдағы уақыттағы әкімдер рейтингін анықтауда басты өлшемдердің бірі болмақ.

ЖЕТІСТІКТЕР СӨЗ БОЛДЫ

▲ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Қарасай ауданы бойынша өткен әкімдердің халық алдындағы есебі Қаскелең қаласындағы Сүлейман Демирел университетінің жиынжайында қорытындыланды. Есепті кездесуге кәсіподақ және үкіметтік емес ұйым өкілдері, қала мен ауылдық округ әкімдері, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің жетекшілері қатысты. Сонымен қатар, бұл басқосуға облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан ӘБДІРАЙЫМОВ арнайы келіп, өлкеміздің экономикалық, өлеуметтік дамуы жайлы баяндап берді.

«Жетісу»
Қуат ҚАИРАНБАЕВ

Жұртшылыққа алдымен Қарасай ауданында атқарылып жатқан игі істерді көрсететін бейнебаян ұсынылған. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» дегендей, нақтылы іс-шараларды паш ететін шағын бейнекөріністің көпшілік көңілінен шыққаны анық. Осыдан кейін аудан әкімі Амангелді Дәуренбаев ауданның өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын тілге тиек етіп, алдағы міндеттерге назар аударды.

– Үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін экономиканың негізгі салаларын дамыту жолында ауданымызда кешенді шараларжүзеге асырылып, облыс экономикасын арттыруға айтарлықтай үлес қосуда, – деп бастады Амангелді Айдарұлы есепті баяндамасын. – 2014 жылы барлық сала бойынша даму көрсеткіштері орындалып, экономиканың тұрақты өсуіне нақты әсер ететін кіші және орта бизнестің қарқынды дамуына жан-жақты жағдай жасалынды. Халықты жұмыспен қамту мақсатында түрлі деңгейдегі жаңа өндіріс орындары ашылып, көптеген әлеуметтік нысан пайдалануға берілді, – деген аудан басшысы жоспарға енгізілген 67 іс-шараның толықтай жүзеге асырылғанын жеткізді.

Қарасай ауданының облыс бойынша өнеркәсіп өнімдерінің 28,3 пайызын беретін индустриялды аймақ екені белгілі. Қазір мұнда 20-дан аса ірі өндіріс орны жұмыс істеуде. Бүгінде өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 152 млрд. теңгеге жетіп, былтырғыға қарағанда 21,9 млрд. теңгеге артқан. Ауданда жұмыртқа, сүсын, табиғи су, сыра, тауарлық бетон және өзге де өндірістік тауар шығару деңгейі жоғары. Осы қарқынды биыл да төмендетпеу көзделіп отыр. Агроөнеркәсіп кешені бойынша 2014 жылы 30 млрд. 670 млн. теңгенің өнімі өндірілген. Егіс алқаптары мен жеміс бақтарының, бақшалықтардың көлемі жылдан-жылға арта түсуде. Жылжай бағдарламасы бойынша мұнда 6,2 гектар алқапқа 19 жылжай салынып, одан 1070 тонна өнім алынды. Малшаруашылығында да ілгерілеушілік байқалады. Индустриялық және әлеуметтік дамудың басты тетігі – шағын және орта бизнес десек, ауданда қазір шағын кәсіпкерлік саласында 14022 нысан тіркелген. Аталған кәсіпкерлер бір жылда 23 млрд. 583 млн. теңгенің өнімін өндірсе, салада 56418 адам еңбек етуде. Сондай-ақ, «Үдемелі индустриялдық-инновациялық» даму бағдарламасы Қарасай ауданында жемісті жүзеге асырылуда. Оның қатарында Кемертоған ауылындағы 750 бас ірі қарға арналған «Медеу-Коммерц» ЖШС-ның сүт фермасы, Көкөзек ауылындағы «Kelun-Kazparm» ЖШС-на қарасты фармацевтикалық зауыт, «Трапеза Трейд» ЖШС-ның нан зауыты, Береке ауылындағы «Terra Nova» ЖШС-ның алкогольсіз сусын шығаратын зауыты, Қаскелең қаласындағы жергөк шығаратын «Sachiko Oizha Produkts» компанияларын атап өтуге болады.

Ауданда көлік жолдары мен тротуар жөндеу, су, көріз жүйелері мен электр желілерін жаңғыртуда ілгерілеу бар. 2014 жылы елді мекендерді абаттандыруға және көгалдандыруға 255 млн. 852 мың теңге жұмсалып, коммуналдық шаруашылық жұмыстарына қажетті арнайы 15 техника сатып алынған. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы бойынша 5184 пәтерлі «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің құрылысы жүргізілуде. Қаскелең қаласындағы «Қарлығаш» ықшам ауданында 50 және 40 пәтерлі жалдық тұрғын үй құрылысы жоспарланып отыр. Білім беру мен денсаулық сақтау саласына барынша көңіл бөлінуде. Өткен жылы 600 орынды үш және 120 орынды бір орта мектеп салынып, пайдалануға берілген. Ал биыл Көкөзек ауылында 180, Жандосов ауылында 300, Жармұханбет ауылында 120 және Береке ауылында 600 орынды мектеп құрылысын жүргізу және Еңбекші ауылындағы мектеп ғимаратына жапсаржай салу жоспарланған. Алдағы уақытта үш ауысыммен оқитын 14 мектептің мәселесін шешіп, білім сапасын жақсартуды қолға алу қажеттігі де назардан тыс қалған жоқ. Денсаулық сақтау саласында қол жеткізілген игілік көп, алда атқарылар шара да жетерлік. Аудан әкімі сөз соңында дене тәрбиесі мен спортты өркендетуге, құқықтық тәртіпті сақтауға қатысты істі тілге тиек етіп, ойын ортаға салды.

Жарыссөзге шыққан «БН Бахар» ЖШС директоры Азим Абдуллаев, жастар қоғамының мүшесі Сабина Жазықбаева, «Медеу – Коммерц» ЖШС вице-президенті Лаура Түктібаева өз ұжымдарында атқарылып жатқан игі істердің барысынан хабардар етті. Алайда, аудан басшысына сауал көп қойылмады. Атап айтқанда, екі адамның бірі – Қаскелең өзенінің жағалауындағы демалыс аймағы кеңейтілсе десе, екіншісі – Алмалыбақ ауылы арқылы өтетін күре жолдың үстіне аспалы көпір салынса деген тілегін жеткізді. Аталмыш сауалдарға жауап берілгеннен кейін, жиын төрағасы әкім жұмысына қанағаттанарлық деген баға беріп, кездесуді қорытындылады.

Қарасай ауданы.

▲НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

«Б» корпусындағы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялау туралы хабарландыру

«Алматы облысы әкімінің аппараты» ММ Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының бас маманы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (D-4)

040000, Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, тел./факс: **27-19-08**, электрондық пошта: oblastnoi_otdel_kadr@zhetysu-gov.kz

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – әлеуметтік, экономикалық, құқық, техникалық, педагогикалық, гуманитарлық; мемлекеттік қызмет өтілі **бір жылдан** кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі **екі жылдан** кем емес, жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы, ғылыми дәрежесінің болуы, компьютерде жұмыс істей білу.

Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 71 750 – 96 735 теңгеге дейін.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар (өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш; өкілетті орган белгілеген нысандағы сауалнама; білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері; еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама; Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі; құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестіleуден өткені туралы қолданыстағы сертификат) қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған күнінен бастап **10 жұмыс** күнінің ішінде көрсетілген мекенжайға тапсырылуы тиіс. Конкурс комиссиясының қарауына құжаттарды қабылдау мерзімінде азаматтардың өздері әкелип берген немесе поштамен жіберген (қоса тіркелген құжаттардың тізбесі көрсетілген құжат тігілетін папкада орналастырылған) құжаттары қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер, оны жоғарыдағы көрсетілген мекенжай бойынша өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында қандидаттармен әңгімелесу отырысына байқаушылар қатыстырылады.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан түлғалар үшін көтермеақы шығындары, тұрғын үй және басқа да жеңілдіктер берілмейді.

ТҮЙІН

Иә, несиенің талаптары түсінікті, шарттары ауыл адамына ыңғайластырылып жасалынған. Жылдық пайыз мөлшерлемесі 14 % болғанымен – 7 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланады, яғни, біздің төлейтін пайыз мөлшерлемеміз 7%. Әр бағдарламаға берілетін несиенің өзі бірнеше жылға бөлініп, қарызды өтеудің ыңғайлы кестесі қарастырылған. Және де төрт түлікті жемшөппен қамтамасыз ету үшін мемлекет тағы да субсидия береміз деп отыр. Ал бұл аз ба? Аз деп айтуға ауыз бармайды. Бұл Үкіметтің ауыл адамына сөзбен емес, нақты іспен қарайласып жатқанының белгісі. Өз ісін бастаймын деген ауыл кәсіпкерлері үшін жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалар таптырмас мүмкіндік. Ендеше, Үкімет қарайласып отырғанда, осы мүмкіндікті құр жіберіп алуға болмайды деп білеміз.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ҮШ ЖЫЛДА ӨҢІР КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 1 МЛРД. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН ҚҰҚЫҒЫ МЕН МҮДДЕСІН ҚОРҒАДЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ОБЛЫСТЫҚ ПАЛАТАҒА 319 ӨТІНІШ ТІРКЕЛІП, ОЛАРДЫҢ 70%-Ы КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ПАЙДАСЫНА ШЕШІЛГЕН.

БИЗНЕСТІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ 9 ОТЫРЫСЫ ӨТІП, ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ 80%-Ы ОҢ НӘТИЖЕМЕН ШЕШІЛІПТІ.

АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІ қолдауға мұқтаж

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және бизнеске әкімшілік кедергілерді төмендету облыстық кәсіпкерлер палатасы жұмысының негізгі бағыты болып табылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде тұрғындармен тікелей байланысқа шыққан облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева атқарылған жұмыстар мен кәсіпкерлердің мүддесін қорғау бағытындағы жетістіктерді әңгімелеп, алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Жетісу

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, облыстық кәсіпкерлер палатасы үш жылда өңір кәсіпкерлерінің жалпы құны 1 млрд. теңгені құрайтын құқығы мен мүддесін қорғапты. Өткен жылы облыстық палатаға 319 өтініш тіркеліп, олардың 70%-ы кәсіпкерлердің пайдасына шешілген. Палата сарапшылары бизнесмендердің құқығын қорғау мақсатындағы 155 сот дауына қатысса, оның 108-і бизнестің пайдасына шешілген. Сол қатарда «Бага белгілеуде сыбайластыққа барды» деп кінәлаған «Алель Агро» және «Алатау Құс» фабрикасының мүддесін қорғап, оларды 30 миллион теңгелік айыппұлдан арашалап қалған. Сонымен қатар, жергілікті жерде әкімшілік құқықбұзушылыққа жол беріп, кәсіпкердің жалпы ауданы 769 гектар болатын жер телімін иеленіп алған, тіпті басқа бір тұлғаға сатып та үлгерген дау-шарға палата мен прокуратура араласып, кәсіпкердің құқығы қорғалған. Сонымен қатар, Көксу ауданындағы кәсіпкердің 1000 гектар жерін қайтарып алуына көмек берілді.

Бизнестің құқығын қорғау бағытында өткен жылы кәсіпкерлер кеңесінің 9 отырысы өтіп, қаралған мәселелердің 80%-ы оң нәтижемен шешілді. Десе де, кәсіпкерлерге әкімшілік кедергі де жоқ емес. Кәсіпкерлік палатасы әкімшілік кедергілерді төмендету мақсатында қоғамдық мониторинг пен кәсіпкерлердің өтініштеріне талдау жүргізіп келеді. Өткен жылы палата мамандары 49 әкімшілік кедергіні анықтап, оның 80%-н оң нәтижемен шешкен. Айталық, Текелі қаласының кәсіпкері цехын кеңейту үшін қала әкімшілігінен 10 сотық жер сұраған. Мәселе алты ай бойы шешілмеген соң облыстық кәсіпкерлер палатасына арызданады. Сосын прокуратура, мемлекеттік органдардың қатысуымен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылып, бірлескен жұмыс тобы құрылып, жарты жыл бітпеген дауды бір апта ішінде шешіп береді. Осы тұста облыстық кәсіпкерлер палатасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен өзара келісімге келіп, жұмыс картасы бойынша мемлекеттік органдардағы жемқорлық қауіп-катерлерін анықтау мақсатында 32 бағыт бойынша талдау өткізетінін айта кеткеніміз жөн. Әсіресе, денсаулық сақтау, кеден саяқты салалар бойынша түйінді жұмыстар атқарылуда.

Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасының жасалуы да өткен жылдың маңызды оқиғасы болып саналады. Осы картаға облыс бойынша 22 инвестициялық жоба ұсынылып, Панфилов ауданында балық өнімдерін қайта дайындау жөніндегі зауыт құрылысы, Талдықорғандағы спорттық-сауықтыру кешенінің және Жамбыл ауданындағы этномейрамхананың құрылысы қаржыландырылды. Облыстық палатаның инвестициялық жобалары Қытайдың Бейжің және Чанша қалаларында өткен 8-ші инвестициялық жобалар жәрмеңкесі мен 10-шы мерейтойлық «Чанша-ЕО – 2016» инвестициялық форумында таныстырылды. Сондай-ақ, өңірлік карта жобасы «Made in Kazakhstan» тауар өндірушілері жәрмеңкесінің және кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы жобаларының инвестициялық жәрмеңкесінің қатысушысы атанды.

Тағы бір айта кететін мәселе, мамандарды даярлаудағы халықаралық тәжірибемен танысу мақсатында палата мамандары былтыр Қытайдың Ганьсу провинциясына іссапарға барып, студенттерді ауыстырып оқытуға келісім жасап қайтты. Биыл олардың алғашқы тобы көрші елге бармақшы. Осы тұста дуалды оқытудың да жұмыс берушілер үшін маңызы зор екенін айта кеткен жөн. Қазір облыстағы 27 колледж 140 кәсіпорынмен бірігіп, 17 мамандық бойынша кадрларды дуалды оқыту әдісімен даярлауда. Бұл қатарда «ТАТЭК» АК, «Глазман» мен «Қайнар АКБ» ЖШС-лары бар. Сондай-ақ, былтыр «Байсерке-Агро» компаниясы Талғар агробизнес және менеджмент колледжін сенімділік басқаруға алды. Бұл Елбасының қолдауымен елімізде алғаш рет сынақтан өтіп жатқан жоба саналады. Сондықтан, биыл облыстық палата халықаралық деңгейдегі жұмыс берушілердің форумын ұйымдастырмақшы. Оған 300-ден астам кәсіпкер жиналып, дуалды оқытудың тиімді жақтарын айтып береді.

Айта кетерлігі, облысымызда 47 мыңнан аса шаруа қожалығы ауылшаруашылығы жұмысымен айналысады. Алайда, өңір тұрғындарының арасында бұрынғы кеңестік кооперативтер туралы теріс пікірден әлі де арыла қойғандар баршылық. Облыстық кәсіпкерлік палатасы сарапшыларының тиянақты түсіндіруінің нәтижесінде 22 ауылшаруашылық кооперативі тіркелді. Қазір сол кооперативтердің сауда желілерімен әріптестік орнатуына көмектесуде. Мысалы, «Ақөзек» АӨК Новосибирск қаласындағы супермаркет желілеріне пияз жеткізе бастады. Сондай-ақ, Алматы қаласының сауда желілері ет, көкөніс және жемістерді сатып алуға қызығушылық танытуда. Нәтижесінде, өңірлік «Федор» АӨК мен алматылық «Golden Food» компаниясының арасында 60 тонна көкөніс пен жеміс жеткізу туралы келісім жасалды.

Жетісу өңіріне сапары барысында Елбасы қант қызылшасын өсіруді жандандыру бойынша тапсырма берді. «Атамекен» ҮКП шағын несиелеу пилоттық бағдарламасын сәтті жүзеге асырған жетісулықтар «Өңірлер бизнесі» деп аталатын жобаны барынша ширата түсті. Оған «ALMEX» инвестициялық қоры арқылы «Атамекен» ҮКП мен облыс әкімдігі 300 млн. теңге бөлді. Жобаны жалғастыруға керекті несиелерді «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ ұсынды. Осы жоба аясындағы кәсіпкерлердің өтінішін облыстық кәсіпкерлер палатасының несие комитеті қарап, облыстың бизнес-қоғамдастық өкілдері ҮКП ұсынысы бойынша 87 жобаны қаржыландырды. Жобалар мен қаражат алу мәселесі кәсіпкерлерден құралған несие комитетімен қаралып, мақұлданып отырды. Барлығы бағдарлама бойынша 150-ден астам кәсіпкерге несие берілді. Қазіргі таңда несиелерді қайтару бекітілген кесте бойынша жүргізілуде, бірқатары толығымен қайтарып үлгерген. Бұл ауыл кәсіпкерлері екінші деңгейлі банктердің қаржыландыруынан қорықпауы керек дегенді білдіреді.

Әрине, ауылшаруашылығы саласында суды пайдалану, оның ішінде суды жеткізу бойынша баға мәселесі толғантпай қоймайды. Мысалы, өткен жылы Көксу ауданының кәсіпкерлері 1 текшеметр судың құны 52 тиынға дейін қымбаттағаны айтып облыстық кәсіпкерлер палатасына арызданады. Тексеріс кезінде Ескелді ауданында 1 текшеметр суға 18 тиын баға белгіленгені анықталды. Осылайша палата мамандары «Казсушаруашылығы» мекемесімен келіссөздер жүргізіп, су тарифтерін қайта қарау туралы ұсыныс беріп, судың бағасын төмендетуге түрткі болды.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту аясында облыстық кәсіпкерлер палатасы агробіліктілік орталығымен бірлесе облыс шаруа қожалықтарында оқыту семинарын жүргізген. Жыл бойы 135 семинар ұйымдастырылып, оған 2 мыңнан астам адам қатысқан. Сонымен бірге, облысымызда сервистік-дайындау орталықтары құрылуда. Оларға бөлінетін қаржы алдымен облыстық кәсіпкерлік палатасының сараптауынан өтеді. Сонымен қатар, кооперация құру мен тауарларды өткізу бойынша жұмыстар да палатаның құзырына өткен. Осы орайда көрерменнен түскен сұрақ өте көп болды. Оған палата директоры:

– Палатаның қолдауымен пилоттық негізде 22 жеке ауылшаруашылығы кооперативі құрылды. Олардың тауарларын өткізу мақсатында алматылық кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырып, келісімшартқа қол қойылды. Шара Тимур Құлыбаевтың төрағалығымен, облыс әкімі Амандық Баталовтың және Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қатысуымен өткенін айта кетейін. Бұл барыста біз ауылшаруашылығын дамытудың жаңа бағдарламасына кооперативтерді қаржыландырудың жаңа механизмін енгізу, құрал-жабдықтарды тиімді шарттармен алу бойынша сұрақтарға жауап таптық», – деп жауап берді.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпорындарға түрлі байқау арқылы да қолдау көрсетіп келеді. «Атамекен» ҮКП-ның «Алтын сапа», «Қазақстанның үздік тауары» сияқты республикалық байқауларына былтыр облыстан 20-дан астам компания қатысты. Астана қаласында Президенттің қатысуымен өткен жиында «ТК Метакон» компаниясы «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» атағына, ТАТЭК компаниясы «Экологияға қосқан үлесі үшін» қола медальға қол жеткізді. Қазақстанның үздік тауары байқауында «Үздік өндірістік мақсаттағы тауарлар» аталымы бойынша «Алматы бояулары» компаниясы 3-орын алды. Сонымен бірге, «Қайнар АКБ» компаниясына «Ұлы Дала елі» брендін пайдалану құқығы берілді. Осылайша, бұл компаниялар Жетісу жерінің абыройын асқақтатып, бизнесінің даму қарқынын көрсетіп тұр.

Кәсіпкерлік саласында әлі де күрмеулі мәселелер жетерлік. Облыстық кәсіпкерлік палатасының директоры Ләзат Шыңғысбаеваның айтуынша, даму институттарының, қолдау құралдарының жұмыс жасап жатқанына қарамастан секторда туындап қалатын қиындықтар жоқ емес. Мәселе адам факторына ғана емес, сонымен қатар, заңдағы кедергілерге де тіреліп тұр. Осы кедергілерді жою керек. Десе де, отандық бизнес ішкі нарықтық және сыртқы экономикалық өзгерістерге қарамастан дамудың даңғыл жолын тауып, өз жұмысын жалғастыруда. Бәлкім, кәсіпкерлік қызметтің бір ерекшелігі де осында шығар.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының алдағы жоспары да ауқымды. Олар биылғы жылды «Аудандар мен ауылдар жылы» деп жариялап, аудандық филиал директорларының есебін тыңдауды бастады. Сондай-ақ, жергілікті жерлерде кооперация құру, тауарлы-сүт фермасын ашу, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ), туризм мәселелері бойынша өңірлік форумдар мен конференцияларды өткізуді жоспарлап отыр. Ең бастысы, облыстық палата «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйін құруды ұсынды. Бұл бастаманы Алакөл ауданының әкімі Әлібек Жақанбаев көтеріп отыр. Өйткені барлық жерде кәсіпкерлер мен әкімдердің қарым-қатынасы бір деңгейде емес. Бүгінгі таңда Текелі мен Қапшағай қалалары, Қаратал, Ескелді, Үйғыр аудандарының әкімдері кәсіпкерлерге мүмкіндік тудырып отырғанымен кейбір аудандардағы әкімшілікі кедергілер азаяр емес.

«Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйі құрылса кәсіпкер әкімдіктің табалдырығын тоздырмай, бар мәселені бір жерде шеше алады. Расымен, ауылдық жерлерде тұратын кәсіпкерлер қолдауға мұқтаж. Олар заңдағы соңғы өзгертулер, жеңілдіктер және бизнесті қолдау тетіктері туралы біле бермейді. Сондықтан биыл палата өкілдері ауыл кәсіпкерлерін қолдау тетігін күшейтуді мақсат етуде. Осы тұста кәсіпкерлердің аудандық кеңесінің жұмысын ширату мәселесі де күн тәртібіне қойылып отыр.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖЕРДІ ЗАҢ АЯСЫНДА пайдаланайық

Облыс бойынша жер қорының жалпы көлемі 22358,4 мың гектарды құрайды. Оның 8,6 млн. гектардан астамы ауылшаруашылығы мақсатына не десек, 1023,3 мың гектары егістік, 453,4 мың гектары суармалы алқап. Жер қатынастарын реттеудің бірден-бір жолы жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау болып саналады. «Алматы облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» (бұдан әрі – басқарма) ММ жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Жер қатынастары саласындағы түйінді мәселелердің қатарына мемлекет меншігіндегі жерлерді өз бетімен басып алуды жатқызуға болады. Бұл мәселенің басқадай жер заңнамаларын бұзушылардан айырмашылығы – кең көлемде және жүйелі түрде сипат алуы мен жылда қайталанылуы. Бұл мәселені бағамдаған Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы «Жерді өз бетінше басып алуға қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері туралы» 2016 жылдың 3 қаңтарында өткен алқа отырысында қабылданған хаттамалық шешімнің негізінде «Жер заң аясында пайдаланылсын – басып алуды тоқтатайық» жобасын (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асыру бойынша негізгі тәсілдер мен ұсыныстарды мақұлдап, жергілікті жерлерде іске асыруға жолдады. Осы Жобаны жүзеге асыру бойынша жасалған іс-шаралар жоспарының 1,2,3-тармағына сәйкес облыс прокурорымен келісе отырып облыс әкімі бекіткен Алматы облысындағы жер заңнамаларын бұзып пайдаланушылар мен пайдаланбаушылардан жерді қайтарып алуды қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасын жүзеге асыру мақсатында органдар іске кірісті.

Мұндағы мақсат – жергілікті атқарушы органдар мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ Алматы облысы бойынша филиалы – «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің жер заңнамаларын бұзып пайдаланушылар мен пайдаланбаушылардың жер телімдерін зерделеп, мониторинг жүргізу, яғни облыс аумағын аралап шығу, жер телімін игеру мерзімін, нысаналы мақсаты мен мекенжайын анықтау, мүдделі мемлекеттік органдардан ақпараттар жинау болып табылады. Жол картасы бойынша атқарылған жұмыстардың есебі жарты жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігіне тапсырылады.

Жерді басып алуды қалай түсінуге болады?

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабының 27) тармағында меншік иесінің немесе жер пайдаланушының рұқсатынсыз бөтен жер учаскесін иелену, сондай-ақ, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз иелену – жер учаскесін өз бетінше иелену деп танылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 136-бабында жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген, бұл жерде мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алу немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тіркелі немесе жаңама нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сондай-ақ, уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақытылы қайтармау – жеке тұлғаларға жетпіс бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатынын қарастырылған.

Мұнымен қоса жерге заттай құқықтарды бұзу бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 201-бабының 1 тармағында «...бөтен жер учаскесіне заңсыз кіріп кету, сол сияқты бөтен жер учаскесін заңсыз басып алу екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» делінген. Мемлекет меншігіндегі жерді заңсыз иеленіп алу өзекті мәселенің біріне айналуда, яғни мемлекет қорындағы жерлерді өз бетімен иелену бойынша 2015 жылы 49 субъекті әкімшілік жауапқа тартылып, жер заңнамасын бұзушыларға әкімшілік іс қозғалып айыппұл салынып, заңсыз иеленген жерлерді қайтару жөнінде нұсқамалар берілген болса, 2016 жылы 17 субъект әкімшілік жауапқа тартылды. Бұған азаматтардың өзінің жер телімінен тыс 3,5,15 метрге дейінгі жерлерді қосып, қоршап алуы, бос жатқан жер деп автожаяулдарды орнатуы, тағы сол сияқты әрекеттерді жатқызуға болады. Басқарманың аудан, қалалалардағы мемлекеттік инспекторларының жер иеленушілерге жер заңнамасын түсіндіріп, тексеру жүргізу кезіндегі қажырлы еңбегінің арқасында 2016 жылы жерді өз бетімен басып алу оқиғалары айтарлықтай азайды.

Жер иеленушілер мен пайдаланушылардың назарын Кодекстің 164-1-бабына сәйкес заңсыз иелеңуші өз бетінше иеленіп алған жер учаскесін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген әкімшілік жазалар қолданылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде босатуға және өз бетімше иеленіп алған жер учаскесінде салынған (салынып жатқан) құрылысты, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзі немесе өз есебінен бұзуды жүзеге асыруға міндетті екеніне аудармақ келеді. Заң талаптарын бұлжытпай жауапкершіліктен құтқармайды. Барлық жер пайдаланушылар алған жер телімдерін жер заңнамасының аясында күтіп-бағып, нысаналы мақсатқа сай, қоршаған ортаға зиян келтірмей пайдалануғы қажет.

Нұрғали БАҚТОРАЗОВ,
Алматы облысы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы-мемлекеттік инспекторы.

СЕМИНАР



Жесірін қаңғыттпаған, жетімін жылатпаған текті елдің ұрпағы едік. Өкінішке қарай, бүгінде жетім-жесірлерді былай қойып, шіміркіңдей ата-анасын да Қарттар үйіне өткізіп жіберетіндер кездесіп қалады. Алайда, адамның шеті өлгерсе, қоғамның бағыт-бағдары да түзелетіні сөзсіз. Оны әлеуметтік жағынан қорғалмаған жандарға деген жанашыр көзқарастан аңғарып жүрміз. Бұлай деуімізге Қарасай ауданында өткен екі шара негіз.

Балалар болашағы

Облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен Қаскелең қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияда өткізілген «Балалар үйінсіз Жетісу» атты семинар, аты айтып тұрғандай, жетім балалардың үйде тәрбиеленуі мәселесіне арналған болатын. Аудандағы мектептердің директорлары, мұғалімдер, ата-аналармен қатар қалалық және ауылдық округтердің әкімдері де қатысқан бұл алқалы басқосуды аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Такимова жүргізіп отырса, Қарасай аудандық прокуратурасының прокуроры Ермек Базарбаев, облыстық білім басқармасының мамандары Әлия Молотова мен Меруерт Әбілқалиева көпшілік қауымға кәжетті ақпарат жеткізіп, жетім балаларды асырап алудың, қамқорлыққа алудың заңды жолдарын түсіндірді.

Бүгінде өлкемізде мемлекет қамқорлығына зәру үш мыңға жуық жеткіншек бар. Олардың 51 пайызы жетімдер болса, 49 пайызы ата-анасын қарауысыз қалған бейкүнә буын. Бір ғана Қарасай ауданында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 248 бала тіркеуге алынған.

Семинар барысында жиналғандарға балаңы өз атына жаздырудың, қамқорлыққа алудың, қорғаншылық жасаудың рәсімдеудің қыр-сырлары, отбасылық балалар үйін ашудың, құжаттандыру мен қаржыландырудың жолдары кеңінен түсіндірілді. Соңғы жылдары елімізде қараусыз жеткіншектерді отбасылық тәрбиеге алу жайы артып келе жатқанына байланысты балалар үйі азайған. Бұл жас өскіндерді масылдық көзқарастан құтқарып, ата-ана қамқорлығын көріп өсуіне септігін тигізері сөзсіз.

Шараның жалғасы «Samruk-Kazyna Trust» қорының әлеуметтік жобаларды қолдау бағдарламасы бойынша «Солнечный круг» үкіметтік емес ұйымы қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Қаскелең мектеп-интернатында өтті. Мұнда аталған қордың көмегімен жұмсақ сенсорлық бөлменің, логопед кабинетінің жиһаздары толықтай жаңартылып, коррекциялық және дидактикалық құралдар орнатылған. «Жылы жүрек – жомарт қол» тақырыбындағы семинарға қатысқандар осының бәрін көздерімен көріп, қалай жұмыс жасайтынымен танысып қайтты. Шарада «Самұрық-Қазына» қорының өкілі Азамат Жортекин, «Солнечный круг» ҮЕҰ-ның төрайымы Сәуле Оразбаева және оның орынбасары Нұрия Литвинова өздері атқарып жатқан шаралар мен мақсаты жайлы түсініктеме берді.

Қуат ӘБІЛ.
Қарасай ауданы.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Әйелдер құқығы шектелмейді

Соңғы жылдары ішкі саясаттың құрамдас бөлігі ретінде «гендерлік саясат» ұғымы көп айтылып жүр. Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің тендігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына тендестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Мемлекет басшысы бекіткен гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатында билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталып шаралар қолданылған заң. Бүгінде азаматтық қоғамда ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және әмбебап барлық салаларында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемде жұмыстар жүріп жатыр.

Елімізде әйелдер теңдігін қамтамасыз етуге ықпал ететін екі заң қабылданған. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға ықпал етеді. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» демейді ме? Бүгінгі күні әйелдер қоғамының барлық салаларында белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да үлкен жауапкершілік пен сенімділікпен, жоғарғы кәсібилікпен үлгіні көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген сенімін зор үйлесімсіз болуда.

Г. МАЛЫБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының жетекші маманы.

ЖАЙДАРМАН

ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК

Астана қаласындағы G-Global баспасөз орталығында өткен брифингте жастарға арналған «Менің жасыл Қазақстаным» байқауының басталғаны туралы айтылды. Байқау шарттары мен өткізілу тәртібін «Ресурсты үнемдеу мен энерготиімділік қоғамдық палатасы» ЗТБ басқарма төрағасы Елдос Абақанов пен БҰҰ биоәртүрлілік саласындағы жобалар менеджері Талғат Кертешев түсіндіріп берді.

Ең алдымен аталған байқауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен «Энергия тиімділік пен ресурстарды үнемдеу қоғамдық палатасы» ЗТБ бірлікте ұйымдастырып отырғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, байқаудың сәтті жалғасуына G-Global халықаралық хатшылығы мен «Жасыл» экономиканы қолдау мен G-Global-ды дамыту коалициясы» ЗТБ және «Қазақстанның еріктілер альянсы» ЗТБ қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Байқау жайлы қосымша ақпаратты www.green-kaz.org www.group-global.org сайтарынан көре аласыздар.

– Атамыш байқаудың бірнеше түрлі маңыздылығы бар. Біріншіден, біз осы арқылы жастардың жасыл технологияға деген қызығушылығын оятамыз. Екіншіден, өңірлердегі жасыл технологиямен жұмыс жасайтын мекеме немесе басқа да ұйымдарды анықтауға мүмкіндік туады. Үшіншіден, байқаудың тақырыбы биыл елімізде өтетін ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесінің тақырыбымен үндесіп жатыр. Сондай-ақ, байқауда үздік деп танылған жұмыстарды ел аумағында насихаттап, басқаларның үлгі алуына мүмкіндік береміз, – дейді ұйымдастырушылар.

Демек, елімізде гүлдеуі рет қолға алынған байқаудың арқа-сайын жүгі аз болмайтыны анық. Өйткені, ол «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы және Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға өту тұжырымдамасын жүзеге асыру, жасыл технологиялар мен жаңартылған энергия көздерін қолдану мен ілгерілетуге жұмылдыру мақсатында «Қазақстан Республикасы Үкіметіне қолдау көрсету» жобасы аясында ұйымдастырылуда.

Оған ел аумағындағы 15 пен 29 жас аралығындағы азаматтар толық қатыса алады. Басты талабы қатысушы тұрғылықты жерінде жасыл технологиялар немесе жаңартылған энергия көздерін қолданатын мекеме, шаруашылық, жеке кәсіпкер, тағы да басқа субъектілер жайлы 30 секундтық бейнеролик түсіреді. Онда технологияның қалай жұмыс жасайтыны және оның артықшылықтарын толығымен көрсетілуі керек. Сонымен қатар, бейнеролик пен қатысушыларға арналған сауалнаманы толтырып, 10 мамырына дейін energy-2050@mail.ru электронды мекенжайына жіберуі тиіс.

Қатысушылардың жұмысын ҚР Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйым өкілдері, мемлекеттік ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінен құралған сарапшылар анықтайды. Ал жеңімпаздар халықаралық «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы конференциясы аясында шілденің 12-13-жұлдызында Астана қаласында марапатталады.

Гүлназ КЕНЖЕХАНОВА,
ЖМУ-дың студенті.

■ Алакөл ауданына – 90 жыл



Суы шипа, Дәні алтын, Құмы шекер

Алакөлдіктер ауданның 90 жылдығын өз деңгейінде атқару үшін алдымен 20 тамыз бен 20 қыркүйек аралығын қамтитын бір айлық мерейтойлық шаралар жоспарын құрыпты. Оған ауданның экономикалық, әлеуметтік, білім беру, спорт, туризм, мәдениет, өнер саласындағы жетістігін көрсететін іс-шаралар жоспары енгізілді. Соған орай түрлі тақырыпта кездесу өткізіліп, конференция ұйымдастырылды. «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бағдарламалары аясында өлкетануға арналған экспедиция қолға алынып, игілікті істер атқарылды. Қысқасы, мерейтойға дейінгі 30 күн есте қалар керемет жетістіктерімен өріліп, өңірдің бұдан кейінгі дамуын саралап, алдағы өркендеуіне жол салды.

Қажет АПДАС,
"Жетісу"

ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУЛЕР

Мерейтой қарсаңындағы іс-шаралар ең алдымен Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжі білімгерлерінің «Алакөл алыптары» атты зиялы қауым өкілдерімен кездесуінен басталды. Шараны Алакөл аудандық ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «Алакөл жастар дарабозы» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Мұның да өзіндік себебі бар. Ұйымдастырушылар ең алдымен ауданның 90 жылдық тарихын, ауданнан шыққан танымал азаматтарды, осы өңірде кешегі-бүгінгі кезеңде атқарылған игілікті істерді сараптап алуды жөн көрітті. Әйткені, өңір тоқсан жылдың өркендеу басқышында сан сынаққа дөп келді, сан қиыншылықты бастан өткерді. Алайда соның көбін бүгінгі жастар біле бермейді. «Өткенін білмеген елдің болашағы бұлыңғыр» дегендей, ауданның 90 жылдық мерейтойын жасаудың да мақсаты осы. Сондықтан кездесуде сөз алған аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы М. Сүлейменов, ақын, жазушы Т. Садиев, ауданның Құрметті азаматтары Ж. Жұманов, М. Арапов, облыстық ІІД ардагерлер кеңесінің төрағасы, еңбек ардагері Б. Құсбеков осы өңірде атқарылған игілікті істерден сыр өрбітіп, кешегі жетістіктер мен тұғалардың бүгінгі жарқын өмірге қосқан еңбектерін екшеп берді. Бұл өз кезегінде жастарға үлкен шабыт болды.

Ауданның экономикалық дамуымен таныстыру, танымал азаматтардың өмірбаяны арқылы өскелең ұрпақтың болашаққа деген ұмтылыстарын арттыру мақсатында «Алакөл ауданының тарихы және теориясы» атты конференция ұйымдастырылды. Шарага аудандық ішкі саясат, Алакөл гуманитарлық – техникалық колледжінің қызметкерлері мен білімгерлері, ауданның зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Конференцияда «Алакөл ауданының төңірегінде табылған ерте ортағасырлық қалашықтар» тақырыбында Үшарал қазақ гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Т. Қанапьянова, «Алакөл ауданының құрылуы және Ұлы Отан соғысына дейінгі тарихы» тақырыбында Қабанбай батыр атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Б. Жайлаубай, «1945-1991 жылдардағы Алакөл» тақырыбында №14 Бескөл мектебінің тарих пәні мұғалімі Р. Мархаева, «Тәуелсіздік жылдарындағы Алакөл» тақырыбында Лепсі орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі А. Оразов баяндама жасап, ауданның арғы-бергі тарихынан сөз қозғады. Тағылымды шарага атсалысқандарға Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табыстады.

Қабанбай ауылдық Мәдениет үйінде жерлестеріміз, 200-ден астам ғылыми-танымдық мақала, бірнеше монографиялық еңбек, көптеген оқу құралының авторы Қанипаш Қайсақызы мен елімізді филология ғылымына сүбелі үлес қосқан тіл жанашыры, филология ғылымының докторы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры Мұратбек Иманғазиновпен «Ғылымдағы ғұмыр: тағылым, тәжірибе және дәстүр жалғастығы» атты жастармен кездесуі өтті. Кездесуге ауданымыздағы мектеп оқушылары, колледж студенттері және ұстаздар қатысты. Кеш соңында келген қонақтарымызға шапан жауып, сыйлықтар табысталды.

КИЕЛІ ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

Ауданның мерейтойы қарсаңында «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» бағдарламасы аясында жұмыс жүргізіліп, өңірдегі малім және беймәлім біраз қасиетті мекен анықталды. Туған жердің тарихын білу, сақралды орындарды насихаттау, оларды көпшілікке кеңінен танымал етуді мақсат еткен «Киелі жерге тағзым – ұрпаққа ұлағат» атты танымдық экспедиция аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, білім бөлімдерінің қызметкерлері, қала, округ әкімі аппараттарының мамандары мен жастар ісі жөніндегі әдіскерлері, тарихшы мамандар мен мұражай қызметкерлері және баспасөз өкілдері тартылды.

Алакөл – тек қана Жетісу жерінің емес, қазақ елінің қадір тұтып, кастерлейтін өңірі. Оның жағалауын түрлі құстардың өзі мың түрлі үнімен, сиқырлы сазымен салтанатқа бөлеп жатады. Айдынында қаз-үйрегі қалқып, шағаласы шалқыған Алакөл бұл күндері талайға таңдай қақтыратын мекенге айналған. Сарқан ауданымен шекаралас жатқан Қабанбай ауылы тарих бетінде Үйгентас деп аталып қалды. Бұл атау сол бір жылдардағы жоңғар басқыншыларының қазақ жерін жаулап, өзінің атамекені етпекші болған тұста болған оқиғаға байланысты қойылған. Сондықтан да экспедиция өз жұмысын алдымен «Токта» тауында орналасқан Анырақай шайқасының 270 жылдығына арналған ескерткішке гүл шоғын қойып, перзенттік парызын өтеді. Өйткені, ел басына екі талай күн туғанда етігімен су кешіп, ел мен жер үшін жанын қиған батырларға құрмет ету – бүгінгі ұрпақтың борышы. Ол ертеңгі күнге деген сенімділік. Өйткені, ата-бабаларымыз аманаттап кеткен ұлан-ғайыр даланы болашаққа жеткізу осы жастардың міндеті. Шарада Достық округі әкімінің орынбасары Е. Енсебаев, «Алакөл жастар дарабозы» ЖҚБ жетекшісі А. Арнай, Достық орта мектебінің тарих пәнінің ұстазы Ш. Насыровтар киелі тарихқа шолу жасап, экспедиция жұмысын ұйлестіруге ықпал еткен аудан, ауыл азаматтарына алғысын білдірді. Одан әрі көпшілік Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалаларды аралады. Атап айтсақ, «Асусай» ерте ортағасырлық қалашығына Ырғайты ауылдық округінің қызметкерлері, Көктұма орта мектебінің ұстаздары және оқушылары қатысты. Сондай-ақ, экспедиция өз жұмысын «Жайпақ» ерте ортағасырлық қалашығында жалғастырды. Бұл жерде Жайпақ округі әкімдігінің қызметкерлері, М. Төлебаев атындағы орта мектеп ұжымы мен жастары қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан археолог мамандармен кездесіп, орта ғасырдың керуенге арналған қалашық екені сұхбат барысында белгілі болды. Әрі қарай экспедиция мүшелері Қызылашы ауылдық округіне қарасты «Кейкі батыр» бейітіне зиярат етті. Бұл жерде Қызылашы округі әкімдігінің қызметкерлері, Қызылашы орта мектебі ұжымы мен жастары қариялар айтқан аңыз-әңгімелерді тыңдап, Кейкі батырға қатысты тарихи деректер мен аңыздарға қанықты. «Қабанбай батыр» атындағы тарихи-өлкетану музейінде де ойда қалатындай кездесу болды. Музейдің директоры Ж. Қожахметова музейде орналасқан құнды жәдігерлерді экспедиция мүшелеріне таныстырды. Жыланды ауылдық округіне қарасты «Есім төре» кесенесіне зиярат еткен экспедицияға ішкі саясат бөлімінің басшысы М. Сүлейменов жетекшілік етті. Шарада Есім төренің өмірбаяны мен халыққа жасаған қайырымдылығы туралы сыр шертіліп, рухына Құран бағышталды.



Осы жолғы экспедицияның бір табысы, Лепсі аумалық округінде орналасқан Жасыл көлге барып қайтқаны болды. Тіпті, экспедиция мүшелері осы жерде Жасыл көлді көруге арнайы келген шетел азаматтарымен кездесіп, олардың Алакөл ауданының қайталанбас табиғаты туралы пікірін бейнетаспаға жазып алды. Төменгі Жасылкөл көлінен он үш шақырым жоғарыда «Жоғары Жасылкөл» деп аталатын тағы да бір сұлу көл бар. 2200 шақырым биіктіктегі көл Кіксөненің бүйір тармағы Қызылауыз өзенінде орналасқан. Ол да күшті зілзаланың салдарынан пайда болған. Оң жақ беткейдің күлауынан жартас кесектері шатқалды бөгеп тастаған. Көлдің ұзындығы 3,3 шақырым, орташа көлденеңі 300 метр. Көл өзінің пішіні жағынан жетісулық тістібақанды (Жетісу Алатауында ғана мекендейтін жойылып бара жатқан құйрықты қосмекенді) еске салады. Көл жағалауындағы алшілік шалғындар және сирек аласа бұталы тоғай көмкерген жап-жасыл баурайдың түсімен астасып, көк-жасыл түспен құбылып жатады. Экспедиция ауданның 90 жылдық мерейтойына осындай үлкен сыйлық жасады.

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТ МӘЙЕГІ

Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Туған күніңмен, Алакөл» атты мереке қарсаңындағы іс-шаралардың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Аудан әкімінің орынбасары А. Аханов қатысып, мерейлі іске береке тіледі. Шараның соңы «Туған жерге туыңды тік» атты Алакөл ауданынан шыққан кәсіби суретшілердің көрмесіне ұласты. Көрмеге ҚР Суретшілер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Е. Жүнісхан, Суретшілер одағының мүшелері М. Әбділдаев, С. Қазиевтердің қолдарынан шыққан туындылары қойылды. Салтанатты шараны аудан әкімінің орынбасары Алмас Абдиров ашып, «Жетісу өңірінің суретшілері» атты кітаптың тұсауын кесті.

● Ақтілек

Болашағы баянды

«Ауылыңа қарап, азаматың таны» дегендей, бүгінгі таңда Алакөл ауданының экономикасы да, халықтың әлеуметтік жағдайы да көшілгері екені даусыз. Оның дәлелі ретінде күннен-күнге әсемденіп келе жатқан Үшарал қаласының келбетінен-ақ аңғаруға болады. Алакөл халықаралық туристік аймаққа айналып келеді. Әлеуметтік нысандар, әуежай, вокзал, сәнбақ, спорт кешендері, демалыс аймақтары болсын, бәрі аудан халқының игілігіне берілген. «Болар істің басына, жақсы келер қасына» деген сөздің растығына бүгінде көзіміз жеткендей. Әр істің басталуы да, нәтижесі де елдің көз алдында. Осындай мол табыстарға қол жеткізуде аудан жұртшылығының да өзіндік үлесі бар. «Туған жер – Отаным» деген қасиетті ұран ана сүтімен бойына таралып, әке үнімен қайраттанып, білім нәрімен толысып жатыр. Осындай елдің болашағы да баянды болады деп сенемін.

Ермұхан ЖҰНІСХАН,
ҚР Көркем академиясының вице-президенті,
Қытай өнер академиясының профессоры,
ҚР Суретшілер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы

Аудандық Мәдениет үйінде жерлесіміз, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, ауданның Құрметті азаматы Сәуле Қажыбайқызы «Ақ айдынды, ақсиық Алакөлім» атты шығармашылық концертін ұсынды. Концерт Құрманғазы оркестрінің сүйемелдеуімен өтті. Оркестрге Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Жәксен Айсын дирижерлік етті. Сәуле Қажыбайқызы бардық саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз. Кенжемұрат Дүкенбаев ағамызбен отау құрып, екі баланың шешесі, алты немеренің әжесі атанып, 70 жасқа толып отыр. Осыған орай «Нұр Отан» партиясы Алакөл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қайрат Көкебаев, «Қонаев шыңы» ұлттық журналының басқарма төрағасы Ербол Ақшолаков құттықтау сөз сөйлеп, шапан жапты. Сәуле Қажыбайқызы көрермендерге бейнетаспаға жазылған кітабын тарту етті.

Мерейтойға орай ақын, әнші, композитор, ҚР мәдениет саласының үздігі, бірнеше кітаптың авторы, жерлесіміз Е. Әлікеевтің «Алакөл, ару мекеним» атты шығармашылық кеші өтті. Естай Әлікеевтің әндері Отан, туған ел, өскен орта, ата-ана және сезім мен сырға толы, лирикалық тақырыптарды қамтыды. Тәуелсіз еліміздің мәдениетін дамытуға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға өзіндік үлес қосып жүрген азаматтың жанадан жарыққа шыққан «Нұрым» атты жаңа жинағының тұсаукесері, Атамекен туралының тұсауын кесу күрметі «Нұр Отан» партиясы Алакөл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары К. Көкебаев, аудандық мәслихаттың депутаты К. Қатықбаев, Ақтүбек ауылының әкімі К. Беріқбайұлына бұйырды. «Алакөлден ұшқан ақжулар» атты ақын, сазгер Жангелді Немеребаевтың шығармашылық кеші де жұртқа үлгі болатындай өтті. «Сағынышым – Алакөл» атты әнші, композитор, сатирик, ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Ұлттық «Астана – Бәйтерек» сыйлығының лауреаты, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алакөл ауданының Құрметті азаматы Аймұханбет Бейсенбеевтің шығармашылық кешіне белгілі әнші Махмұт Тойкенов бастаған әншінің шәкірттері қатысып, өңірді сұлу сәз, сағынышты әуенмен тербеп қайтты.

Ақын ауылының көл жағалауында «Киелі мекен, Алакөл» атты ақындар мүшәйрасы өтті. «Еркін тақырып» және «Киелі мекен, Алакөл» атты 2 кезеңнен өткен сайыска ауылдық округтерден келген 14 ақын қатысты. Жас ақындарды сөйлеу мәнерін, сөз шеберліктерін, ой ұшқырлығын салыстыра отырып М. Әубәкіров атындағы және Көктұма орта мектептерінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері, ақын М. Шотамбекова, А. Рахимова әділқазылық етсе, алдыңды ақындар Г. Жиенбай мен Қ. Нүсіпхандар бағалады.

«Өз елі өз ерлерін өсекермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деген Ілияс ақынның нақыл сөзін бойына жинаған алакөлдіктер Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Алматы облысының және Алакөл ауданының Құрметті азаматы, Ахмет Кендірбекұлының «Армысың, асыл ағайын» атты туған ауандағы тұңғыш шығармашылық кешін өткізуді де жоспарлап отыр. Кеш тізгінін танымал журналист Бейсен Құранбек ұстаса, айтыс өнерінің жетісулық ақтаңгері Айтақын Бұлғақов, Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының директоры, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, ақын Ерлан Жүніс, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның музыкалық редакторы Жангелді Немеребаев, белгілі әнші, ақын, сатирик, Шәкәрім университетінің профессоры, Қазақстан мәдениет қайраткері, жерлесіміз Сәкен Иманасовтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Алакөлім – ана көлім, ертегіден жаралған» атты әдеби кешпен қорытындыланбақ.

Ауданның мерейтойына кітапханашылар да үлкен үлес қосты. Сол қатарда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Ғұсман Жандыбаевтың «Дәні алтын, құмы шекер, қаймағы бал» тақырыбында өткен кітап көрмесі мен «Оқы да өзгеге үсын» атты Буккроссинг жобасын ерекше атап айтуға болады. Ауданның барлық кітапханаларында «Айдынды Алакөлім» атты бұрыш ашылып, аудан тарихы жайлы жазылған кітаптар мен баспа материалдары жинақталды.

Мерейтойға аудандағы білім беру мекемелері де өз деңгейінде атсалысуда. Айталық, айлық аясында «Туған күніңмен, Алакөл» атты концерттік бағдарлама, оқушылар арасында спорттың бірнеше түрінен жарыс, «Алакөлден ұшқан ақжулар» тақырыбында шығарма байқауы, «Айдынды Алакөлім» мектеп оқушылары арасында плакат, фотосурет байқауы, «Жырым, сағаң арналады» аудандық жас ақындар мүшәйрасы, «Мен өз өңірімді сүйемін» акциясы, «Өлең-жырдың арқауы сенсің, Алакөлім» поэзия сағаты, «Екі тумас ер ақын» С. Иманасовтың 80 жылдығына орай ғылыми-практикалық конференция, 8-11-сынып оқушылары арасында «Алакөл, кымбатсың сен маған!» тақырыбында аудандық мәнерлеп оқу, шығарма, сурет байқауы өтіп, жеңімпаздар марапатталды. Сонымен қатар, «Халық ойындары спартакиадасы» ұйымдастырылып, спартакиада 10-11 қыркүйек күндері спорттың 7 түрінен жарыс өткізді. Атап айтсақ, аудан жастары арасында Үшарал №1 орта мектебінде волейболдан ойын өткізілін, шарага 15 команда қатысты. Бұқаралық спорт түрлерін дамыту және қазақ ұлттық ойындарын насихаттау мақсатында жастар мен ересектер арасында Үшарал қаласы М. Мынбаев атындағы орта мектебінде шахмат, тоғызқұмалақ жарысы ұйымдастырылды. Үшарал қаласының орталық «Сымбат» стадионында жеңіл атлетикадан жарыс өтіп, оған 60 спортшы қатысып, жеңімпаздар анықталды. Сондай-ақ, мишеньді дәлдеу және мылтық, тапанша атудан турнир де өтті. «Дәні алтын, құмы шекер, қаймағы бал – Алакөл» тақырыбында М. Әубәкіров атындағы орта мектебінде М. Әубәкіровтің туған күніне орай салтанатты жиын өткізіліп, «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

● Жыр-шашу

Толқындары тербеткен

Жоңғар Алатауы мен Тарбағатай арасы,
Толқындары тербелер Алакөл жатыр, қарашы.
Бергей көлдің бір бұл әлемге аты айтар,
Жаңа шықа суынан табылған дерттің дауасы.

Балқашқан кейін Жетісу ең көлем деп санайтын,
Шетелден келген қонақ та дәп осы жерде қалайтын.
Солтүстік-шығыс белігін мекендеген ауданның,
Осынау тұлық көрімен арманы бұл көл толайтын.

Көксерке, көкбас, сазаны, алабұға, шортаны,
Жағасында Алакөл өзегі елдің талайдың.
Шағала-ақжу, қазүйрек, көлдің маңы көкұтан,
Теңбіл мысық, ондатр жағалауын жайлайды.

Минералды суы бал, ірі көлі дертке емді көл,
Алтынның дағы уметкер, шығатын мұнан кенді көп.
Балығы түгел айдында, шағаласы шулаған,
Мерейін бүгін тойында дегендей, мене, мене көл.

Ерін мен малға бай, астығы мол тоқ мекен,
Мыс пен мұнай қоры бар, жайылымы отты екен.
Кемер, ақтас, сұрасаң, алтыекең да қоры көп,
Қаншама ұлт өкіл бір-бірімен дос та екен!

Кактей өткен керуені «Жібек жолының» кешегі,
Шарқыраған жолдан жолаушы көздесін мазге таседі.
Байқалған ерте кезден-ақ суы мен көлдің дауасы,
Мендеген небір науқастың дауасы болған дескеді.

Ғарышкерлер де жерді аңсап, заңғар бір
көктен оралған,
Радиациясын жоюға осында келіп демалған.
Ұзақ жыл жатып, жазылмай науқасы абден
мендеген,
Тұра алмай небір келгендер құр аттай
болып оңалған.

Көлгілдір көлем кең шөлей көйлегі сынды әжемнің,
Бұлтсыз ашық көктемдек аспаны сынды әлемнің.
Өзімнен шыққан күлдеді күмәнің аттың шалғыны.
Көркіңді айтып мақтанар өзіңнен басқа бар елдің.

Толқыны жатыр бірегей сабырлы қалпын сақтаған,
Алыстан жетер алқының салқын бергендей
тап маған.
Терең де сыры болса да жылылық сыйлап тұратын,
Алакөл сен боп бер жандарға жылу таратқан.

Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА

Бүгінде Алакөлге көліп демалушылардың саны 1 миллион адамнан асып кетті. 1500 орынға арналған 18 демалыс орны қолданысқа беріліп, 1300-ден астам адам маусымдық жұмыспен қамтылады. Туризм саласындағы табыс 5 млрд. 811 млн. теңгені құрады. Бұған ең алдымен Алакөлге арнайы сапармен келіп, туризмді дамыту жөнінде тапсырма берген Елбасы сапары да түрткі болды. Елбасының Алакөлді дамыту тапсырмасының аясында курорттық аймаққа ішкі және ресейлік туристердің легін арттыру мақсатында қос елдің ғарышкерлері көл жағалауына келіп тоқтады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған бұл сапарда Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-лейтенанты, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ғарышкер Талғат Мұсабаев, Көңес одағының Батыры Анатолий Арцебарский, Қазақстан мен Ресейдің ғарышкері, қос мемлекеттің Халық Қаһарманы Юрий Маленченко, Ресей Федерациясының ғарышкері, заң ғылымдарының докторы, профессор Юрий Батурин сынды белді, белгілі азаматтар киелі өңіріміздің топырағына табан тіреді. Сонымен қатар, киелі өңірге Мәжіліс депутаты Қ. Сұлтанов, Сенат депутаттары А. Мұсаханов, Т. Мұқашев, Н. Қылышбаев секілді белгілі тұлғалар мейман болып қайтты.

Жергілікті меценат, Алакөлдің атымтайы Бауыржан Оспановтың бастамасымен Лепсі ауылдық округінде экотуризм саласына қан жүгірді. ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы арнайы келіп, «Салт аттылар сапарының» ашылу салтанатына қатысып, Ойжайлау атшабарынан Жамантас жайлауына дейін жүріп өтті. Туризм саласының әлеуетін көтеру мақсатында биыл осымен екінші мәрте Ақши ауылында ауатын аудасынан республикалық дәрежеде сайыс ұйымдастырылып, оған әр төрт жылдықтың тұңғыш басекесі саналатын Олимпиада жүлдегерлері қатысты. Аталмыш жарыста спортшылармен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен облыс басшысы Амандық Баталов та велосипед тізгінін ұстап, 20 шақырымға созылған жарыс жолын бағындырды.

Осы жетістіктің бәрі де Алакөл ауданың 90 жылдық мерейтойының құрметіне атқарылды. Бұл жетістік ауданның бұдан кейінгі даму бағдарына серпін беріп, ел жігерін жаңа түсетіні сөзсіз.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 12
(18576)
Бейсенбі,
31 қаңтар,
2019 жыл.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz @Jetisugazeti Jetisu2002@mail.ru

Jastar JYLY QAZAQSTAN 2019

ЕҢБЕКТІҢ ӨНБЕГІ БАР

Көксу ауданында Ершат Байғалықов атты жас кәсіпкер тұрады. Биыл 24 жасқа келген ол жоғары оқу орнын бітірген соң кеңседе отырып жұмыс істейтін жолды таңдап көреді. Бірақ өз алдына кәсіп ашуды армандайды. Басында түрлі жұмыспен айналысып, кәсіпкерліктің қыры мен сырын меңгеруге талпынды. Алайда күн сайын сан құбылған нарық оның жұмысын мандытпай қойды. Әкесімен ақылдаса келе мал шаруашылығымен айналысып, фермер болуға бекінді.



Сұхбатты түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

Қажет АНДАС

Сөйтіп Бозтоған ауылындағы әкесіне тиесілі шаруашылыққа қолайлы жерді қарауына алып, жоспарын орындауға көшеді. Бозтоған ауылы жері шұрайлы, жемшөпті іргедегі егіс алқаптарынан-ақ жинап алуға тиімді, мал өнімін сатуға қалаға жақын, қысқасы, мал өсіруге қолайлы аймақ. Алайда оның жұмысы бірден жүріп кеткен жоқ. Өйткені жиырмаға енді ілінген жастың тәжірибесі тым аз болатын. Аудандағы сүт өнімдерін өңдейтін зауытқа өз еркімен жұмысқа кіріп, тәжірибе жинақтауға көшеді. Бірер жылда ол сүт өнімдерін өңдеудің түрлі құпиясын меңгеріп, болашақ арманын орындауға қадам жасайды. Былтыр «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы облыстық филиалында «Бастау- бизнес» жобасы бойынша қысқамерзімді курстан өтіп, бизнес жасаудың тәсілін үйренеді. Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 4 миллион теңге несие алып, оның бір бөлігіне 13 бас сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малын, қалған қаржыға жемшөп, техника, тағы да басқа шаруашылыққа керекті құрал-жабдықтарды сатып алады. Малдың жайын білетін 3 азаматты жұмыска шақырып, тіршілігін бастап кетеді. Жұмысшыларды тұрғын үймен қамтып, түрлі тұрмыстық керек-жарағын өз мойнына алады. Сондай-ақ, ай сайын әрбіріне 45 мың теңгеден жалақы төлеп тұрады. Жұмысшылардың қосымша мал өсіріп, кіріс табуына мүмкіндік береді. Олардың жемшөбіне де Ершат ақы сұрап отырған жоқ. Осындай қолы ашық азамат.

– Жұмысымды жүргізуге мүмкіндік берген «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы облыстық филиалы мен ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қорына және аудандық жұмыспен қамту орталығына алғысым айрықша, – дейді риза көңілмен.

Содан бері көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты. Ершаттың да көші түзелді. 4 миллион несие бір есеге молайды. Қарамағында 50 гектар жайылым, жемшөп сеғетін 15 гектар суармалы жер бар. Биылғы мал азығын осы жерден қамдап алды. Сондай-ақ, бір жылдық кірісінің есебімен шөп шабатын, жинайтын техникаларды сатып алды. Мал басы да өсе түскен. Қазір оның бағымында 24 бас сүтті бағыттағы ірі қара малы, бір үйір жылқы бар.

– Сиырлардың былтырғы толдері де қатарға қосылып қалды. Биыл да олардың саны өседі. Бұл сиырлардың бәрі асыл тұқымды болғандықтан аналығын алып қалып, еркектерін басқа шаруашылықтарға сатамын. Ол қаржыға өзге қажеттіліктерді толықтырып отырмын, – дейді жас кәсіпкер.

Биылғы табыс та аз болмайтын көрінеді. Сиырлардың алды төлдей бастапты. Қалың сиырдың арасында құлдырандап шауып жүрген үш бұзауға біз де қызықтық. Қалған сиырлар да әне-міне төлдейтіні көрініп тұр. Сөз арасында Ершат биылғы Жастар жылынан көп үміт күтіп отырғанын айтып қалды.

– Өткенде Елбасы жастарды қабылдап, Жастар жылының басталғаны жариялады. Бұл мен үшін де үлкен сынақ. Демек, биыл шаруашылығымды кеңейтумен бірге сүт фермасын құру арманымды жүзеге асыруды қолға аламын. Жобасы дайын. Құжаттары бітсе, күзге қарай іске кірісемін, – дейді ол.

Жиырма төрт жастағы жас жігіттің жұмысынан гөрі болашаққа деген ниық байламы, асқақ арманы бізді жігерлендірді. Енді бір жиырма төрт жылда еліне қамқор азамат болары айдан анық.

Бозтоған ауылы,
Көксу ауданы

ÁBILHAN QASTEEV – 115

TAǴYLYMY MOL KÓRME

Oblystyq kórkemóner galereasynda Qazaqstannyń halyq sýretshisi Ábilhan Qasteevtiń 115 jyldyǵyna arnalǵan «Dara tulǵa» atty kórmeniń ashylý saltanaty ótti. Kórmege kórkemóner galereasyna jınaqtalǵan týyndylar qoıylypty.

Ashylý saltanatyna qatysqan sýretshiler men galereia qyzmetkerleri Ábilhan Qasteevtiń óneri men ómiri jaıynda áńgimelep, qazaq sýretshileriniń arasynda shoqtyǵy bıik tulǵanyń ózindik stılin tilge tek etti. Taldyqorǵan kórkemsýret mektebiniń ustazy, zerger Baqtybai Naızabekov kóne zamandardan bastaý alatyn qazaq óneriniń álemdik órkenıetke eleýli úles qosqanyn atap ótip, Qasteevtiń shyǵarmashylyǵynan mysal keltirdi.

– Arnaıy bilimsiz-aq osy ónerdi jetik meńgergen Ábilhan atamyz erekshe sýretkerligimen tanylǵan. «Sýret salýdy qaıdan úırendiń?» degen suraqqa: «Eshkiniń múıizinen, qoıdyń qulaǵynan, taıdyń bulaǵynan» – dep jaýap bergen eken. Iaǵni tabıǵattan tıyndaǵan ónerdiń káısar bulaǵynan bastaý alǵanyn kóremiz, arıne, keıinnen ataqty sýretshi N. Hlýdovtan bilim aldy, – dei kele, ol bul dúnıejúziniń barlyq qylqalam sheberleriniń tıyndylaryn qatar qoısa da ózindik qoltańbasy bar Á. Qasteevtiń sýretin birden aıyrýǵa bolatynyn maqtanyshpen jetkizdi.

Kelgen qonaqtar Jetisýdyń tanymal sýretshileriniń qolynan shyqqan tıyndylardy tamashalaýǵa múmkindik aldy. Sýretkerler kórermendi taǵy bir márte sheberligimen súısindirip, ónerdiń qaınar bulaǵynan sýsyndatty.

Ásem JUMAQAN

BRIFING

KÁSIPKER QUQYǴY QORǴALADY

Oblystyq kásipkerler palatasy janyndaǵy kásipkerlerdiń quqyǵyn qorǵaý jáne sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl jónindegi keńestiń 2018 jyly atqarǵan qyzmetine arnalǵan brıfing ótti.

Jıynǵa atalmysh keńes tóraǵasy Bamamın Faızýlm men keńes músheleri, oblys boıynsha advokattar alqasy tóraǵasynyń orynbasary Danıpa Ádilbekova qatysty. Keńes 2014 jyly kásipkerlik sýbektileriniń quqyqtary men zańdy múddelerin qorǵaý máselelerin tıimdi jáne júıeli sheshý úshin qurylǵan.

– Ótken jyly keńestiń 8 otyrysy ótip, onda 25 másele qaraldy. Olardyń shamamen 70 paıyzy biznes paıdasyna sheshildi, qalǵany qaralýda. Kásipkerler quqyǵyn buzǵan 3 laýazymdy tulǵa jaýapkershilikke tartyldy, – dedi Bamamın Jıhangeruly. Spıkerdiń sózinshe, kásipkerler ótinishiniń basym bóligi jer qatynastary men memlekettik organdar áreketine shaǵym jasaýmen baılanysty. Keńestiń tıimdi qyzmet etýine túrli saladan kelgen sarapshylar yqpal etedi.

– Keńes jeke suraqtardy, shaǵym bıznesti qoldaý máselelerin de zerttedi. Kásipkerler palatasyna keletin ótinish, jeke kásipker ne sharýa qojalyǵy nemese iri kásipkerlik sýbektisimen bolsyn, kez kelgen aryz-shaǵym jıti zerttelip, saraptamadan ótedi. Eger máseleni zań turǵysynda sheshý qajet bolsa, Ulttyq kásipkerler palatasyna joldanady, – dedi Danıpa Medetqyzy.

Bıyl atalmysh keńes aýdandardaǵy qyzmetin kúshertip, kóshpeli otyrystar ótkizýdi josparlap otyr.

Máýlen ÁNERBAI

ÁLEÝMET

TÚSINDIRÝ JUMYSY JÚRGIZILDI

Oblys pen Taldyqorǵan qalasynyń turǵyndaryna jańadan qoldanysqa engen Birýǵaı jyntyq tólem boıynsha túsindirý jumystary júrgizildi. Sharanyń negizgi maqsaty – jańa júsege ońtaıly tirkeý qyzmetin damyty, áleýmettik tólemder, medısınalyq saqtandyrý, zeınetaqy másheleri jaıly aqparat berý.

Áleýmettik qorǵalýdy qamtamasyz etetin Birýǵaı jyntyq tólem mehanızmine tirkeý tegin. Al ar saryn qalalyqtar úshin salynatyn qarjy kólemi 2525 teńgeni quraıdy. Aýyl turǵyndary 1263 teńge tóleýi tıis. Iaǵni, jarna kólemi qalalyqtarǵa bir, aýyl azamattaryna jarty aılyq eseptik kórsetkish kóleminen aspaıdy. Jeke tulǵalar, jaldamaly qyzmetkerler, qosalqy sharýashylyqta jumys istetinder jáne aýylsharýashylyǵy ónimderin ótkizýshiler budan bylaı ózi úshin saqtandyrý qoryn jınaı alady. Taǵy bir artyqshylyǵy, ózinin kiris kózin kórsetý nátıjesinde azamattardyń nesıe tóleý múmkindigi arta túsedi. Máselen, siz júneli jarna tólei otyryp, resmi túrde bankten nesıe alýǵa quqylysyz.

Birýǵaı jyntyq tólemge (BJT) qarajat saly adamdardyń óz qalaýymen júzege asyrylady. Iaǵni, bul júsege qatysý, qatyspaý quqyǵy azamattyń óz sheshimine baılanysty. Bul oraıda Birýǵaı jyntyq tólemdi tólemegeni úshin qandaı da bir jaýapkershilikke tartý sharasy qarastyrylmaǵan. Bul mehanızm óz betinshe tabys tabatyn kez kelgen turǵyndy zeınetaqy qorymen qamtamasyz etýge baǵyttalǵan.

Eki kúnge jalǵasqan sharada oblystyq jumyspen qamtý úılestirý jáne áleýmettik baǵdarlamalar basqarmasynyń ókilderi arnaıy basylǵan aqparattyq qaǵazdar taratyp, turǵyndarǵa sıyq kúnge qarapaıym túsindirý jumystaryn júrgizdi. Qala turǵyndary men oblystan kelgen qonaqtar jańa mehanızmge qyzyǵýshylyq tanytyp, mol maǵlumat aldy.

Gúlim ASHATQYZY

ҚҰРЫЛЫС

САПАҒА НАЗАР АУДАРДЫ

Қарасай ауданына жұмыс сапарымен келген облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов Қаскелең қаласындағы жаңадан ірге көтерген «Қарлығаш» шағынауданы мен Әйтей ауылында салынып жатқан мектеп құрылысымен танысты. Облыстан келген қонақтарды аудан әкімі Жандарбек Далабаев пен сала мамандары қарсы алып, нысандарды көрсетті.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қаскелең қаласы жыл өткен сайын өсіп, өркендеп келеді. Сол қатарда жеті гектар аймақты алып жатқан «Қарлығаш» тұрғын үй кешенінің алар орны ерекше. Жоспар бойынша бұл жерде жеті қабатты сегіз, тоғыз қабатты жиырма екі үй салынуы тиіс. Сондықтан, дербес жұмыс істейтін бу қазандығы, су жүйесі және трансформатор қондырғысы алдын ала орнатылған. Айта кетерлігі, мұндағы төрт үй «Қолжетімді баспана» бағдарламасы бойынша «Тұрғын үй құрылыс жинақ банк» жүйесі арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілгенін айта кету керек. Ал коммерциялық негіздегі жеті қабатты бес үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Өткен жылдың соңында осы тұрғын үй кешенінде «Қарлығаш» атты балабақшасының ашылғаны туралы хабарлаған болатынбыз. Биыл тоғыз қабатты жеті үйдің құрылысын толық аяқтау жоспарланып отыр. Нәтижесінде шағынауданда 1798 отбасы баспаналы болмақ.

Осыдан кейін Лаззат Махатұлы Әйтей ауылдық округінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынып жатқан 1200 орынды мектеп құрылысына аялдады. Бұл ірі құрылыстың жұмысын «U-Con-Two» Bi-Group компаниясы жүргізуде. Жалпы құны 3,5 млрд. теңгені құрайтын мектеп ғимаратын жаңа оқу жылының басталуына дейін пайдалануға беру көзделіп отыр. Мақсат үдесінен шығу үшін құрылысшылар уақытты тиімді пайдаланып, жұмыс қарқынын арттыруда.

Осы орайда Лаззат Махатұлы құрылыс компанияларының жетекшілерімен кездесіп, әлеуметтік маңызы зор нысандардың сапалы әрі уақытылы салынуына баса назар аударуды тапсырды.

Қарасай ауданы

ӨНДІРІС

Көксу ауданына қарасты Лабасы ауылдық округінде сүт зауыты іске қосылды. Жиырма жыл бойы тоқтап тұрған мекеме кезең-кезеңімен толық қуатына көшуді жоспарлап отыр.

КӘСІПОРЫН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Сүт зауыты 1967 жылы бой көтеріп, біраз жыл бойы жұмыс істеген. Қайта ашылған кәсіпорын әзірге түрік айранын, құрғақ сүт және ысталған шұжық шығаруда.

«Зауыттың қысқа іске қосылуының өзінде үлкен мән жатыр. Себебі, көктем шығып, жаз келгенге дейін өндіріс әбден бір жолға қойылады. Әрі жас мамандар да тәжірибе жинақтап, ауқымды көлемде жұмыс істеуге шыңдалады. Дегенмен де зауытқа инженер-технологтар, зертханашылар әлі де жетіспеуде», – деген мекеме басшысы Бақыт Аркабаев зауыт толық қалпына келгеннен кейін сүт өнімдерінің барлық түрін шығаратындығын жеткізді.

Кәсіпорынға көршілес жатқан Кербұлақ, Ескелді, Қаратал аудандарынан да сүт өткізеді. Өндірістің тәулігіне 40 тонна сүт қабылдауға қуаты бар. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы 100 млн. теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілген. Сондай-ақ, Ресейден заманауи қондырғылар әкелінген.

Санитарлық тазалығы мен басқа да талаптары қатаң сақталған кәсіпорын қазіргі уақытта күніне 17-18 мың құты түрік айранын шығарып, 60 келіден аса ірімшік шұжығын дайындайды.

Қазіргі уақытта кәсіпорында 20 жұмысшы еңбек етуде. Алдағы уақытта тағы да 20-дан аса қызметкер жұмысқа қабылданбақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЕЛ ИГІЛІГІ

АБЗАЛ ЖАНДАР ҚУАНЫШЫ

Жүзінен мейірім шуағын таратар ақ халатты абзал жандардың қызметі ауыр. Адам жанына байыз таптырмаған аурудың емін тауып, сырқатты сақайту – олар үшін міндет. Осынау жауапкершілігі жоғары істі арқалап жүрген жандардың бүгінгі таңда көңілін көл-көсір еткен дүние – Елбасы тапсырмасы бойынша жалақыларының өскендігі.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Талдықорған қалалық №1 емханасы қызметкерлерінің жалақылары өсті. Елбасының Жолдауында айшықталған игі істің дер кезінде орындалғанына ақ халатты абзал жандар дән риза. Бұл жайлы жан мен тәнге шипа дарытар аталмыш емхананың бас есепшісі Майра Оразбаева әңгімеледі. Ол:

– Жыл біз үшін қуанышты жаңалықпен басталды. Елбасы Жолдауына орай ең төменгі жалақылар көтерілді. Бұл қиындығы мен қызығы мол қызметте жүрген әріптестеріміздің жүрегіне қуаныш ұялатқан жайт. Сол үшін де көпшіліктің еңсесін көтерген шешімнің сәтімен әріс тапқандығына дән ризамыз, – деді. Сонымен қатар, емханадағы 300-ге жуық қызметкердің жалақысы өскендігін атап өтті.

Адам жанының арашашысы саналар ақ халатты абзал жандар тән сырқатын ғана емес, жүдеу тартқан жанға да дәру бола білуі қажет. Облыс орталығындағы тұрғындар денсаулығына жауапты емханаға жаңа келген жас медбикелердің, еңбек өтілімі төмен дәрігерлер мен санитарлық тазалыққа, техникалық жұмыстарға жауапты қызметкерлердің, «жедел жәрдем» көлігі жүргізушілерінің, фельдшерлер және өзге де еңбеккерлердің жалақысы 30-дан 40 пайызға дейін өсті. Республика бойынша бекітілген төменгі жалақы деңгейін көтеруге орай Талдықорған қалалық №1 емханаға 47 млн. 310 мың теңге бөлінді.

Жалақысы өсіп, жұмыска деген ынтасы одан әрі арта түскен абзал жандар онсыз да жауапкершілік жүктейтін істі абыроймен атқарып, халықтың қамы үшін тер төге беретіндеріне сенімді.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

РУХТЫ ата-аналар

Денсаулығында кілтипаны бар балаларды бағып-қағып отырған аналарға ілтипат білдірілді. «Бәйтерек» күндіз болу орталығы «Ең сұлу адам – ол менің анам» атты шара ұйымдастырды. Орталықта тәрбиеленіп жатқан балалар ата-аналарына арнап өнер көрсетті.

Қимылдыққа мойымай, ұлқыздарын қатардан қалдырмай, аялап өсірген ата-шешік бүлдіршіндерінің дайындаған өнерін тамашалап, марқайып қалды. Күнәкә күнәтындай. Белі қайысып, түн ұйқысын төрт бөліп, денсаулық сақтау мекемелерінің есігін тоздырып, үмітін үзіліп жүрген ақылы жандар бауыр ет балаларының ән салып, би билегенін көріп, еңбегінің ақталғанына шаттанды. «Менің анам – ең сұлу адам» деп ән шырқаған балалар сонымда аналарына әдемі гүл шоқтарын сыйлады.

Балаларын өнерін тамашалап, толқып отырған ана бүлдіршінінің қолынан гүл алғанда көрген мехнатының барлығын ұмытып, жанары жаска толды. Ақ-шешесін құлынын, елжұртының көкесінің белсенген ұл-қыздардың да жанарында жаркыз ойнады. Шарықтата ән салып тұрып, көптің ішінен өз анасын іздейді. «Ана деп ән салам» деп қолын жүрек тұсына апарып, көпке ілтипат білдіреді. Бұл – ұйқы-күлкісіз өткізген мың күннің өтеуі. Денсаулығында кемшілігі бар балалардың аналары замандастары сияқты жиын-тойға да жиі бара алмайды. Отбасындағы жағдайды ойлап, артық ойнап-күлуге де мұрша жоқ. Ана үшін сәбиінің күлкісінен артық бақыт бар ма?! Бүгінгі мереке барлық ауыртпалықты ұмыттырғандай.

Өнерпаз ұл-қыздар Оралхан Асқар, Ақжол Меңлібай, Данияр Турубеков, Давид Вереикин, Лим Енхо, Айдана Молдахметовалардың ән-жыры жиналғандардың көңілінде мерекелік қуаныш сыйлады. Шара барысында «Ақ ұлы әжелер» ансамблі концерт қойды. Әжелердің балажандылығына риза болдық. Олар қолөнерпаз отырған бүлдіршін қыздарымен бірге «Хрустальный вальс» биін биледі. Биділік әсері ерекше. Дильфируза Омирбекова, Маржан Аникова, Анель Егеубекова, Аружан Рашад әжелерімен бәсекеге ерікелеп, шаттанғанда үстіне киген ашық көйлектері жүздерін жайнатып жіберді. Қыздарының әжекейлерін жеңдеп, балаларының жүзіне мейірлене қараған әжелердің бойынан ер-азаматқа тән рух байқадық. Балалары сырқат болып дүниеге келгенін білгісімен ауыртпалықтан қашып, жары мен бүлдіршіни қимылыққа тастап кеткен жақындарды есіткенде жаны мұз аялатын. Ал өмірдің сынағына төтеп беріп, әйел-баласына сүйеу болып жүрген ақыр тау әжелерді көргенде азаматтығына бас идік. Осындай қазақы, қайсар мінезге бай әжелер көп болсын деп тілейік.

«Бәйтерек» орталығы көңілді кештес шара өткізді. Шара балалар мен ата-аналарға күш-қуат сыйлады. Сынақтан мойымай өтіп келе жатқан жандардың ерлігіне ризашылық сезімін оятты. Қоғамды алға сүйрейтін рухы мықты адамдар екеніне тағы бір көз жеткіздік.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

АТАКӘСІП



Жоңғар Алатауы мен Балқаш көліне дейінгі кең көсілген жазық дала төрт түлікті өсіруге қолайлы жер. Өткенде Ақсу ауданының әкімі Есім Базарханов тұрғындармен кездесу барысында өңірдегі мал шаруашылығы саласына айрықша тоқталған болатын. Оның айтуынша, кейінгі бір жылда аудандағы мал басы артып, мал өнімдерінің көлемі ұлғайған. Әсіресе, аудандағы нәсілді малдың саны көбейіп, ірі көлемде мал бордақылау алаңының саны арткан. Тіпті, осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланып, мыңғыртып мал өсіріп отырғандардың бірі – Барлыбек Сырттанов ауылындағы «Дарина» шаруа қожалығы.

Еңбегі еселі, кірісі мол

Қажет АНДАС

Қоғалық жетекшісі Бауыржан Баймұханов та еті тірі жігіт. Ырысты дала бүгін Бауыржанның тіршілігіне тыныс беріп жатқандай сезілді бізге. Аксу өзенінің бір тармағын бауырына алып, көсіліп жатқан кең өріс мал басын қанша өсіруге тарлық етпейтіні белгілі. Бірақ Бауыржан мал басын көбейткеннен гөрі, өнімі жоғары сүтті және етті бағыттағы асыл тұқымды мал өсіруді қолға алыпты. Шаруасын бастағалы көп болмаса да қорасындағы асыл тұқымды ірі қараның саны 294-ке, жылқы 96 басқа жетіпті. Жыл сайынғы мал төлінің аналық басын сақтап қалып, асыл тұқымды бұқаларын сатудан түскен қаржыны шаруашылықтың керекті құрал-жабдығын толықтауға жұмсап келеді. Қазірдің өзінде шаруашылықтағы үш «Беларусь» тракторы, қосымша агрегаттар соның есебімен алынған.

– Дәл осы шұрайлы өңір жергілікті малдың басын мыңғыртып өсіруге қолайлы. Оны жерсіндіру, бағып-күту, азық-түлігін қамдау да жеңіл. Алайда, онымен мемлекеттік бағдарламаларға қатысу қиындау. Есесіне, асыл тұқымды мал өсіру, оны жерсіндіру, төлін жетілдіру оңай емес. Көбірек тер төгуді талап етеді. Бірақ шаруанды бір ізге түсіріп алсаң пайдаға шаш етектен кенелесің. Мысалы, өткен жылы 148 бас сиырға 8 бас «Әулиекөл» асыл тұқымды бұқа қосып, 2 млн. 680 мың теңге демеукаржы алдым. Бұл шаруашылықты одан ары көлемдендіруге көп қолдау болып отыр, – дейді қожалық жетекшісі Бауыржан Баймұханов.

Кейінгі жылдары Ақсу өңірінде қант қызылшасына деген ұмтылыс та арта түскен. Оған Ақсу қант зауытының қайта іске қосылуы түрткі болды. Өткен жылы ақсулықтар 2020 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп, гектарынан 356,4 центнерден өнім алып, 72 мың тонна шикізат жинады. Бұл өз кезегінде «Дарина» шаруа қожалығының да жұмысына серпін берді. Олар өткен жылы 15 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп, күтіп баптауға байланысты агротехникалық шараларды уақытында жүргізіп, әр гектарынан 450 центнерден барлығы 675 тонна өнім алыпты.

– Өткен жылдан бері қант қызылшасына ден қойдық. Былтыр қантқызылшасынан 12 млн. теңге таза кіріс кірді. Бұл алдағы уақытқа деген құлшыныссымызға жігер берді. Биыл қант қызылшасы алқабын 20 гектарға жеткізіп, 900 мың тонна өнім алуды жоспарлап отырмыз, – дейді шаруашылық жетекшісі.

Мұнымен қоса «Дарина» шаруа қожалығы өңірдегі шағын және орта бизнесті өркендетуге белсенді үлес қосып келеді. Бизнес және халыққа қызмет көрсету субъектілері тұрғындардың көңілінен шығып, ауылдастарын жұмыспен қамтуға үлес қосуда. Сондай-ақ, салық түсімдерін уақытылы төлеп, өңір экономикасының өсуіне көп көмегін тигізіп келеді.

Барлыбек Сырттанов ауылы, Ақсу ауданы



ЗЕРТТЕУ

ТАЛАПҚА САЙ ЕМЕС ӨНІМ ЖОЙЫЛДЫ

Жыл басында жүргізілген зерттеу нәтижесінде тексерілген өнімнің 18 пайызының техникалық қауіпсіздікке сай келмейтіндігі анықталды. Тауарлар мен өнімдердің таңбалануы бойынша 94 пайызы, микробиологиялық, қауіпсіздік және тұтынушыларды алдау көрсеткіштері бойынша 3 пайызы талаптарға сәйкес келмейді.


Қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің пайыздық үстемесі жемісы – кондитерлік өнім (15 пайыз). Одан бөлек ет және ет өнімдеріне – 9%, ұн-жарма өнімдеріне және жеміс-көкөніс өнімдеріне – 6%, сүт және сүт өнімдеріне, құс етіне, балық өнімдеріне, нан-тоқаш өнімдері және өзге де тамақ өнімдеріне 3% -дан келді. Таңбалау бойынша сәйкес келмейтін сынамалардың ішінен 21%-ы балалар мен жасөспірімдерге арналған киімнен, 12%-ы ойыншықтардан және 9%-ы жеңіл өнеркәсіп өнімдерінен анықталды.

Жүргізілген рейд жұмыстарының нәтижесінде Сарқан ауданындағы «Нұр» дүкенінде («Калкеева» ЖК) жарамдылық мерзімі өтіп кеткен (чипсы, Ресей) тағам өнімдерінің сәйкестігін растайтын құжат болмады. Ал Талдықорған қаласындағы «Продукты дляе» дүкенінде («Друзина С.» ЖК) микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкес келмейтін ет өнімі анықталды. Ягни, «Алимбеков Б.» ЖК шығарған сиыр етінен жасалған фаршпан шек тағамшасы тобының бактериялары табылды. Өнімнің бактериялық ластануы сақтау жағдайлары мен температуралық режимді дұрыс бақыламау нәтижесінде орын алды.

Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және бактериялық ластанған өнімдерді сатудағадүкен иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Таңбалауы бұзылған өнім мен тауарларды өткізетін шаруашылық жүргізуші субъектілердің атына «бұзушылықтарды жою» туралы ұйғарым шығарылды.

Құрметті тұтынушылар! Азық-түлік пен тауарларды таңдауда мұқият болыңыздар. Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімді сату және таңбалау белгісінде бұзушылықтар, сақтау шарттары және т. б. фактілер орын алған жағдайда жазбаша түрде Алматы облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің almobldkgsen@mail.online.kz электронды мекенжайына хат жолдауларыңызға болады. Сауда нысандарының орналасқан жері бойынша аумақтық денсаулық сақтау ұйымдарына растайтын құжаттармен бірге арыз-шағымды жолдай алысыздар.

Ерғали СЫДЫМАНОВ,
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Алматы облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы



УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ЕСЕПТЕЙТІН

ескі қондырғы ауыстырылуы тиіс

Соңғы кездері электр қуатын есептеу құралдарын жаңасына ауыстыру талап етілуде. Осы мәселе бойынша тұтынушылар арасында әртүрлі сұрақ туындап жатыр. Осыған «ТАЭТК» АҚ-ның басшысы хатшысы Нұржамал Әбеуова жауап береді.



Айгүл БАЙБОСЫНОВА

– Нұржамал Құдайбергенқызы, Талдықорғанда электр қуатын есептеу құралын ауыстыруға не себеп болуда?

– Аталған құралды ауыстыру біздің талап емес, ол қолданыстағы заңнама талабы. Ескірген құрылғының жұмыс істеу мүмкіндігі аяқталған, яғни, жарамдылығы біткен. Ол белгілі бір кезең сайын тексеріліп тұруы керек. Мұндай есептеу құралын жондеуге және тексеруге тыйым салынған. Ескі индукциялық есептегіште 10 немесе 16 ампер орнатылған. Олар 2 киловатт жүктемені ғана көтере алады. Мәселен, үйде қолданатын электр ептартқышы 1,5 киловатт қуат жұмсайды. Қазір көп үйде қысқатолқынды пеш, тоңазытқыш, теледидар, компьютер, су жылытқыш сынды тұрмыстық техникалар жетіп-артылады. Олар үлкен сыйымдылықты қажет етеді. Ал біз айтып отырған ескі есептеу құралы оны көтере алмайды. Сондықтан оны жаңасына ауыстыру керек.

– Тұтынушы құрылғыны не себепті өз қаражатына ауыстыруы тиіс?

– Өйткені құрылғының иесі – тұтынушының өзі. Меншігіндегі құрылғыға тұтынушының өзі жауапты. Бүгінде жаппай ауыстыру болып жатқанын ескере келе тұтынушыға өз тарапымыздан көрсеткен көмек ретінде, Талдықорған ЭЖА құралды орнату шығынын өзіне алып отыр. Тұтынушы есептеу құралын өзі сатып алады. Ал Талдықорған ЭЖА оны тегін орнатып береді.

– Көптеген тұтынушы Талдықорған ЭЖА есептеу құралын сатып алып, енді соны бізге сатып жатыр деп ойлайды?

– Біздің кәсіпорын есептеу құралын сатумен айналыспайды. Біз тек ескірген құрылғыны ауыстыру жөнінде ескертіп, жаңа құрылғыны орнатып береміз. Ол арнайы дүкендерде сатылады. Тұтынушы таңдағанын алады. Біздің талап – аталған құралдың есептеу даддігі 2,0-ден төмен болмау керек және ол өлшем бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйелік тізілімге енгізілген болуы тиіс. Талдықорғандағы дүкендерде орташа бағамен алғанда бір фазалық электрондық есептеу құралы 3500-4000 теңге тұрады. Тұтынушы есептеу құралын сатып алған соң ескертпеде көрсетілген абоненттік бөлімге хабарласып, оны қашан орнатып, пломба салатыны туралы келіседі.

– Таныстардан естіп жатырмыз, кейбір тұтынушыға тегін есептеу құралын орнатып жатқан көрінеді. Қандай тұтынушы осы категорияға жатады?


– «ТАЭТК» АҚ-ның электр желілерін жаңғырту аясында (АСКУЭ) – электр қуатының автоматтандырылған коммерциялық есептеу жүйесі бағдарламасын енгізу бойынша кезеңкезеңмен Талдықорған қаласы тұтынушыларының электр қуатын есептеу құралын PLC-модемі бар құралға ауыстыру жүріп жатыр. Бұл құралды ауыстыру «ТАЭТК» АҚ-ның инвестициялық күрделі салымдары есебінен жүргізіледі. Бұл қаражат тарифте ескерілгендіктен құрал үшін де орнату жұмысы тегін жүргізіледі.

Бұл есептеу құралының артықшылығы – сигнал мен есептеу құралының көрсеткішін арнайы құрылғыға қашықтықта беруі болып саналады. Бір сөзбен айтқанда, жаңа құрылғы барлық ақпаратты орталық арнайы құрылғыға жіберіп отырады. Сондықтан да олардың бағасы қымбат. Есептеу құралының мұндай режимде істеуі – есептеу құралының көрсеткішін алу үшін тұтынушыны мазаламай-ақ пайдаланған электр қуаты жөнінде шотты сапалы әрі мерзімінде жасауға мүмкіндік береді. Бүгінде мұндай құрылғымен кала тұтынушыларының 40 пайызы қамтылған. Қазіргі кезде ескертпе беріп ауыстырып жатқан есептеу құралын жаңғырту аясында электр қуатының автоматтандырылған коммерциялық есептеу жүйесі бағдарламасын енгізу бойынша ауыстырылып жатқан есептеу құралымен шатастырмау керек.

– Есептеу құралы қай уақытқа дейін ауыстырылуы тиіс?

– Бәрін бір мезетте ауыстыру талап етілмейді. Өйткені, бұл біз үшін өте күрделі. Айта кетейін, құрметті тұтынушылар, егер сізлерге есептеу құралын ауыстыру жөнінде ескертпе берілген болса, түсіністік танытуларыңызды сұраймыз. Ауыстыру жөнінде ескертпе, жоғарыда түсіндірілгендей, тек есептеу құралы ескірген, жарамдылық уақыты аяқталған, тексеру уақыты өткен көне есептеу құралы бар тұтынушыға ғана беріледі. Тағы бір ескертейін жайт, есептеу даддігі 2,5 құралы қазір тексеруден өткізілмейді. Оларды тек ауыстыру керек. Тұтынушылар арасында мынадай жағдай да болды: Есептеу құралын ауыстыру жөнінде ескертпе алған тұтынушы жаңасын алғанша осы құралды тексеретін компанияларға барып, құралын тексерткен тиімді деп есептеп, оған тексеру жүргізеді. Құралға тексеру жүргізетін компаниялар мұндай құрылғыға тексеру жасауға тыйым салынғанын айтуды ұмытып жатады. Тұтынушы тексеру актысын төлеп, оны орнатып, пломба қоюды талап етеді. Ал біз мұндай құрылғыны пломбаламаймыз. Тұтынушы бізге талап қоя бастайды. Ескерту алған соң біздің мамандармен хабарласып, қандай құралды тексертуге болатынын, ал қандай құралды жаңасына ауыстырып және оның қай түрін алу керектігін сұрап, білір алған жөн.

– Әңгімеңізге рахмет!



Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

5
25.05.2019

ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ

Алтын ұям – Ақсуым



– Серікбек аға, көзі қарақты көп адамның, тіпті, жастардың да батылы бара бермейтін сайт жасау және оны жүргізуді қалай қолға алдыңыз, оған не себеп болды? Әңгімемізді бірден осылай бастасақ.

– Мен Ақсу ауданының тумасымын. Өмірімнің барлық мағыналы кездері туған жерімде өтті. Ел ісіне белсене атсалысып, ақсулықтардың сан салада жетістікке жетуіне бір кісідей еңбек еттік. Осы барыста көрген-білгенім, сезген-түйгенім, жұмыс бабымен қолым тимей эттеген-ай деп жүрген ойлар сайт жұмысын қолға алуға алғашқы себеп болды. Одан бөлек, қызметтік жылдарымның соңғы кезеңдерінде, атап айтсам, 2007 жылы әртүрлі мұрағат, баспасөздерден әр мекеме мен ауылдық округтердің тарихи және ағымдағы деректерін жинақтап, «Алтын ұям – Ақсуым» атты кітапты баспадан шығарған едім. Ол кейін ауданның 80 жылдық мерейтойына орай шығарылған, толығымен өзім құрастырған жаңа форматтағы, мазмұнды «Абыз Ақсу, аңыз Ақсу, нағыз Ақсу» атты энциклопедиялық сипаттағы кітабыма арқау болды.

Екінші жағынан, қызметте жүргенде кажеттілікке байланысты техника тілін мейлінше меңгеріп, ауданда алғаш рет компьютерлік клубты аштым, ол сол кезде балалардың, оқушылардың, жастардың компьютерлік сауатын ашуға үлкен септігін тигізді. Одан ары «интернет» деген бір тұңғиық әлемнің кеңістігіне еніп кеттім де, бүтінге дейін соның жұлгесінен шыға алмай келемін. Сөйтіп жүріп, қызығушылықпен бірнеше графикалық редакторлық бағдарламаны үйреніп алып, полиграфиялық кәсіпті де меңгеріп, ауданда оның да шағын цехын аштым. Осының арқасында жоғарыда айтылған кітаптардың барлық мәтінін өзім теріп, дизайндық үлгісін жасадым.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін шығармашылық жұмысты жалғастыруға зор мүмкіндік туды. Ендігі бағытты интернет жүйесіне арнауға бел будым. Онлайн-тренингке қатысып, сайт жасау және оны жүргізудің әдіс-тәсілін меңгеріп алдым. Сөйтіп, 2017 жылдың аягында айтылған сайтымды дайындап, ғаламтор жүйесіне енгіздім. Атап айтар болсам, бұл сайт еліміздегі бір өңірдің өткені мен бүгінін зерделеуге арналған қазақ тілінде шығатын және кітап-газет форматында жасалған алғашқы өнім саналады.

– Әрине, ол туралы хабарымыз бар. Енді сайттың негізгі мақсаты мен мазмұндық құрылымы туралы сөз етсек?

Қазіргі уақытта қоғамның барлық саласында цифрландыру үрдісі жедел жүргізілуде. Оның технологиялық артықшылықтары мен ұтымдылығын барынша пайдалану, қыр-сырын, әдіс-тәсілін жете меңгеру баршаның ортақ ісіне, әркімнің өз қажеттілігіне айналды. Міне, осы тұрғыда, ғаламтор кеңістігін пайдаланушы қазақтілді азаматтар «Алтын ұям – Ақсуым» (www.ser-bek.ru) атты сайттың тұрақты оқырманы болып, күнделікті өміріне тиісінше рухани азық ала бастады. Сайт жазбаларына көбіне оң пікір беріліп, танымалдығы да уақыт өткен сайын артып келеді. Осыған орай аталмыш сайт авторы, Ақсу ауданының ардақты азаматтарының бірі Серікбек СЕРПЕРБАЕВПЕН кездесіп, әңгімеге тартқан едік.

– Сайт қазақ жерінің бір пұшпағы, жер жаннаты Жетісудың құрамдас бөлігі Ақсу ауданының тарихи өсіп-даму жылдарындағы елдің жанкешті еңбегі мен ерлігін, берекелі де бедерлі істерін, белсенді тіршілігін көрсету және әр кезеңдерлегі оның өркендеп-өсуіне ерекше үлесі сіңген ардақты азаматтардың есімдерін жаңғырту мен насихаттауға бағытталған.

Сайт барлық тарихи-танымдық деректерді жоғалтпай, келешек ұрпаққа жеткізіп, кез келген уақытта қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Дана халқымыздың «Өскен ел шежіресін таска жазады» деген даналығын бүгінгі жағдайда "Дамыған ел жетістігін ғаламторға енгізіп, мәңгілікке қалдырады" деп өзгертіп айтуға болады. Осы тұста сайт жұмысын 2014 жылы ауданда бастау алған, өзім де ұйымдастырушысының бірі болған "Туған жерге туынды тік" атты қозғалысы мен Елбасының "Рухани жаңғыру", «Ауылым – алтын бесігім» бағдарламалары аясында қолға алынған мақсатты шара деп санаймын.

Сайттың құрылымына келсек, ол екі үлкен бөліктен тұрады. Біріншісі, "Ақсу ажары" деген атауға ие болып, газеттік форматта жүргізілуде. Оның парақтарында аудан халқының ағымдағы өмірі, ел тіршілігі туралы баяндалған жазбалар, жаңалықтар, хабарламалар жарияланып отырады.

Екіншісі, "Абыз Ақсу, аңыз Ақсу, нағыз Ақсу» кітабы тақырыбы алынып, ол "интернет-кітап" ретінде белгіленді. Оның мазмұндық құрылымы сайттағы көрсетілген бөлім-тарау тақырыптарымен айқындалады. Қазіргі уақытта сайт интернет кеңістігіндегі қазақтілді оқырманға танымал болып, толық қалыптасқан деңгейге жетті. Бір жарым жыл ішінде сайттың 360-санында (тақырыптық парақтарында) жарияланған 1000-ға жуық постка (жазбаларға) оқырмандар, әлеуметтік желіні пайдаланушы азаматтар тарапынан тек жақсы пікір, ұтымды ой бөлісулер болып жатқаны дәлел бола алады.

– Ендеше, сол бөлімдер туралы арнайы тоқтала кетсеңіз?

– Сайттың ең басты бөлімі «Мекенім – Ақсу өңірі» деп аталып, онда аудан, ауылдық округтер мен мектеп-мекемелер туралы мағлұматтар жеке-жеке парақта көрсетілді. Аудан өңірінің жағрафиясы, табиғаты, климаты, өзен-суы, тау-тасы, өсімдік- жануарлары айтылды. «Жердің аты – тарихтың хаты» деген тақырыппен Ақсу өңіріндегі елді мекендер, жер-су атаулары туралы танымдық жазбалар мен тарихи өскеліштер туралы деректер де қағыс қалмайды.

Бөлімнің үлкен тарауы, әрине, Ақсу өңірінің тарихына қатысты. Онда XIX ғасырдағы қазақ жерінің Ресейдің қол астында болған кезінен бастап, өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейінгі ауданның дамуы туралы ресми деректер ынғайлы орналастырылған. Келесі кезекте ауданның бірінші басшысы болған азаматтардың өз қызметін атқарған уақытына ынғайлап, сол кездегі өңірде атқарылған жұмыстардың ауқымын жаңаша формада көрсету арқылы берілді.

Осы жерде сайт парақтарында осыған дейін көпшілікке қолжетімсіз, белгісіздеу болған деректерді, тарихи «ақтаңдақтар» туралы тың жазбаларды жариялауға, әртүрлі себептермен насихатталуы кемшін түсіп, қалың көпшілікке жетпей келген немесе уақыт өте көмескіленіп ұмытылып бара жатқан азаматтардың есімін қайта жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын қоса кетейін.

– Ақсудан шыққан, қазақ еліне танымал тұлғалар туралы шекті мақалалар беріліп жататынын байқап қаламыз.

– Сайт ашылғалы оның бетінде мерейтойлары аталып жатқан тұлғаларға және ел тарихының ерекше бір кезеңіне қатысты қайраткерлер өміріне жеке тақырыптық тараулар ашылып, жүйелі жазбалар, құнды мақалалар беріліп келеді. Айталық, «Барлыбек туралы баяндаулар», «Біләл Сүлеевті білгеніміз дұрыс!», «Қобызшы Молықбай», «Ақын Сара – 165», «Мамания мектебі» деген айдарлар бар. Дүлдүл ақынымыз Ілияс Жансүгіровтің туғанына 125 жыл толуына арнап ашылған бөлімде бүгінге дейін 150-ге жуық тың жазба жарияланды. Бұл әлі де жалғасады.

Әрине, сайт болған соң, оның үлкен мүмкіншілігін пайдалана отырып, кемелділігін арттыру үшін әртүрлі тараулар қоскан едік. Олардың тек тақырыптарын ғана атап өтсем, «Рухани жаңғыру – ұлт мұраты», «Спорт – ұлт саулығы», «Жыр аркауы – туған жер», «Туған жерге сағыныш» (бейне-аудио қоржыны), «Демалайық», «Таң қалыңыз!», «Шежіре жүргіземіз» болып жалғаса береді.

– «Шежіре жүргіземіз» деген айдар ерекше естіледі екен?!

– Сайт ашылғалы біраз азаматтан халқымыздың шежіресіне байланысты жазбалар жариялау, жеке тарау ашу туралы ұсыныс түсе бастады. Шежіре бұған дейін мен айналыспаған шаруа еді. Басында терең білім, ұзақ ізденіс, үлкен жауапкершілік, уақыт пен төзімділікті қажет ететінін сезіндім. Осыған дейін қазақ шежіресі жайлы біраз еңбектер жазылып, оған жеке адамдар үлес қосып, жинақтар шығарып жатқанын біледі. Бірақ олардың таралымы тым аз. Көптің қолына жете бермейді. Осы тұрғыдан шежірелік жұмысты жүргізуде ғаламтордың, сайттың мүмкіншілігі зор деп сендім. Егер шежірелік жазбалар бір жерге жинақталса, оны жалпылама да тармақтары бойынша пайдалануға, реттеуге, толықтыруға, кателіктерін жедел түзетуге және болашаққа, ұзақ мерзімге толық мазмұнда сақтауға мүмкіндігі өте зор. Осындай толғаныстан кейін бұл тақырыпты бастап кеттік. Бүгінде оның 20 парағы жарияланды. Онда қазақ елінің тарихы туралы энциклопедиялық мақалалар, сайт оқырмандарының таралынан ұсынылып жатқан тайпалық-рулық, әулеттік шежірелер де беріліп келеді. Сайттағы осы тараудың қажеттілігін, өміршеңдігін уақыт көрсетті.

– Серікбек аға, жаңа электронды кітап деп қалдыңыз, сайттың бетінен электронды тұрғыда дайындап, оқырман назарына ұсынылған кітаптарды көріп жүрміз. Оның маңыздылығы неде?

– Сайтты жүргізу барысында интернет жүйесіндегі сабақтар арқылы электрондық кітапты дайындау технологиясын меңгердім. Мені баспагерліктің басқа түрімен салыстырғанда бүгінгі уақыт талабына сай келетін және оқырмандардың сұранысын өтей алатын артықшылығы қызықтырды. Нәтижесінде, осы жұмысқа ден қойып, сайтымда жарияланған жазбаларды реттеп, алғашқылары ретінде танымдық мазмұндағы "Аудан деректері" және 70-ке жуық Ақсу өңірінің танымал ақын-жазушыларының туған жеріне арнаған таңдамалы туындыларынан антологиялық топтама жасалған «Ақсуым – шығармашылықтар өзегі» деген кітаптар дайындалды. Олар сайттың тұрақты оқырмандарына сый ретінде таратылды. Ақсулық тарихшы, жазушы Жемісбек Толымбековтың ақынның 165 жылына арнаған «Атақты ақын Сара» кітабы дайындалып көпшілікке ұсынылды. Сайт оқырманының сұранысы бойынша шежірелік кітап дайындалды. Бұл жұмыс әлі де жалғасады.

– Бұл қазіргі заманның интернет-бизнесіне сай келеді екен.

– Иә, ғаламтор жүйесі бүгінгі сандауан заманның міндетті атқарумен бірге, миллиондаған адам үшін қажетті пайда табудың қайнарына айналды. Онлайн кәсіп түрі бойынша үйде отырып-ақ табыс табатын ұтымды жұмыстар пайда болды. Ал бұл үшін қажет етілетін басты құрал – сайт. Табыс табуды тікелей мақсат етпесем де, бұл салаға қызығушылық туып, ғаламтордағы сабақтар, курстар арқылы түсініктер жинақтап, әдіс-тәсілін меңгердімін. Алайда, қазақ тілінде жүргізілетін сайттар, кәсіптік тәжірибелер өте сирек. Соны бастаушылардың қатарына кіріп, көпшілікке насихаттау мақсатында қазақ тілді оқырмандарға арналған «Деддал» деген атаумен бірнеше тақырыпты құрайтын жеке бөлім жүргізуді бастағанымын. Онда өзім үйренген интернет-бизнес мазмұнындағы танымдық және жарнамалық мақалалар беріле бастады. Электронды кітаптар туралы түсініктеме беретін жеке кітапша да шығардым, оны оқырмандарға, басқа да қажет етушілерге сый ретінде таратып жатырмын. Енді, міне, жарты ойдай болды, осы бөлім негізінде сол «Деддал» деген атаумен ғаламтор жүйесіне қазақ тіліндегі екінші сайтты аштым. Уақыт талабына сай жаңа ой, идея туындап жатса, сайттың мазмұнын түрлендіріп, танымалдылығын арттыра беремін.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Қажет АНДАС

МЕЗГІЛ

Қазіргі қария қандай?

Мұхтар КҮМІСБЕК

Төнін настық, рухын өбілет басқан деуші еді бір жазушы әңгімесінде. Осы бір тіркесті ұмытуға қанша рет оқталсам да ойымда үйып қалмасы бар ма? Міне, бүгін мақаламның алғашқы жолынан орын алып отыр. Қазіргі заманның кейпін суреттейді сол шығармада. Ақылдың бұлағы санар ақсақалы жоқ қоғамды өкүөлайды өлгі қаламгер. Жаныма батқанын-ай! Авторды сөзбен суға бір түншықтырып та алғанмын оқып отырып. Енді қараңызшы, сол мұңлы кекесінге келіспеске дәрменім болмай тұрғаны...

Алдымен мысал болсын. Бұл бір ғана дәйек емес, бірнешесін көз алдыңызға әкелер едік, көпке топырақ шашудан бойымызды аулақ салғанды жөн санадық. Айтпақшы, қоғамдық көлікте болған жағдай бұл тақырыптан таған тартуға түрткі болған. Автобустың алдыңғы орындықтары ардагерлер мен аяғы ауыр келіншектердікі. Сіз отыруға асықпаңыз. Бос болған жағдайда ғана болмаса көлденең әрекетіңіз көзге оғаш көрінуі ғажап емес. Алда-жалда жайғаса кетсеңіз, жаладан жалтарып кете алмайсыз. Десе де, бірде жастығымызға иек сүйеп алдыңғы қатардағы бос орындыққа өңмендей бергеніміз сол-ақ еді, «тәйт» деген жағымсыз дауыс жағамыздан алды. Тақия мен шапанын үйлестіре киген ақсақал аузындағы қабаған итке ие бола алмай, тілін безеді келіп. Жастардың олқылығын ортаға салды. Бірақ үстінен мұңкіп тұрған арақтың иісін бөріміз елемегенсіп отырдық. Жанындағы өзі тектес екі шалға да ащы сөзбен тиісіп отыр. Қарияның бұл қарекетіне намыстан жарылардай болдық. Біз ғана емес, сол жердегі адамдар да күпті болды. Шалдың сөзін шалық ұрғанның сандырағына баладық та қойдық. Шапанын сыйлап құрмет көрсетуге оқталғандар болыпты, бірақ олақтығынан безінсе керек. Мұндай оқиғаларға жүздеп кездесуге болады. Шапансыз шалдардың да ойға шолақтығын сіз бен біз жақсы білеміз. Оған дәлел – бүгінгі қоғамның күйі. Басындағы күнқағарының сықына қарап шошисыз. Бүтежіктегеннен не табамыз, бір өксік көкірегімізді удай ашытып тұрғаны. Қу жараны жалап жазғаннан не қайыр?! Арық атқа жабу жапқанмен алысқа шаппасы анық. Кісіге мәмілесі жоқ қарияларды көргенде кеудеңді көлеңке билейді. Бауыры бұлақ бабаларым-ай деп бір тулайсың. Несін жасырамыз, қазір тақия кигендер түкірігін тісінің арасынан тастайды. Кенеусіз кер айғай, жалтылдаған қызыл сөздің иесіндей. Батасы да дәмсіз. Ақыл сұрап барсаң айтатыны ат үстінен құлағаны. «Өсетін елдің қарты – қазына, өшетін елдің қарты – қазымыр» демей ме?! Қай уақытта да ақылға ергеннің азбайтыны көдік. Ал біз ақылды қайдан аламыз? Әрине, аузы үөлі, сөзі алтын ақсақалдардан. Ұстазым: «Менің академиям – ауылдың ақсақалдары», – деп көргенбілгенін көппен бөлісіп отыратын. Адам идеясыз өмір сүре алмайды. «Әкеге қарап үл өседі, шешеге қарап қыз өседі» дегендей, қоғамның тәрбиешісі қордалы қариялар. Баяғыда ақсақалдар ауылға қонаққа келгенде алғашқы сұрағы: «Бұл мекенде адам бар ма?», – деп сұрайтын көрінеді. Сөзге құлақ асатын жалы биік, кеудесі кең кісіні қазақ «адам» дейді екен. Жақсының негізгі сипаты сөз мәнісіне баратындығы. «Ауылда адам бар болса ауыл ала болмайды», – дейді Бұқар жырау. Бір ауылды бір-ақ адам түлеткен. Сол кісіге қоғам еліктеген. Міне, бүгін сол түзілімді халық аңсайды, біз аңсаймыз. Шіркін, арамызда қазақтың ауызбіршілігі мен берекесін алақанында ұйытқан тілі дуалы қариялар көп болса дейсің. Бойына ізгілік нұры сіңсе, көз көлген мәселенің шешімін табуда үлкен рөл атқарса, ұлтымыздың аспанында жүрген ала бұлт сейілер еді.

Шыны керек, өмірлік пайымы өлген үлкен кісілер көбейіп барады қоғамда. Сақалы қабындап қалың өссе де, көкірегі құрап қалған түт ағашындай. Ойға таяз. Аталар картақұмар, әжелер киноқұмар болып кеткен. Бұрын аталарымыздың карта ойнамақ түгілі, «сіңбіруге» уақыты болмайтын. Әжелеріміз болса, үршық иіріп, балаларына, немересөберелеріне киім тоқитын. Қазір бәрі басқаша. Содан да болар, «Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра» деген тәмсіл ойрандап ортаға шықты емес пе?! Көп жыл жасап, еш жетістікке жетпеген қарияларымыз ұрпаққа қалай үлгі болмақ? Түрлі әлеуметтік желілерде күлкі болған бір видео естеріңізде шығар?! Дастарқан басында отырып, асқа бата бере алмай, оған қоса соңында «әмин» деудің орнына «алып қойындар» деп айтқан атамыз ел назарына іліккен болатын. Жасына қарамай, жастар секілді тойда билеген қарттарымыз, ішімдікке салынған үлкен кісілердің осындай жаман әрекеттеріне қарап налисың. Болашақ ұрпақ кімнен үлгі алуы керек сонда?! Қоғамға ашық жол сілтей алып, дұрыс бағыт беріп, сақалымен емес, айтқан мақалымен жөн бере білетін ата-әжелер қайда?!

Иә, өткенді реттеп алмай, болашақ түзелмек емес. Бұрынғыны айтпай жаңа сөз ойға оралмайды. Қарияның қадірі кетсе, ұлттың ұршығы сынады. Олар – болат өзек. Ал қоғам болат өзегі бар арқан сияқты. Ішіндегі болатты суырып алсаң, былқылдайды да қалады. Ұлттық қорларымыз да осылар. Былайша айтқанда мемлекетіміздің іргетасы. Ескілікті меңгерген адамдар жаңаның қазығы емес пе?! Ендеше, халықтың мінезін түзейтін ақсақалдарымыз көп болғай дейміз. Елімізді жалы жоқ қариялар мен жалыны жоқ жастардың отанына айналдырмайық!

Ақсақалға зәрумін

Кешегі қарттарымыз заманын ойлап бәйек, айтса сөзі дәйек болатын... Бір ауылды ұядай ұйытып, жұртының жүрегін сүйген болатын. Тентегін текке салған, теңтіреген жеңге салған. Қасиеті қалың елге қазық, өсиеті қазым елге азық болған болатын... Аз бүгін ше?! Жұртының жүрегін емес, билігін бізесін сүйген ақсақалдар көп. Бақылда шалына қарап шаңырағын сыйлайтын едік, аз қазір шаңырағына қарап шалын сыйлайтын жағдайға жеттік. Бүгінде біз сондай ақсақалдарға зәру болып қалдық... «Бір қарияның кесімді сөзі елінді, бір кемпірдің кесімді сөзі келінді тәрбиелейтін-ді» деген сөз бар... Аз бүгін ше?! Біреуінің өнеге болатын өсиеті жоқ, біреуінің жанына жақын тартар қасиеті қалмай барады... Қазіргі қарттарымыз бұрынғы қариялардың орнын баса алмай жатыр... Тентегін түзей алмай жатыр... Тек деп айта алмай жатыр.

Бәрі сол баға-шаманың қамы, жекебастың күйі... Бәрі билікке жақын әкімсымақтардың жанын жаңғалап кеткен сиқыты болып тұрады маған...

Бұрынғы ақсақалдардың үстінен дала мен тердің иісі аңқып тұратын, арысы Құранның, берісі жыр-қиссалардан, термелерден үзінділер айтқанда тыңдаған құлықтың құрышын қандыратын... Аз қазір сондай қартты таба аласыз ба? Тіпті, алды әнің, бесік жырын айтатын ана табудың өзі қайранға айналып бара жатқандай...

Қазақ – кеңдігін де елдігін де, төрбиесі мен тағылымын да, танымын да сөзге сыйғызған еді. Сөз құдіретін – өз құдіретім деп білсек. Аз қазір адамның сөзінен пәтуа кеткен...

Бекжан ТҰРЫС,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

✓ ЖАҢА АЙДАР: КӘСІП КӨКЖИЕГІ



Осыдан жарты ғасырдың алдында қай елдің әскері қуатты болса, сол ел кемелді мемлекет саналатын. Қазіргі таңда қай елдің кәсіпкерлігі, соның ішінде шағын және орта бизнес саласы өркендесе, сол ел қуаттылықтың өлшеміне айналды. Өйткені, қазіргі әлем жаһанданудың жалпы қағидасына бағынып отыр. Мұнан біз де сырт қалмаймыз.

Қажет АНДАС

ҚОЛДАУ БАР, ҚОРҒАУ ШАМАЛЫ

Бүгінгі таңдағы жаһандану кәсіпсіз болмыстан гөрі экономикалық қатынастарға ықпал ете бастады. Өйткені, қазіргі адамдар өзіне керекті тұрмыстық техника, киім, құрал-жабдық, киім-кешек, тағы басқа да толып жатқан қажетті дүниені көп жағдайда базардағы дүкендерден емес, интернет арқылы іздеуге ауысты. Дүниенің кай түкпірінде болса да өзіне керекті және ұнатқан тауарына кедергісіз қол жеткізе алатын болды. Еліміз де геосаяси алемде өмір сүретіндіктен бұл заңдылықтан тысқары қала алмайды. Сондықтан мемлекет ұлттық экономиканың өзгелерге тәуелділігінен қорғау үшін бар мүмкіндіктерді пайдаланып, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландырып, тыңғылықты жұмыстарды атқарып келеді. Бірақ оған біздің кәсіпкерлер дайын ба?

Кеңестік экономикалық қатынастар келмеске кеткеннен кейін Кеңес одағының шекпенінен шыққан Орталық Азия елдері өздеріне ыңғайлы экономикалық бағыттарға ауысты. Әр ел әртүрлі жол ұстанды. Солардың ішінде еліміз нарықтық экономикаға көшуді қуаттап, осы әдіс арқылы күйреген экономиканы қайта құрудың қадамын басты. Нарықтық экономика біздің тұрмыс қағидамызды өзгерткенімен экономикалық тұрғыда тезірек аяғымыздан тұрып кетуге, кәсіпкерліктің әдіс-тәсілін меңгеруге мүмкіндік берді. Оның үстіне, көрші Қытай елінің өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасынан бері жүргізген халықаралық саудаға бейімделген шағын және орта бизнес субъектілерін сауықтыруға бағытталған саясаты еліміздегі кәсіпкерлік саласының жетілуіне қозғау салды. Дегенмен, оның кедергілі тұстары көп болды.

Жылдар өте келе жұмыс күші көп және арзан, оның үстіне дамушы және даму үстіндегі елдердің тұрғындарының қажеттілігіне сай тауар өндіруге көшкен қытайлық шағын және орта бизнес саласы өндірген өнімдерімен көрші елдердің базарын жаулап алып, есін енді жиып келе жатқан көрші елдердегі бәсекелестерін орге бастырмай тастады. Оның ең басты факторы ретінде мынадай бірнеше түйінді атауға болады. Ең алдымен, отандық кәсіпкерліктің бәсекелестік қабілетінің төмендігі. Кейінгі он жылдың көлемінде еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдері көптеген отандық және ұлттық тауар маркасын ойлап тапты. Бірақ олар базардағы бәсекелестікте үстемдік ете алмады. Оған бағаның қымбаттығы, сапаның нашарлығы себеп болды.

Кәсіпкерліктен кемелді жол табу азаматтардың сауаттылығы мен іскерлігі, еңбексүйгіштігімен тікелей қатысты. Халқымызда: «Жас келсе іске» деген нақыл бар. Бүгінгі жастар қолданылмалы техниканы толық біледі, инновациялық бағытта жұмыс істей алады, қолға алған әр бастамасынан үлкен нәтиже шығаруға күш-қуаты жетерлік. Бірақ нақты жағдай біз ойлағаннан бөлекше екенін жасырып қайтеміз. Оған облыстық кәсіпкерлік басқармасы таралынан «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған байқаудың комиссия мүшесі болған кезде көз жеткіздік. Сол кезде көңіл қуантатын да, жүрек жылытатын да істердің куәсі болғанымды айта кетпесем болмайтын сияқты.

Байқаудың бір қуантқаны – 18-29 жас аралығындағы кәсіпкерлерге 5 млн. теңгеге дейін мемлекеттік қайтарымсыз грант берілетіндігі. Бұл арманы бар да дәрмені болмай жүрген жас кәсіпкерлердің бизнес саласында жол табуына үлкен мүмкіндік береді. Ал өкіндіргені – байқауға қатысқан жастардың біліксіздігі мен ұсынған жобаларының тым жұтаңдығы, байқаудан кейінгі арыз-арман мен талас-тартыстың жиі орын алғандығы.

Жалпы байқауға 200-ге жуық жас кәсіпкерден өтінім түсті. Оның да өз талабы бар екен. Ең бастысы, ұсынған жобасының инновациялық құндылығы болуы шарт. Екіншісі, байқауға қатысқан жастардың көбі инновация дегеннің не екендігін түсінбейтін болып шықты. Жобаларды зерделеп көргенімізде олардың дені киім тігетін немесе құрылыс материалдарын шығаратын цех құру туралы бастама көтерген. Шеге жасап, тазалық қағазын өндіруді армандайтын жастар да жетерлік көрінді. Бірақ бұл жобалардың инновациялық құндылығы тым аз.

Әркандай инновациялық жоба жергілікті жерде қолдау таба ма? Жоқ па? Өндірген өнімнің базардағы сұранысы бар ма? Өзге де бәсекелестері алдында табан тіреп тұра ала ма? Осындай сан сауалға бас қатырғандары кемде-кем. «Алдымен мектеп директоры болып алайын, сосын диплом ала саламын» дегеннің керісі. Ең қызығы, жобаны қорғау барысында екі қолын қалтасына салып, ұялы телефонын көтеріп келгендер көп болды. Көбі атқаратын жұмысын ауыз толтырып айтқанымен осыған дейін сол жұмысты қол салып істеп көрмегені байқалып тұрды. Тек ақша қолға тисе, керекті құрал-жабдығын сатып алып, тау қопарып, жер көшіретінін айтқанда, кәсіпкерліктің айы оңынан туғалы тұр екен деп қаласың. Әйтсе де бұл кезең сөздің емес, істің, іскерліктің дәуірі ғой. Ыстық, суығын көріп, отымен кіріп, күлімен шығып, бір сүрініп, бір тұратын жұмыс барысынан өтпеген кәсіптің болашағы да баянды болмайтыны белгілі. 5 млрд. теңге қаржымен ашылған кәсіпорындар тоқырауға түсіп жатқанда, 5 млн. теңгемен базарды жаулап кету деген ойланатын дүние. Демек, жастар әлдекімдердің көмегімен жазылған бизнес жобасын санасымен жүзеге асыруға ұмтылатындығы көңілге күдік ұялатты. Тіпті, байқауға жобасын ұсынған кейбір үміткер тілді-жақты асаба жігіттерді де жалдап әкелгені белгілі болды. Олардың бойындағы қазақы қанынды толқытатын сөздеріне қарап, жобасын өткізіп-ақ жібергің келеді. Алайда ұсынғаны «Айдағанның бес ешкі, ысқырығын жер жарадының» өзі болып шықты. Сондай-ақ, бұрынғы жылдары осы грантқа ие болып, кәсібін жүргізіп, бұл ретте сол жобаны інісі мен туысының атынан қайта рәсімдеп, грантқа ұсынған кәсіпкерлер де кездесті. Өзге облыстарда қорғалған жобалардың өнімін сатып әкеліп, жаңалық ашқысы келіп, білініп қалғандары да ұятқа қалып жатты.

Байқауға ұсынылған жобалардың бәрі іске алғысыз деуден аулақпыз. Жалпы, өміршеңдігі бар, белгілі нәтижеге жетуге болады деген 66 жоба мақұлданып, оларға 141 млн. теңге қаржы қылдай бөлініп берілді. Десе де, осы жобалардың дені Алматы қаласының айналасындағы аудандардан келген үміткерлер. Бұл жағын зерделеп көрген кезде жобаға үміткерлердің кәсіпкерлік объектісін Алматы маңындағы аудандарға тіркегенімен өздерінің Алматы қаласында жұмыс істейтіндігі белгілі болды. Демек, мегаполисте жүзеге асқан жобаның ауылды жерлерде белгілі өнімділік жаратындығы анық. Бірақ олар грантты алғаннан кейін өз арманын сол тіркелген елді мекенде жүзеге асырмай, Алматыдағы өнімін есепке енгізіп, көзбояушылыққа бармай ма деген де ой калды санада. Өйткені, жас кәсіпкерлердің үздік жобасын мемлекеттік қайтарымсыз грант арқылы қолдаудың түпкілікті мақсаты – ауылдық жерлерде тоқыраған кәсіпті жандандырып, ауыл жастарының жұмыска орналасуы мен кәсіпке бейімделуіне өнеге көрсету. Егер біздің күдік шынға айналса, ауылға тағы да өркениеттің лебі жетпей қалатыны анық. Сондықтан тиісті мекемелердің осы жағынан қадағалауды күшейтуі керек сияқты.

Грантқа ие болған енді біркатар жобалар аудан орталықтарының еншісіне тиді. Демек, бұл қолдаудың лебі шалғай елді мекендерге жетпей тұр деген сөз. Ол жергілікті атқарушы органдардың жастар кәсіпкерлігіне салғырт карайтынын көрсетеді. Өйтпесе, ауылдарда темір мен ағаштан түйін түйіп, мал өсіріп, оның сүті мен етін, терісі мен жүнін кәсіптің көзіне айналдыра алмай жүрген жастар көп. Қолы ісмер болғанымен кәсібін дөңгелентіп әкететін заманауи құрылғыларға қол жеткізе алмай жүргендері қаншама?

Осы жоба барысында Райымбек, Кеген, Панфилов, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарынан егін мен мал шаруашылығы саласында жаңалық ашуға бағытталған бірнеше жоба келіп түсті. Оларды қолдауға барынша пейілді болдық. Өйткені, қазақты ғасырлар бойы асырап келген атакәсіпті жандандыратын шағын және орта бизнес субъектілерінің көбеюі экономикамыздың көтерілуіне де, ауыл жастарын жұмыспен қамтып, армандарын жүзеге асыруға да мол мүмкіндік береді.

Түйін: ***Ашығын айтқанда, жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау жеткілікті. Инновациялық та, әлеуметтік жобаларды қолдаудың да сан түрлі жолы бар. Өкінішке қарай, жоғарыда айтқандай, жастардың көшірме, көзбояушы дүниелерге бейім екенін байқап қалдық. Тіпті, осы барыста бұрынғы жылдары қолға тиген грантқа қымбат тон сатып алған немесе көлік мініп алған деректерінің де болғанын естідік. Бұл айналып келгенде жастардың өзіне жасаған қиянат, елдің болашағына келтірген зиян. Бір сөзбен айтқанда, ауыл жастарын қолдаудың әлі де жүйеге түспегені көрініп тұр. Грантқа ие болған жобаларды жыл бойы қадағалауда ұстамақпыз. Олардың әрбірінің атқарған шаруасы туралы алдағы уақытта саралап отыратын боламыз. Соңғы нәтижесін жыл соңына қарай шығарамыз.***

✓МҰҚАҒАЛИ – 90

АҚЫННЫҢ КӨЗІНДЕЙ



Қанат БІРЖАНСАЛ

«Қазақстан!
Пай, пай, пай!
Ардағым-ай!
Сен менің Шолпанымсың
жаңған үдай.
Өзіңде өмір сүрген қандай
бақыт,
Өлмейтін махаббатым,
арманым-ай!» –

деп жырлаған ақиық ақын Мұқағали Мақатаев тірі болса, 90 жасқа толатын еді. Небары қырықтың бесеуінде мынау жарық дүниеден гайып болып кете барған аяулы ақынның екінші мәңгілік жыр ғұмырының жалғасып келе жатқанына, міне, 45 жыл болды. Тұған Отанын, ыстық мекенін, елі мен жерін жанындай жақсы көріп кеткен ақын ғұмырының тым келте болғанына шын мәнінде жаныңыз ауырады.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде
өстім,
Жыр жазсам, оған жұртым
елеңдестің.
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді
ешкім, –

деп жырлаған ақын қалың қазағының жүрегінде. Жырын қастерлеп, өлеңін пір тұтқан оқырманы тауындай тұлғалы, даласындай кең, бұлақтарындай тұнық, гүлдеріндей көркем мінезді ақынын жадынан шығарған жоқ. «Мұқағали – XX ғасырдың таңғажайып ақыны», – деп Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаев көзі тірісінде шынайы бағасын берген. Мұқағалидың талантын бағалаған, ақындық құдіретін мойындаған калың оқырманының жүрегінде өлеңдері бірге жасасып келеді. Осынау қасиетті Қарасаз топырағында туып, өсіп-өніп келе жатқан жас ұрпақ Мұқағалидай ақын аталарының жырымен сусындап, өлеңінен қуат алып, калыптасқан азаматтар болып үлкен өмірге қанаттанып жатыр. Қастерлі топырақтан ақын жырын жатка айта алмайтын бірде-бір балапанды кезіктіре алмайсың. Тіпті, Қарасазды айтпағанның өзінде ауданның аумағында, Жетісудің жерінде, республика көлемінде ақын жырын жатка білетін, өленді сүйетін, өнерді кадір тұтқан жастарымыз жетіп артылады. Біз бұған шын көңілімізбен қуанамыз. Небары қырық бес жасында өмірден өткен ақын аз ғұмырының өзінде артындағы елі-жеріне мол мұрасын қалдырып кетті. Ақынның кез келген тақырыпта жазған өлеңдері жүректің төріне бірден ұялайды. Мынау жарық ғаламда түрлі сезімдер құшағында жүрген жандар ақын жырымен тілдесіп, ақынның үнімен үндесіп, сырласып, мұңдасып жатады. Мұқағали жырларынан жанына жұбаныш іздейтін, жарық күнің шуағындай сәуле іздейтіндер көп. Мұның бәрі ақын өлеңдерінің шынайылығы, жүрекпен, сезіммен жазылған жырларының құдіреті деп білеміз.

...Айналайын!
Атамекен, Ақ мекен!
Қандай қазақ іздеп сені
тапты екен?!
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен! –

деп ақын тебіренсе, дәл осы сөзді әркім өзі туып-өскен жеріне айтары, Мұқағалидың тілімен тілдесіп, жүрегімен үндесіп толқып кетері шындық. Ақын құдіреті осында, ақын өлеңінің өлмес өміршеңдігі осында. «Қайран, Қарасазым-ай, Үйрек ұшып, қаз қонған» деп жанары жұмылғанша ет-жүрегін елжірете, сағынышты сезімін мөлдірете жырлап кеткен қастерлі де қымбатты Қарасазына тағы келдік. Дәл осы топыраққа аяғымыз тигенде ақын мұражайын бір аралап, көріп кетпесек, көңіліміз тынышмайтындай. Әр бұрышы, әр тұсынан ақынның тау тұлғалы алып бейнесі көз алдыға келіп, әлеуетті үні мен өлмес жыры жамырай тіл қататындай мұражайда болу – бір бақыт. Ақынға деген сағыныш. Жырына деген ықәрлік пен құштарлық. Поэзия көгінде Шолпан жұлдыздай мәңгі жарқырап тұрған өленіне деген құрмет. Ақын мұражайынан шыққанда бір жеңілдеп сала бересің. Бір қуанышка бөленгендей күй кешесің. Мөп-мөлдір сезімнің құшағына енесің. Көз алдына аяулы ақын бейнесі кайта-кайта келе береді.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде
өстім,
Жыр жазсам, оған жұртым
елеңдестің.
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда,
өлеңді ешкім! –

дейді ақын. Шын сөз. Шынайы тұжырым. Қазақ поэзиясы жаңарған жаңа толқынымен жаңа ғасырда көрікті көшін түзеп келеді. Өлең өлкесінің асқақ Хантәңірі шыңындай Мұқағалидың жырын тұмар етіп түйген жыр көші көгілдір толқындардай көз тартады. Соған қуанамыз. Соған жұбанамыз.

Қарасаз ауылы.

МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЫ – АСЫЛ ҚАЗЫНА

«Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес.
Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы»

Зейнолла СЕРІККАЛИЕВ

Әдебиеттің «алтын ғасырының» соңын ала келген Мұқағали Мақатаев сынды тұлғалардың ұлттық санасында Абайдан Әуезовке дейінгі ұлағаттылық пен сөз өнерінің озық үлгілері тұрды.

М. Мақатаев поэзиясы жайлы белгілі әдебиет зерттеушісі Т. Шапай: «Мұқағалиды жалпы қазақ, жалпы жұртына табыстырған сан себептің бірі және бірегейі – оның поэзиясындағы уыздай тұнған ұлттық саз дер едік. Бүгінгі поэзия мәдениетінің биігіне шарықтап көтерілген ақын жырларының интонациясы, тыныс дірілі, лирикалық «меннің» желпінісі, шалқыған дария көңілі, даркан мінезі, кең пейілі, ақынның шадыман шаттығынан «ах» ұрып жалын ата күрсінгеніне дейін – бүтін жаратылысы, тұтас болмысы қазақы. Қазақ оқырманы өз бойында бар деп ойламаған, жаратылысындағы көп жақсылықтарды Мұқағали жырларынан танығандай, қайта тапқандай. Бұл қасиет үлкен таланттардың көбіне тән десек те, ұлттық мінездің ең жақсы қырларын, ұлттық ұғымдағы ұлағат-өнегенің қасиеттісін, қадірлісін тауып, талғап жырлаған Мұқағали творчествосының орны бөлектей көрінеді», – деп баға береді.

Расында да, Мұқағали қазақы салт-дәстүрді қастерлеп, әр жыр жолдарында дәріптей білген. Ақынның суреткерлік шеберлігін айқындау жолында оның шығармаларындағы көріктеу амалдары мен көркемдік әдістеріне зер салып, көз жүгіртелік. Мұқағали шығармаларында оның ерекшелігін көрсететін көріктеу құралдары көптеп кездеседі. Соның бірі – теңеу. Академик Р. Сыздық: «Теңеу – таным нәтижесі, сондықтан теңеулердің дені этнографиялық ұлттық сипатта болады», – дейді.

Мұқағали поэзиясында тіл үшін дәстүрлі саналатын «дай», «дей», «тай», «тей» жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер мол. Мысалы:

Жүрген жан ем
байымай, тапшысынбай,
Сарсаң болдым ертегі
бақсысындай.
Басым қалды жасырын
полигон боп,
Өзім тұрмын мақтаулы
сақшысындай.

Теңеуде ерекше салыстыратын нәрсе – адам баласының қасиеттері. Бұл дәстүр барлық тілде кездеседі. Ақын өлеңдерінде қазақ танымындағы дәстүрлі ұқсатулар (ассоциациялар) жетіп-артылады. Мысалы:

Жапырақ-жүрек жас
қайың!
Жанымды
айырбастайын, –

деген жолдарынан ақынның суретті образын көруге болады. Образға барар алғашқы баспалдақ – суретті сөз болып табылады. Мұқағали ақынның тіл шеберлігі туралы ой қозғалса, айшықты сөз тіркестерін айтпай кетуге болмайды. Әр сөзін тура да, ауыспалы да мағынада қолданады. Ақын шығармаларында жиі ұшырасатын жүрек, тәтті, көк, күз сияқты басқа да сөздер эстетикалық қызмет атқарады. Ақиық ақын өз ойын анық жеткізу үшін сөз-символдарға да көп барады. Символ – метафора сияқты тілдік тұлғаның тіліндегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші. Мысалы, құстың, жануардың атаулары халқымыздың бұрыннан келе жатқан тіліміздегі символдары. Осы тұста суреткер ақын тілінде құстар символикасының орны ерекше. Әсіресе, аққу – әдемілік, тектілік, махаббатқа адалдықтың, қазақы мәдениеттің символы ретінде бейнеленеді. Оған дәлел ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы аққу образы. Ақын үшін тау – биіктіктің, дала – кеңдіктің, көктем – жастықтың, күз – егделіктің символы. Мысалы:

Бұлттан бұйда
тағынып,
Көктен көрпе
жамылып.
Таулар жатыр аңырап,
Сапарларын сағынып.

Көркемдік шындық өмірді образды түрде суреттеп, озат идеал тұрғысынан эстетикалық биікке көтеріп жырлау, адам баласына маңызды саналатын құбылыстарды типтік деңгейге дейін көтеріп суреттеуде көрінеді. Ойы өткір, шынайы өлеңдерімен Мұқағали ақын бүгін де ғасыр ақынына айналды. Ақын «Үзіліп түскен алмадай» өлеңінде:

Үзіліп түскен алмадай
Үзіліп көңіл қалғаны-ай,
Арыма басқан таңбадай
Арылмай қойды-ау
дау-дамай!
Тасыған көңіл арнадай,
Таусылып бүгін
қалғаны-ай!
Қиылып қалған
құрақты,
Қиын да болар
жалғау-ай! –

деп адамның кіршіксіз таза көңілін кір шалуды, үзіліп жерге түсіп ешкімге қажет емес алмаға теңесе, ендігі бір жерде «таусылмайтын дау-дамайды» – таңбаға теңеу арқылы шебер үйлестіреді. Ал келесі жолында «тасыған көңіл арнадай» деп адам көңілі өзен секілді арнадай тасуы да, суалуы да мүмкін екендігін көркем суреттейді. Мұқағали тіліміздегі синоним қандай поэтикалық қызмет атқарса, ондағы антонимдер мен омонимдерге де сондай қызмет атқартады. Мысалы:

Тұнықка төніп қара да,
Тұнық боп көрін
халыққа.
Ақ па екен жүзің,
қара ма?
Өзіңді-өзің анықта.

Немесе:


Дүниенің ағын да,
қарасын да,
Мыңқ етпейсің,
қабылдап аласың да.
Қарасымен шаман жоқ
таласуға,
Ей, өмірім, зымырап
барасың ба? –

деп айтпақ болған ойын жеткізсе, санаға сіңіре айту мақсатында Мұқағали қолданатын тағы бір тәсіл бар. Ол – бір сөзді, бір сөз тіркесін немесе шумақтың бір жолын өлең ішінде бірнеше рет кайталап қолдану тәсілі. М. Мақатаевтың тілдік тұлғасы оның шоқтығы биік, кадау-кадау көркемдегіш құралдарды пайдалануымен ерекшеленеді. Халық жанына жақын ақынның тілдік тұлғасының халықпен рухтас екендігінде болса керек. Мұқағали мұрасы – ұлттық қоймаға қосылған асыл қазыналардың көмбесі. Ақиық ақын Мұқағалиды дәріптеу қазақ әдебиетін, күллі қазақ өнерін, ұлттық құндылықтарымызды санада сақтау, қадіріне жетудің бір үлгісі болмақ.

Айнұр ДӘУРЕНБАЕВА,
Медеубай Құрманов атындағы №2 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Балпық би ауылы, Көксу ауданы

ЕҢБЕК АДАМЫ

Атына заты сай МИЛЛИОНЕР





Талдықорған қаласының іргесіндегі Мойнақ ауылында атакәсіпті өркендетіп, төрт түліктен нәсіп тапқан, қымыз сапырып, шұбат ашытып, май шайқап, құрт-ірімшік кептіріп, көпке үлгі болып жүрген Миллионер атты азамат тұрады. Бұл атауды алғаш естігендер оның қаржысының көптігіне байланысты қойылған бүркеншік есім деп ойлап қалатыны анық. Бірақ оның аты шынымен Миллионер. Жекебас куәлігінде Миллонер Қажекенұлы деп жазылыпты. Ырымшыл халықпыз ғой. Өткен ғасырдың екінші жартысынан бері тілдік қорымызға енген осы бір атауды туған кезде кіндігін кескен ақушер қыз қойған екен. Сол Миллионер деген қара домалақ бала адал еңбегінің арқасында ешкімге алақан жаймай-ақ нағыз миллионерге айналды. "Еңбектің наны тәтті" деген нақыл осындайға қаратылса керек.

Қажет АНДАС

Миллионер тәуелсіздіктің алғашқы елең-алаң шағында атажұртқа Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынан көшіп келіпті.

– Біз 1991 жылы атажұртқа көшіп келдік. Ол кезде бүгінгідей көлік көп емес, барам деген жеріне қиналмай жететін жағдай жоқ. Сондықтан құжаттарымыз бен керекті заттарымызды ғана арқалап, балаларымызды ертіп, елге жеттік. Басында бәрі оңай болған жоқ. Қоныстанған жеріміздің ауасы жақпай бір көшсек, жұмыс бабымен де, мал шаруашылығына қолайлы-қолайсыздығына қарай да біраз жердің дәмін таттық. Ақыры осы Талдықорған қаласының Мойнақ ауылы құтты қоныс болды. 2000 жылы осы ауылға көшіп келгеннен кейін тіршілік қамына бірден кірісіп кеттік. Мал шаруашылығы қазақтың атакәсібі емес пе? Біз де сол кәсіптен нәсіп тапсақ деген ойға келдік. Бала күнінен жүйрік мініп, ірі және ұсақ малдың сырына қанығып өскендіктен бұл кәсіп бізге қиын болған жоқ. Алдымен жиған-терген қаржымызға екі бие сатып алып, қымыз ашытып, тұтынушыларға саттық. Тұрмыстан артылған қаражатымызды жинап, жылқының басын көбейтіп отырдық. Мал басы артқан сайын біз дайындаған қымызға деген сұраныс та көбейе түсті, – дейді дәулетті азамат.

Қазақта: "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген сөз бар. Миллионердің шаруасын шалқытып, кірісін молайтуға тағы бір себеп болған нәрсе – қоғам қайраткері Серік Үмбетов облыс әкімі болып тұрған тұста Талдықорған қаласында ашылған қымызханалар. Осы бастама атакәсіпті өркендетем деген талай жанның бағын ашты.

Қазақта: "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген сөз бар. Миллионердің шаруасын шалқытып, кірісін молайтуға тағы бір себеп болған нәрсе – қоғам қайраткері Серік Үмбетов облыс әкімі болып тұрған тұста Талдықорған қаласында ашылған қымызханалар. Осы бастама атакәсіпті өркендетем деген талай жанның бағын ашты. Сол қатарға Миллионер ағаны да қосуға болады.

– 2007 жылы Талдықорған қаласында қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, қымызханалар ашылып, жұрттың ұлттық тағамға деген қызығушылығын оятты. Сол тұста біздің де жұмыс салмағымыз ауырлады. Күн сайын қаладағы қымызханалардың сұранысын қамтамасыз ету оңай болған жоқ. Оның үстіне қала маңында түйе ұстағандар болмағандықтан шұбатқа деген сұраныс көп болды. Сонымен екі түйе сатып алып, шұбат өндіре бастадық. Біз қымыз бен шұбатты көбінше Талдықорған орталық стадионының алдынан ашылған Текелі қаласының қымызханасына сатып, тұтынушыларға жеткіздік, – дейді Миллионер ағамыздың зайыбы Майра тәтеміз.

Бүгінгі танда сол жылдардағы 3 бие өсіп, 70 бастан асса, екі түйе 30 басқа жетіпті. 40 шақты ірі қарасы мен ет өнімдерін өндіруге арналған ұсақ малдың саны да көбейген. Қымыз бен шұбаттың литрін 700 теңгеден, құрт, ірімшік, сары майды базардағы бағадан 30-40 пайыз арзан бағада сатып отыр. 87078283603 нөмірі бойынша тапсырыс бергендерге тегін жеткізіп береді. Ал күн сайын Мойнақ ауылындағы үйіне келіп, жаңа сауылған саумалдан ішіп, ем алатын, қымыз бен шұбатты сатып алып кететін тұтынушылардың қатары көп. Әрине, жетістікті цифрмен көрсете салу оңай болғанымен оны осылай есептеудің өзі оңайлықпен жүзеге аспайтынын әркім бағамдай алады. Алайда бұл шаруаға ағаның отбасы түгелімен атсалысады.

Миллионер ағаның үш ұл, екі қызы және жеті немересі бар. Екі ұлы әкелерімен бірге шаруашылықтың тізгінін ұстап жүр. Жиған-терген қаржысымен Қаратал өзенінің бойынан мал бағуға ыңғайлы 50 гектар жерді жекеменшікке сатып алып, сол маңға үй, айналдыра қора салып, айналасын абаттандырып, тіршілік тынысына айналдырыпты. Қосымша жалға алған 500 гектарға жуық жайылымдық жері бар. Қысқасы, жылқылар мен түйелер, ірі және ұсақ малдар жайылымнан тарықпайды. Бірақ шабындық жері болмағандықтан мал азығын басқа қожалықтардан сатып алады.

– Осы деңгейге өз еңбегіммен жеттім. Ешкімге алақан жайып, сұранып көрген жоқпын. Табыстың көбі мал азығына кетеді. Егер өзімізге тиесілі шабындық, мал азығын өсіретін шаруашылық жеріміз болғанда мал басын мұнан да көбейтер едік, – дейді Миллионер.

Қазір мал және егін шаруашылығымен шұғылданатын шаруа қожалықтарына мемлекет тарапынан түрлі қолдау көрсетіліп келеді. Осы күнге дейін бірде-бір мемлекеттік қолдауға қол созбаған Миллионер сияқты еңбеккөр азаматтарға қолдау көрсеткен жөн шығар. Сондай-ақ, Миллионер өткен жылғы пандемиялық жағдайда көптеген адамға тегін қымыз, шұбат таратып, жомарттық танытқан. Биыл көрші аудандардағы емханаларға апта, ай сайын тегін қымыз, шұбат жеткізіп, ем алып жатқандарға көмектесуді қолға алыпты. Өз еңбегімен отбасын асырап, оның үстіне басқаларға да қол ұшын беріп жүрген Миллионердің ісі көпке үлгі болатын-ақ дүние.

ҚАРЕКЕТ ТҰҒЫ – БЕРЕКЕТ

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар...



ӘР УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП ҚАЛУҒА ТЫРЫСҚАН АУЫЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКТЕРІ ЕРІКСІЗ НАЗАР АУДАРТТЫ. АРАСЫНДА ҮЛКЕНІНІҢ ТАПСЫРМАНЫ ҮСТЕМЕЛЕП ЖАТҚАНЫН ҚҰЛАҒЫМ ШАЛЫП ҚАЛДЫ. ЕҢБЕКТІҢ КӨРІГІ ҚЫЗЫП ЖАТҚАН ЖАҚҚА НАЗАР САЛСАМ, ҚАЛЫПТАН ШЫҚҚАН КІРПІШТЕРДІ ЖИНАСТЫРЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАР ЕКЕН. ЖАНДАРЫНА ТАЯП, СӘЛЕМ БЕРІП, ӘҢГІМЕГЕ ТАРТТЫМ.

Ұлбосын ИСАБЕК

Сонау Райымбек ауданынан келіп, атшаптырым ауланы жалға алып, жаңа жұмыс бастап жатқаныңды айтқан еңбеккөр азаматтар өздерін таныстыруды ұмытпады. Үлкені кішісін құрметтеп, кішісі үлкенін тыңдап ауызбіршілікте еңбек етіп жатқандардың «басшысы» жасы 25-тегі Дидар Тұрсынбай екен. Оның қолғанаттары ағайынды Қанат, Ақжол Шағалақ пен Қанат Садуақасов деген нағыз еңбектің конторылары іспетті.

– Жазғы маусымда құрылыс жұмыстары қарқын алатыны анық. Осыны ескеріп, уақытты ұтымды пайдалану үшін ағайынды-дас інілеріммен ақылдаса кеп, осы тірлікті бастап жатырмыз. Жалдың құны арзан емес. Соған қарамастан шығынды жауып, оның үстінен өз нәпақамызды табуға бар күшімізді салудамыз. «Қарекет түбі – берекет» деген ғой, еңбектеніннің еңбегі еш кетпейді. Тек ісімізді заңсыздыққа теліп, бізге «таяқ» тиіп жүрмесін, – деген Дидар Тұрсынбайдың сөз төркінін түсіндім.

– Енді неге көленкелі бизнес жасап жүрсіңдер? Заңды кәсіп ашпайсыңдар ма? – деген сауалыма:

– Біз бұл бастамамыздың қолдан келеркелмесін нақтылап алуды жөн көрудеміз. Бұған дейін табылған әртүрлі жұмыстың басын бір шалдық. Қаратпинен көп жерде жұмыска алмайды. Одан соң үлкен іс бастау үшін қомақты қаражат керек. Осыдан тапқан тиынымызды құрап, қамданып барып, ісімізді заңдастыруға әрекет жасаймыз, – деген Дидардың сөзіне иландық.

Жасыратыны жоқ, екі қолға бір күрек таппай, ауыл мен қаланың арасында боска жүретіндер жоқ емес. Менің сүйінгенім, еңбекке етті жастардың өз алдына әрекет жасап, сапалы кірпіш құйып жатқаны болды. Кірпіш өндірушілер өнімге керек шикізаттың сапасы және жасалу технологиясының басты назарда болатындығын тілге тиек етті. Олармен әңгімелескен азғантай уақытта кірпіштерін сұраушылар да келгесті. Яғни, өнімге сұраныс бары байқалады. Үй тұрғызуға, қора-қопсы, мәшіне, тіпті, ауланы қоршауға қолданылатын бұл сплитерлік кірпіштерге жылдың қай маусымында да сұраныс артпаса, кемімесі анық. Соны түсінген жастар өздерінің қаражатына кірпіш құятын станокты сатып алып, сапалы өнім өндіруге білек сыбана кіріскен көрінеді. Күніне мың данаға дейін дайын болатын кірпіш те тапсырысқа қарай өтетін көрінеді.

– Алматыдағы №13 колледжді аспаз мамандығы бойынша бітіріп, эскерге барып, келдім. Ендігі мақсатым – осы істі кеңейтіп, елге пайдам тиер кәсіпкер болуды армандаймын, – дейді қомды ширақ Қанат Шағалақ.

Төксан ауыз сөздің тобықтай түйіні, дайын дүниені алып-сатқаннан гөрі өздері әрекет етіп, құрылысқа таптырмас өнім шығарып, шағын болса да істің көзін табуға талпынған, өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуге жараған жастарға кедергісіз қолдау көрсетілсе құбақұп. Ал, мұндай бастамаларды қолдап, оны жүзеге асыруда мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар барын құлағдар етуді ұмытпадым. Сөзі мен ісі үйлескен жастардан келешекте өз ісінің нағыз шеберлері шығарына сенімім мол.

Талғар ауданы

ЖАЙДАРМАН

Су тапшылығы жойылады

ҚАРАСАЙ АУДАНЫНДА ХАЛЫҚТЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІНЕ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗ БЕРІЛІП КЕЛЕДІ. ҚАСКЕЛЕҢ СУ ТОПТАМАСЫ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАННАН КЕЙІН АЛАТАУДЫҢ ЕТЕГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДАРДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ СУ ТАПШЫЛЫҒЫНАН АРЫЛАТЫНЫ ЖАЙЛЫ АЙТҚАН БОЛАТЫНБЫЗ.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Осы жүйеден тысқары қалған Бірінші май ауылдық округіне қарасты үш ауылды сумен қамтамасыз ету мәселесі де биыл толықтай шешіледі деп күтілуде.

– Бірінші май ауылдық округінде Бекболат, Қайнар және Сауыншы елді мекендері орналасқан, – дейді округ әкімі Елдос Мұқатаев. – Кешеге дейін ауыл халқы су тапшылығын тартып келген. Бұл өз кезегінде тұрғындардың тұрмысын ауырлататыны ақиқат. Сол себепті, аудан әкімі Жандарбек Далабаевтың қолдауының нәтижесінде екі бірдей резервуар салу жұмысы қолға алынды. Былтыр жазда басталған құрылыс бүгіндері толық аяқталып, қазір құбырларды тексеру, сынақтан өткізу және залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аталған шаралар аяқталғаннан кейін ауылдарға су толыққанды жіберілетін болады.

Мұның сыртында елді мекендерде кәріз жүйесін салу мәселесі де шешілмей келген еді. Өткен жылы басталған жұмыстың нәтижесінде 11 шақырымдық кәріз жүйесі қалпына келтіріліп, алдағы уақытта пайдалануға берілмек. Тұрғындар 100 пайыз көңілдір отынмен қамтамасыз етілген. Демек, ауыл халқы да қалалық өркениеттің жемісін толықтай тәтті деуге болады.

Біз Қайнар ауылының жоғарғы жағында, тау бөктерінде бой көтерген жаңа су резервуарының жұмысымен таныстық. Құрылыс жұмыстарын атқарған «Қарасайқұрылыс» ЖШС-нің учаске басшысы Жанат Құлболдинов құны 224 млн. теңгеге жобаланған Қайнар ауылын сумен қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіру және салу шаралары толықтай аяқталып, бүгіндері сыйымдылығы 1000 текше метр болатын екі резервуарға су толтырылып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар, ауыл ішінде ұзындығы 10,8 шақырым болатын су құбыры, құбыр бойындағы 126 құдық пен апатты жағдайда суды бекітетін сырмалар салынған екен. Демек, биылғы жылы аталған елді мекендердің тұрғындары су тапшылығынан толықтай арылады деуге негіз бар.

Қарасай ауданы

Дөңгеленген дүние

МҰЗ ЖЫЛДАМ ЕРІП БАРАДЫ

Жаһандық жылынуға қатысты жағдай қауіпті болып тұр. Лондон университеттік колледжінің ғалымдары осылай деп отыр.

Айтуларынша, Арктикадағы мұз бұған дейінгі есептеулерден 2 есе жылдам еріп бара жатқан көрінеді. Мамандар бұл жолы өлшеудің жетілдірілген технологиясын қолданған. Ғалымдар «бәріне жаһандық жылыну себеп» дейді. Себебі қар бұрынғыдан аз жауатын болған. Тиісінше, мұз да жылдам ери бастаса керек. Робби Маллетт, Лондон университеттік колледжінің өкілі:

— Мұздың қалыңдау болғаны дұрыс. Өйткені, ол мұхитты күн сәулесінен қорғайды. Яғни, мұз тез еріген сайын мұхит суы да жылдамырақ жылынады деген сөз.

ЕҢ КӨНЕ ДОП

Доп ойындары көптеген елде мыңдаған жыл бойы танымал болған. Ойын ережелері барлық жерде әртүрлі, яғни бір жерде допты дененің барлық мүшелерімен, бір жерде қолмен, бір жерде аяқпен ұстауға рұқсат етілген.

Доп ойындары Британ аралдарының аумағында жиі болған. Онда тұратын қарапайым халық та, ауқатты адамдар да доп ойнағанды ұнатқан. Бұл мысалға Шотландиядағы Стерлинг қамалының бір бөлмесінен табылған ескі доп дәлел. Стерлинг сарайы ежелден Шотландия корольдері мен латшайымдарының тәж киетін және тұратын орны. Қамалды қалпына келтіру кезінде екі шатырдың арасынан ескі доп табылған. Болжам бойынша біреу оны қатты соққымен теуіп, доп шатыр арасына қыстырылып қалған. Доп шамамен 470 жыл бұрын жасалған және ол ең көне доп саналып отыр.

ҰШАТЫН ҚАЙЫҚ

Венецияның тарихи ғимараттарына моторлы су көліктері қауіп төндіруде. Мәселен, уақыт өте келе аймақтағы каналдар зақымдала бастағаны байқалды. «Бұл өз кезегінде құрылыстардың қирауына әкеп соғуы мүмкін», — дейді сарапшылар.

Өңірдегі ушыққан мәселені швед өнертапқыштары шешпек ниетте. Мамандар су астында жүзу қанаттары бар қайықты ойлап шығарған. Олар арқылы жүзу кезінде қайықтың корпусы су деңгейінен көтеріліп қозғалады. Нәтижесінде көлік судың үстімен ұшып бара жатқандай көрінеді. Есесіне инфрақұрылымға зиян тигізетін қатты толқындар да пайда болмайды. «Дрондар мен смартфондардағыдай датчиктерді пайдаланамыз. Қайықты осыдан 25 жыл бұрын шығарсақ, оның құны ондаған миллион тұрар еді. Қазір олар қолжетімді. Көлігіміз өте ыңғайлы әрі шаһар ғимараттарына қауіпсіз», — деді компания өкілі Микаэль Мальберг.

ҚОҚЫСТАН ЖАСАЛҒАН МҮСІНДЕР

Үлкен жетілік елдерінің саммиті өтетін Ұлыбританияда аталған 7 мемлекет басшыларының қоқыстан жасалған мүсіні орнатылды. Ескерткіш электронды бұйымдардың қалдықтарынан дайындалған.

Осылайша авторлар әлемдегі экономикасы озық ел басшыларының назарын қайта өңдеу мәселесіне аударғысы келеді. Суретшілер мүсінді жасауға түрлі техниканың 20 мыңдай бөлшегі жұмсалғанын айтады. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша әлемде жыл сайын 53 миллион электронды қоқыс тасталады. Сарапшылар 2050 жылға қарай аталған қалдық саны 2 есе артатынын ескертеді. «Үлкен жетілік» елдерінің басшылары мәселені бір-біріне сілтей бермей, өзара ашық сөйлесіп, қоқыс заттарды қайта өңдеуге арналған бірегей жоба жасаса деймін. Электронды заттарды кейін керексіз қалдыққа айналатындай көп көлемде шығарудың еш қажеті жоқ. Бұл мәселелерді әр ел жеке емес, ғаламдық ауқымда шешу керек», — дейді суретші Джо Раш.

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ

Қарағай көшеті көбеюде

Кеген орман шаруашылығы мекемесіне қарасты 84582 гектар жер Жалаңаш, Ұзынбұлақ, Темірлік, Қарқара, Екіаша орманшылықтарының бақылауында. Жалпы, 82 адам жұмыс істейді. Соның ішіндегі Дәурен Досайбеков басқаратын Жалаңаш орманшылығының жетістігі көп.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Мекеме тау беткейлерінде орманды алқаптарды молайтуды жүйелі жүргізіп келеді. Бүгінде Жалаңаш тұқымбағында 54 гектар базалық, Темірлік орманшылығында 3,0 гектар уақытша тәлімбақ бар. Онда негізінен Шренк тұқымы себілген. Жалпы, 2,53 гектар жерде 2502,0 дана жас көшет өсірілуде. Осынау қиындығы мол істе, күннің астында жас көшеттерді арамшөптерден тазарту, уақытылы суару жұмысында 15 адам еңбек етеді.

– Биыл қарамағымыздағы таулы аймақтарға 30 гектар жерге Шренк шыршасының орман екпелерінен 188400 түп көшет, 30 мың түп көгалдандыру плантациясы, 20 мың түп қосымша отырғызу жұмыстары жүргізілді. Жалаңаш және Темірлік бақтарында өзінің тұқымынан өсірілген Шренк шыршасы, көгілдір шырша, қарағай, арша, сиверс алмасы жайқала өсіп тұр. Биыл Талдықорған, Алакөл, Үйгентас, Бақанас, Шелек секілді орман шаруашылығы мекемелеріне жалпы көлемі 177 мың түп шырша көшеті орман қорын молайтуға жіберілді, – дейді Кеген орман шаруашылығы коммуналдық-мемлекеттік мекемесінің директоры Айболат Солтанғазиев.

Орманшылардың алдағы мақсаты да айқын. Олар 2025 жылға дейін орман қорын 172 гектарға көбейтпек. Мамандар бұл міндетті нәтижелі орындайтынына сенімді.

Кеген ауданы
Алматы облысы



БӨРЕКЕЛДІ



ҚАРЕКЕТ БОЛМАЙ, БЕРЕКЕТ ЖОҚ

Талдықорған қаласының тұрғыны, «Жылыжай» ЖК торағасы Борібай Қызырхан – адал еңбегімен ел құрметіне бөленген жан. Жуырда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Алматы облыстық филиалының директоры Серікхан Ахметов кәсіпкердің кеудесіне Президент қол қойған «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалін тақты.

Қажет АНДАС

Борібай Қызырханұлының елге деген сүйіспеншілігі зор. Оның атамекенге оралу барысында бастан өткерген қиындығы, көрген-білгені бір кітапқа жүк болады. Адал еңбегінің арқасында елге сыйлы азаматқа айналған Борібайдың 5 баласын ұлағатты ұрпақ етіп өсіріп отырған өнегесі өзгеше.

– Несін жасырайын, екі рет шекарадан заңсыз өткенім үшін айыппұл арқалап, Қытайдағы құжаттандырудың қиындығынан жиып-терген қаржым таусылды. 2004 жылы Алматыға аяғым тигенде қалтамда 10 мың теңге ғана қаражат қалды. Десе де, арада 10 жыл салып арманыма жеткеніме қуандым. Қол ұшын беріп, көмектескен азаматтар көп болды. Әсіресе, қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанова басқарған «Руханият» партиясы қолдау білдірді. Кейін Талдықорған қаласына қоныстанып, аталған партияның Алматы облыстық филиалын 10 жыл басқардым. Сонымен қатар, қолымнан келетін тірліктің бәрін атқардым. Аспаз да болдық, мал да бақтық. Кейінгі жылдары жылыжай шаруашылығымен айналысудамын. Қазір Талдықорған қаласында 2 мың шаршы метрлік жылыжайым бар. Қысы-жазы қызанақ, қияр өсіремін. Мұнда 8 адамды жұмыспен қамтып, күн сайын 3-7 мың аралығында жалақы төлеумен қатар, зейнетақы жинағына, міндетті медициналық сақтандыру қорына қаржы аударамын, – дейді ол.

Борібайдың жылыжайындағы көкөністер химиялық қоспасыз өсетіндіктен, тұтынушы көп. Тапсырыспен күн сайын көкөністерді үйді-үйге, дәмхана, мейрамхана, тамақтану орнына жеткізеді. Сонымен қатар, Алматы-Өскемен автожолы бойынан шағын асхана ашып, киіз үй тігіп, шұбат-қымыз, ұлттық тағамдар сатады. Арасында түрлі қайырымдылық шарасымен де айналысады. Қазір көкөніс өсіру тәжірибесін жастарға да үйретуде.

Талдықорған қаласы

Абайлаңыз, газ!

Құрметті аудан тұрғындары! Панфилов ауданы төтенше жағдайлар бөлімі газ құрылғыларымен жұмыс істеуде техникалық қауіпсіздікті сақтау қажеттігін ескертеді:

- Көпқабатты тұрғын үйлерде газ баллондарын пайдаланбау;
- Істен шыққан газ құрылғыларын қолданбау;
- Кәмелеттік жасқа толған азаматтардың жанып тұрған газды қараусыз қалдырмау;
- Газдың иісін сезсеңіз 104 нөміріне шұғыл хабарласу; ғимаратты желдету;
- Электр құрылғыларын тоқтан ажырату;
- Өрт шыққан жағдайда шұғыл түрде «101» нөміріне немесе «5-24-69» нөміріне хабарласу қажет.

С. ГАППАРОВ,
Панфилов ауданы ТЖБ аға лейтенанты

Темекі – өртке себепкер



Тұрғын үй қорында өрттің шығуына және адамдардың қайтыс болуына ықпал ететін негізгі шарттар – темекі шегу мен маскүнемдік.

Статистика мәліметтеріне сәйкес, өртте қаза тапқандардың 70%-ы алкогольді ішімдікті шамадан тыс пайдаланғандар және төсекте жиі темекі тартқандар.

Төсекке түсетін темекі шоғы 15 минуттан кейін өртке айналады. Бұл жағдайда адам 3 минуттан кейін улы газдың өлім дозасын алады.

Сонымен қатар, бұл өрттердің көбі түнде болады. Көбінесе көршілер өрт ошағын анықтағанша үй толықтай жанып кетеді. Өртке қарсы қызметке хабарлама өте кеш түседі, ал үйдегі адам ол уақытта көз жұмады. Жиі ішімдік ішіп жүрген адамдар өз өміріне ғана емес, басқа адамдарға – туыстары мен көршілеріне де қауіп төндіреді.

Құрметті азаматтар! Тұрмыста кездесетін төтенше жағдайлардың дені адам факторына байланысты. Темекі тарту да сол қатарда.

Тұрғын үй аумақтарында темекі шегудің өрт қауіпсіздігі ережелері реттелмеген, алайда құтқарушы өрт сөндірушілердің тәжірибесіне сүйене отырып, біз негізгі талаптарды тұжырымдай аламыз:

- темекі күлін арнайы ыдыска жинау, арнайы ыдыс жанбайтын заттан жасалуы керек.
- Төсекте немесе диванда жатып темекі шегуге тыйым салынады. Шаршаған немесе ішімдікті шамадан тыс пайдаланған адам әрдайым өз іс-әрекетіне бақылау жасай алмайды.
- Шылымды көшеде немесе арнайы ғағайындалған бөлмеде шегу керек. Темекі шоғы еденге түсіп кеткен жағдайда, еденнің жанбайтын материалдан жасалған-жасалмағанына көз жеткізу қажет.

С. ШАБЕКОВ,
Панфилов ауданының ТЖБ бас маманы, капитан

ХАБАРЛАМА

АБАЙЛАҢЫЗ: ГАЗҚҰБЫРЫ!

Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарының және Шымкент қаласының аумағы арқылы компрессор стансыларды, сондай-ақ, диаметрі 1000-нан 1200 мм-ге дейінгі жоғары қысымды «А», «В», «С» желілерін қамтитын «Қазақстан-Қытай» магистральды газқұбырының Бірінші учаскесі (бұдан әрі – Газқұбыры) өтеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.06.2008 ж. №651 Қаулысына сәйкес Газқұбыры Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 118, 121-баптарының, Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының талаптарына сәйкес **Газқұбырын іске пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және Газқұбыры мен оның объектілерінің бүліну мүмкіндігін болғызбау үшін олардың айналасында мынадай КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫ белгіленеді:** Газқұбыры трассасының бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерде – құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; компрессор станцияларының бойында, ГӨС – барлық жағынан 100 метр.

Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының 14-бабының 5-тармағына сәйкес Газқұбырының күзет аймағында **тыйым салынады:**

1) өткелдерді, қара жолдарды және Газқұбыры трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін «Азиялық Газқұбыры» ЖШС-мен келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, **сондай-ақ, жер жырту тереңдігі 35 см аспайтын далалық ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа,** «Азиялық Газқұбыры» ЖШС келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) «Азиялық Газқұбыры» ЖШС жайластырған, Газқұбырына қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ, Газқұбырында өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) «Азиялық Газқұбыры» ЖШС келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге.

Сондай-ақ, **ҚР ЕК 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар», Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 22.01.2015 ж. №33 Бұйрығымен бекітілген Магистральды газқұбырларын іске пайдалану Ережелеріне, ЕАЭО ТР 049/2020 сәйкес жерасты газқұбырларының осінен, компрессор стансылардан объектілерге, ғимараттарға, құрылыстарға дейін ең төмен қашықтық аймақтары (қауіпсіздік аймақтары) көзделеді** (жерасты газқұбырларының осінен елді мекендерге, жекелеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарына дейін – 300 метрден кем емес; компрессорлық стансылардан елді мекендерге, жекелеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарына дейін – 700 метрден кем емес).

Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңына сәйкес құрылыс нормалары мен ережелерінде белгіленген ең төмен қашықтық шегінде магистральды құбырға жатпайтын кез келген объектілерді салуға тыйым салынады.

Қандай да бір жекелеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарын, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруды жоспарлау кезінде Газқұбыры объектілерінен күзет аймақтары мен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша жоғарыда көрсетілген талаптарды мүлтіксіз және қатаң сақтау қажет.

Жоғарыда көрсетілген нормалар мемлекеттік нормативтер жүйесіне кіреді және барлық шаруашылық қызмет субъектілерінің сақталуы үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №33 Бұйрығымен бекітілген магистральды газқұбырларын іске пайдалану Ережелеріне сәйкес күзет аймақтарында жұмыстардың орындалуын бақылауды және ең төмен қашықтық аймақтарда (қауіпсіздік аймақтарында) жұмыстарды жүргізуге келісуді белгіленген талаптарға сәйкес газ тасымалдау ұйымы («Азиялық Газқұбыры» ЖШС) жүзеге асырады.

Газқұбыры арқылы арнайы орнатылған өткелдер жоқ жерлерден өтуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Осыған байланысты, Газқұбыры қауіптілігі жоғары объект болып табылатындықтан, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің, Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының және Газқұбыры объектілерінен күзет аймақтары мен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары (қауіпсіздік аймақтары) бойынша Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамау материалдық залалдарға және адам өліміне әкелетін төтенше жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Қазақстан Республикасы заңнамасының Газқұбыры объектілерінен күзет аймақтары мен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының күзет аймақтары мен Газқұбыры объектілерінен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша заңнамасының талаптары тек құбыр көлігі кәсіпорындарының ғана емес, жергілікті билік органдарының, сондай-ақ, Газқұбыры трассасы өтетін / Газқұбыры объектілері орналасқан ауданда жұмыстарды немесе қандай да бір іс-қимылдарды орындайтын ұйымдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Газқұбырының күзет аймағында жұмыс жүргізуге рұқсат алу үшін және ең төмен қашықтық аймақтарда (қауіпсіздік аймақтарында) жұмыс жүргізуді келісу үшін Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазтай Ұлтарақов атындағы ауыл, «Алматы» газ тасымалдау басқармасы мекенжайына жазбаша хабарласу қажет. Ұялы телефон: +7 707 471 25 51; +7 777 999 98 38.

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС бас кеңсесі Алматы қаласында, Абай даңғылы, 109В, «Globus» БО-да орналасқан. Диспетчер телефоны: +7 (727) 393 02 65; +7 (727) 393 02 67.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 688 17 41, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Суреттердің сатасы үшін редакция жауап бермейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 599
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110.
Оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индексі – 65469.

23 MAÝSYM
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№70 (19065)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АҚОРДА



ЕЛ СЕНІМІН АҚТАУ – ПАРЫЗ

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыстың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму перспективалары жөнінде баяндалды.

Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, қазіргі кезеңде облыстың экономикасында оң өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, ауылшаруашылығы саласының даму көрсеткіші – 102,8, өңдеу өнеркәсібінің өсімі – 105,2, сауда – 103, құрылыс –114,3 пайызға артқан. Облыс әкімдігі жыл соңына дейін осы қарқынды сақтап қалуға ниетті.

Президент азаматтардың сенімін ақтау, сондай-ақ облыс тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту үшін нақты шаралар қабылдау маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысына әкімшілік-аумақтық реформалардан кейінгі жаңа мүмкіндіктерді ескере отырып, Алматы облысы мен Қонаев қаласының әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына өзгерістер енгізілетіні жөнінде ақпарат берілді. Әкімнің айтуынша, құрылыс, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, сауда және туризм сияқты экономиканың инвестициялық тартымды секторларына ерекше көңіл бөлінеді.

Марат Сұлтанғазиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыс орталығын Қонаев қаласына көшіру жұмыстары жөнінде баяндады. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған кешенді шаралар жөнінде есеп берілді.

Президент жаңа әкімге облыс тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, үш ауысымдық мектептерге, ирригациялық жүйелерді жаңартуға, медицина және қоғамдық көлік мәселелерін шешуге қатысты бірқатар міндет жүктеді.

Akorda.kz

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Жұмыс қайта жанданды

Қаратал аудандық емханасын жөндеу жұмыстары біраз жылдан бері дауға айналып келген.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Осыдан 3-4 жыл бұрын емхананы күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған болатын. Жауапсыз құрылыс компаниясы жұмысты орта жолда қалдырып, халықты әбігерге салып кеткен. Өткен жылы жобалау-сметалық құжаты қайта дайындалып, аудандық емхананың «Б» блогын қайта жөндеу қолға алынды. Күрделі жөндеу жұмысына 804,4 млн. теңге бөлініп, «АСК Ауыл-құрылыс» ЖШС жұмысқа кірісіп кетті. Бүгінгі таңда жөндеу жұмысына 104 адам, 2 техника тартылған. Қазір жұмыстың 70 пайыздан астамы атқарылды. Аталған соманың 594,4 млн. теңгесі игерілді. «АСК Ауыл-құрылыс» ЖШС нысанды қыркүйек айында толықтай пайдалануға береміз деп отыр.

Қаратал ауданы
Жетісу облысы

Суағарлар жөнделуде

Сарқан қаласында Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев, Абай Құнанбаев, Қабанбай батыр көшелеріндегі арық жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары жасалған суағарлар тозып, бүгінгі таңда жарамсыз күйге жеткен.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Арықтың кей жері құм-қайырға толып, қала тұрғындарының бақша дақылдарына су жетіспей, қиындық туғызған еді. Енді қала халқы судан таршылық көрмей, ерте көктемнен күз айына дейін арық суын керек мөлшерде пайдаланбақ.

– Қаланың ішкі арық мәселелері тұрғындармен жүздесу кезінде жиі көтеріліп келді. Өткен жылы бастау алған жоба биыл жалғасын тауып, аяқталуға жақын. Арық жүйелері тек бақша дақылдарын суару үшін ғана емес, жанбырлы күндері және кар еріген кезде де өз септігін тигізері анық. Алдағы уақытта тағы да бірнеше көшенің арық жүйелерін қалпына келтіру жоспарда бар, – деді Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаев.

Ұзындығы 10 шақырым болатын арық арналарына лотоктар төселіп жатыр. Аталған жұмыс аумағында 5 ауыр техника мен 30 адам жұмысқа тартылған. Сонымен қатар, бұл жобада арық жүйелерін қалпына келтіруден бөлек, жоғарыда аталған 4 көшеге жаяу жүргіншілерге арналған тротуар салынбақ.

Сарқан ауданы
Жетісу облысы

БРИФИНГ

Талдықорған – көркейіп, дамып келе жатқан жарқын қала. Облыс орталығы әрі Жетісудың кіндік қаласы болғандықтан өзіне тән мәселелер де баршылық. Журналистер үйінде «Талдықорған: шаһар басшысы 100 күнде не істеп үлгерді?» деген тақырыпта өткен брифингте қала әкімі Әсет Масабаев көпшілікті мазалап жүрген сұрақтарға жауап берді.

ЖАЙЛЫ ӨМІР ҚАЛЫПТАСТЫРУ шаралары жалғаса береді

Алма ЕСЕНБАЙ



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

Бірінші кезекте бұған дейін даулы мәселеге айналған баспана кезегі мен үй құжаттарына қатысты мәселенің түйінін тарқатты. Қазіргі таңда Талдықорғанда 16 179 азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Оның 6187-і – бюджеттік ұйымдардың қызметкері, 9992-і – халықтың әлеуметтік осал табына жататын азаматтар. Сонымен қатар апатты үйде тұрып жатқан тұрғындардың да мәселесі өзекті болып табылады. Талдықорған қаласының аумағында 14 апатты үй бар. Онда 300-ден астам тұрғын тұрып жатыр. Ескі үйлер Кивилев, Шевченко, Абылай хан көшелері мен «Жетісу» шағынауданында орналасқан.

«Бұл тұрғындарға үй «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында дайындалған «Талдықорған қаласының 2022-2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын реновация-лау бағдарламасы» шеңберінде беріледі. Бұл бағдарлама арқылы апатты тұрғын үйлерді сүріп, азаматтарды жаңа қоныска көшіру қарастырылған. Бірақ бұл үйлер мұрагерлік жолмен қалдыра алатын жалдамалы үй болып табылады», – деді қала басшысы.

Аялдамалар мәселесі де – жиі көтерілетін тақырыптардың бірі. Сәуір айынан бастап, Шығыс шағынауданында, Шахворостов, Гагарин, Алдабергенов, Біржан сал көшелерінде, Қадырғали Жалайыри даңғылында 10 аялдама кешенін салу жұмысы басталған. Құрылыс жұмысы шілде айында аяқталады деп жоспарлануда.

(Соңы 2-бетте)

ӨЗЕКТІ

ҚАНТ ҮШІН ЖАНТАЛАС қашан бітеді?

Елдегі 19 миллион халықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін 500 мың тоннадан астам қант керек. Ал Жетісу облысындағы Ақсу мен Көксу, Жамбыл облысындағы Мерке қант зауыттары жылына 70 мың тонна көлемінде қант өндейді. Демек, отандық қант зауыттары өндірген шекер қазақстандықтардың қантқа деген қажеттілігінің 13%-ын ғана қамтамасыз ете алады.



Қажет АНДАС

Ғалымдардың пайымынша, қантқа сұраныстың 25%-ы орындалғанда сол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады екен. Біз осы деңгейге жету үшін кем дегенде жылына 1 миллион тонна шикізат жинауымыз керек. Ол үшін 25 мың гектар жерге қант қызылшасы егіліп, гектарынан орташа есеппен 450 центнерден өнім жинауымыз керек. Алайда, өткен жылы жетісулық диқандар 8925 гектар жерден қант қызылшасын қамбаласа, биыл 6364 гектар алқапқа қант қызылшасын сепкен. Ауа райы, су, тыңайтқыш, тұқым, тағы да басқа күтіп-баптаумен тікелей қатысты болатын дақылдан күзде қанша өнім жинайтынымыз қазірше белгісіз. Сондықтан қантты көрші елдерден импорттауға мәжбүрміз.

Экономикалық заңдылық бойынша, егер азық-түлік импорты ішкі тұтыну көлемінің 20 пайызынан асса, бұл елдің нарығы импорттаушы елдер белгілеген бағаға тәуелді болады. Еліміздегі қант бағасының күрт қымбаттап кетуіне осы жағдай себеп болуда.

Бүгінде еліміздің кей өңірінде бір келі қанттың бағасы 1000 теңгеге дейін шарықтап кеткені айтылуда. Өзіміз жақсы білетін Талдықорған қаласындағы дүкендерде қанттың келісі 650-700 теңге көлемінде сатылуда. Мұндай баға тұрақтандыру қорымен келісімге отырған аудан орталықтарындағы үй жанынан ашылған дүкендерде сатылуда, – дейді облыстық азық-түлік тұрақтандыру қорының өкілдері.

(Соңы 2-бетте)

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
9.07.2022

ӨЗЕКТІ

Алмабақ өсіруде Алматы маңындағы өңірлер ішінде Жамбыл ауданы кенжелеп қалғаны байқалады. Бір кездері әр ауылда жайқалып тұрған бақ қазір мұнда некен-саяқ. Оның себебі неде, дақылды өсірудің қандай әдісін қолданған жөн, әйгілі апорт үшін аймақ қаншалықты қолайлы? Осы сауалдарды өсімдік шаруашылығына жауапты лауазымды тұлға – аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Қайрат Тойшыбековке қойған едік.



АПОРТҚА ЖЕТЕТІН АЛМА ЖОҚ

– Ауданда алмабақ шаруашылықтары, негізінен, қарқынды технология әдісін қолданады екен. Бұл әдістің бұрынғы дәстүрлі әдістен айырмашылығы неде?

– Қазір алмабақ өсіріп, одан мол өнім алам деген адамға ең тиімдісі – қарқынды технология. Бұл дегеніңіз, ең алдымен қарапайым тілмен айтқанда, аз жерге көп ағаш егу. Айталық, 1 гектарға 2500 және одан да көп тал егіледі. Көшет 4/1 схемасымен отырғызылады. Яғни қатар арасы 4, ал әр талдың арасы 1 метр, тіпті 80 сантиметрден де егіледі. Осы әдіспен отырғызылған алма ағаштарының тамыры тереңге бармайды және бойы аласа, ары кеткенде 3-3,5 метр ғана. Өнімін үш жылдан кейін бере бастайды. Ал бұрынғыша егілетін орта бойлы алма ағаштары 5-6 жылдан, биік бойшаңдары 7-8 жылдан кейін ғана гүлдейді, ағаш арасы бір-бірінен алшақ, 1 гектарға 660, биіктері 200 түптен ғана. Қарқынды технологиямен тығыз егілгендіктен өнімі де мол болады. Жай алмабақтан гектарына 20-30, ал бұдан 30 тоннадан жоғары аласыз, ал Еуропада гектарына тіпті 70-80 тоннаға дейін барады.

Бойы аласа болғандықтан жемісін теру де жеңіл. Бірақ тіреуіш бағандар қолданбаса, ағаш өз жемісін көтере алмай сынып кетеді. Қарқынды бақта қатарды жағалай шпалер орнатып, оған ағашты сүйейтін сым тартылады. Тағы бір ерекшелігі, тамыры тереңге кетпегендіктен тамшылатып суғармаса болмайды. Қазіргідей ыстық кездері 3-4 күн сайын суғару керек. Суды әрбір түпке қажетті мөлшерде беріп, керекті тыңайтқыштарды суға қосады. Сонда тыңайту жұмысы суғарумен бірге жүреді, бұл да тиімді. Аталмыш әдіс Еуропада қатты дамыған. Біздің елде кейінгі жылдары қолданылып келеді. Оған егетін көшет шетелден әкелінеді. Көшеттің төменгі, яғни телуші бөлігі клондау әдісімен шығарылып, оған қажетті сорттың бұтағы телінеді. Мұның да өзінің қыр-сыры жеткілікті.

– Өнімділігі жоғары болғанымен, сапасы Алматы апортына жетпейді ғой. Апорттың күрт азайып кетуінің себебін ауданның бас агрономы ретінде немен түсіндіресіз?

– Апорт қазір аборигендік сорт деп есептеледі, яғни атам заманнан келе жатқан сорт. Оны алғашқы орыс келімсектері Алатау бөктеріндегі сиверс алмасы мен өздері алып келген көшеттерді будандастырып шығарған. Апорт, негізі, өте жақсы сорт. Бірақ кейінгі шыққан, мутацияланған ауруларға төзімсіз. Бактериялық күйік, парша сияқты неше түрлі өсімдік аурулары көп қазір. Соларға осал болғандықтан көп екпейді оны. Қазір бұрынғы кездердегідей бір рет егіп қойып, одан соң өнімін жинап отырамын десеңіз қателесесіз. Алмабаққа ең аз дегенде жылына 17-18 рет, әйтпесе 35-40-қа дейін агротехникалық шаралар қажет. Онсыз өнім ала алмайсыз. Дәрілеу, арам шөптерден тазарту, топырағын өңдеу, бұтау, жас кезінде формаға келтіру, құрт-құмырсқа сияқты зиянды жәндіктерге, саңырауқұлақтық және басқа да ауруларға қарсы химиялық өңдеу тәрізді шараларды жүйелі жүргізу керек. Мұның барлығы уақтылы жасалмаса; тиімділігі төмендеп, өнімге кері әсер етеді. Маусымдық жұмыстар ауаның ылғалдылығы, температурасы ескеріліп атқарылады.

Апорттың нағыз жақсы өсетін жері – теңіз деңгейінен 900-ден бастап 1200 метрге дейінгі биіктік. Бұдан төмен немесе жоғары деңгейде апорт өзінің барлық қасиетін толық көрсете алмайды. Алатаудың етегі осындай. Ауданда бұл белдеуге Қарғалы, Ынтымақ ауылдарының бас жағы, Майтөбе жайлауының бөктері, Суықтөбе тауының етегіндегі Қастек, Шиен ауылдарының үсті жатады. Осы жерлер апорт үшін өте қолайлы болғандықтан, өткен ғасырдың 70-90 жылдары әр ауылда ірі-ірі апорт бақтары болған.

Апорттың өзінің 3-4 буданы бар, ғалымдар апорттектес тағы да түрлерін шығаруда. Оның күтіп-баптауы көп, дегенмен кәсіби мамандар айналысса, қайта жандандыруға болады. Апортқа жететін алма жоқ. Оның дәмі, аңқыған хош иісі, көз қызықтырар түрі керемет қой. Егер оған қолайлы барлық қажетті шарттар мен технологиялар сақталса, бұрынғы даңқын қайтаруға әбден болады. Бірақ маман жетіспейді, ал қызығушылық танытқандар кәсіби маман емес. Қалталы компаниялар қызықпайды, оларға тез пайда табу керек, 8-9 жыл күткенше 4 жылда өнім алуды тиімді санайды.

– Ауданда қазір апорт өсіріле ме?

– Өсіріледі, бірақ күткендегідей өнім алынбай келеді. Самсы ауылында 7 гектарға егілген бақтың өнімділігі төмен болуының басты себебі – жоғарыда айтылған қолайлы белдеуге жатпауында. Теңіз деңгейінен 770-780 метрде, яғни 900 метрге жетпегендіктен көшетіне субсидия да ала алмады. Ал қажетті белдеудегі Қарғалы ауылы маңындағы 36 гектарлық апорт бағы жайқалып өсіп келе жатқанда былтырғы қуаңшылықта 17 гектары өртеніп кетті. Баққа биыл 7-8 жыл толып, өнім бере бастайтын кезі еді. 36 гектардың 19-ы есептен шығарылып, 17 гектары қалды. Ағаштар бактериялық күйікпен ауырды, ал апорт бұл ауруға төзімсіз.

– Бақ егу қымбат па? Қай шаруашылықтың жұмысы дұрыс?

– Мемлекет тарапынан интенсивті технологияға қолдау бар. Тіреуіш-сүйеуіштер орнату, су шығару, бақтың аумағын қоршау, суландыру жүйесі сияқты шаруаларға демеуқаржы төленеді. Ол үшін әр шаруашылық өз электрондық-сандық қолтаңбасы арқылы Электрондық үкімет сайтына кіріп, шығынын өтеуге өтінім бере алады. Егер интенсивті технология қолданбаса, онда көшетті сатып алғаны шекті баға бойынша 50 пайызына дейін субсидияланады.

Бізде қарқынды бақтың көшеттері жоқтың қасы, оны шетелден алдырады. Бұрын аталарымыз қолданған әдіс қандай еді: алма дәнін егіп, көшет қып өсіріп, тұрақты орнына отырғызатын, ол 7-9 жылда гүлдейді. Бірақ дәннен өскен ағаш сол сорттың барлық қасиетінің 80 пайызына дейін ғана береді. Ал жоғарыдағыдай жаңа әдіспен телінген көшет сорттың қасиетін 100 пайыз сақтап қалады, демек, кепілдік 100 пайыз.

– Алмабақ өсірудің арзан, қолжетімді жолы бар ма? Қай кезде еккен жөн?

– Шағын бақ егемін деушілерге бұл соншалықты қымбат емес. Көшет шаруашылықтарымен келісімшартқа отырып, керекті сорттарға алдын ала тапсырыс беріп, көктемде ауласына немесе басқа жерге отырғызуға болады. Оны көктемде де, күзде де екке болады. Дала жұмыстарын жүргізуде әр өңір үшін оңтайлы мерзім белгіленген. Ол әрбір дақыл үшін есептелген. Мәселен, көшет отырғызудың оңтайлы мерзімі бізде 20 сәуірге дейін. Жас тал мамырдың ыстығына дейін бүр атып, тамыр жайып алады. Егер мамырда егілсе 100 талдың 30-ы өліп қалуы мүмкін. Өйткені тамырланып үлгермей жатып жапырағын жайып жіберсе, қажетті қоректен қамтамасыз ете алмай, құрап қалады. Ал күзде алғашқы қар жауғаннан және ауа температурасы күрт төмендегеннен екі апта бұрын егілгені дұрыс. Бұл – қазанның соңы мен қарашаның басы, ағаштың бойындағы сөл қозғалысы тоқтап, жапырақ сарғайған кез. Бірақ ауа райының мұндай өзгерісіне доп келу қиын, себебі климат өзгерді, алдын ала болжам дұрыс келмей жатады. Қатты суық ерте түсуі мүмкін. Қар жаумай, қара суық түссе тамыры дайындалып үлгермегендіктен үсіп, жас көшеттің біразы шығынға ұшырайды. Сондықтан өзім көктемде еккенді қолдаймын.

– Ағаштың өмірі қанша жыл? Апорттың болашағы қандай?

– Еуропада бұл технологиямен ағашты 25 жылда алып тастайды, олар аямай көп бұтайды, жиі өңдейді. Біздегілері 30 жылға есептеліп отыр. Ал апорттың өмірі 70-80 жылға барады. Апорттың болашағы жоқ деп айта алмаймын. 10 жылдай бұрын апортқа Президент бағдарламасымен қолдау болған, өнім алғанша субсидия төленген. Сондай жаңа бағдарлама қабылданса, қазақ елінің брендін неге қалпына келтірмеске?!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан:
Серік САТЫБАЛДИЕВ
Жамбыл ауданы
Алматы облысы

БІЛІМ

Заманауи кітапхана

Кітапхана саласын модернизациялау, интеллектуалды ортаны қалыптастыру бағытына бет бұру – бүгінгі күннің талабы. Заман ағымына қарай біздің кітапханадағы қызмет түрі де жандану үстінде.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі Ғали Орманов атындағы кітапхана – университеттің жетекші бөлімшесі. Ол оқу-тәрбие процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз етеді. Биыл Жетісу университетіне 50 жыл толып отыр. Кітапхана қоры 50 жылда жаңа әдебиеттермен сапалы толықтырылып, түскен оқулықтар, ғылыми және көркем әдебиеттер саны жылдан-жылға артуда.

Қарқынды цифрландыру жағдайында біздің кітапхана технологиялық тұрғыдан да, оқырмандармен жұмыс істеудің жаңа әдістерімен де жаңа жағдайларға бейімделген. Кітапханада электронды кітаптар қоры бар, сондықтан оқырмандар кітаптарға кашықтан қол жеткізе алады. Университет оқырмандарына электронды кітапханаға онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы ақпараттық және кітапханалық кеңістікті кеңейтеді.

Кітапханада отандық деректер – республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана (ҚР ЖОО қауымдастығы), "Эпиграф" баспасы, "Ақнұр-пресс" баспасы, бірыңғай электронды кітапхана, ҚазҰЭК, сондай-ақ, Thomson Reuters, Elsevier, Scopus сияқты халықаралық деректер қоры қолжетімді. Кітапхананың жеке электронды базасы бар. Әрбір студент пен оқытушы осы базадағы жеке кабинетке кіре алады. Бұл базада толықмәтінді түрде ашылатын 5760-тан астам кітап жинақталған. Білім алушы жеке кабинетінде кітаптың электрондық нұсқасына өтінім жасай алады.

Осының барлығы университет оқытушылары мен студенттерге қазақстандық жоғары оқу орындарының, халықаралық базалардың, университеттің кітапхана қорының оқу-әдістемелік әдебиетін қолжетімді етеді.

А. ҚАРАСАЕВА,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Ғ. Орманов атындағы кітапхана директоры

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Жаңа мектеп салынса...

Жаркент қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы орта мектеп 1972 жылы 600 балаға арналып салынған. Бүгінгі таңда оқушылар саны 1900-ге жетіп, олар қысылып-қымтырылып екі ауысымда оқуда.

Осыған орай шешімін күтіп отырған екінші мәселе – мектеп жанынан жаңа білім ошағын салу. Бұл мақсатқа қоршаған ортаға зиянды қалдықтардың бөлінуіне байланысты 2013 жылы жабылып қалған крахмал-сірне зауытының бос тұрған жерін пайдалануға болады. Ол үшін жекеменшіктегі жер мемлекет қорына қайтарылуға тиіс.

Ал мектеп балансында тұрған спорт алаңына үлкен футбол, мини-футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын, 400 метрлік жүгіру жолдары мен қос трибуналы стадион салу жобасы 2008 жылдан бері екі рет дайындалған болатын. Жаңа мектеп, спорт алаңын салу туралы ұсынысты Алматы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ж.Сүлейменоваға да жеткізген болатынбыз. Алайда оған жауап ретінде «Бүгінгі күнге Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектептің спорт алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаражат қарастырылуда» – деген хат жолдаған екен. «Домбырам не дейді, мен не деймін» дегендей, бұл екі мәселе де шешілмей келеді. Десек те, Жамбыл атындағы орта мектепке қатысты осы жайт облыс басшылығының назарына алынып, оң шешімін табады деген үміттеміз.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Жамбыл атындағы орта мектептің футбол үйірмесінің оқытушы-жаттықтырушысы
Панфилов ауданы
Жетісу облысы

КӘСІПКЕРЛІК

Грантқа кімдер ие болып жүр?



Өткен жылы облыстық кәсіпкерлік басқармасы тарапынан сәуір және желтоқсан айларында екі рет «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған гранттық байқау өтті. Нәтижесінде Алматы және Жетісу облысы бойынша 255 кәсіпкердің әрбіріне 5 млн. теңгеге дейінгі мемлекеттік қайтарымсыз грант берілген.

Қажет АНДАС

Осы грантқа ие болған кәсіпкерлерді өңірлер бойынша бөлетін болсақ, Талдықорған қаласынан 55, Талғар ауданынан 32, Қарасай ауданынан 30, Еңбекшіқазақ ауданынан 21, Іле ауданы 15, Панфилов, Көксу, Жамбыл аудандарынан 11, Сарқан, Ақсу, Кеген аудандарынан 9, Қапшағай қаласы 8, Қаратал, Ұйғыр, аудандарынан 6, Райымбек, Көксу аудандарынан 5, Ескелді ауданынан 4, Балқаш ауданынан 3, Кербұлақ ауданынан 2 кәсіпкер ие болыпты. Әрине, көш басындағы үш орында Талдықорған қаласы мен Талғар, Қарасай аудандары тұрса, соңғы үштікті Ескелді, Балқаш, Кербұлақ аудандары құрайды.

Салыстырмалы түрде осының өзінен аудан-қалалардағы кәсіпкерлік саласының қандай деңгейде өркендеп жатқанын білуге болады. Көріп тұрғандарыңыздай гранттың тең жартысы облыс орталығы Талдықорған қаласы мен Алматы қаласының маңындағы аудандардан келген үміткерлердің еншісіне тиген. Зерделеп көрсек, олар Алматы қаласында жұмысын жүргізіп, бизнес субъектісін қала маңындағы аудан, ауылдардан тіркеуден өткізгенін байқауға болады. Демек, мегаполис қалада жүзеге асқан жобаның ауылды жерлердегі бәсекелестерінен мойны озық көрінетіні анық. Бірақ олар грантты алғаннан кейін өз арманын сол тіркелген елдімекенде жүзеге асырмай, Алматыдағы өнімін есепке енгізіп, жобаны атқарып шығуы әбден мүмкін. Демек, бұл қолдаудың лебі шалғай елдімекендерге жетпей тұрғанының бірден-бір себебі осы.

Екіншіден, аудан, қалалардағы кәсіпкерлікті дамытумен айналысатын құзырлы мекеме және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдары кәсіпкерлікті дамытуға көңіл бөлмейтінін де білдіреді. Өйтпесе, ауылдарда темір мен ағаштан түйін түйіп, мал өсіріп, оның сүті мен етін, терісі мен жүнін кәсіптің көзіне айналдыра алмай жүрген адамдар көп. Қолы ісмер болғанымен, кәсібін дөңгелентіп әкететін заманауи құрылғыларға қол жеткізе алмай жүргендері қаншама? Оларға жергілікті жерлерде ешқандай кәсіби қолдау жоқ. Осы мақаланы дайындау барысында жоғарыдағы көрсеткіші төмен аудан, қалалардың кәсіпкерлік бөлімдері мен «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы филиалдарының әлеуметтік желідегі парақшаларын қарап шықтық. Өкінішке қарай, кейбір аудан, қаланың әлеуметтік желілеріндегі акаунтын таба алмадық. Сол аудан, қала әкімінің ресми сайтында айына бір немесе екі рет қана кәсіпкерлікке қолдау тақырыбындағы ақпараттар салынғаны болмаса, көңіл көншітетін дүние жоқ. Демек, аудан, қалалардағы кәсіпкерлікті ақпараттандыру жағы нөлге тең.

Бұрынғы жылдары қолға тиген грантты бизнесін дамыту мақсатында емес, қымбат тон немесе көлік сатып алуға, банктердегі кредитін өтеуге жұмсаған деректердің болғанын естігенбіз. Әлі де грантты кәсібін дамыту үшін емес, басқа мақсаттарға жұмсайтындар жоқ дей алмаймыз. Грантқа не болған жобалардың қаншалықты қадағаланып жатқанын да білмейміз. Сондықтан қадағалауды күшейту керек.

12 shilde,
2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№77 (19072)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

■ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Күріштің жайын кім ойлайды?



Қажет АНДАС

Алматы облысы бөлінбей тұрған шағында 12 мың гектарға дейін күріш егіліп, дихандар да, тұтынушылар да Үштөбе мен Балқаштың күріш өнімдеріне қарық болып жататын. Алайда, кейінгі жылдары аймақтағы күріш алқабының көлемі азайып, дақылды егумен айналысатын шаруашылықтардың алдынан талай қиындық кес-кестей бастады.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының есебінше өткен жылы Алматы облысы бойынша 8171 гектар жерге күріш егіліп, камбаланды. Оның 7400 гектары Балқаш, қалғаны Қаратал ауданына тиесілі болды. Бұл аталған дақыл алқабы 7750 гектарға қысқарды.

Күріш дақылына деген тұтынушылардың сұранысы артқан сайын егіс алқабының аумағы азайып, базардағы күріш бағасы қымбаттай түсті. Қазір Талдықорған базарынан келісі 100-150 теңгеден сатылатын жергілікті күрішті таба алмайсыз. Осылай жалғаса берсе, бірнеше жылдан соң күріш тісімізге емес, түсімізге кіруі әбден мүмкін.

Күріш алқабы азаюының ең басты себебі – су тапшылығы. Расында, кейінгі жылдардағы құрғақшылық, өзен-сулардың азаюы суды көп талап ететін дақылды өсіретіндерге қиын тиді. Тіпті көктемде еккен алқаптың тең жартысынан бір түйір дән жинай алмағандар да кездесті. Осылай шығынға белшесінен батқан дихандар күріш егуге батылы бармайтын деңгейге жетті. Осыған орай, 2020 жылы Ауылшаруашылығы министрлігі облыс әкімдерімен бірлесе суды көп қажет ететін дақылдарды егетін алқаптардың үлесін азайту туралы және жоғары рентабельді дақыл алқаптарын ұлғайту жайлы меморандумға қол қойды.

(Соңы 3-бетте)

■ СПОРТ

Таланттар тартысы

Қонаев қаласының жанғажайында республикалық «TARTYL FEST» спорт фестивалінің облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Байқау алдағы уақытта еліміздің барлық аймағында алауын тұтататын болады. Облыстық іріктеу кезеңіне 9 ауданнан және Қонаев қаласынан 100-ден аса спортшы қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев сөз алып, спорттық фестивальге қатысушыларды құттықтады. Өз кезегінде, «Street workout» спорт түрінің негізін қалаушы Дамир Муминов, «DARA» дарындыларды қолдау қорының президенті, белгілі продюсер Нұрлан Қоянбаев, қоғам қайраткері, жаттықтырушы Айтым Жакупов сөз алып, көпшілікке сәттілік тіледі.

Жарыс қорытындысы бойынша 18 жасқа дейінгілер арасындағы 55 келі салмақ дәрежесінде Наиль Иминов, 70 келіге дейін Бейбарыс Әлімтай, 70 келіден жоғары Бауыржан Баван жеңімпаз атанды. Ал, 18-30 жас аралығындағылар арасындағы 65 келіде Нұрбол Слямғазиев, 80 келіге дейін Жандос Дәулетхан, 80 келіден жоғары салмақ бойынша Рамиль Аблизов алтыннан алқа тағынды. 30 жастан жоғарылар арасындағы 80 келіге дейінгі салмақ бойынша Әлімжан Садыков, 90 келіге дейін Бақыт Сүлейменов, 90 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Андрей Водняков чемпион атанды. Сонымен қатар, 76 жастағы Бұлар Мейірманов «Ардагер спортшы», 13 жасар Әмірхан Ануарбеков «Ең жас спортшы» аталымы бойынша марапатталса, джиу-джитсудан әлем чемпионы, додада ерлермен бірге сынға түскен Жібек Күлімбекова да сондай құрметке бөленді.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері медаль және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, әр салмақ бойынша чемпион атанғандар қыркүйек айында өтетін республикалық "TARTYL FEST" спорт фестивалінің финалдық кезеңіне жолдама алды.

■ «JETISÝ»-АҚПАРАТ

Қонаев қаласында облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық байқауы өтті.

Жасындай бол, жас сарбаз

Балалар жылы және ҚР Қарулы Күштерінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған байқауға әскери клубтар мен өңірлерден келген 12 команда қатысып, өзара мықтыны анықтасты.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық ойыны үш кезең бойынша өрбіді. Жас жауынгерлер әуелі «АК-74» автоматын толық жинау және бөлшектеу эстафетасында шеберлік сайыстырып, одан кейінгі «Күш бірлікте» әскери-спорттық көпсайысында және соңғы кезең арқан тарту кезеңі бойынша бақ сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша облыс орталығының әскери буыны үздік болып шықты. «Қонаев қаласы жас десантшылар патриоттық клубы» командасы тек кубок, Грамота, медальдармен марапатталып қана қоймай, жазғы лагерьлердің біріне сертификат ұтып алды.

АРДА БИ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Саябақ ашылды

Сұраншы батыр ауылында жаңа саябақ пайдалануға берілді. Аумағы 2400 шаршы метр демалыс бағы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жергілікті бюджеттен 37 миллион теңге қаржыға салынды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Заман талабына сай жабдықталған саябақтың 500 шаршы метріне өрнектас төселіп, балаларға арналған алаң жасақталған. Онда алтыбақаннан бастап жас мөлшеріне сәйкес әр- түрлі ойын және спорттық құрылғылар орнатылған. Аумағы атшаптырым бақта серуендеушілер үшін жайлы орындықтар қойылған. Бұл тұрғындардың саламатты өмір салтын ұстануына жасалған өте қолайлы жағдай болды.

Аудан орталығынан 40 шақырымдай қашықтықта жатқан ауылда кейінгі жылдары біраз игілікті іс атқарылды. Өткен жылдың аяғында ғана мұнда балабақша мен су жаңа Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Күрделі жөндеуден өткізілген екіқабатты, 90 орынды «Батыр бол» бөбекжай-балабақшасы мектепке дейінгі мекемеге қойылар барлық талапқа сай жабдықталған. Онда 30-дай адам жұмыс істейді. Ал Мәдениет үйі «Жұмыспен қамту» бағдарламасы аясында 261 миллион теңгеге салынып, 8 штат ашылған, үш үйірме жұмыс істейді, 218 орынды көрермен залы бар. Тау етегіндегі 2 мыңнан астам тұрғыны бар елді мекендегі игіліктерге тұрғындар өте риза.

Жамбыл ауданы
Алматы облысы

■ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Бүгінде еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде жаңа даму жолына түсті. Егемендік алған жылдардан бастап біршама жетістікке жетіп, дүниежүзілік ұйымдарға мүшелікке еніп, әлемдік қоғамдастықта зор беделге ие болды. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің берік іргетасы қаланып, алға қарай жақсы қарқынмен жаңа кезеңге қадам бастық.

Жарқын болашақ кепілі

Еліміздегі саяси реформалардың басты негізі – конституциялық өзгерістер. Осы орайда Мемлекет басшысы елдегі саяси реформаларға байланысты жаңа өзгерістерді жүзеге асыруда. Яғни, Жаңа Қазақстанның жаңа ережелері ең алдымен Ата Заңымыздан бастау алады. Нәтижесінде Конституцияның 33 бабына өзгерістер енгізу арқылы 20-дан астам заң жаңаша редакцияланатын болады. Сол арқылы елімізде саяси жүйе мен басқарудың қайта құрылуы жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың негізгі мақсаты – еліміздің дамуына серпіліс жасау және оның әлемдегі позициясын одан ары қарай нығайту болатыны анық. Осы жаңару мен жаңғыру жолында еліміз біршама биік белестерге жететіні айқын. Президенттің «Жаңа Қазақстан» туралы бастамалары халық пен билік арасындағы сенімді арттырады. Бұл жарқын бастамаға біз де нық сеніммен өз үлесімізді қосуымыз керек.

А. СЕЙІТНҰР,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс студенті

■ БІЛІМ

Жастардан күтер үміт көп

Елімізде кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарының маңыздылығы арта түсті. Биылдан бастап техникалық білім беретін жоғары оқу орындарына берілетін гранттар саны 20 мыңға көбейтілді. Онда тракторист-машинист, көлік жүргізушісі мамандығы бойынша ауылшаруашылығына мамандар даярланады.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Колледждегі ұстаздар ұжымының басты мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз жұмысын жақсы білетін кәсіби маман даярлау. Соған сай еліміздегі білім беру саласының сапасын, білім деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламалар енгізіліп, дуальді оқыту жүйесі мен модульдік білім беру технологиясы негізге алынған. Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру жолға қойылған.

Бүгінгі қоғамның басты талаптарының бірі – әр азаматтың өмірден өз орнын тауып, қоғам байлығын еселеуге үлес қосуы. Колледж фермер шаруашылығы, электр жабдықтарына қызмет көрсететін электр монтері, тракторист-машинист, автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, дәнекерлеу ісі, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, электрондық есептеу машиналарының операторы сынды жергілікті жерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқытады.

Білім алушыларға барлық жағдай жасалған. Оқу, жатақхана, 4 мезгіл тамақ тегін. Жақсы оқығандар ай сайын 25 мың теңге шәкіртақы алады. Білімгерлерге



жылына екі дүркін 5302 теңге көлемінде жолақы төлененіп тұрады.

Оқу орнында алған біліміңді шаруа қожалықтарында тәжірибемен ұштастырудың берері көп. Бұл орайда колледж аудан аумағындағы «Лабасы – А» өндірістік кооперативімен, «Ерік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, «Өркен», «Самат» шаруа қожалықтарымен бірлесе жұмыстар жүргізуде. Шәкірттер жыл сайын науқан кездерінде аталған серіктестіктер мен қожалықтарда іс-тәжірибеден өтіп тұрады.

Иә, ауылда тұратын жастарға кәсіптік-техникалық білім берудің маңызы зор. Аудандағы аға ұрпақтың, әкелердің ісін ертең осы жастар қолына алып, жалғастырады. Трактор, автокөлік жүргізе алатын, техниканы жөндеп, дәнекерлейтін, электр жағынан да хабары бар, электронды есептеу машиналарын меңгерген жастардан күтер үміт көп.

Раймбек ауданы
Алматы облысы



ҚҰР АЙҚАЙДАН НЕ ҚАЙЫР? мәселемізге мән берілмесе...

(Басы 1-бетте)

Қазақстан ауылындағы 3-4 көше кейінгі жылдары бой көтерген. Олардың дені – атажұртқа қоныс аударған қандастар. Бәрінің ортақ мұңы – ауызсу мен электр жарығы. Өйткені, жел тұрса жалп етіп жарық сөніп, сорғы істемей, тәуліктеп сусыз қалу – жүйкені жұқарткан.

– Бағымызға орай, құдық қазғанда артезиан суы шығып, соны көршімізбен бірлесе тартып алғанбыз. Осы жаңа құрылыста екі-ақ үйде таза су бар. Жел тұрса жарық сөніп қалады. Өз басымызда интернет деген атауымен жоқ. Тариф қостыруға қалтамыз көтермейді. Жолдасым ғана жұмыс істейді. Мына қымбатшылықта 9 баланы ассумен қамтамасыз ету оңай емес. АӘК алғаныммен, оның пакетін алмағалы 4-5 айдың жүзі болды. Қымбатшылық күйдіріп барады. Көріп тұрғаныңыздай, көшемізде асфальт жоқ. Былтыр ғана тас төселді. Оған дейін батпаққа бататынбыз. Жауын-шашынды күндері аяққым шақ келмейді. Көшеде жарық жоқ, қыста тас қараңғы. Жас баламен алдарынан шыға алмаймын. Қаңғыған иттен де, адамнан да қорқатын заман, – дейді 9 баланың анасы Эльвира Рахымбаева.

Қазақстандық тұрғындардың әңгімесіне қаныққан соң, ауылдық әкімдікке атбасын бұрдым. Онда Қазақстан ауылдық округі әкімінің орынбасары Марат Қанаев сусыз тіршіліктің себеп-салдарын былайша тарқатты:

– Қазақстан, Ащыбұлақ ауылы бойынша ауызсуға жобалық-сметалық құжаттама биыл сараптамадан өтті. Облыстың екіге бөлінуіне байланысты қаражат жетіспеушілігінен келер жылға жоспарланып отыр. Ал Қазақстан ауылында соңау кеңестік дәуірде салынған су ұңғымасын иелікке алған СПК «Мөлдір бұлақ» ауыл тұрғындарын қамтамасыз ету мақсатында тәулігіне 1 жарым сағат су жібереді. Бұрын резервуарға су өз бетінше жиналатын болса, қазір бір сорғының көмегімен күні бойы жиналады. Соны кешкілік уақытта тұрғындарға таратады. Ал жаңа құрылысқа су құбыры тартылмаған. Шаруа қожалығының жері болғандықтан заңды құжаттар жасалмаған. Өткен жылы көшелерге тас төселді, енді су құбыры жүргізілсе, асфальталатын болады. Ауылда 2 қабатты 12 тұрғын үй бар. Олардың орталық жылыту жүйесі жоқ. Отты өздері жағады. Алдағы жылы ауылымызда су мәселесі түбегейлі шешіліп қалар деген үміттеміз, – деді.

Осы округке қарасты Жүнісбай Қайыпов атындағы ауыл тұрғыны Мейіржан Салманбеков 2008 жылы жер алуға 356 боп кезекке тұрғанымен, одан бергі 14 жылда бір елі ілгерлемегеніне қапалы. Осы мұңын арқалап ауыл әкімдігіне келіпті.

– Ол кезде бойдақ едім. Үйленбес бұрын жер алып, үй салуды ойлағанмын. Бірақ кезегім жылжитын түрі жоқ. Содан үйленіп, бүгінде 4 баланың әкесі атандым, әлі күнге пәтер жағалап жүрмін. Жасым 40-тан асты. Енді қашан жер алып, үй саламын? – деген уайымын ақтарды.

Ал жанындағы серіктесі Нұрбол Саяков ауылдық амбулатория мен «Қазпошта» бөлімшесінің құлағалы тұрғанын жеткізді. Округ орталығынан таяқ тастам жердегі Қайыпов атындағы ауылға демде жетіп бардық. 3 мыңға таяу тұрғынның денсаулығын қадағалап, басы ауырып, балтыры сыздағанға медициналық көмек көрсететін ауылдық амбулаторияның күйі көңіл құлазытты. Іргесі 1958 жылы қаланған гимараттың сау-тамтығы қалмаған. Бар-жоғы 72 шаршы метрлік аядай 4 бөлмеде 1 жалпы тәжірибелік дәрігер мен 6 мейірбике тіркеуде тұрған тұрғындарға қызмет көрсетеді екен.

– Бұл – бұрын балабақша болған гимарат. Сенсеңіз, мен осында балабақшаға келгенмін. Енді осы жерде еңбек етіп, зейнет жасына шығуым да ықтимал. Себебі, амбулаторияға жер бөлінгенімен, құрылыстың басталар түрі жоқ. Құрғақ уәде, бос сөзден жүрек айнитын жағдайға жеттік. Ауылға жаны ашитын адам көрмедік, – дейді ана мейірбике Қарлығаш Кеңесбаева.

Ауылдағы «Қазпошта» филиалы қызметкерлерінің де айтқаны дәл осы. Терезесі целлофанмен капталған гимаратта тыныстайтын ауа жоқ. Қыста пеш жағады. Едені шұрық-тесік. Соған қарамастан пошта меңгерушісі Кенжеш Сарбасова мен пошташы Бақыт Мереке тұтынушыларға тұрақты қызмет көрсетеді.

Ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Әділбек Көпшілбаев та Үкіметтен үміт үзген сыңайлы.

– «Уәде – Құдай сөзі» деуші еді, биліктегілердің барлығы Құдайдан безгендер ме? Халықты қашанғы зар жылатады? Ауылдың тұрмысы қашан түзеледі? Қаңқасы қалған клубта мал жайылып жүр, интернет деген мүлдем жоқ. Оның мұнарасын қою үшін қыруар қаржы керек көрінеді. Жайылым жоқтың қасы. Жылдан-жылға тозып барамыз», – деген ащы запыранын ақтарып салды.

Қазақстан ауылдық округі тұрғындарының мұң-зары, ұсыныс-тілегі назарға алынып, толып жатқан мәселенің түйіні біртіндеп тарқай бастаса «менің де жүзім жарқын болар еді-ау» деген үміт көмейіме тығылды. Тағы да ай аунап, жыл жылжып, көптің тілегі көлеңкеде қалмаса жарар еді?!

Еңбекшіқазақ ауданы
Алматы облысы

■ ДАЛА КҮНІ

Тақырға түйін тастаған

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қант өндірісін қайта жаңғырту тапсырмасын орындау аясында аталған партия «Жаңа Қазақстан – жаңа ауыл» бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Оның мақсаты – еліміздің оңтүстік-шығыс өңіріндегі диқандарға суды үнемдеу технологиясын игерту арқылы, бүгінде нарықта тапшы бола бастаған қант өндірісін қайта өркендетуге серпін беру.

Қажет АНДАС

Осыған орай, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының ұйымдастыруымен Кербұлақ ауданындағы «Қызылшоқы» шаруа қожалығының қызылша алқабында «Қант қызылшасын өсірудің дәндік технологиясы» тақырыбында дала күні өтті.

Кейінгі жылдары қант қызылшасын өсіруді ұлғайту мақсатында көп ұмтылыс болғанымен жұмыс жүйеленбей келеді. Өйткені қант қызылшасын мол өсіру үшін ең алдымен су тапшылығын шешу керек. Жыл сайын өзен-көлдегі су мөлшерінің азаюы мен құрғақшылық диқандарды титықтатып жіберді. Сондай-ақ, қант қызылшасын өсірушілерге демеукаржы бөлу, жаңа технологияны қолдану, тұқым, тыңайтқыш тапшылығы тұрғысындағы мәселелер де шаш етектен. Десе де арамызда заманауи технологияны үйлесімді пайдаланып, мол өнім алуға қадам жасаған азаматтар да көбеюде. Соның бірі «Қызылшоқы» шаруа қожалығы.

– Осы шаруашылықты 2016 жылдан бастап қарап келемін. Өткен жылы лизинг арқылы 12 жаңбырлатқыш, 5 барабанды машина сатып алып, көктемнен бастап, қант қызылшасын өсіруді бастадық. Бүгінде шаруашылыққа тиесілі 11 мың гектар алқаптың 314 гектарына қант қызылшасын, қалғанына жүгері, жаздық бидай, көпжылдық шөп, тағы басқа дақыл септік. Салыстырмалы түрде айтсақ, басқа дақылдарға қарағанда қант қызылшасынан көбірек кіріс кіргізуге болады. Алайда, оны баладай баптап өсіруге тура келеді. Шаруашылықта жұмыс істейтін 85 адамның 24-і осы мақсатта күні-түні тынбай еңбек етіп жүр, – дейді «Қызылшоқы» шаруа қожалығының жетекшісі Алдан Бекеев.

Сары топырағы бұрқыраған қағыр далада қант қызылшасын өсірген қожалықтың жетістігі мақтауға тұрарлық. Олар алқапты жер астынан тартылған сумен жаңбырлатып суару технологиясын әбден меңгеріп алыпты. Нұр-Сұлтан қаласы мен Павлодар, Жамбыл, Жетісу облысынан келген партия өкілдері мен шаруалар бұл игілікті көріп, таңдай қағысты.

Қант қызылшасын өсіруде агротехниканың орны ерекше. Бірақ көптеген шаруашылықтың қолда бар техникасы ескірген. Осыған орай, егіс алқабының басына бірнеше компания жаңа типтегі ауыл шаруашылығы техникасын тізіп қойып, шаруаларға қолдану тәсілі мен мүмкіндігін, сатып алудың тиімді жолдарын түсіндірді. Алайда мұны сатып алу кез келген фермердің қалтасы көтермейді. Бұл да егіс алқабын кеңейтуге кедергі келтіріп отыр. Сондай-ақ, үнемді суару жүйесімен қатар тұқым, тыңайтқыш пен гербицидтердің бағасын арзандатуға да мән беру керек. Ғылыми-инновациялық жобаларды да қолдауды назардан шығармаған жөн.

ҚР Ауыл шаруашылық министрінің кеңесшісі Төлеухан Нұрқиянов осы бағытта арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірленіп, қант қызылшасын өсіретін қожалықтарға берілетін демеукаржыны бөлудің ұтымды жолы қарастырылып жатқанын жеткізді.

Алайда, бұл биыл іске аспайтын көрінеді. Сондықтан мемлекеттік демеукаржы мен арзан несие мәселесі бәрібір өзекті болып қала бермек.

Кербұлақ ауданы
Жетісу облысы



■ ДЕНСАУЛЫҚ

Уақыт талабына сай



Биыл Кеген ауданындағы денсаулық саласы үшін жақсы жыл болып тұр. Ұзақ жылғы арман орындалып жатыр. Алмас Тілеулиевтей білікті дәрігер басқаратын денсаулық саласында 28 емдеу мекемесі бар. 1 аудандық, 2 ауылдық аурухана жұмыс істейді. Мұның сыртында 9 дәрігерлік амбулатория, 5 ФАП, 11 медициналық пункт бар. Өңірде 62 дәрігер, 285 орта буын медицина қызметкерлері еңбек етеді.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Осыдан 6 жыл бұрын 250 орынды жаңа емхана салынып, игілікке айналды. Биыл ұзақ жылдан айтылып келе жатқан, халықтың орынды ұсыныс-тілегі орындалып, аудандық ауруханаының ғимараты күрделі жөндеуден өткізілуде. Уақыт талабына сай жаңғырып келе жатқан ғимараттың жайы қуандырмай қоймайды. Бұдан бөлек, Жаланаш ауылдық ауруханасының ескі ғимараты да күрделі жөндеуден өтуде. Мұндай жақсылық Алғабас ауылдық дәрігерлік амбулаториясына да тән. Аталған ғимарат та уақыт талабына сай жаңғырып, жайнап келеді. Тағы бір үлкен қуаныш бар. Қарқара ауылынан фельдшерлік-акушерлік пункттің жаңа ғимараты салынып, ел игілігіне айналар сәті алыс емес. Құрылыс жұмысы бітуге таяу. Бұл да ауыл тұрғындарын үлкен қуанышқа кенелтіп отыр.

Кеген ауданы
Алматы облысы

■ ҚҰРЫЛЫС

Жұмыс қарқынды

Нарынқол ауылы шын мәнінде құрылыс алаңына айналды. Жүзден аса жаңа тұрғын әрі қызметтік үй тұрғызылды. Жаңадан халыққа қызмет көрсету орталығы, аудандық прокуратура ғимараты салынды.

Алдағы уақытта Нарынқол ауылы мұрағат ғимаратымен сән-салтанатын асыра түсетін болады. Аудан әкімі Нұржан Құдайбергенов әрдайым ауылда салынып жатқан құрылыс нысандарының жайын көріп, серіктестік жетекшілерімен жүздесіп, жұмыстың кестеге сай жүргізілуін бақылап отырады. Биыл Нарынқол ауылында аудандық өрт сөндіру бекетінің жаңа ғимараты бой көтерді. Аумағы 787 шаршы метр жерді алып жатқан нысан құрылысын «Дәулет Серпін» ЖШС-нің құрылысшылары мен мамандары жүргізуде. Жоспар бойынша бұл ғимарат жылдың аяғына дейін пайдалануға берілуге тиіс. Оның сыртында Нарынқол ауылдық әкімдігінің ғимараты салынуда. Екі қабатты, барлық жағдайы қарастырылған әкімдік ғимаратында мемлекеттік қызметкерлердің қолайлы жұмыс істеуіне мол мүмкіндік туады. Құрылыс жұмыстарын «GOLDEN SITY DS» ЖШС-нің құрылысшылары қолына алған. Жұмыс қарқыны жаман емес. Бұл әкімдік ғимараты жылдың аяғында пайдалануға берілмек.

Қ. САТЫБАЛДЫ

Райымбек ауданы
Алматы облысы

■ ӨСІМДІК ҚОРҒАУ

Саяқ шегіртке сан соқтырмасын

Биылғы көктемнің толассыз жаңбырынан өріс пен егіндік шығымы жақсы. Алайда кейбір берекелі жылдары шаруалар өсімдікке қауіпті жәндіктердің кесірінен шығынға ұшырайтыны белгілі. Мұның алдын алу шаралары Жамбыл ауданында жоспарлы жүргізіледі.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Зиянды жәндіктің бірі – шегіртке. Көзге елеусіз болғанымен, егінге, мал өрісіне қаптаса, тып-типыл етеді. Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдау әдістемелік орталығының Жамбыл аудандық филиалы оның қаупі кейбір аймақта пайда болғанын анықтады. Мекеменің зерттеу қорытындысына сәйкес, Ақтерек ауылында 1380 гектар, Сарытауқұм ауылында 500 гектар жерде Саяқ шегіртке көбейгені белгілі болып, оған қарсы дәрі шашу жұмыстары жүргізілді. Аталған шара аудан әкімінің арнайы қаулысымен бекітіліп, жоспар бойынша орындалды. Бұл туралы тиісті ауылдардың тұрғындарына және шаруа қожалық иелеріне алдын ала хабарланып, түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

«Шегірткелердің ішінде аса қауіптісі – италиялық, азиялық және жергілікті Саяқ түрі. Біздің ауданда жергілікті Саяқ шегіртке көп тарайды. Олар бір шаршы метр жерге 3-5-тен келсе қалыпты жағдай, ал 8-10 шегірткеден асып кетсе, аса қауіпті болып саналады. Зиянкес көп шоғырланған жерге дұрыстап дәрі шашпаса сан соқтырады. Дәрілеу жұмыстары арнайы ұшақпен жүргізілді. Дәрі шашылған аумақта 15 күнге дейін мал бағуға, шөп шабуға болмайтынын ескерттік», – дейді аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Қайрат Тойшыбеков.

Жамбыл ауданы
Алматы облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
20.08.2022

МӘСЕЛЕ

Малшыға сұраныс көп



Жетісу жерінде мал басы өсіп жатыр. Бірақ малшы іздегендердің қарасы көп. Мұндай жарнама басылым беттерінде, әлеуметтік желілерде толып тұр. Оны қойшы, Талдықорған қаласының орталығындағы «Арбат» демалыс орнына барсаңыз, демалыс күні малшы іздегендерді жиі кездестіресіз.

Қажет АНДАС

Малшы жайлы сөз болса, елдің бәрі меценат Бауыржан Оспановтың жылқышы мен сауыншыға, шопандарға қалай жағдай жасап отырғанын әңгімелей бастайды. Расында әр жылқы басына 1300 теңгеден еңбекақы төлеп отырған шаруашылықта жылқышылардың бар жағдайы жасалған. Осы мақсатта малшылардың жатақханасы салынып, жуынатын ыстық-суық суын дайындап, әжетхана, кинотеатр, кітапхана, кір-қоң жуатын орындарын заман талабына сай жабдықтап тастаған. Мұнан бөлек, бір үйірде төрт жылқышы болса, олар кезектесіп вахта тәртібі бойынша бағады. Он бес күн бағып, он бес күн демалады. Әрі өздеріне де 100 басқа дейін жылқыларын өсіруге рұқсат берілген. Жемшөп, барлығы шаруашылық есебінен қарастырылып, шаруашылық есебінен тегін асылдандырылады. Бір үйірде 500-800 бас жылқы болса, әр басына 1300 теңгеден шаққандағы табысты төрт жылқышыға бөліп көріңіз. Жыл соңына қарай әр жылқыға 1500 теңгеден, ал келесі жылы жылқы басына 2000 теңгеден төлемек. Осыған орай, малшының да жағдайы жақсара түседі.

Малмен айналысатын барлық шаруашылық өз жұмысшыларына мұндай жағдай жасап бере алмайды. Өйткені, ол – қаржымен есептеледі. Мал басын өсіре ме, малшыға жалақы төлей ме, оның жағдайына қарайласа ма, қиындық шаш етектен. Жалпы, мал өсіру қиындығы көп кәсіп. Алайда әуресі көп екен деп атакәсіптен аулақ кетуге болмайды. Оны қойшы, ет жемесе түсіне кіретін қазақ үшін малдың маңыздылығы да басым. Шетелдерге ет экспорттаймыз деп жасалған талай келісімнің куәсі болдық. Орындалғанын көрмедік. Өкінішке қарай, өзіміз сол шетелдіктер дайындаған етке тәуелді болып барамыз. Мұның түпкілікті себебі – малшының тапшылығы.

Малшы тапшылығын туындатып отырған бірінші мәселе – кәсіби біліктіліктің жоқтығы. «Австралияда қойды ұшақпен бағады екен» деген дақпартты естігенімізге біраз жыл болды. Расында қазір асыл тұқымды малдың төлін солардан сатып алып, аспанмен жеткізіп, жерсіндіріп жатырмыз. Бірақ сол асыл тұқымды малды асылдандырып, оның игілігін көру үшін де малшы білікті болуы керек. Алайда, біз дәстүрлі мал шаруашылығынан алыстай алмай қойдық. Сондықтан білімді де білікті малшы дайындайтын, орта білім беретін мекеме бағдарламасын қайта қарап, осы мамандық иелеріне қолдау көрсетілуі керек. Жастарды соған бағыттаған жөн. Осы арқылы кабинетте отырып, малдың жайын біліп, ұшақпен жүріп мал қайыратын малшылар буынын қалыптастыруға болады.

Ауыл және мал шаруашылығы жайлы сөз болса: «Мемлекет барынша қолдау көрсетіп жатыр», – деп ауыз аштырмайтындар жетеді. Оны жоққа шығармаймыз. Қазір елімізде ауыл шаруашылығына 350 млрд. теңге демеуқаржы беріледі екен. Оның 150 млрд. теңгесі инвестициялық бағытқа, 200 млрд. теңгенің жартысынан көбі егіншілікке, қалғаны мал шаруашылығына тиесілі. Өкінішке қарай, демеуқаржының көлемі өскенімен, мал шаруашылығының өнімділігі өскен жоқ.

Демеуқаржының төңірегінде былық көп. Жалған құжат, жасырын жолмен қаржыны жымқыру тыйылатын емес. Мәселен, өткен жылы 16 мың гектарға қант қызылшасы себілді дегенмен, анығында, 8 мың гектардан ғана өнім алынған. Демеуқаржы 16 мың гектарға берілгені бесенеден белгілі. Нәтижесінде, қант таппай сандалып жүрміз. Мал шаруашылығында да осы жағдай. Өтірік есеп, жең ұшынан жалғасқан ағайындықтың салдарынан шаруалар демеуқаржыға қол жеткізе алмай, қаражаты болмағасын малшысын жарылқай алмай, шаруашылығын тұралатып отыр.

Біздің ойымызша, демеуқаржы дегенді алып тастап, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге төмен пайызбен, ұзақ жылға несие беріліп, өндірген өнімін сатқаннан кейінгі кірісі арқылы төлейтін жағдай жасау керек. Бұл – Қытай елінде дәлелденген тәжірибе. Олар осы тәсіл арқылы өздерінің бір жарым миллиард халқын асыраумен қатар, жарты әлемді ет-сүт, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр. Осы жол ғана ұрлықтың алдын алады және малшы тапшылығын жояды.

Жетісу облысы

ӨЗЕКТІ

ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЖЕРЛЕР қайтарылуда



Облысымыздағы таулы өлкеге қоныстанған ағайынның жолыға кетсең айтатын әңгімесі, кездесе қалсаң тілге тиек ететіні – жердің дауы, мал басының көбеюіне байланысты жетпей жатқан шабындық немесе жайылымдық жердің мәселесі. Бұл жағдай Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев екі ауданға жұмыс бабымен келген кезде де аз айтылған жоқ. Жұртты толғантып отырған осы мәселе бойынша Кеген аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Бауыржан Садықовқа жолығып, бірсыпыра жайларға қаныққ болдық.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Үстіміздегі жылы Кеген ауданы бойынша өз мақсатына пайдаланылмай жатқан 11 783 гектар жердің бары анықталыпты. Атап айтқанда, 6000 гектар егістік, 257 гектар шабындық және 5526 гектар жайылымдық жерге қатысты нақты шара қолдану үшін Алматы облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне хат жолданыпты. Мұның сыртында Кеген ауданы әкімінің қарамағындағы жерді өз мақсатында пайдаланбай келе жатқан жекелеген жерге қатысты пайдаланушылармен келіссөздер жүргізуінің нәтижесінде Кеген ауылдық округіне қарасты «Өсімдік», Алғабас ауылдық округіне қарасты «Кеген-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің пайдаланылмай отырған жерлері анықталып, ауданның арнайы жер қорына алынды.

Кеген ауданының әкімдігі ауыл тұрғындарының жайылымдық жерлерге деген сұранысын қанағаттандыру мақсатында елдімекендердің маңынан 34 753 гектар, алыста орналасқан жайылымдық жерлер үшін 19 486 гектар жайылымдық жер учаскелері белгіленіп, жерге орналастыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Аудан аумағындағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге түгендеу, тексеру жұмыстарын жүргізу үшін жұмыс тобы құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде барлығы 7523,0 гектар жайылымдық жер анықталып, қазіргі таңда мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару мақсатында құжаттары сотқа жолдануда.

Мұның сыртында Қазақстан Республикасының «Жер Кодексінің» 43-1 бабы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша 2022 жылы 31 мамырда ауданда конкурс өткізіліп, 50 лот бойынша барлығы 455 гектар жер беріліпті. Алдағы уақытта конкурс бойынша 57 лотпен жалпы көлемі 2723 гектар жер, оның ішінде 22 гектар егістік, 313 гектар шабындық, 2388 гектар ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер ақпарат құралдарында жарияланады. Аудандағы шабындық, жайылымдық жерлерге қолы жетпей жүрген тұрғындар бұл мәселеден тұрақты хабардар болып отырғаны абзал.

Кеген ауданы
Алматы облысы

КӨКЕЙКЕСТІ

Қазіргідей технологиялық даму қарқынға ие болған тұста ертеден келе жатқан қылмысқа тоқтам болмай тұр. Жақында Жетісу облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі жыл басынан бері өңірде қолды болған 361 бас малды тәртіп сақшылары иелеріне тауып бергенін айтып, сүйінші сұрады. Дұрыс-ақ.

Мал ұрлығы тоқтар емес

Мәди АЛЖАНБАЙ

Биыл тіркелген 91 мал ұрлығы кезінде ұрлар 500-ден астам тұяқты малды әкеткен. Атап айтқанда, 140-тан астам жылқы, 56 ірі қара, 314 қой-ешкі қолды болған. Соның 361-ін тәртіп сақшылары іздеп, тауып, иелеріне қайтарыпты. Осының өзі үлкен жетістік екен. Себебі, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда едәуір төмен көрсеткіш.

– *Биыл мал ұрлығының ашылуы 77,4%-ке жақсарған. Сондай-ақ, полиция қызметкерлерінің күшімен мал ұрлығымен тұрақты айналысқан 5 қылмыстық топ қолға түскенін баса айтқым келеді,* – деген облыстық полиция департаменті басшысының орынбасары Елдар Әбдікенов мал ұрлығымен айналысқандардың кім екенін атап өтті. – *Ондай топтардың қатарын бұған дейін жылқы ұрлағаны үшін істі болғандар құраған. Бүгінгі күні олардың 70 жылқы ұрлығына қатысы бар екендігі дәлелденді. Осынша қылқұйрықтың 60-сы табылып, иелеріне қайтарылды.*

Осыған орай өңірде мал және ет өнімдерін тасымалдаумен айналысу бағытындағы заңбұзушылықтарды анықтау жұмысы іске қосылып, көптеген кемшіліктер белгілі болды. Мысалы, нақты құжаты жоқ малды тасымалдау бойынша 98 құқықбұзушылық анықталды. Осы деректер бойынша құны 3 009397 теңге болатын әкімшілік айыппұл материалдары облыстық ветеринарлық қызмет бөлімдеріне жолданды. Сол себепті мал және ет өнімдерін саудалап, сатумен айналысатын орындар қатаң бақылауға алынып отыр.


Мамандардың айтуынша, мал ұрлығы көбіне тұрғындардың мал жаю тәртібін ескере бермейтіндігінен орын алады. Яғни, қараусыз қалған төрт түлік ұры мен қасқырға оңай жем болады. Тұяқты жануарды еркіне жіберіп, дұрыс бақпаған 920 адамға малшылық жауапкершілікке немқұрайлы қарағаны үшін 1 750269 теңгенің айыппұлы салыныпты.

Міне, бүгінгі күннің басты міндеті осы. Малына дұрыс қарамағанға айыппұл салумен шектелу мал ұрлығы сынды аса қауіпті індетті жоюдың амалы. Одан өзге шараға бару қолдан келмейді.

Негізі қасырлар бойы қазақпен бірге жасасқан барымта қазір басқаша сипат алған. Бұрынғы байлардың бүгінгі ұсқасында ұры да, ұр да жық та, тамыр-таныс та бар. Қажет болса бәсекелесінің малын бір түнде үптетіп, енді көтеріліп келе жатқан бақталасын таяқ ұстатып жіберуден тайынбайды. Ондайлар көрер көзге демеуші, жақсылыққа шақырушы, жылағанды жұбатушы міндетін оп-оңай атқара салады. Осыны жақсы білетін әрбір ауыл іштен тынып, «басқа түссе баспақшыл» болудан танбайды.

Бірақ адамзат тарихындағы ең тартысты тақырып – ескі мен жаңаның таласы толастамайды екен. Өскелең ұрпақ ондай өрескел әдетті жақтамай, әділдікті ту қылады. Жақында Панфилов ауданы, Қоңыролең ауылының жастары сол маңдағы мал ұрлығын сап тыйыпты дегенді естідік. Сөйтсек, әбден мезі болған ауыл жастары бірлесіп, әрбір ұрымен жеке-жеке сөйлесіп, тәртіпке салған. Яғни, тәртіп сақшылары орната алмаған тәртіпті ауыл тұрғындары өздері орнатып, ауылдағы мал ұрлығын тамырынан құртыпты. Содан бері Алтынемел тауының етегінде жатқан байтақ өңірде мал басы өсіп, кесе-көлденең жүріс сап тыйылыпты.

Осыған қарап, мал ұрлығын болдырмаудың жолы ауыл азаматтарының белсенділігіне сену екендігін ұғынуға болады. Себебі, ауылының өскенін, өркендегенін қалайтын жан ондағы жамандыққа төзе алмақ емес.



25 tamyz
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№96 (19091)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

■ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ



БІЛІМНІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
келелі кеңесте айшықталды

Қонаев қаласындағы Мәдениет үйінде «Білімнің басты құндылықтары: отаншылдық, білімге құштарлық, еңбекқорлық» тақырыбында педагогтердің дәстүрлі тамыз кеңесі өтті. Пленарлық мәжіліске ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев арнайы қатысты.

Алма ЕСЕНБАЙ

Алғашқы болып сөз алған Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев биыл білім саласының бюджеті 274,7 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 34 млрд. теңгеге артқанын жеткізді.

Облыста 54 мектеп үш ауысымда жұмыс істейді. Ол барлық мектептің 12,7 пайызын құрайды. Сонымен қатар, білім ошақтарында 23273 оқушы орны тапшылығы бар. Оны жою мақсатында 2022-2025 жылдар аралығында 62 мектептің құрылысын салу жоспарланған. Биыл 20 білім беру нысаны салынуда, оның 12-сі қолданысқа берілмек. Аз қамтылған отбасынан шыққан 27765 бала мектеп формасы және оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтылуда. Демеушілер мен жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер тарапынан жасалған көмектің арқасында 17019 оқушы мектепке толық даярлықпен бармақ.

Жаңа оқу жылында мектебі жоқ 37 елдімекеннен 3 мыңнан астам оқушы тасымалданып оқытылады. Мектептердің 80 пайызында ыстық тамақ ұйымдастырылған. Аз қамтылған отбасы жеткіншектері тегін ыстық тамақпен қамтылады.

(Соңы 2-бетте)

■ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Алғашқы қоңырау соғылмай ма?

Биыл Райымбек ауданының аумағында Көмірші, Көксай орта мектебі және Сарыбастау ауылындағы С. Сауранбаев атындағы орта мектеп күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Көмірші, Көксай, С.Сауранбаев атындағы орта мектептерге жөндеу жұмыстары маусым айынан қолға алынған. Мұның бәрі Саят Үмбетәлиев басқаратын Райымбек аудандық білім бөлімінің тапсырысы бойынша жасалуда.

Біз тамыз айының соңғы күндерінің бірінде Көмірші ауылында іссапармен болдық. Бір-екі ғана көшесі бар шағын ауылда ең алдымен меңмұндалап көрінетін мектеп ғимаратының бір бөлігінің шатыры әлі ауыстырыла қоймапты. Шын мәнінде, құрылыс материалдарынан аяқ алып жүргісіз мектеп ауласынан мектептің 1-2 қабатына әрең жол тауып шығып, жайын көрдік. Құрылыс жұмыстары «Строительная компания ШАХ» ЖШС деп аталатын мердігер жүргізіп жатыр. Жалпы, күрделі жөндеу маусым айында басталыпты. Жоспар бойынша қыркүйек айында толығымен пайдалануға берілуге тиіс.

(Соңы 2-бетте)



■ БРИФИНГ

Жылыту маусымына дайын

«Жаркент өңіріндегі мектеп пен балабақшалар қысқа дайын», – деп мәлімдеді БАҚ өкілдерімен кездесуде Панфилов ауданының басшысы Марат Сағымбек.

Оның айтуынша, Панфилов ауданында 42 мектеп пен 5 балабақша сұйық отын, 7 мектеп пен 6 балабақша қатты отын, 1 мектеп пен 1 балабақша орталықтандырылған қазандықпен жылытылады. Осы мекемелерге қажетті 1492862 литр дизель отыны толық жеткізілсе, қажетті 2199 тонна көмір қыркүйек-қазан айында әкелінбек.

Аудан орталығындағы Жамбыл және Х. Хамраев атындағы орта мектеп ғимаратын табиғи газға қосу жұмысының жобалық-сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сатып алу порталына хабарлама берілген. Қыркүйек айында газға қосылады деп күтілуде. Н. Крупская атындағы орта мектеп ғимаратын табиғи газға қосу үшін жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қажетті қаржы бөлінген.

Сұйық отынға арналған пештерге сервистік қызмет көрсетуге арналған тендерді ұтып алған «Новиком Тараз» ЖШС өкілдерімен келісім жасалып, олар 50 білім беру мекемесі, 13 мемлекеттік балабақшаның пешін тексеріп, тазартып, жөндеп, жылыту маусымына дайындап қойды. Қыс кезінде ақау шыққан пештерді жөндеп, іске қосу жұмысын да аталған компания атқарады.

Жаркент округіндегі Головацкий және Алмалы ауылындағы Елтінді батыр атындағы орта мектептің жылу қазандығын ауыстыруға 7,1 млн. теңге бөлінген. Жаркент өңірінде қысқа дайындық жұмысы қарқынды жүруде.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы
Жетісу облысы

Мейірім сыйлады

Балалар жылы 2022

Елімізде «Балалар жылы» аясында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Бақанас ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру спорт кешенінде «Бар мейірімміз балаларға» тақырыбында игі шара өтті.

Мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары арасында өткен шараға аудан әкімінің орынбасары Бөріхан Әбдібаев, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Гаухар Аманжолова, аудандық білім бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Динара Ақмолдаева қатысты.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Бөріхан Нарынбетұлы бүлдіршіндерге жүрекжарды тілегін арнап, «Балалар жылы» аясында аудан бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Өз кезегінде саз мектебінен дәріс алып жүрген домбырашы балалар күмбірлете күй төксе, аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары шараның көрігін қыздырды.

Ерекше жаратылған балалар құм терапиясы, арт терапиясы, сонымен қатар, би терапиясы және түрлі-түсті бояулармен сурет салу, спорт сайыстарына қатысып, өз қабілеттерін көрсетті. Мейірім шуағына бөленген оқушылар мәре-сәре, шат-шадыман болып, көңіл күйлері бір көтеріліп қалды. Балалардың осындай қуанышты сәттеріне куә болған ата-аналар да ұйымдастырушылар тарапына ризашылық білдірді.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы
Алматы облысы

■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Игерілмей жатқан жер қанша?

Жетісу облысында бос жерлерді анықтау, тиімсіз пайдаланылған жерлерді есепке алып, мемлекет меншігіне қайтару ісі қарқынды жүргізілуде. Оның барысы, орын алған кемшіліктер, алдағы жоспарлар туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен өткен жиында сөз болды.

Қажет АНДАС

Жалпы, Жетісу облысының аумағы – 11 млн. 800 мың гектар. Бұл жерде 18413 шаруашылық субъектісі өз кәсібін жүргізуде. Жетісу облысында пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді анықтау бойынша ведомствоаралық кіші топ құрылып, Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, бақылау жүргізу 1 қаңтардан облыстық жер ресурстарын басқару департаментінің құзырына беріліпті. Осы комиссия жыл басынан бері облыстағы пайдаланылмай жатқан 857 мың гектар жайылымдық жерді, тиімсіз пайдаланып келген 13 мың 492 гектар егістік алқапты анықтаған. Айталық, Ақсу ауданында 219,4 мың, Алакөл ауданында 148 мың, Кербұлақ ауданында 132,8 мың, Панфилов ауданында 84,9 мың гектар жайылымдық жер пайдаға аспай келеді.

– Бұл ақпарат аудан, қала әкімдіктеріне жолданып, мемлекет меншігіне қайтару жұмысын жүргізу тапсырылған. Алайда аудандағылар жалған шифр, жаттанды есеп беріп, кейбірі өткен жылдары істелген жұмысты «биыл атқарылған» деп көрсетіп, жауапкершіліктен жалтарып, комиссия жұмысын тіптен қиындатып жіберген, – дейді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев.

Осы жерде аймақтық үйлестіру кеңесінде мақұлданып, инвестициялық жобалар үшін берілген жер телімдерінің игерілмей жатқаны да ойландырады. Бұл бағыттағы жұмыстар кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы мен аудан, қала әкімдерінің бақылауынан шығып, назарынан тыс қалған. Ешқандай талдау немесе мониторинг жүргізілмеген.



МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕР

Жиында көтерілген мәселелер – біздің облыста ғана емес, еліміздің барлық өңірінде бар жағдай. Игерілмей жатқан жерді мемлекет иелігіне қайтарып, тұрғындардың қажеттілігі үшін жұмыс істету заң аясында жүргізілгені жөн. Әсіресе, ауыл маңындағы мал бағатын жайылымдық жерлердің мәселесін тез арада шешудің тиімді жолын табу керек.

Жиын соңында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтылған кемшілік пен түскен ұсыныстарды ескере отырып:

– Біріншіден, аудан, қала әкімдіктері облыстық жер ресурстарын басқару департаментімен бірлесіп, аэрофотосуреттер бойынша анықталған, игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтаруы керек. Аудандар ауыл және мал шаруашылығына қажетті жерлерге мониторинг жүргізіп, тексеруге қажетті материалдарды жер қатынастары департаментіне тапсыруға тиіс. Инвестициялық жобаларға берілген жер телімдерінің мақсатты игерілуін қамтамасыз ету және мониторинг жүргізіп отыруды қадағалауды аудан, қала әкімдеріне тапсырамын. Ол жыл соңына дейін толық орындалуы керек, – деп қорытындылады.

Жетісу облысы

8 qyrkúiek
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№101 (19096)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

#BIZBIRGEMIZ

КӨМЕК КЕРУЕНІ
Қостанайға жол тартты

Қостанайда өрттен зардап шеккен жандарға жан-жақты көмек көрсетіліп жатқаны белгілі. Көмек керуені Алматы облысында да ұйымдастырылып, «Қостанаймен біргеміз!» деп ұрандатып, аудандардан асыға келіп жеткен көліктер легі Іле ауданының Чапай ауылындағы жол торабында тоғысты.

Алма ЕСЕНБАЙ



Өрттен зардап шеккендер үшін ең қажетті деген азық-түлік, көрпе, құрылыс заттары, мектеп құралдары жіберілді. Әр аудан мүмкіндігіне қарай қайырымдылық керуені-не өзіндік үлес қосты. Мәселен, Қонаев қаласы 10 тонна пияз, Үйғыр ауданы 10 тонна тауық өнімдерін, Еңбекшіқазақ ауданы 5 тонна алма, Балқаш ауданы 5 тонна күріш, Жамбыл ауданы 5 мил-лион теңгенің азық-түлігін жеткізді.

– Алматы облысы әкімінің қолдауымен ұйымдастырылған көмек керуеніне депутаттар, кәсіпкерлер, жекелеген адамдар атсалысты. Көпшіліктің қолдауымен 85 тонна шамасындағы 40 миллион теңгенің азық-түлігі, басқа да қажетті заттар жиналды. 10 адамнан тұратын еріктілер тобы көмек керуенімен Қостанайға барып қайтады, – деді Алматы облысынан Қостанай қаласына гуманитарлық көмек жіберу тобының үйлестірушісі Ерасыл Толымбекұлы.

Көмек керуеніне спортшылар да атсалысты. Іле ауданындағы С. Нұрмағамбетов атындағы спорт клубының бас бапкері, Алматы облыстық мәслихатының депутаты Нұрсұлтан Орынбасаров спортшылар мен ата-аналардың көмегімен оқушыларға арнап мектеп сөмкесі мен тұрмыстық қажетті заттарды жөнелтсе, Азия, әлем чемпионы, кәсіби боксшы Еділ Қожамбердиев мектеп формасы, оқуға қажетті құралдар мен 40 пар аяққиім қосқан.

Облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов те көпшілік ортасынан табылып, халқымыздың қиын-қыстау кезде көмек қолын созуға дайын тұратынын, кеңпейілділігін айтып, көмек керуеніне сәт сапар тіледі.

Осылайша, Іле ауданы Чапай ауылы аумағынан 5 «Фура» және 2 «ГАЗель» жүк көліктері Қостанай жеріне жол тартты.

Алматы облысы

■ КҮРЕТАМЫР

Алматы облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдерінің арасында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты облыстық байқау өтті. Байқауға Алматы мен Жетісу облысынан 19 үміткер қатысты.

Тіл мәртебесін көтерді

Жарыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» кезеңінде әр қатысушы өз ауданын таныстырса, «Ел едік ерімен мақтанатын» атты сұрақ-жауап бөлімінде Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты екі сұрақтан қойылды. Шешуші кезеңде қатысушылар «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында шығарма жазып, олардың тілді меңгеруі мен жазу сауаттылығы тексерілді. Жарыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Вячеслав Калинин (Кербұлақ ауданы), I орынды Зинура Қасымова (Райымбек ауданы), II орынды Саида Ахметова (Панфилов ауданы) және III орынды Вера Ушакова (Ақсу ауданы) иеленді. Жүлдегерлер мен байқауға қатысқан барлық үміткерлерге алғыс хат пен ақшалай сертификат табысталды. Оларды құттықтаған «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы Жеңіс Жолдыбаев қатысқан әр адамға алғысын білдіріп, дәл осы бағыттағы байқау алдағы уақытта тағы да өткізілетінін айтты.

Қали АСҚАР

■ «JETISÝ»-АҚПАРАТ

Дәуірдің жарық жұлдызы

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжінің студенттерімен «Дәуірдің жарық жұлдызы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында танымдық сабақ өтті.

Шараның мақсаты – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін болашақ жастарға насихаттау, шығармаларын сүйсініп оқуға шақыру. Сабақта А. Байтұрсынұлының өмір жолы, педагогикаға, публицистикаға, ағартушылыққа, аударма саласына қосқан зор үлесі туралы айтылды.

А. Байтұрсынұлының тағдыры қиын, бірақ кісі қызығарлықтай. Ғұмыры ащы арманға толы, алайда адамзатқа өнеге боларлықтай. Әдебиетімізді де, мәдениетімізді де дамытуда барын салған Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың ұстазы болды. Халқының болашағын болжап, көзін ашып, көкірегін оятуға күш салған заманның заңғар тұлғасы – қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері.

Болашақ – жастардың қолында. Жастарымыздың тілге, елге деген құрметі биік болсын.

Толғанай НҰРАХАН,
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы
Балқаш аудандық филиалы
меңгерушісінің м.у.а
Алматы облысы

Ел мерейі

Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл. Осыған орай Жаркент қалалық кітапханасында «Тіл мерейі – ел мерейі» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кездесуге қаладағы оқу орындарының студенттері, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Мерекелік сазды кеш мемлекеттік Гимнмен шымылдығын түрді. Өз кезегінде жергілікті әнші Айкерім Бақбергенқызы «Туған жер» әнін әуелетті.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың алғашқы әліппесін құрауы, халқымыздың төте жазудан латын әліпбиіне ауысу жолындағы еңбегі мен жалпы қызметі жөнінде бейнефильм көрсетілді.

Кездесуде Жаркент қалалық аналар қоғамының төрайымы, байырғы ұстаз Нағима Зурманбаева, аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Ғабиден Меделбеков, осы кешті ұйымдастырушы, кітапханашы Сәуле Құрмашқызы сөз сөйлеп, елімізде мемлекеттік тіл мәртебесін арттыру бағытындағы ойларымен бөлісті. Студент жастарға өз тілін құрметтеу мен әлемдік қолданыстағы тілдерді меңгерудің маңызы жөнінде ақыл-кеңесін жеткізді.

Кездесу барысында Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттері қазақ ақындарының ана тілі жайлы жазылған ойлы өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Жаркент қаласы
Жетісу облысы

■ ЖАЙДАРМАН

Көксу ауданы, Жарлыөзек ауылының әкімі Самат Ихсанов «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Үздік ауыл әкімі» байқауында жеңімпаз атанды. Ол өңір көшелерін абаттандырып, әр шаңырақтың әл-ауқатын арттыратын арнайы жоба құрастырды.

Әкімі жақсы қандай-ды



Айдар ҚАЛИЕВ

Ауылда үш бірдей жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар. Атап айтсақ, «Балпық би», «Солтанбай батыр», «Қыдырәлі». Сонымен қатар, 264 шаруа қожалығы бар. Негізгі өндіретіндері – қант қызылшасы, соя мен жүгері.

Жетісу облысы бойынша қатысқан 4 бірдей ауылдық округ әкімдері арасында оза шапқан Самат Ихсанов – осы өңірдің төл перзенті. Сондықтан болар, өткен жылы сайлауға қатысқанда Жарлыөзек тұрғындарының 98 пайызы осы азаматқа дауыс берген. Сенім үдесінен шығатынына тіптей де күмән келтірмеген. Осы күннен бастап ел сенімін ақтау, туған жерін түлету үшін барын салады. «Халқыма жақсылық жасау – мен үшін үлкен парыз» – дейді ауыл әкімі.

Дана халқымыз: «Арғымақтығыңды білгің келсе, ат баптаған ауылға бар, құлыныңнан көрмедік деп, сипамай жібермес жалыңды, ақылдылығыңды білгің келсе, азамат өсірген ауылға бар, атаңмен табақтас болмадық деп, сындыра қоймас сағыңды», – деп текке айтпаған. Әкімнің бүгінгі күнге дейін атқарған шаруасы ұшан-теңіз. Округте 3000-дай халық, 500-ден астам түтін бар. Жері шұрайлы, топырағы құнарлы елді мекен тұрғындары, негізінен, егіншілікпен айналысады.

(Соңы 2-бетте)

■ МӘСЕЛЕ

Салғырттық сан соқтырмасын

Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылындағы «Агрохолдинг Ақсу» ЖШС тауарлы-сүт фермасындағы асыл тұқымды сиырлардың аяныштұ жағдайы туралы журналист Сандуғаш Дүйсенова қозғаған мәселе әлеуметтік желі мен ел-жұрттың арасында қызу талқыланды. Осы істің анық-қанығын білу үшін аталған фермаға біз де барып қайттық.

Қажет АНДАС

Расында, инвестициялық құны 5 млрд. теңгеден астам қаржыға бағаланған жобаның ауқымы кең. Жоспар бойынша 2024 жылы мұндағы Данияда-дан әкелінген «Jersey» асыл тұқымды сиыры 1300 басқа жетіп, облыстағы сүт өнімін өндіретін зауыттардың қажеттілігін қамтамасыз етуге көп көмегі тимекші. Кестеде көрсетілген ақпаратта компанияның материалдық-техникалық базасы кемелді. Қызылағаш ауылында мал азығын және жемшөп дайындауға арналған жердің 70 пайызы суландыру жүйесімен жабдықталған. Осыған қарағанда олардың әрқандай ірі инвестициялық жобаны дөңгелентіп әкетуге мүмкіндігі мол. Өкінішке қарай, тақтадағы цифр мен фермадағы сиырдың жағдайы мүлде басқаша.


(Соңы 3-бетте)

✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Бала күнімізде демалыс бола қалса ауылдағы ата-әжелеріміздің үйіне баруға асығатынбыз. Мыңғырған малмен бірге сұлу табиғаттың жұпар иісімен тыныстап, жайқалған егіс басында білегімізді талдырып, еңбек етіп, бір жасап қайтатынбыз. Бүгін ше? Ауылға барсаң жүрегің шаншиды. Күн қақтап, жел шайқап, су шайып, мүжілген тоқал тамдар мен тағаны ғана қалған кезіндегі мәдениет, білім, шаруашылық ошақтары, шаруасы шатқаяқтаған жатаған үйдің жағдайын көріп, жаның түңіледі. Күннің көзін алақанымен көлегейлеп қойып өлкенің өткенін әңгімелейтін аталарды, қыз-келіндерге қазақтың жол-жосынын үйретіп жүретін әжелерді кездестіре алмай көңілің құлазиды. Біз «Өркениетті ел болдық» деп малақайымызды аспанға атқанмен ауылды тоздырып жібергенімізді мойындағымыз келмейді. Оған бәріміз жауаптымыз. Кербұлақ ауданы, Сарыбұлақ ауылдық округіндегі сапарымызда осындай ой түйдік.

ЕРІН КЕТСЕ, ТІС ТОҢАДЫ


Қажет АНДАС



Кеше және бүгін

Сарыбұлақ асыл тұқымды қой кеңшары 1944 жылы Ақсу ауданының Қопа ауылындағы қой кеңшары негізінде құрылыпты. Қазіргі Сарыбұлақ ауылдық округіне қарасты Шилісу ауылы 1-ферма, Сарыбұлақ ауылы 2-ферма, Қазынсу ауылы 3-ферма болып, орталығы Қарағашта орналасқан. Жүнді бағыттағы қой шаруашылығымен айналысып, атағы Одаққа жетіп, дүрілдеген кеңшар болған екен.

– Осы ауыл құрылған 1944 жылы тудым. Балалық, жастық, кәрілік шағым осы ауылмен бірге өтіп келеді. Алғаш құрылғанда 15 мың қой болса, кейін 100 мың тұяқтан асқан мыңғырған малы бар кеңшарға айналды. Мектеп интернат, клуб, балабақша, монша, алма бағы ауылға сән беріп тұратын. Мыңнан аса үй, бірнеше мыңдаған тұрғыны болды. Сол жылдары 90-нан аса трактор, 100-ден аса машина, 56 комбайн, 22 «К-700», 70 су таситын көлік, тағы басқа техникалар самсап тұратын. Қазір соның елесін ғана көресің. Тағаны қалған, қабырғасы қаусаған, шаңырағы ортасына түскен үйлерде талай өркенді істердің болғанын балаларға айтсаң, ертегі тыңдағандай әсерде қалады. Еліміз тәуелсіздік алды деп қуанғанымызбен ауылды тонап, тоздырып, құртып тындық қой, – дейді ауыл ақсақалы Жанат Байсалақов.



Қазір ауылдық округке қарасты Шилісу, Қазынсу, Сарыбұлақ елді мекенінде 297 үй, 1605 адам тұрады. Округ орталығы Қарағаштағы ауылдық орта мектепте 176 бала оқиды. Оқу ордасы күрделі жөндеуден өтіп, бар жағдайы жасалған. Алайда Шилісу, Қазынсу, Сарыбұлақ ауылындағы жоғары сынып оқушылары арысы 20, берісі 5 шақырым жерден қоғамдық көлікпен осында келіп білім алады. Бұл жүрісті құп көрмеген кейбір ата-аналар аудан орталығы Сарыөзек, болмаса Қапшағай қаласынан үй жалдап балаларын оқытуға мәжбүр. «Өткен жылы Алматы – Талдықорған күрежолынан ауылға дейінгі аралықтағы екі жарым шақырым жол жасалды» деп өрлі-төмен есеп берілгенімен елді мекендегі жол мәселесі әлі де өзекті.

Су тапшылығы – күнделікті күрделі тақырыптың бірі. Кезінде Қарағаш ауылының тау жағында үлкен екі көл болған екен. Ауылға сол көлден құбыр тартылып, ауызсуды қамтамасыз етіпті. Ол көл қазір тартылып қалған. Бүгінде ауылдық округке қарасты елді мекен тұрғындары жерасты суын игіліктенеді. Ал су сорғыш құрылғылар жұмыс істемей қалғанда ауыл маңынан ағып өтетін жыланшық өзендерден су тасып ішеді. Ауылда жұмыс істелмей жатыр дегеннен аулақпыз. Тұрғындардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ету үшін қолдан келер шаруаның бәрі жасалуда. Келеңсіздіктер ретімен шешіліп келеді. Десе де, Сарыбұлақ ауылдық округінде жұртты әбден қажытқан, шешімін күткен бірнеше толғақты мәселе бар.

Күн электрстансысы бар, жарық жоқ

Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Еркебұлан Жармұхамбетұлының айтуынша, өткен жылы Қарағаш ауылының көшелеріне жарық шамдар орнатылып, жұрттың қуанышын еселепті. Алдағы уақытта Шилісу, Қазынсу ауылындағы көшелерді жарықтандыру бағытында жоспар жасалып, қаржысы анықталып, құзырлы мекемелерге жолданыпты. Өкінішке қарай, осындай тынымсыз еңбекті естігендегі көңіл-күйімізді Сарыбұлақ ауылындағы жарықсыз отырған жұрттың жанайқайы су сепкендей басты.



– Міне, 30 жыл болды жарықсыз отырмыз. Интернет деген атымен жоқ. Алыстағы ағайынмен хабарласу үшін телефонымызды көкке көтеріп алып, төбе-төбені қыдырып кетеміз. «Жедел жәрдем» шақыруды ұмытып кеткенбіз, – деп мұң шақты Сарыбұлақ ауылының тұрғыны Асқар Есімбеков.

«30 жыл жарықсыз отырды» десек артық болмас. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, жарықсыз қалудың себебі – осы бір құм шетіне орналасқан ауылды «Жарықпен жарылқаймыз» деген орашолақ жоспардың кесірі екен. 2012 жылы Сарыбұлақ ауылында, Қазақстанға Корея көмек беру үкіметаралық бағдарлама аясында және «Green Village» халықаралық жоба бойынша, «Daegue Қала Газ» Корей компаниясымен «DostykEnergo» ЖШС бірігіп, 52 кВт қуатты күн электрстансысын салған.

Дүрілдеп тұрған тұсында 80-нен аса үй болған, бүгінде 10-ға тарта түтін түтетіп отырған алақандай ауылға мұндай шығыны көп, техникалық басқаруы күрделі электрстансының қажеті жоқ еді. Басында ауыл тұрғындары бұл жоспарды құптамай, елді мекенге Қарағаш ауылынан электр жарығын жеткізіп беруді талап етіпті. Бірақ тұрғындар уәжіне құлақ асар пенде табылмай, алып құрылыс бой көтерген. Арада бір-екі жыл өткенде ауылды жарықтандырған стансы күйіп кетіп, ақыры ауыл жарықсыз қалады. Тұрғындар өрлі-төмен шапқылап жүріп, 2016 жылы тағы бір мәрте жаңғыртып алыпты. Алайда екі жылдан кейін стансы мүлде істен шыққан. Қазір ауылдағылар жылтылдаған майшамның қалқасында ұзақ сары таңды сабырмен атырады.

– Күн электрстансымыз тұрып, жарыққа жарымай отырғанымыз былайша ұятты іс. Жағдайымызды айтып баспаған табалдырық, ашпаған есігіміз қалмады. Бұрындары «Жасаймыз, қатырамыз» деген жауап алушы едік. Қазір кейбір мекеме басшылары есігін тарс жауып, кіргізбейтінді шығарды. Оны қойшы, бізді анадайдан көрсе, «Жау көргендей» жасырына қалатын жағдайға жеттік. Діңкеміз құрып, төзіміміз таусылды, – дейді ауыл тұрғыны Абдұл Хунчеев.


Ауыл тұрғындарынан білгеніміздей, Қазақстан мен Кореяның ынтымақтастығы аясында бой көтерген, әлемдік деңгейдегі күн электрстансысы осы күнге дейін ешбір мекеменің балансына алынбапты.

– Күн электрстансысы 2016 жылы қайта жаңғыртылды. Естуімізше, 10 млн. теңге қаржы жұмсалыпты. Сонда ешбір мекеменің балансында болмаған нысанға сонша қаржыны қалай аударып, пайдаланып отыр, – деп бізден сұрайды Сарыбұлақ ауылының тұрғындары.

Ашық ақпарат көздерін қанша ақтарсақ та, «Camruk-Green ENERGY» компаниясының сайтынан іздесек те қаржы туралы, оның қалай пайдаланылғаны жайында дерек таппадық. Сондықтан бұл мәселе бойынша Жетісу облыстық прокуратурасына хат жолдап, мәселенің мән-жайын анықтап беруді өтініп көрмекпіз.

Құм басып барады, әрекет жоқ

Сарыбұлақ ауылдық округі тұрғындарын тағы бір алаңдатар жағдай – елді мекендерді құм басу жағдайы. Аудан әкімдігі тарапынан құрылған комиссияның талдау нәтижесі бойынша, бүгінде Қазынсу ауылы аумағындағы 1606 гектар жердің солтүстік-батысынан шығысына дейінгі 851 гектар жерді, ал Қарағаш ауылы аумағындағы 2897 гектар жердің 851 гектарын құм басып үлгерген. Осының салдарынан елді мекендерге шөп шықпай, мал азығын дайындау қиынға соғуда. Оның үстіне Қарағаш-Қазынсу-Сарыбұлақ ауылдары арасындағы жолды құм басып, көлік қатынасы қиындай түскені анық.



Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Еркебұлан Жармұхамбетұлының айтуынша, осы мәселені көтеріп, жоғары-төмен шапқылап, көмек сұрап көрген. Тіпті аудан, облыс аттап, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасына да уәждерін жеткізіпті. Бірақ тұшымды жауап, қолға алған шара, қабылданған нақты шешім болмаған.

– Егер елді мекендерді құм басу жағдайы тез арада реттелмесе, ауылдың келешегі бұлыңғыр. Оның үстіне құм басқан аумақтың көлемі кеңи түссе, Алматы – Талдықорған күре жолының қатынас жұмысына да кері ықпалын тигізбей қоймайды, – дейді ауыл басшысы.

Расында, «Ерін кетсе, тіс тоңады» дегендей, Жетісу облысындағы аша тұяқты жануардың жартысынан көбі қыстап шығатын аумақтың жағдайын түзеу ауылдық округтің қолынан келмейді. Оны ел болып қолға алып, жұрт болып түзеуіміз керек. Осы мәселе төңірегінде Жетісу облыстық әкімдігі мен облыстық экология департаментіне сауал жолдайтынымызды айта кеткенді жөн көрдік.

Байлық бар, қарекет жоқ

Сарыбұлақ ауылының орналасқан аумағы туризмді түрлендіретін жер-ақ. Бұл маңда қазақ-жоңғар соғысына қатысты, Ресей отаршылдығы тұсындағы тарихпен сабақтасатын, Кеңес одағы кезінде қуғын-сүргін, ашаршылықтың ауыр дертінен дерек беретін тарихи жер өте көп. Айталық, Талдықорған – Алматы күрежолынан бұрылған тұстан Көлтабан, Қарабайтал, Нұрмолданың қыстауы, Жөңкебай, Шұрық, Мақпал ана жерленген жер, Балпық бидің ұлы Тіленші қазының атақонысы, Тесіктас, Үңгірқора, Шаңқұдық, Шоқпартас, Қаумен, Балабекті өлтірген тас, Шорман байға қатысты жер атауы сияқты тарихи жерлер Құланбасымен түйіседі. Тарихи деректерде 1223 жылы Шыңғыс хан Хорезм жорығынан қайтар жолында Құланбасыда құрылтай ашып, төрт ұлына жер-шекара бөлген. Сол жер осы Құланбасы болуы мүмкін деген болжам бар. Малайсары қыраттары – тұнған тарих. Тау беткейіндегі тастарға салынған суреттерге тіл бітсе, ең кемі 3000 жыл бұрынғы дәуірді көз алдыңызға әкеледі. Өкінішке қарай, сол бағалы байлықтың бағын ашып, алыс-жақындағы ағайынға жеткізетін харекет қана жоқ.

Сарыбұлақ ауылы
Кербұлақ ауданы

✓ МӘСЕЛЕ

Телефонсыз күнің жоқ



Заман ағымына қарай бүгінде әрбір адам ұялы телефон пайдаланады. Рас, оның ішінде адам өмірі мен жұмысына керектінің бәрі бар. Сағат, күнтізбе, есептеуіш, сурет пен видео құрылғылары адам баласының аттап басса қажеттілігін туындататын дүниелер. Сондықтан да сымсыз байланыс құралын пайдалану уақыт туындатқан дүние деп ашық айта аламыз.

Адам өміріне қаншалықты пайдалы десек те, бүгінгі таңдағы мағына-мазмұны жоқ уақыттың бәрін осы бір көзді құрылғы жалмап жатқанын аңдамай қаламыз-ау. Кішкентай ғана заттың көмегінсіз еш нәрсені шеше алмайтын күйге жеттік. Тіпті, керек адамыңның өзін өзге құрлықта жүрсе де тауып алып, тілдесетін құрылғының жақсы жағын адамзаттың бәрі біледі. Ал мұның зиянды жағы қаншалықты? Осыны да ойлану керек-ті.

О баста телефонды құрастырған адамдар ел игілігін көксегені анық. Байланыстың тиімділігін ескеріп, ойлап тапқаны жөн десек те, бүгін телефон сөйлесудің құралына ғана айналмай отыр. Үлкен адамдардың өзі жұмыстан тыс уақытта телефонды шамадан тыс пайдаланып жатады. Тіпті, дастарқан басында телефонға қарап ас ішуді дағды еткен көпшілік отбасылық жарасымды диалог құрмайтын күйге жетті. Соның кері әсері көрініс беріп жатқанын жасыра алмаймыз. Оны былай қойғанда былдырлап жүрген, әлі тілі шықпаған баланы да телефонмен алдарқататын болдық.

Бүгінде телефон адам өмірін заяға кетіретін құралға айналған. Көптің пікіріне сүйенсек, жастар ұялы телефонға жүктелген түрлі ойынға алданып, тәуіліктегі 10-13 сағатын телефонға телмірумен кетіретін көрінеді. Тіпті, қызмет барысындағы азаматтар да, егде жандар да күндік уақытының үштен бірін телефон арқылы жоғалтып алып жатқаны жасырын емес.

Шындығына келгенде телефонның пайдасы санамалап айтсақ өте көп. Алайда, зиянды жағы да жетерлік. Мәселен аталмыш құрылғы адам энергиясының 50 пайызын өзіне тартады. Бұл ғылыми тұрғыда дәлелденген дүние.

Ұялы телефонға тәуелділік – баланы өмірге деген қызығушылықтардан алыстатып, қартарластарымен қарым-қатынастан шектеу әрі вертуалды кеңістікке кету. Бұл балаға өте қауіпті. Себебі, олар қоршаған ортамен қырым-қатынасты енді ғана бастап, дүниетанымдық көзқарасы жаңа қалыптасып жатыр. Тіпті, психикасы да орнықпаған. Сондықтан телефон сатып алып берер алдында әрбір ата-ана баланың жасына, оның қолдану мақсатына ерекше мән берген жөн.

Таң атқаннан кеш батқанша телефонды қолдан түсірмейтін адамдар, ұялы байланысты үйде қалдырып кетуден қорқуды «номафобия» атты психологиялық ауру екенін ескеруі керек. Осы секілді телефон туындатқан жағымсыз жайттарды атап өтуді жөн санап отырмыз. Мәселен, ойынға тәуелділік, сетеголизм, интернет-серфинг секілді тәуелділік түрлері бар. Сетеголизм – барлық уақытты чаттарда, форумдар мен желілерде өткізу болса, интернет-серфинг – сайттан сайтқа мақсатсыз өтіп, сілтемелер арқылы ғаламторды шарлау. Міне, бұл жастардың ғана емес, кейбір ересек адамдардың да бойынан табылатын дүние. Сондықтан да қазіргі таңда әрбір жан өзін мақсатты түрде телефоннан алшақ ұстауға ден қоюы керек.

Телефон мен ойындарға жегілген адамдар арасында ақшаны мақсатсыз түрде ысырап етіп, бейберекет тамақтанып, интернет желісінің әлсіздігіне байланысты бос ашушаңдыққа салынып, оқу үдерісіне, жұмысқа үлгере алмай қалу секілді жайттарға көп тап болады. Мұның бәрі психологиялық құбылуға әкеледі. Сондықтан да әрбір ата-ана, ересек адамдар, ұстаздар осы жағынан шұғыл шешім шығаруға тиіс. Өйткені, адам дені мен жанының сау болуы тікелей сана тазалығына байланысты екенін дәлелдеуді қажет етпейді.

Дана ЖАСАНОВА,
педагог-психолог
Жаркент қаласы

✓ ЕЛ КҮЗЕТІНДЕ



Шекарашының сенімді серігі

Мемлекеттік шекараны тәулік бойы қорғап, елдің тыныштығын күзететін шекарашыларға көмек көрсету – абыройлы істің бірі. Өйткені елге қызмет ету және қорғау – әр азаматтың Отан алдындағы борышы әрі міндеті.

Ел шебінің берік болуы үшін әркім өзі тұратын ауыл-аймақта мемлекеттік шекара бұзу белгісін немесе күдікті адам мен техниканы байқаған жағдайда шекара бөлімі мен бөлімшелеріне, жергілікті әкімдік пен құзырлы органдарға хабарлауы тиіс. Сол арқылы шекара бұзу әрекетінің алдын алуға болады.

Осы ретте жергілікті тұрғындардан құрылған «Ерікті жасақ» мүшелерінің көмегі орасан зор екені жөнінде ой қорытқан Панфилов аудандық шекара басқармасының қызметкері, аға лейтенант Дидар Жақыпов:

– Егер ерікті жасақ мүшелері уақытылы жеткізген ақпарат нақты әрі сенімді болса және белгілі бір нәтиже берсе мәлімет беруші жоғарғы басшылық тарапынан марапатқа ие болады. Жалпы, шекара шебіндегі өңірлерде ерікті жасақтардың көмегімен көптеген қылмыскердің жолы кесілді. Бір сөзбен айтқанда «Ерікті жасақ» шекарашылардың сенімді серігіне айналады, – деп тұрғындардың белсенділігіне жоғары баға берді.

Осыған орай, Панфилов аудандық шекара басқармасының бастығы арнайы бұйрықпен басқарманың саптық алаңында ерікті жасақтардың атқарған адал қызметі мен мемлекеттік шекараны күзетуге қосқан үлесі үшін бір топ еріктіні мадақтамамен және Алғыс хатпен марапаттады. Солардың қатарында Нариман Кибиров, Хамиза Еспембетов есімді тұрғындарға «Үздік ерікті жасақшы» атағы мен бағалы сыйлық берілді.

Ел қорғау ісіне шекарашылармен бірге тұрғындардың атсалысуы – Отан қорғаудың нағыз үлгісі. Ортақ іске бірге жұмылғанда елдің тыныштығына ешқандай қауіптің төнбесі анық.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ АЛТЫН ДІҢГЕК

Ұлағатты ұстаз

«Ұстазды алтын діңгекке балар едім», – деп ағартушы Ы. Алтынсарин айтқандай, ұстаздық – ең ұлы істің бірі. Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен, ұлағатты ұстаз мәртебесі кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін бақ.

Мақалаға арқау болып отырған кейіпкеріміз – ардагер ұстаз София Нұржаубайқызы 1975 жылдан бері № 49 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып қызмет атқарды. Шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұн: «Адамның мәңгі болмағы, оның ары мен елі үшін еткен еңбегінде» демекші, София Нұржаубайқызы мыңдаған шәкірт пен жас маманды тәрбиелеп, бақытын еңбектен тапқан ұстаз.

София апайдың шәкірттері бүгінде сан салада қызмет етіп, еліміздің гүлденуіне атсалысуда. Атап айтсақ, Бақытбек Әбдімолдаев ҚР Сыртқы істер министрлігінде жұмыс істейді. Қарлығаш Сәркенова Н. Гумилев атындағы университеттің ғылым кандидаты, Дидар Атантаев полковник, әскери қызметкер, Абырой Өтегенов КЭТЭК сауда-саттық бөлімінің бастығы, Әсем Шонайбаева «Қамсыздандыру» сақтандыру компаниясының жетекшісі.

Ардагер ұстаздың білім саласын жандандыруға қосқан өлшеусіз еңбегі үшін алған мақтау, марапаттарын тізетін болсақ, өз алдына бір төбе. Соның бірі – 2000 жылы «Еңбек сіңірген ардагер» атағының берілуі. Жүзінен шуақ, сөзінен жылылық төгіліп тұрған ұлағатты ұстаз София Нұржаубайқызы көкжиегіңіз кестелі, көретін қызығыңыз дестелі болсын демекпін!

Ардақ ТӨЛЕБАЕВА,
№ 49 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сарыөзек ауылы
Кербұлақ ауданы

✓ БІЛІМ

Ойын элементтері тіл үйренудің тиімді тәсілі



Ағылшын тілі – мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін аса маңызды құралы. Сондықтан қазіргі кезде оқушылардың шет тіліне қызығушылығын, білімге құштарлығын, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті.

Бүгінгі таңда ағылшын тілін үйренудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану оқушының тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және шаршағанын сезбей, әсерлене, қызыға отырып тілді тез үйренеді.

Ойын – төзімділікті, алғырлық пен тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісін қалыптастыруға мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі. Оқу үрдісіне енгізілген ойын қызықты, жеңіл және жанды болуымен қатар, оқу үрдісін жеңілдететінін де ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсат-міндетіне, шартына байланысты ойын түрін өзгеріп отырған жөн. Ойын арқылы кез келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл-күйін көтеруге, өздерінің жұмысына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектесуге болады.

Сабақ барысында пайдаланатын ойындарымның үлгілері: Interviewing an interesting person. Бір оқушы танымал атақты адамның (саясаткер, әнші, актер, спортшы, т.б) ролін ойнайды. Сыныптастары әртүрлі сауал қоя отырып, оның кім екенін табуы тиіс. Сұрақ былай болуы мүмкін: What's your hobby? What kind of meal/ sport/clothes/ do you like? Are you a man or a woman? Are you married or a single? т.б.

Қорыта келгенде, ойын түрлерін пайдалану білім меңгерту құралы әрі балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеруге негіз. Бала ойын арқылы сөздерді айтуды үйренеді, лексикалық және грамматикалық материалды белсенді түрде меңгереді. Сонымен қатар, шығармашылық және ойлау қабілеттері дамиды және байқампаздық қабілетін ашады.

Назым ОСПАНОВА,
Алмалы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Сарқан ауданы



✓ ОЙТОЛҒАМ

Ірігеннің аузынан...

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі – қоғамдық орында балағаттағаның үшін 69 мың теңге айыппұл төлеу болып тұр. Күн өткен сайын оның өзектілігі артып келеді десе болады. Бәдік айтқаны үшін жауапқа тарту өте орынды деп ойлаймын.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Дәл қазіргі уақытта боқауыз сөз айтып, өзгенің ар-ұжданына нұқсан келтіретін адамның қатары көбейіп келеді. Заман дамыған сайын мәдениет төмендеп бара жатқандай көрінеді. Әдетте қазақ халқы былапыт сөйлеген адамды ортаға қоспайтын, елді бүлдіреді деп шететін. Ондайларға «Ірігеннің аузынан шіріген сөз шығады», – деп қырын қараушы еді. Ал қазір басқаша, төстен алып, бетке шауып жатқан әйелдер, аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқан еркектерді көргенде жағаңды ұстайсың. Осылар анадан тәрбие, атадан ғибрат алды ма деп қынжыласың. Құрмет, аяушылық, сыйластық, мейірімділік деген ұлттық сипат жойылып барады. Осыны көрген жас ұрпақ та көргенін істеп, көңілге кірбің түсіріп, жаман әдеттің жетегінде кетуде. Әлімсақтан «текті атаның ұрпағымыз» деп кеуде қаққанда ешкімге дес бермейміз. Бірақ тектіліктен жұрнақ та жоқ, аузымыз жаман сөзге былғанып жүр. Енді осыдан кейін тоқтамға келетін шығар деген үміт басым. Үкімет осындай шешім шығарғаны өте орынды деп санаймын. Мұны біразы қолдаса, біреулері қарсы болып та жатыр. Әйтсе де заңға бағыну керек және әдептен озбаған дұрыс. Қоғамдық орынмен ғана шектеліп қалмай әлеуметтік желідегі жауапкершілікті назарға алса деген ойым бар. Ауыз өзімдікі, сөз еркіндігі деп бір адамды аш қасқырдай талауға дайын. Жеке басына тисіп, жан жарасын тырнап, күстаналап жатқандарды көргенде жаным ауырады. Біз неге осындай күйге түстік, осыншама қатігез болатындай адамдықтан қалайша алшақтап барамыз?! Сол үшін де, әлеуметтік желідегі боқауыз сөзге тосқауыл керек. Боқтампаздар заң шеңберінде жауапқа тартылып, айыппұлдан шет қалмағаны абзал. Егер заң қатал болса, бағынуға, оның талаптарын орындауға, бір елі ауызға, екі елі қақпақ бола алатынымыз хақ. Жол ережесін қатайтты, жүргізушілер оған бағынды. Бұл да соның бір мысалы. Әдепті сөйлеу әдеміліктің белгісі, мәдениет пен жан тазалығы.

✓ РУХАНИЯТ

Тың туындының тұсауы кесілді

Панфилов аудандық кітапханасында «Арманына асыққан Әбілхан» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Көрнекті қылқалам шебері, қазақ бейнелеу өнерінің атасы Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы мен өмірі бедерленген аталмыш кітаптың тұсаукесер рәсімін белгілі журналист Мырзағали Нұрсейіт өткерді.

Рухани шара барысында Әбілхан Қастеев атындағы көркемсурет галереясының бас маманы Мұрат Шалғынбаев, архитектор Қуаныш Арынов, Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі тарих пәнінің мұғалімі Кулчария Михиева сөз алып Мәмет Иманбайдың қаламынан туған кітаптың мәні мен мазмұнына тоқталды.

Ән әуелеп, саз төгілген рухани шара барысында аудандық кітапхана директоры Дария Сұлтанбекова сөз алып, келген қонақтарға алғыс білдірді. Ол сырлы әлемнің иесі, аса талантты суретші Әбілхан бабаның өмірін айшықтап, өнерін асқақтатқан кітаптың оқырманы көп болсын деген тілегін жеткізді.

АРДА БИ

✓ ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Сарыбұлақтықтардың үміті ақталады

Газетіміздің 7 қаңтар күні шыққан №2 санында Кербұлақ ауданы, Сарыбұлақ ауылы жайлы «Ерін кетсе, тіс тоңады» атты журналистік зерттеу жарияланған болатын. Онда ауылдың инфрақұрылымын, тұрғындардың әлеуметтік, экологиялық, демографиялық жағдайы, газдандыру, жол және электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты бірқатар мәселелер көтерілген. Сол бойынша Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатов пен Жетісу облысы бойынша экология департаментінің басшысы Орман Аққозиевқа хат жолдағанбыз. Ең алдымен аудан әкімі мен департамент басшысына газетте жарияланған материалда көрсетілгендерге түсініктікпен қарап, нақты жауап бергендері үшін басылым атынан алғыс айтамыз.

Қажет АНДАС



Аудан әкімдігі тарапынан келген хатта былай делінеді:

1. Сарыбұлақ ауылдық округі, Қазынсу ауылының жалпы аумағы 1606 гектар, 48 аулада 264 адам тұрады. Ауылда 785 мүйізді ірі қара, 425 жылқы, 6825 қой мен ешкі бар. Ал Сарыбұлақ округі, Қарағаш ауылының жалпы көлемі 2987 гектар, онда 197 аулада 1077 адам тұрады. 1560 мүйізді ірі қара, 802 жылқы, 14360 қой мен ешкі және 14 мал қыстату орны бар. Бұл ауылдарға жаз мезгілінде Көксу ауылдық округінен жайылым бекітіп берілген.

2. Сарыбұлақ ауылдық округі халық санының аз болуына байланысты өңірлерді дамыту бағдарламасына кіргізілмеген, сондықтан газ желісіне қосу қарастырылмаған және экономикалық тұрғыдан да тиімсіз.

3. Сарыбұлақ ауылына 2012 жылы «Достық энерго» ЖШС Оңтүстік Корея мемлекетінің демеушілігімен күн электрстансы салып, қолданысқа берген. Сондай-ақ, стансы ішінен ұңғыма бұрғыланып, ауылға құбыр тартылып, колонкалар орнатылған еді. Күн электрстансысы іске қосылған соң ұңғымаға су реттегіш құрылғы орнатылып, ауылға ауызсу және электр энергиясы берілді. Алайда, стансы 1 жылға жетпей істен шықты. Оңтүстік Корея елінен мамандар шақыртылып, ақаулар қалпына келтірілді. Бірақ көп өтпей құрылғыдан тағы ақау пайда болып, стансы екінші рет істен шықты. Облыс, аудан тарапынан мамандар шақыртылғанымен қалпына келтіру мүмкін болмады.

Бүгінгі таңда күн электрстансысының ішіне орнатылған 200 дана аккумуляторлық батареяның жұмыс істеу мерзімінің өтуіне байланысты оны іске қосу мүмкін болмай тұр. Осыған байланысты 2021 жылы облыстық бюджеттен Сарыбұлақ ауылына 10 кВ. электр жеткізу желісінің құрылыс нысанына жобалау-сметалық құжаттама даярлауға 10287,0 мың теңге қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу өткізіліп, келісімшарт жасалды. Аталған жобаны ағымдағы жылы тамыз айында сараптамадан өткізіп, құрылыс-монтаж жұмысын жүргізу үшін облыстық басқармаға бюджеттік өтінім берілді. Нәтижесінде Сарыбұлақ ауылын электр желісімен қамтамасыз ету үшін ВЛ-кВ. электр желісінің құрылыс жұмысына 251 млн. 481 мың теңге бөлініп, қазіргі кезде мемлекеттік сатып алу жұмысы жүргізілуде. Алдағы уақытта тендерді ұтқан мекеме ауылды электр энергиясы және ауызсумен қамтамасыз ететін болады.

4. Алматы – Талдықорған күрежолы Сарыбұлақ ауылдық округіне қарасты елді мекенді жалғастыратын облыстық маңызы бар тасжолды жөндеу жұмысына екі жылдық жоба ретінде 343 млн. 693 мың теңге (14,847 шақырым) бөлінген. Мақалада көрсетілгендей, өткен жылы 2,5 шақырым жол мен ауылға дейінгі көпір жөнделген. Ал биыл қалған қаражатпен 12,347 шақырым жолға жөндеу жұмысы жүргізілетін болады.

5. Этномәдени туризмді дамыту үшін инфрақұрылым дайын болмағандықтан жан-жақтылы зерттеу жүргізілуі керек.

Ал облыстық экология департаментінен келген хатта былай делінген:

ҚР Экология кодексінің (ҚР 2001 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ Кодексі) 29-бабының 1-тармағына сәйкес, қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар болып табылады.

Аталған баптың 3 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жергілікті деңгейде – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астананың жергілікті атқарушы орындар ұйымдастырады.

Яғни, туындаған мәселе бойынша жергілікті атқарушы орган тарапынан тиісті шаралар қабылданып, зерттеу және зерделеу жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шара жасалуы керек.

Сәйкесінше, жергілікті атқарушы орган тарапынан зерттеліп, толықтырылып ақпарат ұсынылған жағдайда департамент тарапынан Жетісу облысының әкімі мен ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрімен бекітілген облыстың экологиялық мәселесін шешу жөніндегі «Жол картасына» қосу мәселесі қарастырылатынын хабарлаймыз.

Тілші түйіні:

Газетке келген жауапқа сүйенсек, электр жарығы мен ауызсу және жол мәселесі шешіледі. Ал газдандыру мәселесі тұрғысынан: «Ауылдастар елді мекеннің демографиялық жағдайын жақсартудың жолдарын қарастыруы керек?» деп түйдік. Мүмкін, кезіндегі қиын жылдары ауылды тастап, тіршілік қамымен қалаға көшкендер ата-бабасының рухы сіңген мекенге қайта оралатын шығар. Әлде, көші-қонның мүмкіндігін тиімді пайдаланудың жолын қарастырып көру керек. Этномәдени туризмді дамыту бұл ауылдастардың белсенді және білікті түрде іске асыратын жұмысы. Мүмкін, ауыл жастары туризм бағытындағы мемлекеттік қайтарымсыз гранттар арқылы осы жұмысты қолға алудың жолын қарастыруы керек шығар. Ал ауылды құм басу туралы сұрақтың нақты жауабын табу үшін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне жүгінетін боламыз.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Болатхан АЙТМҰХАМЕТОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67,** жауапты хатшы — **40-10-30,** бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78,** фототілшілер — **40-20-79,** жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.**

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — **8-777-388-57-77,** Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**,

Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет– сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 152
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015. Индексі – 65469.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru


✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

АЖАРЫ ҚАШҚАН АҚЖАР

Бұл жолы Қаратал ауданының алыстағы Ақжар ауылына сапарладық. Қыстың көзі қырауда жол жүрудің өзі оңай емес. Ал біраз жылдан бері жыры бітпеген. Үштөбеден Көпбірлік ауылына дейін апаратын жолдың жайсыздығы қысты айтпағанда, жаздың өзінде мазаны май ішкендей ететін. Бір тұсы жөнделіп, енді бір жері баяғы көне асфальтпен жатқан кедір-бұдыр күре жолдың қиындығы бір жағында, интернет тартпайтын, телефон шалу мұң болатын аймақтағы меңіреу тыныштық кімді болса да мезі етеді. Бірақ, біз жалыға қоймадық. Өйткені, бұрын-соңды бұл маңға ат ізін салмағандықтан айналадағы мүлгіген табиғат, бұтағын қырау шалған сексеуілдер, тастақты адырлар мен жота-жондар, көлікпен бірге жарысып отыратын, жағалауында қалың қараағаш қою өскен Қаратал өзенінің тамаша көрінісі таңдай қақтырады. Ара-тұра күрежолды кесіп өтіп, секектей қашқан қоян мен жол шетінде тыныстап отырған қырғауылдарға кездескенде көзің тұнып кетеді. Алдымыздан «Ақжар ауылы» деген жазуы бар жол белгісі кездескенше осындай көріністерге көңілімізді жүздіріп отырдық.







Қажет АҢДАС

Жұпыны жұрттың жыры көп

Ауылға кіреберістегі Мықтыбек батырдың кесенесі көзімізге оттай басылды. Бел үстіне қойылған белгітас: «Біз жаудан қорғадық, сендер ел мен жерді тонаудан қорғаңдар?» деп тұрғандай сезілді маған. Әрине, сол бабаларымыз қорғаған, бізге аманаттаған жердің бүгінгі игілігін көріп, азамат боп атқа мініп жүрген соң тіземізді бүгіп, перзенттік борышымызды өтеуді парызымыз деп білдік. Айналаны ақ мамық қар қымтап жатқан соң ба, ауыл бізге тым жұпыны көрінді. Жергілікті азаматтар бізді ауыл ортасындағы үш қабатты мектепте күтіп отыр екен.

– Біздің ауылға аң мен балық аулайтындар жиі келуші еді. Соңғы 30 жылда «Jetisý» газетінің тілшісі бірінші рет келіп тұр, – деп ауылдың аңқылдақ әзілімен қарсы алды.

Ақжар – Байшегір ауылдық округіне қарасты үш ауылдың бірі. 1970 жылы қой шаруашылығы кеңшары болып құрылғанда 150-ге жуық үй, 30 мың бастан аса қой, 2 мың бастан аса сиыр, 1 мың бастан артық жылқы өсіріпті. 150 мың гектар жайылым, 6 мың гектардан астам суармалы жері болған.

– Айналасы жазық дала, сексеуілі қалың құмды алқап малды жұтатпайтын. Балқаш көлі де алыс емес. Қалаға барсақ, қап-қап ет пен сазан апарушы едік. Тоқырау жылдары сол байлықтың тоз-тозы шықты. Енді өзіміз керек-жарағымыз қаладан қашан келеді деп телміріп отыратын болдық, – дейді ауыл ақсақалы Сетбек Жұмағұлов.

Жүдеген тіршілікті айналадағы тоқал тамдардың өзі-ақ айтып тұр.

– Бала күннен осы ауылда туып-өстік. Жорға мініп жүйткітіп, мыңғырған малды құм төбешікке иіріп қойып, әзіліміз жарасып жүрген сол күндерді сағынамыз. Көз алдымызда құрдымға кетіп бара жатқан елді мекеннің жағдайын көріп, жүрегіміз ауырады, – дейді ауыл тұрғыны Өмірсерік Сәрсенбаев.

Мал өсірем десе, жайылым мол. Кеңшар кезінде мал азығын дайындайтын суармалы алқаптарды бүгінде құм басып, құты қашқан. Өз кезінде осы ауыл 30 гектар жерге қант қызылшасын да еккен. Қазір ауласына көкөніс өсіре алмай отыр. Оған себеп – су мәселесі.

– Кеңшар кезінде Қаратал өзенінен су тартатын сорап, алқапқа су жеткізетін канал бар еді. Қазіргі кезде сорап істен шығып, каналдың жолы бітеліп, жаздыгүні тұрғындар су таппай қалады. Кезінде ауламызда түрлі көкөніс өсіретінбіз. Бүгінде борпылдаған бос құм басып барады, – деп қынжылды Ырымқұл Қонысбеков.

Ауыл әкімі бас болып, ауыл тұрғындары құптап, аудан әкіміне: «Қаратал өзенінен су тартатын сорапты жөндеп, каналдарды тазалап берсе?», – деп бірнеше рет өтініш-тілек білдірсе де, ешкім елеп-ескермеген көрінеді. Ал тұрғындар өздері қаражат жинап, бұл мәселені шешіп алуға тырысқанымен қырық шақты үйдің жиған-тергені сорапқа кететін жағармайдан аспайды.

– Егер су тартатын сорап жаңаланып, каналды тазалап берсе, бос жатқан жерге жоңышқа егіп, мал азығын дайындап алар едік, – дейді Мәди Бодаубеков.

Жігері тасқындап тұрған жігіттердің қолын жоқтық байлап тұрғанын көрдік. Аудан бюджетіне де көп салмақ түсірмейді. Аудан әкімі Ұлан Досымбеков осыны ескерсе, құба-құп болар еді.

Инвестордың әлегі

Ауыл тұрғындарының айтуынша, осыдан 2-3 жыл бұрын «Темірқазық» ЖШС ауылды көркейтіп, көсегесін көгертеміз, миллиондап қаржы құйып, жастардың бәрін жұмыспен қамтимыз деп ауыл маңындағы жайылымдықтан 300 гектар жер алып, құлшынып жұмыс бастаған екен. «Су тартатын сорапты жаңартып, ауылды абаттандырамыз» деп уәдені үйіп-төгіпті. Ақырында, сол жылы 60-70 гектар жерді аударып, қорыс-қопасын шығарғанымен сепкен тұқымы, өсірген дақылы жоқ. Келесі жылдан бері көрінбей кетіпті. Жайылымдық жердің қандай құжатпен егістік жерге ауысып, құрғақ уәдесі көп инвестордың иелігіне берілгенін түсіне алмай ауылдағылар аң-таң. Оны қойшы, басында техниканың тілін білетін азаматтарды ақылы жұмысқа қабылдапты. Олардың да еңбекақысы төленбеген. Соның бірі – Рафель Валерка:

– «Темірқазық» ЖШС-нің «Т-150» маркалы тракторы әлі менің ауламда тұр. Олар басында бір гектар жерді жыртып беруге 3 мың теңгеден ақы төлейтін болып келіскен. Жұмыс істелді, жер жыртылды. Ал өздерін таба алмай жүрміз. Техникасы менің ауламда тұр. Келіскен еңбекақымды төлесін де, көлігін айдап кете берсін, – дейді ол.

Аталған ЖШС-ге ауылдағы ағайынның барлығы алданған. Өткен жылы үлкендер жиылып, «Темірқазық» ЖШС-ге берілген жерді қайтарып, ауыл тұрғындарына бөліп беруін өтініп, сотқа арызданыпты. Бірақ баяғы жартас, сол жартас күйінде қалған.

«Темірқазық» ЖШС туралы ауылдастар көп дерек білмейтін болып шықты. Біз де іздеп көрген едік. Ақжарға қатысты ешқандай ақпарат таппадық. Енді осы инвестициялық жобаның мән-жайын аудан әкімдігі түсіндіріп берер деген ойдамыз.

Мектебі бар, оқушысы жоқ

Ақжар ауылындағы 2 қабатты еңселі мектепте кезінде 200-ден аса бала білім алған. «Мектептің жанындағы интернаттың да тіршілігі қыз-қыз қайнап жататын», – дейді ауыл ақсақалдары. Кейінгі жылдары мектеп ағымдағы жөндеуден өтіп, тағанынан шатырына дейін жаңаланыпты. Ол жағынан кінәрат таппадық. Берісі Талдықорған, арысы Алматы мен Астанада табысқа жеткен, жоғары лауазымды қызметте жүрген талай азаматты түлеткен оқу орны қаңырап тұр. Мектепте бүгінде бар-жоғы 25 бала оқиды.

– Ауылдағы жоғары сыныпта оқитын балалар 30 шақырым жердегі Байшегір ауылдық округінің орталығы Алмалы ауылындағы орта мектепке барса, біразы Үштөбе мен Талдықорған қаласынан пәтер жалдап немесе туыстарының үйін жағалап, білім алуда. Соңғы кезде мектеп оқушылары арасында орын алған келеңсіздіктерді әлеуметтік желіден көрген сайын балалардың жайын ойлап, ұйқымыз қашатын болды, – дейді мектеп мұғалімі Динагүл Какимова.

Бүгінде «Мектебі бар, оқушысы жоқ» жағдай шалғай ауылдардың бәрінің бас ауруына айналды. Бала саны осылай кеми берсе, мұндағы мектеп те бір күні мүлдем жабылады. Сондықтан ауылдың демографиялық жағдайын дұрыстау керек. Ол үшін ішкі және сыртқы көші-қонның мүмкіндігін пайдаланған жөн.

– Мал бағамын, жер өңдеймін деген қандастар болса, есігіміз қашанда ашық. Жағдайына қарайласуға дайынбыз, – дейді ауыл әкімінің міндетін атқарушы Әлішер Тілеуғасым.

Интернет бармаған, грант алмаған

Негізінен интернетке қатысты өкпені ауыл әйелдерінің аузынан естідік. «Алыстағы ағайыннан хабар алу үшін телефонды құшақтап, ауыл маңындағы төбе-төбені кезіп кетеміз» дейді өкпелі жұрт. Әйтеуір, ауылда ауызсу мен электр жарығы бар. Күндіз-түні көгілдір экраннан жаңалық тыңдап, елдегі өзгерістер мен әлеуметке жасалатын жақсылықтарға құлақ құрышын қандырады. Ауыл және мал шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттен бөлінетін қайтарымсыз гранттар туралы естігендері болмаса, соңғы 30 жылда ауылдың бір тұрғыны оны алып көрмепті. Тіпті: «Гранттарға қалай қатысуға болады?» – деп бізден сұрады. Білгенімізді айттық.

Расында, облыс орталығындағы мекемелердің, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының ғимаратында түрлі тренинг, семинарлар өтіп, кәсіпкерлікпен айналысамын дегендерді оқытып жатады. «Біз ауылды көркейтеміз» десек, «қалалықтарға аса қызықты емес, сол шаралар шалғай ауылдарда неге өтпейді?» деген ойға қалдық. Бұл қазақстандық ауылдардың бәріне ортақ мәселе. Мұны да сұрап көреміз.

Тілші түйіні:

Байшегір ауылдық округінің тізгінін қазіргі кезде ұстап отырған Әлішер Тілеуғасым еті тірі, сөзі пысық, іске икемді жігіт көрінді. Ол Ақжар ауылын өркендетуге кедергі болып отырған 12 түрлі мәселені тізіп шықты. Сол қатарда су, жер, жол, жарық, оқушыларды мектепке тасымалдау, ауылды құм басу, тағы сондай күрделі жағдайлар өз шешімін күтеді. Айта кетерлігі, өткен жылдан бері Президенттің Жарлығымен ауыл әкімдерін сайлау тәртібі атқарылып келеді. Осы айдың 12-і жұлдызында Байшегір ауылдық округінің әкімін сайлау өтпек. Сол сайлауға қатысатын үміткердің бірі – Әлішер Тілеуғасым. «Ертеңін ойлаған жұрт осындай білікті жастарды таңдайды» деген ойдамыз.

Ақжар ауылы
Қаратал ауданы

✓ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕМИНАР ● ✓ ӘЛЕУМЕТ ● ✓ СПОРТ

Бидай өсірудің әлемдік әдісі

І. Жансүгіров атындағы ЖУ ғимаратында молекулалық генетика және геномика зертханасының ұйымдастыруымен Орта Азиялық бидай генетикасы мен геномикасы бойынша 4 күндік халықаралық семинардың қорытынды жиыны өтті.

Онда Ұлыбритания, Түркия, Пәкістан, Өзбекстан, Қырғызстанның және еліміздің жетекші оқу орнындағы дәнді-дақылдарды зерттеумен айналысатын жас ғалымдар сан түрлі тақырыптағы зерттеу жұмыстарын таныстырды.

Ұлыбританияның Джон Иннес орталығының қолдауымен өткен семинарда бидайды ғылыми тұрғыдан селекциялауда генетикалық және геномдық әдістерді қалай тиімді қолданудың бағыттары сөз болды. Осыған орай генетикалық картаны құру, QTL карталау, GWAS, RNA ceq, биоинформатикалық және геномдық ресурстарды таныстыру сияқты бірқатар маңызды тақырып талқыланды.

– Модельдік генетика және геномика зертханасының платформасы Түркия және Пәкістан елдерінде бар. Сол жаңалықты, міне, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасына әкелдік. Биылғы оқу жылында университетте молекулалық генетика және геномика зертханасы ашылып, заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталды. Бүгінде ол жерде бидайдың генетикасы зерттеліп жатыр, – дейді молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі Қанат Ермекбаев.

Шара аясында профессорлар Кристобал Уауи, Др Лютзи Уинген, PhD кандидат Анна Бахус, PhD Қанат Ермекбаев түрлі тақырыпта баяндама жасап, бидай генетикасы мен геномикасын зерттеу, қазақ бидайының бейімділігі мен өнімділігі жайлы сөз қозғады.

Қ. ОМАРАҚЫН

Жақсылық жасауға ұмтыл

Есту қабілеті нашар балаларға ағылшын тілін үйретуде айтарлықтай жетістікке жетуге болады. Бұл Талдықорған қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің жас еріктілерінің тәжірибесінен аңғарылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бес жыл бойы Талдықорған NIS нашар есітін және саңырау балаларға арналған облыстық интернатпен ынтымақтаса жұмыс жүргізуде. Оқушылар апта сайын өздерінің шәкірттеріне келіп, оларға ағылшын тілін үйретеді.

– 2018 жылы интернат пен біздің мектеп арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Осының шеңберінде қоғамға қызмет ету бойынша «жүрек қалауымен» әлеуметтік жоба жұмыс істейді. Аптасына бір рет біздің еріктілер әртүрлі жастағы төрт топқа сабақ береді, – деді педагог-куратор-ұйымдастырушы Әйгерім Еркінбаева.

«Жақсылық жасауға ұмтылу» – бұл NIS-тағы әр оқушының ұраны. Қоғамға қызмет ету бойынша 10-нан аса жоба оң нәтижесін көрсетуде. Мейірімділік, сенім, патриотизм, ар-намыс және қадір-қасиет сияқты адамгершілік құндылықтары жоба өзектілігі мен құндылығы болып табылады. Мектеп жылдарында қоғамға қызмет етуде алғаш тәжірибе алған түлектер енді университет қабырғасында да еріктілікпен айналысуды жалғастыруда.

11-сынып оқушысы Томирис Қасымова әлеуметтік жобалардың маңызы зор екенін, өйткені, волонтерлік бағыт оқушылардың адамгершілік дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етіп, оған мұқтаж жандарға көмек көрсетуге немесе жұртшылық назарын әлеуметтік өзекті мәселелерге аударуға мүмкіндік беретінін айтты.

Үстел теннисі дамып келеді

Әлемде кең тараған спорт түрінің бірі – үстел теннисі. Жылдамдықты, шапшаңдықты жәнеептілікті талап ететін спорт еліміздеде де қарқынды дамып келеді. Қазір әр мекемеде, ауладағы алаңқайларда үстел теннисі бар. Бүгінде қызығушылар саны есепсіз болса, кәсіби түрде айналысып, биікті бағындырғысы келетіндер де көп.

Ойынды бастапқыда үйде, кішігірім алаңқайларда уақыт өткізу мақсатында ойлап тапқан болса, кейін қызығушылар қатары көбейіп, кәсіби спорт түріне айналған. Олимпиада ойындарының бағдарламасына 1988 жылы енген үстел теннисі көптеген жаңа есімді әлемге танытып, ойынның дәрежесін өсіріп тастады. Үстел теннисі негізінен энергияны көп қажет етеді. Мәселен, бір кезеңнің өзінде ойыншы 7 шақырым жаяу жүргендей күш жұмсайды. Тіпті, әуесқой ойыншының өзі минутына жүзге жуық соққы жасайды. Бұл көру қабілеттілігін жақсартып қана қоймай, ептілікті еселеп, шыдамдылық пен шеберлікті шыңдай түседі. Ойынның денсаулыққа пайдасы туралы жиі айтылады. Мысалы, буын ауруларының алдын алады, қан қысымды қалыпты ұстайды. Тұрақты түрде айналысқан адамда денсаулықтың жақсаруы байқалып, оң өзгеріске бет бұрады.

Бүгінде елімізде үстел теннисін серік еткендер көп. Аудандық, облыстық жарыстардың өзі тартысты өтіп, ойыншылар уақытқа қарамай ойнап жатады. Бәсекелестік бар жерде сапаның артатындығы белгілі. Сондықтан да болар, әр мектепте, мекемеде арнайы үстел теннисін үйретететін үйірмелер бар. Оған жазылып, кәсіби айналысқысы келетіндер жетерлік. Әр баланың арманына жол ашып, бағыт көрсету – кез келген ұстаздың мақсаты. Үстел теннисін үйреніп жүрген оқушылардың арасынан келешекте еліміздің абыройын әлемдік аренада көтеріп тастайтын кәсіби спортшы шығуын тілеймін. Бүгінде дайындық жоспар бойынша, уақытылы жүріп жатыр. Қауіпсіз және қолжетімді спорт түрі болғандықтан әр жанның үстел теннисін жиі болмасада аптасына бір рет ойнап тұруын қалар едім.

Әнел АҚАТОВА,
№15 орта мектептің ұстазы
Талдықорған қаласы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

✓ САЙЛАУ – 2023

Кез келген жан өзі туып-өскен жерінің көркейіп, өркендеуін қалайды, сол арқылы игілікті іс тындырып, ел дамуына үлес қосуды мақсат тұтады. Осы орайда «AMANAT» партиясы сенім білдіріп, Жетісу облысының орталығындағы №10 сайлау округі Талдықорған қалалық мәслихаты депутаттығына кандидат есебінде қосып отыр.



Мемлекет іргесін нығайтамыз

Учаскеге тиесілі аймақтың артықкем тұсын көріп-білдім, сол жердегі тұрғындармен де сөйлестім. Күш-қайрат, ақыл-парасатым жеткенше жұмыс істеп, қаланың гүлденуіне қол ұшымды тигізсем деймін. Осы іс бойынша өз жоспар-жобаммен таныстырғым келеді.

Бірінші кезекте өзекті мәселелерге тоқталсақ. Ықшамаудандағы көшелерге жарық шамдарын орнату керек. Кешкісін қараңғы. Жастар демалатын, зейнеткерлер сейілге шығатын кешқұрым шақта көше, жол бойы қараңғылықтан көрінбейді. Тұрғындардың да бірінші шағым айтып, ескерткені осы болды. Сондықтан да шамдарды іске қосып, жарықтандыру ісін қолға алып, қала әкімдігімен ақылдаса отырып шешу керек.

Екіншіден, ауланы абаттандыру жұмыстарына кірісу қажет. Қаланың сәнін кіргізіп, көрік беретін де осы жұмыс. Гүл егіліп, ағаш отырғызылмаған тұстар да бар. Абаттандыру ісін тұрақты, жүйелі жүргіземіз.

Үшіншіден, балаларға арналған алаңдар салу – біздің мақсат. Кез келген бала өзі тұратын жерде еркін ойнап-күліп өсіп, шымыр болып шығуы үшін барлық жағдай жасаймыз. Бүгінде спортқа деген көңіл ерек, қолдау күшті. Сондықтан да келешек ұрпақтарымыздың дені сау, ойы тұнық болып қоғамға араласуына ықпал етуге тиіспіз.

Бұл біздің жоспардағы іс. Бір адамның емес, көп күштің қолдауымен шешілетін жұмыс болғандықтан, ұсыныс есебінде отырған жерімде айтамын. Ал енді ықшамаудандағы тұрғындар үшін балалардың аула спортымен айналысуына жағдай жасап, түрлі спорттық жабдықтармен қамтамасыз етуге уәде беремін. Істеген жұмыстардың сапалы орындалуын қадағалап, тұрғындармен тығыз байланыс орнатамын. Сайлауға кандидат болып түскен ықшамаудандағы бір мәселе – жылыту маусымында болатын азды-кем қателіктер мен келіспеушіліктер. Осы тұрғыда жылыту маусымын толық бақылауда ұстап, дайындықтың әр сәтін бақылап отыру – негізгі міндетім болмақ.

Мендегі ұстаным – Жастарға тың мүмкіндік береміз! Бүгінгі жастар қабілетті, көп тіл меңгеріп, сауатты ой құра алады. Тек оларға қолдау көрсетіп, тілекші болып, сенім арту керек. Сондықтан да осы бағытты ту еттім. Келешектің кемел болуы үшін жастардың қосар үлесі зор.

Тапсырыс беруші: Рустем КАЛИЕВ Талдықорған қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан төленді.

Данияр Бағдатұлы ЖЕКСЕНОВ, инженер ғалым



Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ республика тізгінін қолға алған күннен бастап, ең алдымен халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясаттың дамуына баса назар аударып отыр.

Сонымен қатар, білім алу мүмкіндігінің алшақтығын жақындатуға, атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін молайтуға, сондай-ақ, денсаулық сақтау саласы мен зейнетақы жүйесін жетілдіруге басымдық беріледі. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні жүзеге асырылып отырған әлеуметтік саясаттың барар жері нақтыланып, оның бойындағы әлеуметтік әділдіктің ұстанымы мен жекелеген экономикалық бастамаларды қолдау міндеті қатарласа өріліп келеді.

Осы бағыттағы мәселелерді ұдайы көтеріп жүрген Мемлекет басшысы әлеуметтік қамсыздандыру саясатын «қайта жаңғырту» қажеттігін естен шығарған емес. Осыған орай мемлекет үшін аз қамтылған азаматтарға қолдау көрсету негізгі міндетке айналып, мемлекеттік көмектің нақтылығы бекітілуі керек және оны алар кездегі талап лайықты қойылуы тиіс.

Әрбір қазақстандықтың ғұмыр бойы жинақтаған зейнетақы қорындағы қаржысын біртіндеп шығаруға және пайдалануға арналған реформа әлеуметтік саясаттың тағы бір маңызды бөлігіне айналды.

Соңғы жылдары айтылған пікірлердің саналуандығына қарамастан мемлекет қарапайым халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін өте нақты әрі дер мезгілінде орындап келеді. Зейнетақы, жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлемдер кешіктірілмей, дер кезінде беріліп отыр. Мұқтаж отбасылар әртүрлі қолдауларға қол жеткізуде. Мүмкіндігі шектеулі жандарды бағып отырған отбасыларға және көпбалалы аналарға ерекше көңіл бөлінуде.

Дүниеге келгенде берілетін бірреттік жәрдемақы мен бала бағуға берілетін төлемдер, көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға және мүгедектігі бар балаларды өсіріп отырған отбасыларға берілетін жәрдемақы кешіктірілмей таратылуда.

Дегенмен, бұл бағытта атқарылар жұмысты жеделдете жүргізу керек.

✓ ТАЛБЕСІК

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ӨЗЕГІ

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, **– деп Абай атамыз айтқандай, ұстаздық бұл өмірдегі ең жақсы, ең адал, ең жауапты, қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандық. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп бекер айтпаса керек. Жақсы ұстаздан білім нәрімен сусындап, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір жолында кездесетін қиындықтардан сүрінбей, кедергілерді кесіп өтіп, болашақ жолында бағытынан таймасы анық.**

Өз басым Алланың берген қуатына мың мәрте шүкір айтамын, отбасымның береке-бірлігімен қатар, ұстаздықты жаныма серік етіп, 40 жылға жуық ұрпақ тәрбиесімен айналыстым. Ұстаз еңбегін шәкірттеріңнің уақыт өте келе бағалайтынына көзім анық жетті.

2015 жылдан бері Кербұлақ аудандық аналар кеңесінің төрайымы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы облыстық аналар кеңесі төрайымының орынбасары міндетін абыроймен атқарып келемін және биыл жетінші рет «Ең үздік аналар кеңесі» марапатын қанжығама байладым. Бұл тектен-тек келген жоқ, төккен тер мен еткен еңбектің тәтті жемісі деп білемін.

2016 жылдан бері әкелермен жұмысты қолға алып «Сіз қандай әкесіз?» тақырыбында, 2019 жылдан «Рухтың күші – әкеде» жобасымен жұмыс істеудеміз. Былтырғы жылы осы жобаны ары қарай жандандыру мақсатында әкенің отбасындағы мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын нысанасы екенін түсіндіруді жаңаша үрдісте өткізуді қолға алдым. Осы орайда драматург-жазушы Лидия Егембердиеваның «Менің әкем» спектаклін сахнаға шығаруды мақсат етіп қойдым. Оған қалай қол жеткізуге болады? Бұл ретте таңдау Сарыөзек орта мектебінің директоры Салтанат Жалқынқызына түсті. Мектепке барып, мақсатымды айтып, ойымды ортаға салдым. Салтанат та қолдай кетті. Спектакль дайындау оңай емес. Бұл ретте бізге қоюшы режиссер ҚР Мәдениет қайраткері, продюсер Берікқан Төкенов көмекке келді. 15 мамыр Отбасы күніне орай аудандағы Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінің сахнасына ата-аналар мен Сарыөзектегі барлық мектеп оқушылары мен ұстаздарына көрсетілді. 19 мамырда Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс көлемінде қойып, соңында облыс бойынша әр ауданнан үлгілі 26 әкеге «Асыл әке» медалі тапсырылды. Спектакльдің өзектілігі ескеріліп, бізге облыстық ішкі саясаттан сұраныс түсіп, 24 мамыр күні түске дейін және түстен кейін екі рет Бикен Римова атындағы драма театрында оқушылар мен жасөспірімдер назарына ұсындық.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатта «Балалар және театр» жобасы бар. Осы жобаның аясында құндылықтарға негізделген тәрбие мен білім беру мақсатында Жетісу облыстық оқу-әдістемелік орталығының бекіткен «Тағылым» жобасының жоспары негізінде Сарыөзек орта мектебінің ұстаздары мен оқушылары дайындаған «Дала шамшырағы» қойылымы, қазақ даласында алғашқы мектептің қаншалықты қиындықпен ашылғаны, сол тұста ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсариннің ерен еңбегі туралы үлкен дайындықпен келген бұл тарихи туынды мұғалімдер күніне орай қойылды.

Қаңтардың 25-і күні Талдықорған қаласындағы 28 мектеп-лицейінің базасында облыс бойынша барлық ауданның тәрбие жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары, ата-аналарға арналған «Бала тәрбиесі – басты міндет» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өткізілді. Облыстық білім басқармасының бастығы Айжан Адамбекованың өткізген бұл кеңестің «Ата-ана, ұстаз және оқушы» үштігінің ынтымақтастығына тигізер әсері өте зор болды. Семинар соңында «Дала шамшырағы» спектаклі қойылып, көпшілік көңілінен шықты.

Иә, бүгінгі таңда осындай игілікті істердің келешегіміз үшін әлі де атқарыла беретіні, оған ұстаздар мен аналар кеңесінің бірлесіп көтеретін жүгінің әлі де болса ауыр екенін білеміз. Біздің тілегіміз, Алла ел-жұртымызға амандық, береке-бірлік берсе екен. Әділетті заман орнап, ұрпақтарымыз білімді де білгір, тілі мен дінін қастерлейтін отаншыл, еңбекқор болып, үлкендерді қадірлейтін ұлағатты ұрпақ болып өссе екен деген ниеттемін!

Ғалия АҚБАСОВА,
Кербұлақ аудандық
Аналар кеңесінің төрайымы



✓ ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Газетіміздің 4 ақпандағы №14 санында «Ажары қашқан Ақжар» мақаласы жарық көрген соң тұрғындардың өтінішті-легін Қаратал аудандық әкімдігіне жолдаған едік. Міне, ресми жауапты назарларыңызға ұсынамыз.

АҚЖАРЛЫҚТАРДЫҢ АЙТҚАНЫ ОРЫНДАЛАДЫ

Қажет АНДАС

Естеріңізге сала кетсек, аталмыш мақалада ауыл тұрғындары көтерген мәселелерді бүкпесіз жазған болатынбыз. Ондағы мақсатымыз, «тырнақ астынан кір іздеу» емес, қайта ауылдағы ағайынның ұсыныс-тілегін жоғары жаққа жеткізіп, орын алған келеңсіздіктердің түйінін тарқату еді. Ең өзекті мәселе ретінде ауылдағы мектептің жағдайын жазған едік.

Редакцияға келген хатта:

– Ақжар ауылының іргетасы 1971 жылы қаланыпты. Ауыл аудан орталығы Үштөбе қаласынан 120 шақырым жерде орналасқан. Тұрғындар мал шаруашылығын кіріс көзі етеді. Ал ауылға қарасты 4550 гектар жердің бәрі жайылымдық жер. Бүгінгі таңда ауылдағы 8 шаруа қожалығымен қоса алғанда, тұрғындардың қолында 1060 ірі қара, 2500 ұсақ мал, 225 бас жылқы бар.

Ауылда тұрғындарға қажетті барлық құрылымдар жұмыс істейді. Тұрғындарға бір медпункт қызмет көрсетсе, «Қазгидромет» РМК-ның бөлімшесі орналасқан. Сонымен қатар, Ақжар ауылы «Билайн», «Алтел» ұялы байланысымен қамтылған. Былтыр Бақай батыр мен Тілеуғұл батыр көшелеріне электр жарығы тартылған. Ауызсу мәселесі толығымен шешілген.

Мектеп мәселесіне келетін болсақ, ауылдағы Балқаш бастауыш мектебінің ғимараты 45 жыл бұрын, 1978 жылы салынған. 150 орынға есептелген білім ордасында бүгінде 5 бала оқиды. Ауылдың және шаруа қожалықтарының 7-18 жасқа дейінгі балалары Талдықорған, Үштөбе қалаларындағы мектеп-интернатта оқиды. Сол себепті де ауыл мектебінде бала саны аз. Алдағы уақытта Балқаш бастауыш мектебі жанынан интернат ашу жоспарда бар. Осыған қатысты аудандық білім бөлімі тарапынан талдау жасалып жатыр, – делінген хатта.

Ал ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтудағы қиындықтарды да сөз еткенбіз. Ол жайлы: «Өткен жылы Байшегір ауылдық округі бойынша 75 адам аудандық Жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелсе, оның 7-і Ақжар ауылының тұрғыны. Сондай-ақ, Ақжар ауылының 3 тұрғыны қоғамдық жұмысқа тартылған. «Электронды еңбек биржасы» ақпараттық порталында «Бастау бизнес» жобасы шеңберінде 4 адам кәсіпкерлік негізінде оқыған. Өткен жылы жаңа бизнес идеясын жүзеге асыру мақсатында Ақжар ауылының бір тұрғыны 1 225 200 теңге мемлекеттік грант алған», – делінген хатта.

Тұрғындар тарапынан ауыл шаруашылығы жер мәселесі бойынша да ұсыныс түскен болатын. Онда инвесторлардың әлегі туралы айтылған. Ал хатта: «2020 жылы «Темірқазық С.К» ЖШС инвестициялық жоба үшін жалпы алаңы 310 гектар жер телімін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен 10 жылға жалға алған болатын. Алайда, былтырғы 10 қарашада Жетісу облысы аймақтық үйлестіру кеңесінің №3 хаттамасы негізінде «Темірқазық С.К» ЖШС жобасы инвестициялық жоба мәртебесінен айырылды. Қазіргі таңда аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдері жерді мемлекет меншігіне қайтару үшін Жетісу облыстық экономикалық сотына арыз түсірді. Сот шешімі шыққан соң жалпы алаңы 310 гектар жер тұрғындарға конкурс негізінде беріледі», – депті.

Сондай-ақ, хатта Ақжар ауылын дамытудың болашақ жоспары жасалып жатқаны айтылып, сол қатарға суаруға арналған су тарту насосын жаңарту және орнату жұмысы енгізілетіні, биыл ауыл көшелері толық жарықтандырылатыны айтылыпты.

Әрине, қордаланған мәселе бір күнде шешіле салмайды. Бірақ, хатта уәде етілгендей мектеп балаға толып, жер тұрғындарға қайтарылып, жұмыссыздық мәселесінің шешілуіне сәтті қадам жасалса, біздің де арманымыздың орындалғаны.

Қаратал ауданы

Жарқын болашаққа нық қадам

AMANAT

«AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының сайлауалды штабы, ҚР Парламенті Мәжілісі, облыстық, қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттар, партия жақтастары, белсенді жастар Талдықорған қаласы бойынша «Есіктен есікке» акциясына қатысты.

Шара барысында үгіт-насихатшылар партияның осы уақытқа дейін атқарған жұмыстары мен бастамаларын қала тұрғындарына таныстырып, саяси науқанда «AMANAT» партиясын қолдауға шақырды.

Жетісу – аграрлы аймақ. Мұндағы тұрғындардың 56 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Дегенмен, облыстағы барлық ауылшаруашылық техникаларының 65 пайызы, су шаруашылығының нысандары 70%-ға тозған. 2027 жылға дейін 600 дана ауылшаруашылық техникасын лизингке алуға, өңірдің басты бренді қант қызылшасы егілетін алқапты 12 мың гектарға ұлғайтуға, жаңадан 900 мың гектар жайылымдық жер енгізуге мұрындық болмақ.

Шара барысында 100-ге жуық штаб мүшесі Талдықорған қаласы бойынша 1000-нан аса тұрғын үйді аралап, партияның 2027 жылға дейін жүзеге асыратын бастамаларын толықтай түсіндіріп шықты.

Қордаланған мәселе көтерілді

QAZAQSTAN HALYQ PARTIASY
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА

Қазақстан Халық партиясы үгіт-насихат жұмысын жүйелі жүргізуде. Айталық, Жетісу облысы бойынша штаб мүшелері Талдықорған қалалық емханасының жұмыс тобымен кездесу өткізді.

Партия өкілдері ҚХП-ның бағдарламасын жан-жақты түсіндіріп, алдағы жоспарларға тоқталып, 19 наурызда өтетін Қазақстан Республикасының сайлауына қатысудың маңыздылығын атап өтті.

Келесі кезекте ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттар сайлауалды үгіт-насихат жұмысын Сыр елінде жалғастырды. Спикер қызылордалық көпбалалы аналармен кездесіп, Халық партиясының сайлауалды бағдарламасын таныстырды. Халық партиясы балабақшадан бастап қазақстандықтарға медициналық қызмет көрсету мен білім беруді тегін етуді қолдайды.

Жиында әлеуметтік саладағы қордаланған мәселелер де айтылды. ҚХП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қанатбек Маханов ауылдық жерлерді және ауылшаруашылық саласын дамыту, таза су, жарық, жол мәселесін тілге тиек етті. Жиын соңында көпбалалы аналар көкейіндегі сауалдарын жолдап, тұшымды жауап алды.

Қызу жұмыс жүруде

Сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстарын белсенділікпен жүргізіп жатқан «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының» өкілдері Текелі қаласында жергілікті тұрғындармен кездесу өткізіп, сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Саяси ұйымның жақтастары бұған дейін күллі Қазақстан бойынша 300-ден астам кездесу өткізген болатын. Бұл межені енді 500-ге жеткізуді жоспарлап отырған ЖСДП өкілдері ұйымдастырылған іс-шаралардың нәтижесін әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына жариялап келеді.

Осындай мақсатта моноқала жұртшылығына түрлі үнпарақтар мен буклеттер таратқан партия белсенділері Текелінің халық көп жиналатын орындарына барып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Партия өкілдері Ж. Мұқаманов, Б. Жазылбеков, Н. Сайлаубай тыңдаушыларға отандық туризмнің орталығына айналуы тиіс кенді қаланың мүмкіндігін түсіндіріп, тұрғындарға көрсетілер әлеуметтік қолдауды жан-жақты талқылады.

Табысты кездесу

Қазақстанның Демократиялық Партиясы
АҚ ЖОЛ
Демократическая Партия Казахстана

«Ақ жол» демократиялық партиясының өкілдері Жетісу облысында кездесулер өткізіп, жергілікті жұртшылыққа партияның сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Талдықорғандағы «Қайнар» аккумулятор зауытына арнайы барған партия төрағасы Азат Перуашев пен орынбасары Қазыбек Иса еңбек ұжымына сайлауалды бағдарламада қамтылған бағыттарды таныстырып, келешекке межеленген міндеттерді түсіндірді. Атап айтқанда, үлкен қалалардағы қалыптасқан инфрақұрылымның өзекті мәселелерін талқылап, оларды түзетудің жолдарын қарастырды.

Кездесуде таза ауызсу, электр қуатының бағасы, жолдардың сапасы және тұрмыстық қалдықты өңдеу сынды өзекті сауалдар қойған тұрғындардың сұрағына лайықты жауап қайтарылды.

Жұртшылықты тыңдады

РЕСПУБЛИКА
САЯСИ ПАРТИЯСЫ • ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ

«Respublica» партиясы атынан сайлауға түсіп жатқан кандидаттар Текелі қаласының тұрғындарымен кездесу өткізді. Сондай-ақ, партияның облыстық филиалының мүшелері «Artsport» өкілдерімен кездесіп, балалардың спортпен айналасуына қолайлы жағдай жасау сынды мәселені қозғады.

Сонымен қатар, партияның негізгі идеясы, оның алға қойған мақсат-міндеттері айтылып, жиынға қатысушыларға арнайы таратпа материалдары мен брошюралар берілді.

Сондай-ақ, облыс орталығы Талдықорған, Текелі қалаларындағы орталық базардағы сауда орталықтарында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген партия белсенділері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдеріне және өзін-өзі жұмыспен қамтушы азаматтарға сайлауалды бағдарламаның басым бағыттарын таныстырып, көпшілікті толғандырған сауалдардың жауабын бірге қарастырды.

Атап айтқанда, облыстық мәслихатқа кандидаттар Ерлан Андаспаев пен Гүлназ Мұстафа жергілік жұртшылыққа биылғы сайлаудың ерекшелігін түсіндіріп, көпшіліктің көңілін алаңдатқан тақырыптарды талқылады.

Ауылдардың инфрақұрылымы қалпына келеді

АУЫЛ
ХАЛЫҚТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНО-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАТРИОТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ

«Ауыл» партиясы сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын Атырау облысында жалғастырды. Кандидаттар Махамбет ауданына барып, сайлаушыларымен кездесті.

Одан кейін Атыраудағы Абай орталығына барып, партия мүшелері ұйымдастырған көрмені тамашалады. Келушілер назарына белгілі суретші Камила Жапалованың еңбектері ұсынылды.

Жетісу жеріндегі «Ауыл» партиясынан үгіт-насихат жұмыстары белсенді жүруде. Парламент Мәжілісіне, облыстық мәслихат депутаттығына кандитаттар Көксу ауданындағы Жамбыл, Ақтекше, Зылиха Тамшыбай, Жарлыөзек, Балпық би ауылдарында тұрғындармен кездесті. Жиында елді мекендегі шаруашылықты өрістету, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру мақсатында қолға алынып жатқан ауқымды жұмыстар сөз болды.

Қоршаған ортаны бірге қорғайық!

BAYTAQ
JASYLDAR PARTIASY

«Байтақ» жасылдар партиясының өкілдері жергілікті өзін-өзі басқару органдары туралы жаңа заң қабылдау қажет екенін айтты.

– Бүгінгі таңда әлеуметтің жергілікті басқару жүйесімен байланысы жоқ. Сол үшін жаңа заңды тез арада қабылдауымыз керек. Егер біз Парламентке баратын болсақ, жергілікті өзін-өзі басқару заңын қолға аламыз. Сол арқылы біз жергілікті халықтың билікке дауысы жететіндей етіп жасаймыз, – деді партия жетекшісі.

Алматыда «Байтақ» жасылдар партиясының белсенділері мен жас спортшылар веломарафон ұйымдастырды. Іс-шараға қатысушылар мәдениет және демалыс саябағынан бастап, шаһар көшелері арқылы 10 шақырымды бағындырды.

Саяси құрылым өкілдері осы арқылы қоғам арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, күнделікті автокөліктен гөрі велосипедті жиі пайдалануды насихаттауды көздеп отыр. Белсенділер жастардың бос уақыттарын таза ауада тиімді өткізуі маңызды дейді.

✓ АЛДАСПАН

Жыр құлагері



> Ілияс Жансүгіров өмірі халық тарихындағы өте бір күрделі кезеңде өтті. Сол дәуірдің барлық қарама-қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында өмірін шындық іздеумен өткізді. Тауқыметті жылдар тез есейтіп, қаламына қайрат бітірген қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға.



Қазақ поэзиясы ой жағынан толысып, көркемдік жағынан кемеліне келіп, пайымды парасаттылық сипаттарға ие болып, ауыр жүкті арқалап, алып шыңға көтерілді десек, оған Ілиястың қосқан қазынасы, жұмсаған күші, төккен тері аз емес.

Алайда, Ілияс Жансүгіров те сол замандағы тоталитарлық режимнің құрығына ілініп, 1937 жылы тамызда қамауға алынған. 44 жасқа жетпей жатып-ақ темір тордың жендеттерінен аяусыз тепкі көріп, жаны мен тәні азапталып, сұм саясаттың құрбаны болды. Сот барысында Жансүгіров Қазақстанды қарулы көтеріліс арқылы КСРО-дан бөліп әкетіп, Қазақ буржуазиялық мемлекетін құруды көздеген контрреволюциялық буржуазияшыл-ұлтшыл, көтерілісші-террорист және бүлдіруші-зиянкес ұйымның мүшесі болды деген айып тағылды.

Ілиясты қамауға алған күнінің ертеңінде, 1937 жылғы 12 тамызда бірінші тергеу жүргізілді. Тергеу айыпкердің өмірбаянын анықтаудан басталыпты. Осы мақсатта арнайы бланк түрінде орындалған тергеу хаттамасы ретімен жазылған. Тергеуші Ілиясқа тікелей мынандай сауал қояды: *«Тергеу сіздің контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымының мүшесі екеніңізді анықтады. Өзіңіздің және сізге белгілі адамдардың іс-әрекеттеріне жауап беріңіз». Жауап: «Мен контрреволюциялық ұйымға мүше болған емеспін және ондай ұйымның бар екенінен хабарсызбын».*

Келесі тергеуге Ілиясты бір жұмадан кейін, 1937 жылдың 19 тамызында әкеледі. Үш адам бірдей тергеу жүргізеді. Олар Қазақ ССР-і Ішкі Істер наркомы Залин, МХБ НКВД-нің өкілетті өкілдері Кисилев пен Иванов тергеу протоколын құрастырған НКВД-нің хатшысы Глухов, бәрінің де қолы қойылған. Нәтижесінде Ілияс бір түнде контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымының мүшесі болып шыға келді.

1937 жылғы 4 қарашада Иванов, Луканиндер Ілиясты келесі, үшінші тергеуге алдырады. Бұл тергеу барысында *«Ілияс Жансүгіров 1931 жылдан бастап контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған»* деген тұжырым жасалған. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2,58-8,58-11 баптарына сәйкес қылмыстық жаза – атуға кесілді. Үкім орындалды. 1938 жылдың 26 ақпанында 37 адамнан тұратын тізімде №8 болып Ілияс Жансүгіров, №25 болып Бейімбет Майлин, Жұмат Шаниндер атылып кетті. Сөйтіп 1937-38 жылдар аралығында саяси қуғын-сүргіннен қазақ халқы сандық жағынан да, сапалық жағынан да адам айтса сенгісіз қасіретке ұшырады. Қазағымыздың бар қаймағы сылынып алынды.

Алайда, НКВД Ілиястың әйелі Фатима Ғабитоваға 1938 жылғы 10 маусымда «Ол 10 жылға сотталды» деп хабарлаған. Бірақ оның қай түрмеде, қай қалада отырғаны жайлы мәлімет айтпаған. Соған алданған Фатима 10 жыл бойы Ілиястан күдер үзбеген. Оның азабы, алданышы, күдігі, қорлығы өз алдына. 10 жыл өткен соң да бір хабары болмаған Ілиясты іздеп Фатиманың жазған хатына жауап ретінде 1955 жылы 9 мамырда *«Ілияс Жансүгіров 1949 жылы 19 сәуірде инфарктен қайтыс болды»* деген өлім жайында жазған куәлік те береді.

Ілиястың 1957 жылы 4 сәуірде ақталғанын СССР Жоғарғы Сотының әділет полковнигі П. Лихачев сол жылы 12 сәуірде арнайы мәлімдейді. *«Ілияс Жансүгіровтің ісінде ешқандай қылмыстың белгісі болмағандықтан ақталды»* делінген. Ақын ақталғаннан кейін де сүйегі қайда екенін көпке дейін біле алмады.

1937 жылдың күзі, 1938 жылдың көктеміне дейін жазықсыз жапа шегіп, атылған боздақтарымыз Алматы облысы, Талғар ауданы, Жаңалық ауылы маңына көмілгені, оның ішінде Құлагер ақын Ілиястың да мүрдесі болғаны анықталды. Бүгінгі таңда Жаңалық ауылының маңында репрессия құрбандарына қойылған азалы ескерткіш-мемориал бой көтерді.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді», – деп Ілияс ақынның өзі айтқандай, ақын ақталғаннан кейін оның 70, 80, 90, 100, 120, 125 жылдық мерейтойлары тойланды, жинақтары қайтадан баспа беттерінде басылды. Бірнеше ірі мекеме, аудан орталығы орналасқан ауыл (бұрынғы Абакумовка), облысымыздың аудандарында 3 мектеп ақынның атына берілді.

Жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің шығармаларын көпшілік арасына кеңінен насихаттау мақсатында жер жәннаты Жетісудың орталығы Талдықорған қаласында 1984 жылы ақынның әдеби музейі ашылып, халыққа қызмет етіп келе жатқанына 39 жыл болды. Бүгінгі күні Ілияс Жансүгіров шығармашылығы мен қоғамдық қызметтеріне қатысты сирек материалдарды, 6 мыңнан астам құнды жәдігерлерді көруге көрерменнің қызығушылығы артуда. Жылына 10000-ға жуық көрермен музейдің жұмысымен танысып, тамашалайды.

Саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақтың Құлагер ақыны, Жетісу жерінің желдей ескен жүйрігі, сұлу сөздің зергері Ілияс Жансүгіровті еске алу, оның шығармашылығы, өнегелі өмір жолымен жастарды тереңірек таныстыру ұдайы жүріп тұрады. Өткен тарихымыздан тағылым ала отырып, олардың санасына тарихи шындықты жеткізу мақсатында ақын музейінде жыл сайын еске алу кештері, тақырыптық экскурсиялар, лекциялар өтеді. Жылжымалы көрмелер ұйымдастырылып, ақынның рухына Құран оқылып, зиярат жасалады.

Ұлы суреткер өзінің өмірбаянымен бірге, халқымыздың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, мінез-құлқын жан-жақты толғаған заңғар талант еді. Қазақ халқы барда, егеменді еліміз тұрғанда ұлтын сүйген ақын Ілекеңнің аты асқақтай береді. Оның себебі Ілияс – қазақ поэзиясының «Құлагері», құлагер тұлпар, оның шабысы ғажап, жерде боран, көкте ұшқан құспен ғана жарысатын жүйрік. Тұлпар текті ол сонынан оттап, тұнықтан тататын, жаны да, тәні де сүттен ақ, судан мөлдір жан. Сондықтан ол мәңгі жасай бермек.

Нұргүл ЖАУЫНБАЕВА,
І. Жансүгіровтің әдеби музейінің меңгерушісі
Талдықорған қаласы

✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

СҰПТАЙДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ ПА?!



Кезіндегі Талдықорған облысында дүркіреп тұрған екі есім, екі ауыл болды. Оның бірі – қант қызылшасын өсірумен даңқы шығып, «Дала академигі» атанған Нұрмолда Алдабергеновтың Шұбар ауылы, екіншісі, Ұлы Жібек жолының бойындағы ұлан-ғайыр кең даланы игеру мен жемісін теруге көпшілікті ұйымдастыра білген, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Николай Головацкийдің ұжымшары болатын. Бүгінде Жаскент ауылдық округіне қарайтын Сұптай ауылы сол Головацкийдің қол табы қалған, жұлдызы жанған ауылдардың қатарында еді. Өкінішке қарай, 2011 жылы «Болашағы жоқ ауыл» санатына қосылып, шаңырағы шайқалып, қабырғасы қаусағанымен, ауылдастардың қажырлы еңбегі, ынтымағы мен берекесінің нәтижесінде 2016 жылы бұл санаттан алынған. Бірақ сол бірнеше жылдағы қиын күндерде ауылдың берекесі кетіп, бүлінгенін ауылдастар қынжыла баяндады.

Қажет АНДАС

ТІЛЕБАЛДЫ АТАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Бала күнімізде көп дүниені ескермеппіз. Есейе келе, туып-өскен ауылымызда еңбек етіп жүріп, қолымыз босамады. Енді, міне, ауыл тарихының жастарға керегін сезініп, екі-үш жылдан бері ауыл тарихы жайлы кітап жаза бастадым. Алдымен мені Сұптай деген атау қызықтырды. Іздене жүріп, ақыры оның құпиясын да тапқандай болдым. Сөйтсем, Сұптай моңғол тілінде меруерт, Шежін – төскей, Қонақай – біліктөр, Нәдек – той орны, Дүпшінкөл – Тынық көл, Бұланқара – Алтын жер деген мағына береді екен. Жер атауын анықтап алған соң осы ауылда қуғын-сүргінге ұшыраған, соғысқа кеткен жерлестеріміз жайлы ізденіп, талай есікті ашып көріп едім. Толық тізімін әлі де анықтай алмай келемін.

Сұптай ауылына 1954 жылы көшіп келдік. Ол кезде ұжымшар жаңадан құрылып жатқан тұс еді. Ауылдағы Абыл Сағымбеков, Нұржамал Отынбекова, Омар Ақбаев, Галошок Семион, Әлімбатыр Төлебаев отбасыларына алтыншы үй болып қосылдық. Әлімбатыр аға ұжымшардың қойын бағады екен. Бірақ кәрілік меңдетіп, көзі нашарлағандықтан қой бағу қиындай түседі. Осыны ескерген Головацкий әкеме Әлімбатыр ағаның жұмысын атқаруға ұсыныс етеді. Біз осылай көшіп келдік. 1955 жылы Қытайдан қандастарымыз келе бастады. Сол қатарда әкемнің жиені Қалимолда Жанпейісов те осы ауылға қоныстанды. 1956 жылы көшіп келгендердің қатары көбейіп, 20 шақты отбасы болды. Ол кезде бұл аумақ Жаркенттегі балалар үйіне қарасты болған екен. Отбасы көбейген соң Головацкий бұл жерді ұжымшарға қосып алады. 1957 жылы осы маңдағы бірнеше ұжымшар бірігіп, оған Октябрьдің 40 жылдығы деген ат берді. Сонымен тұрғындар мен бала артып 1956 жылы алғаш рет екі бөлмелі бастауыш мектеп ашылды. Бір бөлмесінде Зайнудин Сәбитов деген мұғалім тұрды да, екіншісінде балалар оқитын. Сұптай ауылының іргесі осы 1956 жылы қаланды десек те болады. 1962 жылы шекара ашылып, арғы беттен өткен ағайындар осы ауылға орналасып, қатарымыз көбейе түсті.

1970 жылдан бастап ауылдың тіршілігі түзеліп, желі оңынан туа бастады. 1971 жылы спортзалымен қоса мектеп, оның жанынан 240 орынды Мәдениет үйі бой көтерді. 1984 жылы 120 орынды балабақша, сол сияқты монша, пошта үйі, дүкен, медпункт, тағы да басқа халыққа қызмет көрсету орындары арт-артынан салынып, тұрғындардың жағдайы жақсара түсті. Ауылдастар кезек-кезегімен тегін үймен қамтамасыз етіле бастады. Өз еркімен баспана тұрғызамын дегендерге жер телімі және 50 пайыз жеңілдік қарастырылды. Қысқасы, ауылдың атағы алыс-жақынға дүркіреп тұрды. Мәдениет үйінің 2-қабатында кітапхана да болды. Ауыл еңбеккерлері қолы босай қалғанда сонда жиналып, кітап оқитын. Басқа да мәдени шаралармен айналысатын. Қазақтың маңдайына біткен талай нарқасқа ұлдары Мәдениет үйіне келіп, концерт қойып, жұртты серпілтіп тұратын.

Головацкий марқұм өле-өлгенше: «Ұжымшарды таратпаңдар!» деп өтінумен кетті. Бірақ біз ол өтінішке қарсы жұмыс жасадық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жоспарсыз жасалған қиянаттар қолда бар байлықты бұзып-шашып, талап-тонап, бәрін бітірді. Ішілген шайдың самасын кептіріп, қайта қайнатып ішкен, нанның орнына кебек жеген күндерді бастан өткердік. 2005 жылы Головацкий мен Сұптай ауылы қосылып, Жаскент ауылдық округі болып құрылды.

Бір күні ауылды айналып келе жатсам, ауылымыздың азаматтары Мәдениет үйінің артынан кіріп, ішіндегі керек-жарақ, құрал-жабдықтарды тонап жатыр екен. Сол тұстағы ауыл әкіміне, құқық қорғау саласының өкілдеріне жағдайды мәлімдедім. Назар салған адам болмады. Сонымен әбден тоналған мектеп пен Мәдениет үйінің ғимараты қаусаған күйі ширек ғасырдан бері қаңырап тұр.

Ақсақал осы тұсқа келгенде көзін бір сығымдап алды. Қайтсін енді, балалық, жастық дәуірінің қызықты кездері есіне түсіп кетті ғой.

ҚАБЫРҒАСЫ ҚАУСАҒАН МЕКТЕП

Сұптай ауылының батыс жағында атшаптырым аумаққа салынған мектептің қаңқасы тұр.

– Көне мектеп ғимараты 1971 жылы салынып, қолданысқа берілген. Бір қабатты ғимаратқа спортзал, шеберхана, сынып бөлмелері орналасқан. 80 орынға арналған мектептің жалпы аумағы 1,371 гектарды құрайды. Қабырға материалы қызыл кесек, іргетасы цементпен құйылған, төбесіне қағылған тақтайлар, шатыры асбест шифермен жабылған. 1998 жылы жылу жүйесінің жоқтығы себепті ғимарат жабылған. 2011 жылы «Алматықұрылысэксперт» ЖШС сараптама жасап: «Мектептің ғимараты жарамсыз, жойылуға берілсін» деген техникалық қорытынды шығарады. Сол жылы білім ордасы жабылып, жанындағы балабақшаға көшіріліп, осы күнге дейін сол ғимаратты мектеп орнында пайдаланып келеміз, – дейді Сұптай орта мектебінің директоры Руфат Толымбеков.

Кезінде осы ортадан түлеген талай шәкірт бүгінде елдің құрметіне бөленіп, жұрттың алдында беделін өсіріп жүр. Бірақ берекесі кеткен білім ордасына назар аударған бірі жоқ.

– Осы мектепте алғаш ұстаздық жолымды бастадым. Ол кезде 30-дағы жастар едік. Бүгін зейнеткерміз. Алғаш ашылуында лентасын қиғанның бірі едік. Гүлбақан, Тұрсынқан, Ерқанат, Ербосын сияқты мұғалімдер болды. Сарыбел, Сұптай, көрші ауылдың балалары осында оқыды. Сол балалардың көбі Астана, Алматы, Талдықорған қалаларында маңызды орында жұмыс істейді. Ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау саласында үлкен жетістікке жеткендері де көп. Олардың бәрі «Сұптайда туғанбыз» деп мақтанады, – дейді зейнеткер Рәзимаш Өмірзақова.





Дегенмен, «Өзі болған келін төркінін танымайды» дегендей, мектептің бүгінгі жағдайы сұптайлықпын дейтін әрбір азаматқа сын болатыны анық. 2015 жылы Сұптай орта мектебінде 159 бала оқыса, бүгінде 203 бала білім алуда. Мектепке дейінгі бала саны да 70-ке жеткен. Демек, жыл өткен сайын мектепке келетін балалардың қатары көбейіп, аядай балабақша тарлық етуде. Ал көне мектепті қайта жаңғырту ісі қайта-қайта көтерілгенімен, жуыр маңда жөнделе қоятын түрі жоқ.

ДӘНЕШ ӘН САЛҒАН МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Есік-терезесі, ішіндегі керекке жарайтын заттары түгелімен тоналған Мәдениет үйінің ішкі және сыртқы қабырғаларындағы көрнекі суреттер әлі де сол қалпын бұзбапты. «Бізде талай думан, той өткен» деп өткен күндерді еске салып тұрғандай.

– Мәдениет үйі алғаш ашылған тұста осындағы қызметкерлердің жағдайы жақсы болды. Біз ауыл-ауылды аралап, концерт қоятынбыз. Түрлі мерекелік шарада алтыбақан теуіп, көкпар ойынын көрсетіп, әжелер сайысын, келіндер сынын өткіздік, қандай шара болса да ауылдастар өнер көрсететін. 8 наурыз – Халықаралық аналар мерекесі, Наурыз мейрамы, тағы да басқа айтулы күндерді осында атап өтетінбіз. Жастармен, апалармен де жұмыс істедік. Сол кезде Света Рахымжанова апайымыз директор, Бибігүл Қалыбаева, Алма замандасыммен талай көңілді күндерді кештік қой. Кейін тоқырау жылы басталды да, Мәдениет үйінің халі мүшкіл тартты. Біраз жыл жанашыр жандар қорғағанымен, ол кісілер кеткен соң талан-таражға түсе бастады. Өкінішке қарай, бүгінгі қалпын көріп, көңіліміз бұзылады, – дейді Сұптай ауылының тұрғыны Сәбетхан Мамаева.

Ауыл азаматтары ғимараттың айналасын реттеп, ағашын кесіп, ішінің қоқыр-соқырын тазалап тұрғанымен, өнердің үні естілмегеніне біраз жыл болыпты. Мәдениет үйінің сыйқы кетіп тұрса да сұптайлықтар: «Бұл үйдің сахнасында Нұрғиса Тілендиев өнер көрсетіп, Дәнеш Рақышев, кейінгі кезде Жанар Айжанова, тағы да басқалары ән салған», – деп мақтанады.

Ауыл әкімдігі де Мәдениет үйін қайта қалпына келтіру үшін қам жасап жатқан көрінеді. Бірақ, бәрі қаржыға тіреледі ғой. Тиісті орындарда қандай жоба-жоспарлардың бар екенін білмедік.

БАЛАБАҚШАНЫ КІМ САҚТАП ҚАЛДЫ?

1984 жылы 120 орынға есептеліп салынған балабақша 1998 жылдан бері Сұптай орта мектебінің базасына айналған. Қазіргі таңда мектептегі 203 бала 8 кабинетте екі ауысыммен білім алады. Білім шаңырағында спортзал, жиынжай, шеберхана деген атымен жоқ. Аядай ғана бір бөлмеде бірде концерт қойып, енді бірде денешынықтыру пәні өтіп, тағы бір күні жиналыс ашып, әбден ығырын шығарып бітіпті. Қайта балабақша ғимаратының сақталып қалғанына да шүкір дедік.

– Балабақша алғаш ашылғанда 120-дай бала болды. Ата-аналары ауыл шаруашылығында, мектепте, бордақылау алаңында жұмыс істеді. Ал балалары осында тәрбие алды. Тоқырау жылдары басқа ауылдағы балабақшалар тоналып, бүлініп, сатылып жатқанда Қасқырбай Тоқтасынов ақсақал күндіз-түні балабақшаны күзетіп, шып-шырғасын шығармай ұстап тұрды. Біз ол кісінің тұрмыстық жағдайын қамтамасыз еттік. Кейін көне мектеп жарамсыз деп танылған тұста 9 адам комиссия құрып, балабақшаны ішіндегі құрал-жабдығымен мектептің балансына өткіздік. Сол кездегі мектеп директоры Ғалымжан Ырысбаев балабақшаның заттарын сатып, оны қайтадан жаңғыртып шықты. Қанша ыңғайсыз, қолайсыз болса да содан бері балалардың білім алуына септесіп келеді. Бірақ заманға сай тәрбие жұмысымен айналысу үшін көне мектепті қайта қалпына келтірмей немесе жаңа мектеп салмай болмайды, – дейді зейнеткер Тұрсынбүбі Сағымбекова апамыз.

Сұптайлықтардың мұңы мұнымен бітпейді. Жыл өткен сайын тұрғындардың саны артып, сәбилер көбейген сайын оларға көрсетілетін медициналық көмектің де салмағы арта түскен. Ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункттің жағдайы сын көтермейді.

– Бұл пункттe екі-үш адам жұмыс істейміз. Ауылда 980 тұрғын бар. Бізге бір «Жедел жәрдем» көлігі кемшін болып тұр. Егер сол мәселе шешілсе, «Жедел жәрдемді» қаладан шақырып, сырқаттанған тұрғындарды абыржытатын жағдайдан құтылар едік, – дейді дәрігер Кеңес Талапұлы.

Тағы бір мәселе, ауылдағы пошта қызметінің нашарлығы. Оларға пошта арқылы жеткізілетін дүниелер көрші Бірлік ауылдық округінің орталығы Алты үйдегі пошта қызметкерлері арқылы келіп тұрады.

АУЫЛДА ЖҰМЫС ТОҚЫРАП ТҰР ДЕГЕННЕН АУЛАҚПЫЗ. АУЫЛ ӘКІМІ РУСЛАН КЕРІМҚҰЛОВТЫҢ АЙТУЫНША, ИНТЕРНЕТ ЖАҚСЫ ІСТЕЙДІ, ЭЛЕКТР ЖАРЫҒЫ, АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ТОЛЫҒЫМЕН ШЕШІЛГЕН. АУЫЛДАҒЫ 8 КӨШЕ РЕТ-РЕТІМЕН АСФАЛЬТТАЛЫП, ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛУДА. АУЫЛҒА АМБУЛАТОРИЯ САЛУ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРҒА ЕНГІЗІЛІП, ЖЕР ТЕЛІМІ БӨЛІНГЕН, КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ САЛЫНАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ. АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҰЙЫМШЫЛ ӘРІ АУЫЗБІРШІЛІГІ МЫҚТЫ.

ДЕМЕК, «СҰПТАЙ АУЫЛЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ» ДЕП АЙТУҒА КЕЛМЕЙДІ. ҚАЙТА БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЫН АЙҚЫНДАП, БАҒЫТЫН ТҮЗЕП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН БАЙҚАДЫҚ. ТЕК МЕКТЕП ПЕН МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАҢҒЫРЫП, АМБУЛАТОРИЯ САЛЫНЫП, ПОШТА ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРСА, АЛЫСТА ЖҮРГЕН ТАЛАЙ ЖАС АУЫЛЫНА ҚАЙТА ОРАЛАР ЕДІ.

Сұптай ауылы
Панфилов ауданы

✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ӘКІМГЕ ЗӘРУ АУЫЛ, ДИРЕКТОР ТҰРАҚТАМАЙТЫН МЕКТЕП

Халқымызда: «Жүргенге жөргем ілінеді» деген нақыл бар. Журналист болып жер шалып жүрген соң неше түрлі қызық жағдайға кездесіп, ел ішіндегі қордаланған мәселелерді көресің. Оның бәрін бірден шешіп тастауға қауқарың жетпесе де елдің жағдайын көріп, өкпе-ренішін тыңдап, үміт-тілегінің орындалуына септессем деп талпынасың.

Бірде қаршадай қызбен сапарлас болдым. Өзін: «Ақсу ауданы Қосағаш ауылында тұрамын», – деп таныстырды. Жас та болса әр нәрсеге парықпен қарап, байыппен ой түйетіндігі жылы жүзінен білініп тұр. Менің журналист екенімді білген соң туып-өскен, бүгінде еңбек етіп жүрген ауылының жағдайын әңгімелей бастады. Көңілі толмайтын келеңсіздіктерді жасырып-жаппай, бар қалпымен баяндағанын да біліп отырмын.

Қоштасар сәтте:

– Журналистерді көп тани бермеймін. Сізбен кездескеніме қуаныштымын. Ауылдың жайын жасырмай айттым. Егер уақытыңыз бен мүмкіндігіңіз болса біздің ауылда шешілуге тиісті дүние көп. Соны бір жазып берсеңіз? – деп өтінді.

«Аудан орталығында жаңадан салынған спорт кешеніне барыңдар» деген жауап алыпты. «Жансүгіров кенті мен Қосағаштың арасына күніне 400 теңге шығындап, балаларын таксимен тасып жүруге екінің бірінің жағдайы келмейді», – деп шырылдайды ауылдастар. Мектептегі балалар бір ауысымда оқиды делінгенімен, бала саны ең көп сыныпта 17, кейбірінде 5-6 ғана бала. Қыста сыныпта қалың шапандарымен отыруға мәжбүр. Балалар жаурап қалмасын деп мұғалімдер де 45 минуттық сабақты 30-35 минутта бітіріп тастауға асығады. Мектеп директорымен жолығып, білім шаңырағының жағдайын білмекке тырыссақ та кездестіре алмадық.

«Естіген құлақта жазық жоқ» дегендей, Қосағаштың мектебіне директор тұрақтамағалы біраз болыпты. Мектеп директорының міндетін атқарушы болып директорлық қызметке кіріскендер 3 ай отырған соң сынақтан сүрініп, орнына басқа біреуі келеді екен. Әрине, әр қызметке кіріскен адамның өзінің жеке талабы, тәртібі, міндет-жоспары болады. Сонысымен әріптесіне жақпай қалады. Ал 3 айдан соң орнынан алынып, айналасына қадірі қашады. Бұл жағдай Қосағаштағы мектеп ұстаздарының түсініспеушілігімен бірге білім сапасына да, материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға да кері ықпал етуде.

– Ақсу ауылындағы «Мамания» мектебін күрделі жөндеуге 80 млн. теңге қаржы бөлініпті деп естідік. Ол мектеп осыдан 3-4 жылдың алдында жөнделген еді. Сол қаржының бір бөлігін біздің ауылдың мектебіне бөлсе, жыртық-тесігіміз жамалар еді, – деп мұң шақты ауыл тұрғындары.

Оның шын-жалғандығын тексере алмадық. Анығын тиісті мекемелерден сұрап білетінімізді айттық. Десе де «Ауыл мектебіндегі олқылықты тезірек шешкен абзал» деген ойға келдік.


Шешімін күткен мәселе көп

Ауылдағы ағайындарды алаңдататын басты нәрсе – су тапшылығы, егістік жердің жоқтығы, жайылым жердің аздығы. Үлкендердің айтуынша, Қосағаш ауылының іргесі 1930 жылдары қаланып, экономикалық-әлеуметтік жағынан тез көтеріліпті. Кезінде малы мыңғырып, егіні жайқалып, алыс-жақынға атағы тез жайылыпты. Кезінде осы ауылдағы бірнеше мың гектардан астам суармалы жерге дәнді-майлы дақыл себіліп, қант қызылшасын өсірген екен. Бірнеше он мың тұяқ мал осынау даланың байлығын еселепті.

– Ауылда 12 отар қой, 240 бас сауын сиыр тұратын сүт фермасы болды. Ал 2 мың гектарға қызылша себілетін. Оның сыртында майлы, дәнді дақылдарды есептей беріңіз. Ол кезде судан тапшылық болмайтын. Сарқаннан бері тартылған каналдардан су үзілмеуші еді. Тіпті, ауылдастар ауласына неше түрлі көкөніс егіп, қысқы азығын қамдап алатын. Алқаптан жоңышқа шабылып, мал азығынан да тарықпайтын. Қазір канал қирап бітті. Судың тапшылығынан ауылдастар ауласын өндей алмайтын жағдайға келді. Аула түгілі, ала жаздай егістікке су таппай қиналамыз, – деп мұң шақты ауылдастар.

Айта кетерлігі, Ислам даму банкінің қолдауымен облыстағы суландыру жүйесін жаңғыртуға қатысты жұмыстар басталғалы біраз жыл болды. Қосағаштықтар да: «Осы бір таңдаулы жоба таңдайы кепкен далаға су жеткізіп, бар қиындықты еңсереді» деп осы күнге дейін сеніп келген екен. Жуырда: «Ақсу ауданындағы ирригациялық жүйелерді қайта жаңғыртуға орай бекітілген жобаға Қосағаш ауылы енбей қалыпты» деген хабарды естіп, үміттері су сепкендей басылыпты. Оның да анық-қанығын сұрап, білетін боламыз.

Ең қызығы, ата-бабаларынан осы жерде қоныстанып, ойы мен шұңқырын түзеп, тіршілік етіп келе жатқан мекеннің шұрайлы жерінің қызығын әлдебір инвесторлар көріп жүріпті. Мен кездескен тұрғындар олардың кім екенін де білмейді. Ауыл маңындағы ең шұрайлы деп есептелген 900 гектардан астам жер аты-жөні белгісіз инвестордың балансына өтіп кеткен. «Басында ауылға инвестиция тартылып, тұрғындар жұмыспен қамтылады» деп сендірген. Енді жұмыс та, жер де жоқ, ауламызға қарап телміріп отырмыз», – деп мұң шақты ауылдастар. Ал кезінде осы ауылдың бірнеше мың гектар жерінен шыққан өнімді төгіп, тазалап, қамбалап алатын қырман да бүгінде өзге біреудің қолында. Айналасы қоршалып, ауласына жаңа үйлер салынғанын алыстан көрдік. Есігінен сығалай алмасақ та оның іші жайнап тұрғаны белгілі, ал ауыл тозып, жүдеп барады.







Қажет АНДАС

Ақын Сара туған жер

Халқымызда: «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген сөз бар. Туған жер адамның кім болатынын, қандай өмір сүретінін белгілемесе де оның адами қасиеттерінің қалыптасуына өзіндік ықпалы болары анық. Қазақ айтыс өнерінің жарқын үлгісі саналатын атақты «Біржан сал мен ақын Сараның айтысы» Ешкіөлмес тауының бауырайында өтіп, сол жер бүгінде Ақын Сара ауылы деп аталғанымен Сара қыздың кіндігі сөз еткелі отырған Қосағаш ауылында кесілген.

– Анау көрініп тұрған тоғанның арғы тұсында Сара апамыз туған екен, – деп көрсетті Төлеуғали Нұрғалиев ақсақал.

Бұл ауылдың Ақын Сара ауылы деп аталған кезі де болыпты. Бір жылдары ақынын құрметтеген ел күрежолдың ауылға бұрылатын тұсына домбыра бейнесіндегі ескерткіш қойып, өнерге деген сүйіспеншілігін көрсеткен көрінеді. Өкінішке қарай, ары-бері өткен жүргіншінің көз сүйінішіне айналған сол ескерткішті жел шайқады ма, әлде, мал сүйкенді ме, құлатып тыныпты. Содан кейін ауыл азаматтары ескерткіштің орнына «Көкжайдақ» деген сөз жаздырып, іліпті. Бүгінде ауыл ресми түрде Ақсу ауылдық округіне қарасты Көкжайдақ ауылы деп аталады. Бірақ жұрт тегіс Қосағаш деп айтуға әдеттеніп кеткен.

Бір қызығы, Абай туған Шыңғыстау, Біржан туған Қожағұл, Ілияс туған Ойтоған, Мұқағали туған Қарасаз ауылын көріп, көңілденіп қайтып жүрміз ғой. Өкінішке қарай, Қосағаштың әр тұсынан «Ақын Сара осы ауылда туған» деген бірде-бір белгі таппай қиналдық. Бұл аудан, ауыл атқамінерлеріне де, осы ауылдан түлеп ұшқан, бүгінде әр жерде абыройлы еңбек етіп жүрген азамат-азаматшаларға да сын болатын дүние.

Оны қойшы, ауылдың бүгінгі халі тым мүшкіл.

Тағаны қалған нысандар

Еліміздегі шалғай ауылдарда бір ғана ортақтық бар – бүлінген, қираған, тоналған нысандар. Әр ауылдың кешегі берекесі тасып, тіршілігі қайнап тұрған жағдайын білетін үлкендер үшін осы көріністерді көрудің өзі ауыр.

Кезінде ауылда сауын сиыр фермасы жұмыс істеп, үш қабатты мектептен талай шәкірт боласақ бағдарын түзесе, екі қабатты балабақшадағы сәбилердің сыңғыр күлкісі ауылдың шырайын ашып тұрады екен. Ел ырысты болған соң тұрғындардың да берекесі бекем, араздасу, әлімжеттілік, заңсыздық атаулыдан аулақ болған. Өкінішке қарай, бүгін солардың елесін де таба алмайсың. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау тұсында ауылдағы бар дүние талауға түсіп, сауда орталығы мен балабақшаның тағанынан басқа түгі қалмапты. Жұмыссыздықтың салдарынан жастар қалаға көшіп, адамы жоқ қабырғасы қаусап, қаңырап тұрған үйлер көбейген. Оны кімдер бұзып, тасып әкетіп, қандай мақсатқа пайдаланғанын анықтау қиын.

– Мына өздеріңіз тұрған жер сауда орталығының орны. Кезінде іші азық-түлік, киім-кешек, күнделікті тұтынатын тауарға толып, берекемізді тасытып тұрушы еді. Бүгінде оның тағанынан басқа еш нәрсесі қалмады. Өкініштісі, ауыл болып, осы нысандарды қорғап қала алмадық, – деп мұң шақты ауыл тұрғыны Талғар Жұмағалиев.

Сауда орталығы орналасқан жердің бір шетінен ауыл азаматтары бірігіп, балалардың ойын алаңын салыпты. Бірақ ойнап жүрген бала көрмедік. Одан арырақта мешіт пен қатымхананы көрдік. Ауыл тұрғындарымен балалардың ойын алаңында кездесіп, әңгімелестік. Өйткені, ауылда мұнан басқа кездесетін жер де жоқ. Көпшілік белгілі бір мәселені шешетін кезде ауылдағы мектептің жиынжайына жиналады екен. Сырттан келген қонақтармен де сол жерде кездеседі. «Ауылдың жайын білу үшін балалардың ойын алаңы орналасқан жер ыңғайлы», – деп шештік.

Тұрғындардың айтуынша, мектептің де жағдайы мәз емес. Сырты бүтін болғанымен жөндеу көрмегелі біраз жыл болған білім ошағының қабырғасы шытынап, есіктері ескіріп, терезесінен жел гүілдеп тұрады. Едендері тозған, үстел-орындықтардың жағдайын бір көрген адам біледі. Қыстыгүні қатты отынмен істейтін қазандықпен сыныптарды жылытудың өзі мұң. Ақыры ата-аналар қаржы жинап, электр жылытқыштар сатып алыпты. Білім шаңырағындағы бала саны да жыл өткен сайын кеми түскен. Спорттық секция, үйірме деген жоқтың қасы. Ауыл үлкендері «Спортпен айналысамын» деген жастардың талабын жоғары-төменге жеткізіп, ауылдан спорт кешенін салуды сұрағанымен болыпты. Мектеп директорының міндетін атқарушы болып директорлық қызметке кіріскендер 3 ай отырған соң сынақтан сүрініп, орнына басқа біреуі келеді екен. Әрине, әр қызметке кіріскен адамның өзінің жеке талабы, тәртібі, міндет-жоспары болады. Сонысымен әріптесіне жақпай қалады. Ал 3 айдан соң орнынан алынып, айналасына қадірі қашады. Бұл жағдай Қосағаштағы мектеп ұстаздарының түсініспеушілігімен бірге білім сапасына да, материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға да кері ықпал етуде.

– Ақсу ауылындағы «Мамания» мектебін күрделі жөндеуге 80 млн. теңге қаржы бөлініпті деп естідік. Ол мектеп осыдан 3-4 жылдың алдында жөнделген еді. Сол қаржының бір бөлігін біздің ауылдың мектебіне бөлсе, жыртық-тесігіміз жамалар еді, – деп мұң шақты ауыл тұрғындары.

Оның шын-жалғандығын тексере алмадық. Анығын тиісті мекемелерден сұрап білетінімізді айттық. Десе де «Ауыл мектебіндегі олқылықты тезірек шешкен абзал» деген ойға келдік.

Шешімін күткен мәселе көп

Ауылдағы ағайындарды алаңдататын басты нәрсе – су тапшылығы, егістік жердің жоқтығы, жайылым жердің аздығы. Үлкендердің айтуынша, Қосағаш ауылының іргесі 1930 жылдары қаланып, экономикалық-әлеуметтік жағынан тез көтеріліпті. Кезінде малы мыңғырып, егіні жайқалып, алыс-жақынға атағы тез жайылыпты. Кезінде осы ауылдағы бірнеше мың гектардан астам суармалы жерге дәнді-майлы дақыл себіліп, қант қызылшасын өсірген екен. Бірнеше он мың тұяқ мал осынау даланың байлығын еселепті.

– Ауылда 12 отар қой, 240 бас сауын сиыр тұратын сүт фермасы болды. Ал 2 мың гектарға қызылша себілетін. Оның сыртында майлы, дәнді дақылдарды есептей беріңіз. Ол кезде судан тапшылық болмайтын. Сарқаннан бері тартылған каналдардан су үзілмеуші еді. Тіпті, ауылдастар ауласына неше түрлі көкөніс егіп, қысқы азығын қамдап алатын. Алқаптан жоңышқа шабылып, мал азығынан да тарықпайтын. Қазір канал қирап бітті. Судың тапшылығынан ауылдастар ауласын өндей алмайтын жағдайға келді. Аула түгілі, ала жаздай егістікке су таппай қиналамыз, – деп мұң шақты ауылдастар.

Айта кетерлігі, Ислам даму банкінің қолдауымен облыстағы суландыру жүйесін жаңғыртуға қатысты жұмыстар басталғалы біраз жыл болды. Қосағаштықтар да: «Осы бір таңдаулы жоба таңдайы кепкен далаға су жеткізіп, бар қиындықты еңсереді» деп осы күнге дейін сеніп келген екен. Жуырда: «Ақсу ауданындағы ирригациялық жүйелерді қайта жаңғыртуға орай бекітілген жобаға Қосағаш ауылы енбей қалыпты» деген хабарды естіп, үміттері су сепкендей басылыпты. Оның да анық-қанығын сұрап, білетін боламыз.

Ең қызығы, ата-бабаларынан осы жерде қоныстанып, ойы мен шұңқырын түзеп, тіршілік етіп келе жатқан мекеннің шұрайлы жерінің қызығын әлдебір инвесторлар көріп жүріпті. Мен кездескен тұрғындар олардың кім екенін де білмейді. Ауыл маңындағы ең шұрайлы деп есептелген 900 гектардан астам жер аты-жөні белгісіз инвестордың балансына өтіп кеткен. «Басында ауылға инвестиция тартылып, тұрғындар жұмыспен қамтылады» деп сендірген. Енді жұмыс та, жер де жоқ, ауламызға қарап телміріп отырмыз», – деп мұң шақты ауылдастар. Ал кезінде осы ауылдың бірнеше мың гектар жерінен шыққан өнімді төгіп, тазалап, қамбалап алатын қырман да бүгінде өзге біреудің қолында. Айналасы қоршалып, ауласына жаңа үйлер салынғанын алыстан көрдік. Есігінен сығалай алмасақ та оның іші жайнап тұрғаны белгілі, ал ауыл тозып, жүдеп барады.

Тілші түйіні:

Қосағаш ауылында қордаланған мәселе көп. Ақсу ауылдық округіне қарасты ауылдардың бірі болғандықтан аталған ауылға округ әкімі жауапты. Ал Ақсу ауылдық округіне қарасты бірнеше ауыл бар. Жалғыз әкім қайсысына жетсін?! Сондықтан Қосағаштың жұмысын бір ғана маманға жүктеп қойған. Ол да талпынып жұмыс істегенімен сөзі ауыл әкімінен ары аспайтыны белгілі ғой. Сонымен ауылдастар арманын жоғарыға жеткізе алмай біріне-бірі мұң шағып, өкпесін таратып келеді. Ауылда болған келіспеушіліктерді ағайындар өздері шешіп алады. Әкім тағайындауға Қосағаш тұрғындарының саны жетіспейтін көрінеді. «Ауылымызға әкім қойып, мектебімізге директор тағайындап, су мен жер мәселесін шешіп берсе, қалғанын өзіміз реттейміз» деген тілегін айтып, бізбен қоштасты ауылдастар.

Ауылында әкімі жоқ, мектебіне директор тұрақтамайтын жағдай тек Қосағашта ғана емес, Қазақстанның әр тұсында кездеседі. «Былай тартса арба сынып, былай тартса өгіз өлетін» жағдайдың қашан аяқталарын білмедік.

Қосағаш ауылы
Ақсу ауданы

✓ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Климаттың өзгеруіне бейімделу керек

Қазақстанда БҰҰ Даму бағдарламасының «Климаттық оңтайландырылған агротехнологияларды ілгерілету» жобасының ресми жабылуы Талдықорған қаласында Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының қабырғасында өтті.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Қазақстанның іріктелген он фермерлік шаруашылығында жаңартылатын энергия көздерін (жел және күн) пайдалану бойынша шешімдер енгізілген.

– Қазақстан аумағында әртүрлі салада жұмыс істейтін және өз шаруашылығында жаңартылатын энергия көздерін пайдалана алатын 10 фермерді таңдадық. Атап айтқанда, күн панельдері, жаңбырлату қондырғылары, тамшылатып суару, күн энергиясы арқылы суды жылытуға мүмкіндік беретін гелиожүйелер орнатылды. Жоба мақсаты – фермерлердің жұмысына ең озық технологияларды енгізу. Ірі кәсіпкерлер мұндай технологияларды өздері де қолдана алады. Біздің міндетіміз – шағын фермерлерге осы шешімдерді іс жүзінде қалай қолдануға болатынын көрсету.

Мал және өсімдік шаруашылығының түрлі бағытында технологияларды Қазақстанның оңтүстігінде қалай пайдалануға болады, солтүстігіне қандай қондырғы тиімдірек екенін түсіндіруге тырыстық, – деді Ербол Есенеев.

Жасыл технологияларды енгізумен қатар жоба аясында оқу да қамтылды. Қазақстанның 17 өңірінен 400-ден аса фермер ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңартылатын энергия көздерін енгізу бойынша тренингтерге қатысты. Пилоттық фермалардың өкілдері Германияға танысу сапарына барды. Қатысушылар түйіршіктелген қатты отын шығаратын зауыттарды (цилиндр тәрізді қатты отынның түйіршіктелген түрі, ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары мен ағаш қалдықтарынан жасалады) аралады. Биогаз қондырғысын көріп, сүт фермасы мен ауылға барды. Германияның бұл нысандары бүгінде күннің «таза» энергиясымен толық жұмыс істейді. Қатысушылар өнімді әрі қарай өңдеу үшін «жасыл» технологиялар мен биошикізатты пайдаланатын шаруашылықтардың экономикалық тиімділігі мен тұрақтылығына көз жеткізді.

«Жыл өткен сайын климаттың өзгеруі қатты білінуде. Құрғақшылықтың жиілегеніне қарамастан біз су үнемдейтін қондырғыны орнатуға жағдайымыз келмеді. Енді жоба арқылы өндірісте егістіктерді қорғап, топырақтағы ылғалды 50 пайызға дейін сақтауға көмектесетін үнемді суару технологиясын қолданатын боламыз», – дейді «Азия Голд» компаниясының директоры Алексей Коржиков.

Жобаның ресми жабылуы барысында БҰҰ Даму бағдарламасы, «Атамекен» ҮКП және Жетісу облысы әкімдігінің өкілдері Сарқан ауданында дәрілік шөптерді өсіру бойынша фермерлік шаруашылыққа барды. Онда су үнемдеу қондырғысы орнатылды.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

Панфилов ауданында жалпы 44350 гектар жерге әртүрлі дақылдар мен көкөністер өсіру жоспарланды. Оның ішінде егін шаруашылығында негізгі жетекші дақыл жүгерінің егістік көлемі 26620 гектарды қамтымақшы. Бұдан басқа мың гектарға жуық арпа, бидай, 920 гектарға картоп, 595 гектар жерге көкөніс, 130 гектарға бақша, 115 гектарға көпжылдық шөп, 36 гектар күнбағыс өсіру көзделуде. Көктемгі егіс жұмыстарына 665 тонна жүгері, 79,6 тонна арпа, 103,4 тонна бидай тұқымдары дайындалған.

Науқан табысты өтуде

Мырзағали НҰРСЕЙІТ



Жүгерішілер жылдағыдай сәуір айының алғашқы аптасынан бастап алдымен егіс алқаптарын суғарып алып, одан соң іле-шала жер жыртып, тұқым себуді бастап кеткен болатын.Оған дейін топырақ жылуын талғамайтын жаздық бидай, көп және біржылдық шөп, картоп, майлы дақылдар егу жұмыстары қолға алынып, жоспарланған іс тиянақты тындырылды.

Егіншіге мәлім, құйқалы құнарлы жер ғана жомарт. Аудандағы егін егілетін суармалы жердің бәрі дерлік табиғи құнарынан айырылған. Сондықтан тәжірибелі егіншілер тыңайтқыштарды молынан пайдалануға үміт артады. Ал мемлекеттен жүгері өсіруге жеңілдікпен бөлінетін минералды тыңайтқыш сатып алу жоспары 8403 тонна болса, бүгінгі күнге дейін нақты сатып алынғаны 5500 тоннаға дейін жетті. Ақтау қаласындағы «ҚазАзот» кәсіпорны мен Тараз қаласындағы «Қазфосфат» зауытына 2525 тонна тыңайтқыш алуға келісімшарт жасалған. Бүгінде Алтынкөл стансысына 22 вагон тыңайтқыш жеткізілді. Бұл биыл өсірілетін жүгері алқабын құнарландыра түсуге жеткіліксіз. Жүгерішілерге нақты мүмкіндігіне қарай жоспарлағандағыдан екі есе артық минералды тыңайтқыш қажет. Бұл орайдағы тапшылық тауқыметін егіншілер «құрыққа сырық жалғап», мал қораларынан шыққан көңді алқаптарына шашып амалдап жүр. Биыл аудан бойынша жалпы 33000 тоннадан астам органикалық тыңайтқыш егістіктерге сіңірілді.

Егіншілер дала өндірісінің жаңа технологияларын қолдануға ерекше ден қойып келеді, әсіресе тамшылатып суару әдісі тиімділігін танытып тұр. Аудан бойынша 2128 гектарға тамшылатып және жаңбырлатып суару тәсілі қолданылады. Оның ішінде «Жаркентфрукт» ЖШС 1050 гектар жеміс бағын, «Көктал-Агро» ЖШС 303 гектар егістік алқабын тамшылатып, 300 гектар көпжылдық шөбі мен жүгерісін жаңбырлатып суаруды бастағалы төрт жыл болса, өткен жылдан бастап Қоңырөлең ауылдық округінің дикандары 72 гектар көпжылдық шөпті жаңбырлатып суаруды қолға алды. «ОТ Агрохолдинг» ЖШС 250 гектар, «Нұрқайрат» ЖШҚ 40 гектар алқабына жаңбырлатып суару әдісін пайдалануда. Бұлардан басқа «Айкерім», «Айсұлтан», «Илманов.Қ» қожалықтары да жаңа технологияны қолдана бастады. Бұл егін суаратын суды үнемдеуге айтарлықтай көмегін тигізіп келеді.

Панфилов ауданындағы жүгері егістігінің көлемін игеру толықтай техникаға тәуелді. Сондықтан өңірдегі жеке шаруа қожалықтары тапқан табысының басым бөлігін ауыл шаруашылық техникаларын сатып алуға жұмсап жүр. Яғни, өңірде жер өңдейтін тегеурінді «темір тұлпарлардың» паркі жыл өткен сайын жаңаруда. Биыл көктемгі егін егу науқанына ауданда жалпы 1231 бірлік ауылшаруашылық техникалары қатысуда. Бұдан тыс жылдың алғашқы үш айында ғана жаркенттік шаруалар 110,6 миллион теңгеге ауылшаруашылық техникасын сатып алды.

Жаркент өңірінің егіншілері көктемгі жүгері егу науқанына биыл да тыңғылықты дайындалып, іске кірісті.

Панфилов ауданы

✓МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Ардагерлерге біржолғы көмек беріледі



Биыл Жетісу облысында Жеңістің 78 жылдығын мерекелеу қарсаңында 2309 азамат жалпы сомасы 156,7 млн. теңге көлеміндегі біржолғы материалдық көмек алады. Оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында облысымызда тұратын соғыс ардагерлері мен қатысушыларға 1,5 млн. теңгеден төленеді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, бүгінде өңірімізде Екінші дүниежүзілік соғыстың 8 ардагері тұрады. Олардың барлығы 9 мамырға дейін әрқайсысы 1,5 млн. теңгеден алады. Сондай-ақ жыл басынан бері ардагерлерге коммуналдық қызметтер үшін төлем ретінде 250 мың теңге төленді. Осы мақсатқа қаражат жыл соңына дейін де қарастырылған. Төлемдер ай сайын 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

Соғысқа қатысушылар мен мүгедектер қажеттіліктеріне қарай есту аппараттары, протездік-ортопедиялық бұйымдар сияқты әртүрлі техникалық көмекші, гигиеналық құралдармен, сондай-ақ санаторийлық-курорттық жолдамалармен бірінші кезекте қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ КСРО-ны қорғаудың басқа кезеңдерінде майдан шебінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде жараланған, контузия алған, мертігіп қалған, мүгедек деп танылған 90 әскери қызметшіге біржолғы материалдық көмек ретінде 100 мың теңгеден жалпы сомасы 9,0 млн. теңге төленеді.

Сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлерде, геттоларда және басқа да мәжбүрлі ұстау орындарына қамалған кезде кәмелеттік жасқа толмаған азаматтарға 100 мың теңгеден беріледі. Облысымызда бұл санатқа кіретін 1 адам тұрады.

Соғыс кезінде қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған ата-анасы мен жесіріне (бұл санатқа жататын өңірімізде 19 адам бар) 60 мың теңгеден төлем жасалады. Төлемдердің жалпы сомасы 1,1 млн. теңгеден асады.

Осындай қаражат сомасы қайтыс болған соғыс мүгедектерінің немесе мемлекет тарапынан қарастырылған жеңілдіктері бойынша соғыс мүгедектеріне теңестірілген азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған жұбайларына да қарастырылған (бұл санатқа жататын өңірімізде 32 адам бар). Бұл санаттағы азаматтарға барлығы 1,9 млн. теңгеден астам қаражат көзделген.

Соғыс жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі аралықта кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен наградталған адамдарға, сондай-ақ осы кезеңде медальдармен марапатталмаған адамдарға да 60 мың теңгеден төленеді. Осы санаттағы 2159 адамға жалпы сомасы 129,5 млн. теңгеден астам қаражат қарастырылған.

Сонымен қатар облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының хабарлауынша, 2013 жылдың соңына дейін 6 жекелеген санат бойынша ардагерлерге 150 мың теңге мөлшеріндегі әлеуметтік төлем төленеді. Олардың қатарында Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, Семей ядролық полигонындағы сынақтардан зардап шеккендер мен Чернобыль АЭС апатының салдарын жоюға қатысушылар да бар.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

✓«JETISÝ» ЖАЗЫП ЕДІ

Көтерілген мәселе шешімін тапты

Газетіміздің 11 наурыздағы №29 нөмірінде «Шалғай ауыл шырағы» айдарымен «Сұптайдың болашағы жоқ па?» деген мақала жарық көрген болатын. Осы мақалада көтерілген мәселелер төңірегінде қандай жұмыс атқарылып жатқаны жайлы Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбекке хат жолдап едік. Міне, сол хаттың жауабы ретінде қуанышты хабар келді.

Қажет АНДАС

Жалпы, Панфилов ауданы Жетісу облысына экономикалық салым салатын өңір санатында. Шегара шебінде орналасқан мекеннің бүгінгі таңдағы өркендеп-өсу қарқыны жақсы. Дегенмен, аудан аумағындағы шалғай ауылдарда әлі де шешімін күткен мәселелер жетерлік. Соның бірі – кезінде тіршілігі дүрілдеп, облыстан асып, одаққа даңқы жеткен Сұптай ауылындағы ауызсу, жолдардың жөнделуі, мектеп, Мәдениет үйі, медициналық пункт сынды өзекті мәселелер тұрғындардың дегбірін қашырып келе жатқаны анық. Аудан әкімдігінің жауабына қарағанда, сол түйткілдердің түйіні тарқайтын болыпты. Осы қуанышты жаңалықты газет арқылы оқырманға жеткізуді жөн көрдік.

Хатта айтылғандай, Жаскент ауылдық округіне қарасты Сұптай ауылындағы ауызсу құбыры орналасқан жер телімінің құжаттары заңдастырылып, әділет басқармасына тіркелген. Бүгінде Сұптай ауылының су құбырын қайта жаңарту және салу жұмысына арналған бағалау құжаттары (ПИР) дайындалған. Демек, көп өтпей сұптайлықтар ауызсуға қатысты қиындықтан арылады деген сөз.

Шалғай ауылдардағы тағы бір өзекті тақырып – жол мәселесі еді. Бұл қиындық Сұптай ауылын да айналып өтпеген. Сұптай ауылында бұған дейін де біраз көшеге асфальт төселген. Енді ауылдағы Б. Момышұлы мен Абай көшелеріне орташа жөндеу жұмысын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындалып, Панфилов аудандық тұрғын үй-коммуналдық жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне және аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөліміне өткізіліпті. Демек, бұл жұмыс та көп өтпей өз нәтижесін көрсетеді деген сөз.

Ауылдағылар: «Сұптай орта мектебінің құрылысын қайта жаңғыртып, балабақшада білім алып жатқан балалар жаңа мектепте оқыса?» деген ұсынысын біз арқылы жеткізген еді. Ауылдастардың тілегі орындалатын болыпты. Сұптай орта мектебін қайта жаңғырту үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалау құжаттары дайындалып, аудандық білім бөліміне өткізілгені белгілі болды. Сонымен қатар, жаңадан фельдшерлік дәрігерлік пункт салу үшін 2000 шаршы метр жер телімі бөлініп, құжаттары заңдастырылуда. Тиісті құжаттар әзірленіп, қажетті қаржы бөлінген соң мектеп те, фельдшерлік дәрігерлік пункт те жұрттың қуанышын еселемек. Ауылдағы интернет байланысының нашарлығы да мақалада көрсетілген еді. Аудан әкімінің жауабында: «Сұптай ауылына көмекші байланыс тірегін орнату және оған қызмет көрсету үшін жер телімінің сызбасы дайындалып, заңдастыру жұмысы жүргізілуде», – деп жазылған.

Тағы бір жағымды жаңалық, Сұптай ауылында жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында шағын футбол алаңының құрылыс жұмысы жүргізілуде.

Ең алдымен газет көтерген мәселені аяқсыз қалдырмай мақалада айтылған жағдайды толық талдап, жұрттың көкейіндегі сауалына нақты жауап берген аудан әкімдігіне алғысымыз мол. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, билік, басылым, тұрғындар бірлесе жұмыс істесек, алынбайтын қамал болмайтыны анық.

✓КӘСІБІ – НӘСІБІ

ШАРУАСЫ ШАЛҚЫҒАН

Ауданда ғана емес, еліміздегі теңдессіз қожалықтың бірі – «Сәлем Құс» ЖШС. Бағдат Серікқожаевтың идеясы арқылы ашылған бөдене шаруашылығы жөнінде аз айтылып, кем жазылған жоқ. Былтыр бөдененің 6 миллион жұмыртқасын, 5 тонна етін өндірді. Биыл күніне 20 мың дана жұмыртқа мен 20 келі бөдене еті сатылымға шығып жатыр. Жұмыртқалары ел нарығына шықса, бөдене еті экспортталып БАӘ тасымалданады. Тасымалдау тұрғысында болатын қиыншылықтар аз емес. Әйтсе де қожалық қызметкерлері орайын тауып, жұмыс күшін реттеп отырады. Қожалыққа қатысты мәселе жөнінде Бағдат Серікқожаев: *«Бөденеге арналған тамақ 20 қоспадан тұрады. Оны еліміздің әр өңірінен жинаймыз. Негізгі қоспа – соя, бидай, жүгері. Бізге қымбатқа шығатыны да, қалтаға салмақ салатыны да соя болып тұр. Осы тұрғыда соя өсіретін суармалы жер болса»* – дейді. Біз барғанда аумағын кеңейтіп, тағы да бөденеге арналған қосымша жылы орын салып жатты.

«Вкусняшки» тұшпарасы облысымызда кеңінен танымал. Саудада өтімді. Кәсіпорын Қарабұлақ ауылындағы Оразбеков көшесінде орналасқан. Сиыр, қой, жылқы, шошқа етінен жасалған тұшпараға сұраныс ерекше. Етті жергілікті шаруалардан алады. Бұл жерде жиырмаға жуық қызметкер бір ауысыммен жұмыс істейді. Иесі Сергей Ли Шан Шин Көксу ауданында дүниеге келген, іскерлік жолды ерте жастан серік еткен. Жұмысшылардың барлық жағдайы жасалған.

– *Осы жерде табан аудармастан көп жылдан бері жұмыс істеп жатқандар бар. Өзім де осы ортаға қосылғаныма қуаныштымын. Ал өніміміз таза, табиғи. Жуа қосамыз, қалғаны таза ет. Сондықтан да болар, тұтынушылар риза. Үйде қалай жасасақ, осы жерде де дәл солай дайындаймыз. Ауыл ішінде осындай орын ашылып, көптеген адамды жұмыспен қамтып отыр. Жалақысы жақсы, тұрақты,* – дейді кәсіпорын қызметкері Алмагүл Увансынова.

Аудандағы Көкжазық ауылының іргесінде орналасқан, 200 басқа арналған тауарлы-сүт «Сүт Мастер-М» фермасы 2021 жылдан жұмыс істейді. Инвесторлық жобалардың бірі. Ферма басшысы Фарид Жаһангир ферма қуаттылығын 200 бас сауын сиырдан 600 басқа дейін кеңейтуді жоспарлап отыр. Бастапқыда Германиядан 33 бас, былтыр 34 бас гольштин тұқымды сиырлар алып келген. Өткен жылы 160 тонна сүт өндірілді. Биыл күніне 60 сиыр сауылады. Тәуліктік сүт сауымы – 800 литр. Ал сауылған сүт Көксудағы «Арқабаев ЛТД» ЖШС жеткізіледі.

– Малмен айналысып, бағып-қарап жүргеніме 40 жыл болды. Гольштин – сүтті, құнарлы, өнімді мал. Бұзаулары тез өседі. Салыстырмалы түрде алып қарасаңыз 5-6 айлық бұзауы жергілікті тұқымның бір жасарындай көрініп тұрады. Салмағы да, бойы да. Күтімнің арқасында сиырлар 30 литр сүт береді. Тағы да екі база салу жоспарланып жатыр, мал басы көбейеді. Бұл ауыл азаматтары үшін де жақсы, тұрақты жұмысқа орналасуға мүмкіндік,– дейді Байкал Көптілеуов.

Біз барған, аралап көрген әр нысанның негізгі мақсаты – сапаға мән беру. Нарықтағы ел өнімін көбейту. Табиғи, таза жергілікті өнім санын арттыру. Бұл тұрғыда мемлекет те қолдау көрсетіп жатыр, инвесторлар да іске кіріскен. Аудандағы әр нысан – ел игілігіне қызмет етсін.

Қали АСҚАР







Суреттерді түсірген Жеңіс БІСҚАБАЙ

✓ДИАГНОЗ





Денсаулық сақтау саласының білікті мамандарымен сұхбаттасып, халықтың көкейіндегі сұрақтарына жауап алу мақсатында ашқан «Диагноз» бетінің кезекті санын «Нұр-Авиценум» жекеменшік емдеу орталығының жалпы тәжірибелік дәрігері Жанар Қойшыбаеваға арнап отырмыз.

СКРИНИНГТЕН ӨТУ КӨП СЫРҚАТТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Гүлжан ТҰРСЫН

– ЖАНАР ӘДІЛХАНҚЫЗЫ, КОРОНАВИРУСТАН КЕЙІН АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ? АЙЫҒУ ПРОЦЕСІ АЯҚТАЛДЫ МА? ОСЫ УАҚЫТТА ӨКПЕ ДЕРТІ ТАРАЛЫП КЕТТІ ДЕУШІЛЕР БАР.

– Коронавирус 2020 – 2022 жылдары тұрғындар денсаулығына кері әсер етті. Дәрігерлер бұрын-соңды мұндай сырқатпен күреспегендіктен басында тосылып қалды. Алғашқы емдеу тәсілдері тиімсіз болды. Соның салдарынан ем қонбай, біразының созылмалы сырқаттары қайта қозды. Көп адам қайтыс болды. COVID жұқтырған адамның иммунитеті оңайлықпен қалпына келе қоймайды. COVID-тің зардабын әлі шегіп жатырмыз. Ағза жұқпаның әсерінен арылуы үшін иммунитетті көтеретін қоспалары бар дәрумендер ішу керек. Бұл сырқат өкпе дертінің өршуіне әкеліп соқтырды. Біршама адамның үйден емделуі, қадағалаусыз жүруі туберкулез кеселінің жайылуына себепші болды. Денсаулық сақтау саласының мамандары өкпе дертінен зардап шегушілердің денсаулығы үшін күресуде.

– МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ БҮГІНГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОҚТАЛСАҢЫЗ.

– Медицина саласындағы өзекті мәселенің бірі – аудандық және ауылдық жерлерде білікті дәрігердің жетіспеушілігі. Сондай-ақ, алыс аудандар мен шалғай елді мекендердің медициналық құрал-жабдықтарының істен шығып, жаңартылмауы. Соның салдарынан әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына қаржы аударушыларды облыс орталықтарына немесе ақылы медициналық орталықтарына жіберуге мәжбүр. Көбінесе УДЗ, МРТ, КТ сынды құрал-жабдықтар жоқтың қасы. Осының салдарынан медициналық қызметке көңілі толмаған тұрғындар наразылығын айтып жатады. Дұрыс диагноз қою үшін сол заманауи аппараттарға түсу керек. Ол үшін ауыл халқы қалаға сабылады. Дәрігерге барар алдында ең бірінші терапевтке қаралу керек. Маман қай сала дәрігеріне баратынын айтып, оның қабылдауына жазады. Сол уақытта сырқат біраз уақытын жоғалтады. Бұл жүйе де сырқаттардың ренішін тудырып жатады.

– СЫРҚАТТАР ЖАСАРЫП БАРА ЖАТЫР ДЕП АЙТЫП ЖАТЫРМЫЗ. СОНЫҢ СЕБЕБІНЕ ТОҚТАЛСАҢЫЗ. ЯҒНИ БҰРЫН ОРТА ЖАСТАН АСҚАН АДАМДАРДА БОЛАТЫН СЫРҚАТТАР БҮГІНДЕ ЖАСТАРДА КЕЗДЕСУІНІҢ СЕБЕБІ НЕ?

– Иә, қазір жастар да қауіпті, созылмалы сырқаттарға шалдығып жатады. Экология, дұрыс тамақтанбау, зиянды әрекеттер адам ағзасын улауда. Менің ойымша, осының барлығының алдын алу үшін көктемде, күзде дәрігерге қаралып тұрған жөн. Бізде арнайы скрининг бағдарламасы бар. Сол бойынша дәрігерлерге тексерілу керек. Шақыру жіберілсе де көп адам скринингтік тексеруге келмей қалады. Бұл – онкологиялық, қант диабеті, қан қысымы сияқты кеселдерді уақытында анықтауға мол мүмкіндік. Ағзада сырқат белгісі анықталса бірден ем тағайындалады. Сырқат жазылғанша дәрігердің қадағалауында болады. Ем ерте басталса сауығу мүмкіндігі де мол. Тез дайындалатын тағамдар, газы бар тәтті сусындар, зиянды әрекеттер жастардың жас кезінен сырқат болуына әсер етеді. Көп жағдайда асқазан, бауыр, түрлі ішек ауруының пайда болуына себеп болады. Сондықтан да денсаулыққа уақытылы ден қойып, тұрғылықты мекенжайы бойынша дәрігерге тексеріліп тұру абзал.

– СОЗЫЛМАЛЫ КЕСЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ, ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ЖАСАЛУДА?

– Диспансерлік есепте тұратын науқастарға дәрі-дәрмек, шипажайлық ем тағайындалады. Кейбіреулеріне күндізгі стационар және шипажайлық курорттық жолдама беріледі. Үкімет тарапынан қаржыландырылады, сол арқылы созылмалы сырқаты бар адамдардың шипажайларда тегін демалуға мүмкіндігі бар. Сауықтыру орталықтары сырқаттың диагнозына қарай ем-дом, ас-ауқат беруді нақтылайды. Жаяу серуендеп, көркем көріністерді көру де емделушінің өмірге құштарлығын оятып, жаңа күш береді. Былай айтқанда шипажай дәл қонақүй сияқты. Бұл жердегі басты айырмашылық, келушіге емдеу және сауықтыру жолдарын ұсынады. Шипажайда емдеудің негізгі міндеттері: созылмалы сырқаттың симптомдарын төмендету, дәрілік терапия көлемінің төмендеуі, инфаркт, инсульт немесе сынық жарақаттары, отадан кейінгі оңалту, созылмалы және жасқа байланысты аурулардың пайда болуының алдын алу, жалпы денсаулық пен иммунитетті қатар нығайту. Сондықтан Үкімет тарапынан берілетін көмектерді алып, оның игілігін көру тұрғындардың өзіне байланысты.

– ЖАЗ МАУСЫМЫНДА АДАМДАР ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛАЙ КҮТУ КЕРЕК? ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚОЛДАНҒАНДАРЫ ЖӨН?

– Жазда күн сәулесінен сақ болу керек. Әсіресе қан қысымы жоғары кісілер уақытылы дәрілерін ішіп жүргені абзал. Күн ысығанда суға түсуге құмартатынымыз рас. Ішімдік ішіп суға түсуге болмайды. Аяқ-қолы тартылып қалуы мүмкін. Балаларды судың терең жағына жібермеу керек. Бүлдіршіндерді көзден таса қылмаған жөн. Олар терең жерден шыға алмай қалатынын білмейді. Немесе жел соғып, толқын көтерілгенде суға шомылуға бармау керек. Лас суға түсуге болмайды. Тұрып қалған көлшікте бактерия болады. Егер құсып, бас айналып, дене қызуы көтерілсе бірден дәрігер шақыртқан жөн. Тау-тасқа барғанда да абайлаған дұрыс. Себебі, аллергия туғызатын шөптер болады. Бауырымен жорғалаушылар, дәрі себілген шөптер қауіпті. Сондықтан, жазғы демалысты ұйымдастырғанда сақтық шаралары қатаң сақталуы тиіс.

– АДАМ АҒЗАСЫНДАҒЫ СЫРҚАТТЫ НАҚТЫ АНЫҚТАП, ДИАГНОЗЫН ДҰРЫС ҚОЮ ҮШІН ҚАНДАЙ ӘДІСТЕР ҚОЛДАНАСЫЗДАР?

– Біріншіден, келген емделушіден денсаулығына байланысты шағымдарын сұраймыз. Лабораториялық және инструменталдық зерттеулер жүргіземіз. Мысалы, қан қысымы 160 /100 болса онда протокол бойынша анализдер алынып, УДЗ, ЭКГ, ВЭМ, СМАД секілді тексерулерден өткізіп, сәйкесінше диагноз қойып, емдеу шараларын бастаймыз. Диагноз қоюда мұқият болу керек. Дұрыс диагноз қойылмаса сырқаттың тиімді түрде емделуіне мүмкіндік берілмейді. Сондықтан да анализдердің қорытындысының маңыздылығы жоғары, себебі, сырқат түрі анықталады. Кейде анализ қорытындысының уақыты өтіп кетуі де мүмкін. Ондай жағдайларда анализ қайта тапсырылып, нақты сырқат белгісін анықтап алады. Диагнозды дұрыс қою – дұрыс емдеудің кепілі.

– ХАЛЫҚ ЕМІНЕ КӨЗҚАРАСЫҢЫЗ ҚАНДАЙ? МЫСАЛЫ, ТАҢДАЙ БАСУ, ҰШЫҚТАУ, ҚҰЙРЫҚ МАЙМЕН СЫЛАУ ЖАЙЛЫ НЕ АЙТАСЫЗ?

– Қазіргі таңда емші көп. Ол әрбір адамның өз сеніміне, қалауына байланысты. Емделушілерге анағаң бар, мынаған барма деп айта алмаймыз. Заман дамыған сайын емшілер тіпті онлайн форматына көшкен. Адамның суретіне қарап, оның қандай дертке шалдыққанын білу мүмкін емес. Білікті дәрігерлерге жүгінген дұрыс. Медицина маманы қандай дертке душар болғаныңызды анықтап, емделу жолдарын көрсетіп, толық айыққанша қадағалайды. Ежелгі қазақтың емдеу тәсіліне келетін болсақ, халық емінің ең дұрысы құйрық маймен сылау дер едім. Себебі, құйрық май емдік шөптердің сығындысы. Сондықтан құйрық майдың емдік қасиеті жоғары. Көп жағдайда құйрық майды баланың терісін жұмсартып, қан айналымын реттеу үшін жағады. Тек балаға емес, сонымен қатар, буындардың ауырсынуы, сүйек, бас, іш, аяқ-қол сырқырағанда үлкен кісілер ем болсын деп дәрігерлер жазып берген рецепт бойынша дәрімен де араластырып жағып жатады. Тек пайдасы болмаса мұның ешбір тигізер зияны жоқ.

– МЕДИЦИНАДА ЕМДЕЛУІ ҚИЫН, АУЫР ДЕРТТЕРДІ ЕМДЕУДЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ, ӘДІСТЕР ҚОЛДАНЫЛУДА? ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ СЫРҚАТТАРДЫ АЯҒЫНАН ТҰРҒЫЗУДА КӨМЕГІ ҚАНДАЙ?

– Қазақстанда медицина қарқынды дамуда. Шетелдік білікті мамандармен дәрежесі тең. Небір күрделі оталарды да өзіміздің жергілікті дәрігерлерден жасатуға болады. Мысалға алатын болсақ, бауыр, жүрек, өкпе, ұйқы безі, бүйрек трансплантациялары секілді ауыр оталар жасалынады. Осындай күрделі оталардан кейін емделушінің сырқатының деңгейіне байланысты арнайы оңалту орталықтарына жолдама беріледі. Отадан шығып, денсаулығын нығайтып, емделіп шығуына зор мүмкіндік деп айтуға да болады. Сол себепті де оңалту орталықтары көптеп ашылуда. Тұрғылықты мекенжайына байланысты орналасуға болады. Мұндай орталықтарда мүмкіндігі шектеулі балаларға да көп көңіл бөлінуде. Әр емделушіге сәйкес оңалту шаралары жүргізіліп, аяғына тұрып кетуі де әбден мүмкін. Қорыта келе айтарым, қандай да бір сырқат болмасын соны қабылдап, нық ұстаныммен жүріп жеңе білу керек деп ойлаймын.

✓ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Газетіміздің 1 сәуірдегі №38 санында Ақсу ауданының Қосағаш ауылы жайлы «Әкімге зәру ауыл, директоры жоқ мектеп» тақырыбында мақала жарияланып еді. Сол мақалада шалғайдағы ауылдың экономикалық, әлеуметтік, білім, тағы да басқа салаларына қатысты бірқатар мәселе көтерілген. Осыған орай біз аудан әкімі Берік Тынышбаевтың атына хат жолдап, аталған мәселелердің жай-жапсарын білмекке тырысқан болатынбыз. Аудан әкімі газетте жарияланған материалда айтылған келеңсіздіктерге нақты жауап берді.



Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý 1.04.2023 3

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ӘКІМГЕ ЗӘРУ АУЫЛ, ДИРЕКТОР ТҰРАҚТАМАЙТЫН МЕКТЕП

Қажет АНДАС

Сырғытпа жауап болмасын

Мақалада ауылдық мектептің жағдайы туралы баяндап, онда орын алып отырған келеңсіздіктер туралы айтып едік. Аудан әкімі осы мәселеге: *«... Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1979 жылдың 1қыркүйегінде құрылып, мектепке қазақ халқының ұлы ақыны Абай есімі берілген. Бүгінгі таңда мектепте 34 мұғалім еңбек етіп, 131 оқушы білім алады. Шағын орталықта 38 бала, мектепалды даярлық тобында 12 бала тәрбиелуде.*

Аталған мектептің ғимараты 1985 жылы 640 орынға лайықталып салынған. Жалпы аумағы 3186,3 шаршы метрді құрайды. Мектеп ғимараты сұйық отынмен жылытылады. Өткен жылыту маусымына бекітілген 33730 литр сұйық отын толығымен берілген. Жалпы, 1 шаршы метрге 10,5 литрден айналады. Ағымдағы жылдың наурыз айында қосымша 2000 литр сұйық отын жеткізілді. Жылыту маусымында 35730 литр сұйық отын толығымен мектеп есебінен шығарылды. Мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін жобалық-сметалық есеп дайындалуда. Күрделі жөндеу жұмысы 2026 жылға жоспарланған.

Биыл білім шаңырағының волейбол, баскетбол, футбол, асық ату, теннис, дойбы үйірмелеріне 81 оқушы қамтылған. Сонымен қатар, спорт мектебі тарапынан волейбол үйірмесі құрылған, оған 18 оқушы қатысады. Биылғы қаңтар айында ауа райының күрт суытуына байланысты ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы «Қолайсыз ауа райы жағдайында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидасын бекіту туралы» №42 бұйрығына сәйкес мектепішілік бұйрық шығарылып, сабақ уақыты қысқартылған.

2021 жылы мектеп директоры өз еркімен қызметінен кетуіне байланысты ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасын бекіту туралы» №57 бұйрығының (ҚР Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 513 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) 2-тарауының 7-тармақшасында «Бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымының міндетін орындау осы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына және (немесе) осы білім беру ұйымының педагогіне конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін 3 айдан аспайтын мерзімге жүктеледі» делінген. Бір адам қатарынан бір реттен артық бос немесе уақытша бос лауазым міндетін атқара алмайды», – деп жауап беріпті. Демек, ауыл мектебін күрделі жөндеу жұмысы ауданның жоспарында тұр. Бірақ орындалуы үшін уақыт керек.

Ауылдағы жастардың спортпен айналысуына қатысты көтерілген сұрақтарға: *«2022 жылдың қазан айының 21-де Ақсу ауданы, Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылында ауыл тумасы кәсіпкер Сүлеймен Айдын Айканұлының қаржылай демеушілігі, «Строй монтаж вектор» ЖШС қолдауымен жалпы құны 350 млн. теңге қаржыға «Ақсу ауылдық спорт кешені» дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып, қолданысқа беріліп, тұрғындарға қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, биыл округ аумағындағы Шолақөзек ауылында жаздық футбол алаңын салуға Ақсу ауылдық округ әкімі аппаратының бюджетінде 19970 000 (он тоғыз миллион тоғыз жүз жетпіс мың) теңге қаражат қарастырылған»,* – деген жауап алдық. Демек, Ақсу ауылдық округі аумағында жастарды спортпен қамтуға қатысты меценаттардың қаржылай қолдауымен бірқатар игілікті жұмыстың атқарылып жатқанын көруеге болады. Бұл жақсылықтың ұшқыны уақыты келгенде Қосағаш ауылына да жетеді деген ойдамыз.

Ауылдағы ағайынның тағы бір бас ауруы – су тапшылығы. Бұл біз сөз еткен Қосағаш елді мекенінде де жыл сайын қайталанып отыратынын жасыра алмаймыз. Бұл жайлы да мақалада біраз өтініш айтылған еді. Ол жайлы аудан әкімі:*«Ақсу ауылдық округіне қарасты Көкжайдақ, Шолақөзек ауылдарының шаруа қожалық иелерінің вегетациялық маусымда егістік алқаптарына су алу мәселесіне қатысты «Қазсушар» РМК Ақсу өндірістік учаскесі тарапынан 2024-2028 жылдарға арналып су каналдарын механизацияланған тазарту жұмыстарынан өткізу мақсатында әзірленген ақаулық актілер негізінде дайындалған тізбеге 2024 жылы ұзындығы 7 шақырым «Алыбай» су каналы, 2026 жылы ұзындығы 14,8 шақырым «Лагерь» су каналы, ұзындығы 30,7 шақырым «Талдыарық» су каналы, 2027 жылы ұзындығы 21,4 шақырым «Мәмбетқұл» су каналы, 2028 жылы ұзындығы 18,2 шақырым «Қасқажол» су каналы енгізіліп, «Қазсушар» РМК Алматы филиалына сұраныс жолданған. Қазіргі таңда Ақсу ауылдық округі аумағы арқылы өтетін су каналдарын механизацияланған тазарту, салу жұмысы «Ислам Даму Банкі» мекемесі арқылы қаржыландырылып, жүргізілуде»,* – деп жауап беріпті. Әрине, өткенде «Қазсушар» РМК Алматы филиалының директоры Саят Құдайбергеновпен жүргізген сұхбатымызда Ақсу ауданындағы суландыру жүйелерін «Ислам Даму банкі» арқылы жаңғырту жұмысының басталғаны туралы айтылған. Оның орындалу мерзімі де көрсетілген. Аудан әкімінің жауабы мен филиал директорының айтқандары да бір арнаға тоғысады. Демек, Ақсу ауданының суландыру жүйелерін жаңғырту жұмысы аяқталумен бірге қосағаштықтардың шағымы да шешіледі деп түсіндік.

Аудан әкімінің жауабында жазылғандай, Ақсу ауылдық округіне қарасты Көкжайдақ ауылында 5345,0 гектар жер бар. Оның 518,0 гектары суармалы, 47,0 гектары тәлімді, 467,0 гектары шабындық, 4313,0 гектары жайылым жер. 2019 жылы Ақсу ауылдық округі бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға беру) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізілген. Оған 18 жер телімі қойылып, 80,0 гектар суармалы егістік ұсынылған. 2 рет өткізілген конкурс қорытындысына сәйкес аталған жер телімі пайдалануға берілген.

Иә, аудан әкімінің жауап хатында бірқатар көкейкесті мәселеге қатысты нақты жауап берілсе, кейбір сұрағымыз назарға алынбапты. Хатта көрсетілген жайттардың қалай орындалатыны алдағы уақытта да назарымызда болады.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ 5 МАМЫР – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ



Жетісу облысындағы экологиялық жағдай басқа өңірлермен салыстырғанда салыстырмалы түрде қолайлы. Экологиялық мониторинг нәтижесі бойынша экологиялық ахуалы нашар деп саналатын Талдықорған және Текелі қалаларының атмосфералық ауасының ластану деңгейі төмен екендігі анықталған. Демек, аймақтағы экологиялық ахуал қалыпты. Десе де, бұл мәселе әрқашан жіті қадағалауда болғаны жөн.

Экологиялық жағдай бақылауда

Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес жерүсті суларының ластануын, бітелуін болдырмау, сондай-ақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау мақсатында облыс аумағында жыл сайын су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу бойынша жұмыс жүргізіледі. 2006-2022 жылдар аралығында облыстың ірі өзені мен көлі, су қоймасында су қорғау аймағы мен белдеуі орнатылған. Биыл жоба бойынша «Жұмақ көлдері», Мельничная, Голубиновка, Тыныбас, Қоғалы, Сарыбұлақ өзендерінің су қорғау аймағы мен белдеуін орнату жоспарлануда. Оған 30,0 млн. теңге қаржы қарастырылған.

Қоршаған ортаны бүлдіріп, экологиялық ахуалды қиындататын кәсіпорындардан шығарылатын ластаушы заттар қалдықтары екендігі де белгілі. Былтыр оның нақты көлемі шамамен 18,6 мың тоннаны құрады. Бүгінгі таңда коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеудің тиімсіз әдістері және ескірген кәріз тазарту жүйелері де негізгі экологиялық мәселеге айналды. Осыған орай облыс жұртшылығы, жергілікті атқарушы орган, Экология және табиғи ресурстар министрлігі бірлесіп Жетісу облысының экология мәселесін кешенді шешудің жол картасы әзірленді.


Табысты жұмыстар атқарылып, тұрғындарға қоршаған ортаны қорғауға қатысты шаралар түсіндіріліп жатса да оны ескермейтіндер жетерлік. Өткен жылы экология департаменті 34 лауазымды адамды әкімшілік жауапкершілікке тартқан. Ол қатарда Талдықорған және Текелі қалалары, Сарқан, Қаратал, Кербұлақ және Панфилов аудандарының лауазымды тұлғалары бар. Оларға жалпы сомасы 1 млн. теңгеден астам айыппұл салыныпты. Әрине, мәселенің бәрін айыппұлмен шешуге келмейді. Ең бастысы, адамдардың қоршаған ортаны қорғауға бағытталған түсінігін тереңдету керек.

Аймақта қатты тұрмыстық қалдық төгілетін полигондардың жұмысын реттеп отырудың да маңыздылығы жоғары. Алайда Талдықорған, Ескелді және Кербұлақ аудандарында 3 полигон рұқсат құжаттарынсыз жұмыс істеп келеді. Ақсу, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды төгетін арнайы полигон жоқ. Жерді қашықтықтан зондтау (Геопортал) жүйесінің дерегі бойынша заңсыз қоқыс үйінділері анықталып, әрбір координаттарға жеке фототүсірілім жасалған. Анықталған фактілердің негізінде жергілікті әкімдікке заңсыз қоқыс үйінділерін арнайы орындарға шығару қажеттігі туралы тапсырма берілген.

Кейінгі жылдары Жетісу облысында жылыту қазандықтарын газға ауыстыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы Талдықорған қаласы, Көксу және Ескелді аудандарының 6 қазандығы газға ауыстырылды. Ескелді ауданының кәріз желілерін жаңғырту жұмысы жүргізілуде, Талдықорған қаласының LED-экрандарында Қазгидрометтен берген атмосфералық ауаның сапасы туралы ақпарат көрсетіліп, тұрғындарға түсіндіру жұмысы жиі жүргізілетінін де айта кеткен жөн.

Өткенде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңес отырысының хаттамасына сай рұқсат етілмеген барлық полигондарды жоюды қамтамасыз ету қажеттігі туралы тапсырмасы түскенін білеміз. Осыған орай «Жетісу облысының елді мекендерін көктемгі-күзгі санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру айлығын өткізу туралы» облыс әкімдігінің №46 қаулысы қабылданып, оның орындалуын қадағалау мақсатында құзырлы органдардың қатысуымен жұмыс тобы құрылды. Олар 16 мамырдан бастап елді мекендерді аралап, қордаланған мәселелерді зерделейтін болады.

Омар АҚЫН



✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ҚОҢЫРДАҒЫ ҚОҢЫЛТАҚ ЖОБАЛАР

оның жүзеге аспауына кім кінәлі?

Ескелді ауданына қарасты Қоңыр деген ауыл бар. Жазда қоңыр салқын жел есіп, қыста қалың қар қымтап жататын өңірді «түгін тартса, майы шығады» деп сипаттауға келеді. Ауыл айналасындағы құйқалы жоталар мал шаруашылығына таптырмайтын жер. Ала жаздай жаңбыр жаумаса да тәлімі жердің тауаны қайтпайды. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, заманында алыс-жақынға танымал болған құтты қоныс, ырысты ауылдың тоқырау жылдарында берекесі кеткен. Кезінде 300-ден астам отбасы қоныстанып, қызығы мен қуанышы еселеніп жататын ауылда бүгінде 190-нан астам ғана үй бар. Сол тұстағы инфрақұрылымның дені тоналып, тағаны ғана қалған. Десе де қарапайым халықтың ауылын өркендету үшін әлі де қайратынан қайтпағанын көрдік.



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Былтырғы жылы Ғабиден Исмайлов атындағы көшеге асфальт төсеу жұмысы басталғанмен мердігер компания «Жаңа жол» ЖШС жұмысын толық атқармай, аттам жерге асфальт төсеген де ат құйрығын ұстатпай кеткен.

Ауылдағы дауға ұласқан тағы бір нысан – құрылысы өткен жылы бітуге тиісті болған спорт алаңы. Қомақты қаржымен жасалуға тиіс нысан қисық-қыңыр күйде. Әр жерге қадап қойған жаттығуға арналған құрал-жабдықтардың да сапасы сын көтереді дей алмаймыз.

Көрген жанның көзіне ең алдымен мектептің сыры көшкен шатыры түседі. Ғимараттың ішіне кірсеңіз 60 жылға жуық жөндеу жұмысын көрмеген білім шаңырағының әбден тозып біткенін байқайсыз.

Қажет АНДАС

Қай ауылға барсаң да өткенін аңсайтын ақсақалдарды көптеп кездестіресің. Ондай ақпейіл жандарды Қоңыр ауылынан да таптық.

– «Қоңыр» – тарихи ауыл. Сонау XIX ғасырда Қапал мен Талдықорғанның арасын байланыстырған пошта бекетінің бірі осы жерде орналасқан. Қазақтың әйгілі тарихшысы, жиһанкез Шоқан Уәлиханов Ыстықкөл сапарында Қоңырдың іргесіндегі Көкжазыққа киіз үйін тіктіріп, демалып аттанған. Ауылдастар Керім Мұсабеков ауылды басқарып тұрған 1960-1972 жылдарды ризашылықпен еске алады. Өйткені ауылдың бет-бейнесі сол жылдары дұрысталды. Сүт фермасы, механикалық техникалық орталық, мектеп-интернат, сауда орталығы, емхана, кеңшар кеңсесі, диірмен, қырман, басқа да халыққа қызмет көрсету орталықтары болған. 70 мың бас қой, мың тұяқ жылқы, бірнеше мың бас ірі қара жаз жайлау, қыс қыстаудан қысылмайтын. Жазда Бала Қорадан Түйтеге дейінгі шұрайлы алқапты жайлайтын ауыл шаруалары қыста Молалы (Бүгінде Ақсу ауданына қарасты) жақтағы құм арасын қыстап, малын жұтатпайтын. Жұрт есінен кетпейтін 1969 жылғы қыста көрші кеңшардың малшылары ақ таяғын ұстап қалғанда қоңырлықтар жемшөп, азық-түлікпен көмектесіп еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау ауылдың бүлдіргісін бүлдіріп тынды, – дейді ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Исламғали Дәрменбеков.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС КӨП

Расында тәуелсіздіктің елең-алаң шағы қазақстандықтар үшін оңай болған жоқ. Көп дүниеден айырылып қалдық. Десе де кезіндегі шалқыған шаруаны қайта қалпына келтіру үшін атқарылып жатқан жұмыс та аз емес.

– Еңбек жолымды осы ауылда жас маман болып бастап, елмен бірге ержеттім. 2017 жылы ауыл әкімі болып тағайындалып, 2021 жылы қайтадан сайландым. Сол жылдары қолымнан келгенше біраз дүние жасағанымды ауылдастар жақсы бағалап жүр. Соның бірқатарын айтсам, Ақын Сара ауылынан Қоңырға дейінгі жол асфальтталды, ауылға кіреберіске қар тосатын тосалғылар жасалды, Қоңыр ауылдық округіне қарасты Көктөбе, Қоңыр ауылдарына ауызсу желісі тартылды, Қоңыр ауылындағы 2 көшеге жарық шам орнатылды. Көктөбе ауылындағы мектепке күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, оның бір бөлігі қысқы спорт түрін өркендететін лагерьге айналдырылып жатыр.

Қоңыр ауылы қысқы спорт түрін өркендетуге өте ыңғайлы жер. Сондықтан бұл лагерьде облыстың түкпір-түкпірінен жиналған жастар қысқы спорт түрімен жаттығатын болады. Ол, бір жағынан, жастарды спортқа бейімдесе, екінші жағынан ауылға жас мамандар көптеп келеді деген ойдамыз. Ол ауылдың демографиялық жағдайын көтереді. Ауылдың кіреберісінен балалардың ойын алаңы салынды. Мал басы өсіп, егіс алқабының аумағы артты, – дейді ауыл әкімі Арай Құлахметов.

Тағы бір ауыз толтырып айтар жаңалық – аз үйлі Қоңыр ауылындағы амбулаторияның заманға сай жаңғыртылып, озық құрал-жабдықтармен жабдықталғаны.

– Амбулаторияда бүгінде 14 адам жұмыс істейміз. Екі жыл бұрын ағымдағы жөндеу жұмысы жасалып, емдеу мекемесі қажетті заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталды. Мұнда тіркелген мыңға жуық тұрғынға сапалы қызмет көрсете аламыз. Дәрі-дәрмегіміз жеткілікті, бір санитарлық көлігіміз де бар, – дейді ауылдық амбулаторияның меңгерушісі Мақпал Кенжеқанқызы.

Алайда ауылдағы Мәдениет үйінің жағдайы нашар. Қаусаған қабырға, аңғал-саңғалы шыққан есік пен терезе, тозығы жеткен шатыр ауылдың көркін бұзып тұр.

– Қоңыр ауылы қазақ мәдениеті мен өнері, әдебиетінде ерекше аталатын қаламгерлер Ғали Орманов пен Сайын Мұратбеков, Қазақстанның халық әртісі Қажыбек Бекбосынов сияқты тұлғалар туған ауыл. Ауылдық Мәдениет үйі 1971 жылы қолданысқа берілді. «Жетісу толқындары» фольклорлық-этнографиялық ансамбль бірінші рет мынау сұрқы қашқан Мәдениет үйінде құрылған» дегенге бүгінде біреу сенсе, біреу сене қоймас. Сазгер, Мәдениет үйінің бір кездегі директоры Мәлс Керейбаев, ауыл хатшысы Жангелді Дәуешов ағаларымыздың бастамасымен алғаш рет теледидарда өнер көрсетіп, еңсемізді көтергені бар. Сайлау Әбділдинов атты сазгеріміз болды. Бір кездері облысты дүрілдеткен «Қырықбаевтар отбасылық ансамблін» осы күнгі үлкендер ұмыта қойған жоқ. Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Зейнеп Қойшыбаева апаларымыздың өнерін анау тозығы жетіп, топырағы шығып тұрған орындықтарда отырып тамашалап едік. 300 адамдық залы, киім-кешек ілетін орны, әр бөлмеде шығармашылық топ, кітапхана, тағы да басқа қызмет кабинеттері жұртқа қызмет көрсететін, – деп өткенді еске алды Қанат Күдербаев.

Бұл нысан тоқырау жылдары әлдекімдердің жекеменшігіне өтіп, біраз жыл қараусыз қалады. Өткен жылдары ауылдан шыққан меценат азаматтар тозығы жеткен Мәдениет үйін сатып алып, оны ауылдық әкімдіктің балансына өткізіп беріпті. Бірақ 300 орынға лайықталған нысанды қайта жөндеуден өткізу үшін аз қаржы кетпейтіні белгілі. Ауыл ақсақалдары мен азаматтары аудан, облыс басшыларына ұсыныс айтып жүріп, биыл ауылдан жаңа модельді Мәдениет үйі салынатын болыпты.

– Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың аудан тұрғындарымен кездесуінде Қоңыр ауылындағы Мәдениет үйінің жағдайын айтып едік. Ұсынысымыз қабылданып, жақын арада құны 159 млн. теңгеге бағаланған 140 орынды модельді Мәдениет үйі салынатын болды. Қазір жер телімі алынып, тиісті құжаттары рәсімделіп, керекті қаржысы қарастырылды. Демек, бұл нысан ауыл мәдениетін қайта түлетуге сеп болары анық, – дейді ауыл әкімі.

Иә, Қоңыр ауылында жасалып жатқан жұмыс көп. Бірақ ауыл ақсақалдары армандайтындай кемелді ауыл құру үшін әлі де көп тер төгуге тура келеді. «Жоқ жомарттың қолын байлапты» дегендей, бәрі айналып келіп қаражатқа тіреледі. Сондықтан арман болса да дәрмені шамалы ауылда шешімін күткен мәселе де аз емес.

ШЕШІМІН КҮТКЕН СҰРАҚТАР

Ауылдағылардың ең басты мәселесі – ауылішілік жолдардың жағдайының тым жұтаңдығы. Қоңыр ауылының өзінде 9 көше бар. Бірақ 1969 жылдары салынған асфальті бірде-бір рет жаңармаған жол апамның құрақ көрпесіндей шұрық-тесік. Былтырғы жылы Ғабиден Исмайлов атындағы көшеге асфальт төсеу жұмысы басталғанмен мердігер компания «Жаңа жол» ЖШС жұмысын толық атқармай, аттам жерге асфальт төсеген де ат құйрығын ұстатпай кеткен. Сонымен тапсырыс беруші Ескелді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі мердігер компанияны сотқа берген. Сот «Биыл жол құрылысының қалған бөлігін толық бітіреді» деген шешім шығарғанымен қыбыр етіп жұмыс жасаған адамды байқамадық.

– Биыл Абай Құнанбаев және Мәншүк Мәметова атындағы көшелерді асфальттауға ұсыныс білдіріп едік. Өтінішіміз аудан тарапынан қабылданбай қалды, – дейді Арай Елубекұлы. Демек, ауыл жолын бүтіндеудің жыры біразға дейін біте қоймайды. Оның нақты себебін аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінен сұрағанды жөн көрдік.

Ауылдағы дауға ұласқан тағы бір нысан – құрылысы өткен жылы бітуге тиісті болған спорт алаңы. Ауыл ортасындағы атшаптырым алаңқайдың бір шетіне жайғасқан нысан дәл бүгінгі күні ауыл тұрғындарының таңертеңгі-кешкі уақытында демалатын, ауыл жастарының спортпен шұғылданатын орынға айналуы тиіс еді. Бірақ сықпыты кеткен спорт алаңы көрген жанның көңілін ауыртады. Қомақты қаржымен жасалуға тиіс нысан қисық-қыңыр күйде. Әр жерге қадап қойған жаттығуға арналған құрал-жабдықтардың да сапасы сын көтереді дей алмаймыз. Істелген жұмыс талапқа сай орындалмағандықтан ауыл әкімдігі оны қабылдап алудан бас тартқан. Оны қойшы, спорт алаңын айналдыра қоршаған темір тордың сапасыз материалдан жасалғаны көрініп тұр. Итеріп қалсаң құлап түсердей. Оған қарағанда алаңның жанындағы 1969 жылы салынған мектептің қоршауының сапасы сан есе артық. Мердігер компания спорт алаңының жұмысын биыл толық бітіріп беруді уәде еткен көрінеді. Бірақ өткен жылы игерілмеген қаржы аудандық бюджетке қайтарылғандықтан бұл жобаның да соңы біраз дауға ұласатындығы белгілі.

Спорт алаңының іргесіндегі мектептің жағдайы да мәз емес. Көрген жанның көзіне ең алдымен мектептің сыры көшкен шатыры түседі. Ғимараттың ішіне кірсеңіз 60 жылға жуық жөндеу жұмысын көрмеген білім шаңырағының әбден тозып біткенін байқайсыз. Өткен ғасырдан қалған есік-терезелердің саңылауы ашылып, ашып-жапқанда «әндетіп» тұрады. Терезелерден кірген жел перделерді желпіп тұр. «Көктемде осындай болса, қысқы аяз кеулегенде оқушылар қалай білім алады?» деген ойға қалдық. Жауын өтіп, сарғайып кеткен төбелер, аттап қалсаң шаңы бұрқ ете қалатын спорт залындағы ағаш еден техникалық қызметкерлердің мазасын алып біткен. Осындай ұсқынсыз ортада оқып жатқан оқушылар мен мұғалімдердің шыдамдылығына риза болдық.

Мектепті күрделі жөндеуден өткізуге қатысты сметалық-жобалау жұмысы жасалып, білім шаңырағын заманауи қалыпқа келтіруге керекті қаражаты есептеліп, аудан әкімдігіне ұсыныс жасалғалы бірнеше жыл болыпты. Өкінішке қарай, жыл сайын ауданның жоспарына кірмей қалады екен. Қашанда білімге салынған қаржының қайтарымы болатынын ескерсек, Қоңыр ауылдық мектебінің күрделі жөндеу жұмысын кешіктіре беруге болмайтынын аңғардық. Бұл мәселеге алдағы уақытта аудан әкімдігі нақты жауап бере жатар деп үміттенеміз.

Қоңыр ауылында 200 шаруа қожалығы, егін және мал шаруашылығымен айналысатын 49 мың гектар жер бар. Бұл үлкен цифр саналғанымен мал басы күн сайын өсіп отырған ауыл тұрғындарына жайылымдық, жайлаулық, күзеулік, қыстаулық жердің тапшылығы анық байқалуда. Оның да өзіндік себебі бар екен. Қоңыр ауылы кезінде Қапал ауданының құрамында болғанда қыстауы да, жайлауы да болған. Кейін Ескелді ауданының құрамына өткенде олардың жайлаулық және қыстаулық жері Ақсу ауданының аумағында қалып, шаруаларға жер тапшылығы сезілген.

– Ауыл тұрғындарының қолындағы малын жаюға қарастырылған 3600 гектар жер қоры бар. Ал шаруалар жайлаулық және қыстаулық жерден тапшылық көріп отыр. Биыл аудан әкімдігі тарапынан Қоңыр ауылдық округінің шаруа қожалықтарына Шажа өзені бойынан 900 гектар жайылымдық жер бөлініп берілді. Бірақ оған ұсақ мал барғанымен жылқы, ірі қара малына жеткілікті жайылымдық жер мәселесі әлі де шешімін таппай келеді. Егер кезінде Қоңыр ауылына қарасты болған, бүгінде Қапал орман шаруашылығы мекемесінің қарауындағы Қора жайлауынан бойдақ ірі қара малына жайлаулық жер берілсе, біраз қиындық еңсерілер еді, – дейді ауыл әкімі.

Әрине, жайылымдық және қыстаулық жер мәселесі Ақсу мен Ескелді аудандары арасындағы келіспеушілікті туындатып жатқанын білеміз. Өйткені, Қоңыр ауылына тіркелген шаруа қожалықтарының малы Ақсу ауданының аумағында қыстайды. Игерілмей жатқан жерлерді қайта анықтау барысында бұл жағдай күн тәртібіне шығып, облыс деңгейіне дейін көтерілді. Сондықтан әр тарап бірлесе отырып, бұл мәселені де түбегейлі шешкені жөн. Болмаса ауыл арасында, ағайын ішінде келіспеушіліктер туындап қалуы әбден мүмкін.


Сонау кеңшар кезінде салынған, ауыл әкімдігі орналасқан екі қабатты ғимараттың жағдайы қиын. Онда ауыл әкімдігінің қызметкерлері, кітапханашылар, пошта қызметі, мал дәрігері мамандары, тағы да басқа халыққа қызмет көрсететін қызметкерлер сығылысып орналасқан. Ауыл әкімі Арай Құлахметовтің айтуынша, екі жыл бойы жүгіріп жүріп, ғимаратты ауыл әкімдігінің балансына өткізіпті. Алдын ала болжам бойынша оны күрделі жөндеуден өткізу үшін 208 млн. теңге қажет екен. Ауыл әкімдігінде ондай қаржы қайдан болсын.

Иә, Қоңыр ауылында атқарылған жұмыстар да жетерлік, «әттеген-ай!» дейтін жетіспеушілік те бар. Біз ауылда шешілуге тиісті маңызды деген түйіндерге тоқталдық. Енді оны шешудің жолдарын аудан әкімінен сұрайтын боламыз. Мүмкін, біздің өтінішіміз орындалып қалар.

Қоңыр ауылы, Ескелді ауданы

Jetisý

Сайт: www.7–su.kz e–mail: Jetisu2002@mail.ru



АҚЫН САРА рухы АРДАҚТАЛСА

Кеңес одағы кезінде жерімізге ешқандай үлесі болмаған өзге ұлт өкілдерінің атауы көптеп беріліп, көңілімізге көлеңке түсіргені анық. Тәуелсіздік алғаннан кейін елді мекендердің байырғы атаулары қайта ауыстырылып, ұлт болып ұйысудың түп қазығына айналды. Сол қатарда қазақ айтыс өнерінің жарық жұлдызы болып өнер көгінде өзіндік еншісін алған Сара Тастанбекқызын әспеттейтін салиқалы істер жүрді. Бүгінде Талдықорған қаласында, аудан, қалаларда Ақын Саранын ескерткіші бой көтеріп, көше, мектеп, ауылдарға есімі беріліп, жерленген жеріне кесенесі тұрғызылған. Бұл тұрғыда кінә артуға тиісті емеспіз.

Қажет АНДАС

Әсілінде апамыздың кіндік қаны тамған жері Ақсу ауданы, Ақсу ауылының Қосағаш елді мекені. Бүгінде бұл жер Көкжайдақ ауылы деп аталады.

– Анау көрініп тұрған тоғанның арғы тұсында Сара апамыз туған екен. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауыл біраз жыл Ақын Сара ауылы деп аталып, сол кезде туған балалардың құжатына «Ақын Сара ауылында туды» деп жазылып жүрді. Сол жылдары ақынын құрметтеген ел күрежолдың ауылға бұрылатын тұсына домбыра бейнесіндегі ескерткіш қойып, өнерпазға деген сүйіспеншілігін көрсетті. Алайда Ақын Сара ауылы заң жүзінде тіркелмегендіктен кейін келе ауылға «Көкжайдақ» деген ат берілді. Бүгінде ауыл Ақсу ауылдық округіне қарасты Көкжайдақ ауылы деп аталады. Бірақ жұрт тегіс Қосағаш деп айтуға әдеттеніп кеткен, – дейді ауыл ақсақалы Мүсәпір Қуанышбаев.

Әңгіменің әлқиссасын Қосағаштан бастағанымыздың да себебі бар. Өйткені «Әркімнің туған жері Мысыр шаһары» деген өткеннен қалған өнегені бағыт етіп, Сара апамыздың туған жерін айта кету болатын. Алайда адам өмірі үшін өскен жер, еңбек еткен ортасының да атқаратын рөлі зор. Оралхан Бөкеевтің: «Кім қай жерден өз бақытын тапса, ол – соның Отаны» деген сөзінің төркіні де осы.

Ақын Сара апамыз туған ауылдың азаматтарымен жүздесіп қайтқан соң Ескелді ауданының Ақын Сара ауылдық округіне ат басын бұрдық. Ақын Сара атындағы ауыл Кеңес одағы тұсында Қапал ауданының Целинный поселкелік кеңесі болып аталған. Целинный дегенді «Google» аудармаға салып көрсем «Тың» деген мағынада екен. Демек, тың жерге ауыл құрдық деген мақтаныштан туған атау болса керек. Бірақ олар елді мекеннің тарихы тым тереңде жатқанын түсінбеген, тіпті түсінгісі келмеген.

– Ертеден бүгінге жеткен қазақ айтыс өнері жауһарының бірі саналатын Біржан сал мен Ақын Сара айтысы бүгінгі Ескелді ауданының Ақын Сара ауылдық округіне қарасты Тоғызқұмалақ деп аталатын тарихи қоныста өткен. Ал ауылдық округке қарасты Ақешкі ауылының аумағында, Талдықорған – Өскемен күрежолының бойында ақынға арналған ескерткіш бой көтерген. Қысқасы, бұл өңірдің жазығы мен жота-жондары, әр тасында тарихтың табы қалған, – дейді Ақын Сара ауылдық округінің әкімі Шынарбек Қасымұлы.

Аталған ауыл 1963 жылы Целинный ауылдық кеңесінің құрамына Ақешкі, Ақын Сара, Тамбала, Капальское ауылдары беріліп, 1989 жылы Капальское ауылы Целинное болып қайта құрылады. Ал, 2007 жылы Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 наурыздағы №66 қаулысы және Алматы облысы мәслихатының сол жылғы №37-276 шешімімен Целинный ауылының атауы «Ақын Сара» ауылдық округі болып ауыстырылады. Бүгінде ауылдық округке Ақешкі, Ақтұма, Ақын Сара ауылдары қарайды. 43811 гектар жері, 2 мыңнан астам тұрғыны бар іргелі ауыл егін мен мал шаруашылығын шалқытып отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елді мекендегі өзге ұлт өкілдері тарихи отандарына көшсе, кейінгі жылдары атажұртқа оралған қандастар бұл жерге көптеп қоныстанып, ауылдың іргесі бүтін сақталып, керегесін шайқалтпай келеді.

– 2023 жылы әкім болып тағайындалғаннан кейін ақсақал, ақ жаулықты аналар, белсенді азаматтардың басын қосып, ауылды өркендетудің мәселелерін талқыладық. Сол жиында Мәдениет үйі мен клуб, жайылымдық және егістік жер, ауызсу секілді ұсыныстар айтылды. Кейін облыс әкімі Бейбіт Исабаев пен аудан әкімі Елдос Ахметовтың аудан тұрғындарымен кездесуінде көтерілген мәселелердің бірқатары бүгінде толық орындалды. Айталық, өткен бір жылдың ішінде Ақын Сара ауылында ауылдық округтің әкімшілік ғимараты, клуб, спорт алаңы, Ақешкі ауылында малдәрігерлік пункт бой көтерді. Ақешкі ауылындағы ауызсу мәселесі біраз жылдан бері шешілмей келе жатыр еді. Былтыр ауыл толығымен ауызсумен қамтамасыз етілді. Ақтұма ауылын ауызсумен қамтамасыз ету жұмысы 95 пайызға орындалды. Қалғаны көктем шыға жер кеңігенде біткеді. Ақешкі ауылында арық суы бар. Ал Ақын Сара мен Ақтұма ауылдарында арық суы жоқ еді. Ауылдарға арық суын жеткізу бойынша 2015 жылы қаржы бөлініп, жобалау-сметалық құжаты дайындалып, жобаны жүзеге асыруға қомақты қаражат бөлінді. Енді Талдықорған – Өскемен күрежолынан Қапалға баратын жолдың сапасыздығын тұрғындар жиі айтып жүр еді. Биыл Қапал бұрылысынан Ақешкі өзеніне дейінгі жол жасалатын болды. Ауданда газдандыру жұмысы қауырт жүріп жатқанынан оқырмандар хабардар. Демек, Ақын Сара ауылына да көгілдір отын жететін күн алыс емес. Игерілмей жатқан 3135 гектар жер мемлекет меншігіне өтіп, конкурс арқылы ауыл тұрғындарына берілді. Алдағы уақытта тағы да 4200 гектар жер ел игілігіне қайтатын болады, – дейді ауыл әкімі.



Ақын Сара ауылындағы барлық мәселе түбегейлі шешіліп, жұрт көңілі орнықты деуден аулақпыз. Әлі де шешімін күткен дүние көп. «Көш жүре келе түзеледі» дегендей, ауылдың көші түзеліп келе жатқанына жаңа нысандарды аралап, ауылдың тыныстіршілігімен танысқанда көзіміз жетті. Алайда: «Ауыл тұрғындары тұрып жатқан жеріне есімі берілген Сара Тастанбекқызы туралы не біледі?» деген сұрақ ойландырды. Бұл сұрақты алдымен ауыл әкіміне қойып көрдік:

– Ауылдық округтің бастамасымен Ақын Сара апамыздың есімін ұлықтау мақсатында жыл сайын Ақын Сара мен Біржан салдың айтысы өткен Тоғызқұмалақ тарихи орнына саяхат жасап, Ақын Сара кесенесіне сенбілік ұйымдастырамыз. Қаражатымыз бен қауқарымыз жеткенше қолдан келген шараларды жасап келеміз, – дейді ол.

Әрине, өскелең ұрпақтың бойына елге, жерге, тұлғаға деген сүйіспеншілікті ұялататын мектеп екендігі белгілі. Сондықтан Ақын Сара ауылындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептің директоры Ақмарал Байбосыновға жолығып, атқарылып жатқан жұмыстар жайын сұрадық:

– Білім шаңырағында ақын апамыздың есімін ұлықтау мақсатында мәдени-рухани шаралар жиі өтіп тұрады. Туған жер, өлкетану бағдарламасы аясында мектеп оқушылары Ешкіөлмес тауы баурайындағы Ақын Сара мен Біржан салдың айтысы өткен «Тоғызқұмалақ» тарихи жеріне саяхаттап, оқушылар аудандық өлкетанулық ғылыми-тәжірибелік бағыттағы конференцияға, конкурстарға қатысып, жүлделі болып жүр. Айталық, мектеп оқушысы Әйгерім Жақай жергілікті жердің топонимикасы мен ономастикасы тақырыбы бойынша «Ақын Саранын шығармаларындағы жер атауларының шығу тарихы» тақырыбында зерттеу жұмысын қорғап, аудандық конференцияда II орынды иеленді. Аяла Тұрысбек «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар» бағыты бойынша Ақын Саранын мемориалдық музейіне, «Қарашоқы» қорымына, Ақын Сара кесенесіне барып ақпараттар жинастырды. Оның жобасы облыстық кезеңге жолдама алып, «Дарын» орталығының Алғыс хатын иеленді. Былтыр республикалық «Менің шағын Отаным» интеллектуалдық конкурсына Аяла Тұрысбек пен Күншуақ Мақсатбек бірлескен жоба жұмысын орындап, аудандық сайыста I, облыстық кезеңде II орынды иеленді. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында Күншуақ Мақсатбектің әкесі Мақсатбек Рақымжанұлынан сұхбат алып, сол кісінің қолындағы Жүсіпбек қожа Шайқысламұлынан қалған қолжазба, яғни «Ақын Сара мен Біржан сал айтысының» түпнұсқасымен танысты. «Туған өлкенің табиғаты» виртуалды саяхат бағыты бойынша мектеп оқушысы Толғанай Айтқазы «Сара Тастанбекқызы – дара тұлға» тақырыбында «Тоғызқұмалақ» тарихи орнына саяхаттап, Ақсу ауданының Абай ауылында орналасқан ақын ескерткішіне тағзым етіп, ақсақалдардан деректер жинап, Қапал ауылы мұражайындағы ақын апамыздың қолданған заттарымен, балалық шағындағы естеліктерімен танысты. Зерттеу жұмыстары аясында жинақталған материалдар бойынша мектеп оқушыларына 3D форматта саяхат, таныстырылым жасады, – дейді ол.

Әрине, білім шаңырағы оқушыларға туған ауылының тарихын, Сара Тастанбекқызының өнегелі өмірін насихаттау үшін қолдан келгенше еңбектеніп жатқанын білдік. Алайда, ауыл тұрғындарынан сауалнама жүргізіп көргенде олар Ақын Сара туралы білгенімен көбі ақын есімін ұлықтауға қатысты атқарылып жатқан жұмыстардан хабарсыз болып шықты. Бұл үшін ауыл тұрғындарын, әкімдік қызметкерлерін, мектеп ұжымын кінәламақшы емеспіз. Өйткені, олар мүмкіндігінше қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр. «Жоқтық жомарттың қолын байлайды» дегендей, шынайы қолдау болса, мұнан да ауқымды шараларға ұйымдастыруға ынталы.

Ақын Сара ауылы,
Ескелді ауданы





Біз ауыл тұрғындары, ауылдық округ қызметкерлері, мектеп мұғалімдерімен пікірлесу барысында төмендегі ұсыныстарды тиісті орындарға жеткізуді жөн көрдік.

1. Бүгінде Ақын Сара ауылының инфрақұрылымы жақсара түскен. Аудандық, облыстық шараларды атқаруға қауқарлы. Сондықтан «Біржанның інілері, Саранын сіңлілері» айдарымен өтетін айтыс ақындарының сөз сайысын дәстүрлі түрде Ақын Сара мен Біржан сал айтысқан Тоғызқұмалақ тарихи орнында өткізуді қолға алса ақын есімін ұлықтап, тарихқа тағзым етудің өнегесіне айналып, ауылдың руханимәдени өмірі өркендей түсер еді.

2. Журналист ретінде Ақын Сараны ұлықтауға арналған аудандық, облыстық, республикалық конференция, еске алу кештеріне жиі қатысып тұрамыз. Сол шараларда Ақын Сара ауылының тыныс-тіршілігі жайлы білмек болып іздесек те ауылдың бірде-бір өкілін таба алмай жатамыз. Сондықтан осындай шараларға ауыл әкімдігінің мамандары, мектеп ұжымының оқытушылары, ауыл ақсақалдары құрметті қонақ ретінде шақырылып, көпшілікке ақпарат беріп тұрса, тұлғаға деген құрметтің ең кереметі болар еді. Осыдан былай осы жағын да ескере жүрерміз деген ойдамын.

3. Жыл сайын жаңа оқу маусымы басталғанда облыстық білім басқармасы тарапынан мектептерде атқарылатын жұмыстардың жоспары бекітіледі. Осы жоспарға «Тарихи тұлғалардың есімі берілген елді мекендердегі мектептер сол тұлғаның өмірі мен өнегесін насихаттайтын тәрбиелік шаралар жоспарлы түрде жыл бойы өткізілсін» деген пункт енгізілсе, құба-құп болар ма еді?

4. Талдықорған – Өскемен күрежолының бойында орналасқан Ақын Сара кесенесі туралы жоғарыда айттық. Осы жазбаны дайындау барысында кесенеге барып тәу еттік. Өкінішке қарай, кесененің барлық құжаттары енгізілген QR код тозып, өшкіндеп кеткен. Ұялы телефонымызды қосып көрдік. Бірақ ешбір ақпаратты көрсетпейді. Демек, бұл кесенеге ары-бері өткен жүргіншілер жиі барып тұрады. Істемейтін QR код жетісулықтарға ұят болып тұр. Сол құрылғыны қайта жаңартып, орнатқан дұрыс-ау.


Бұл ұсыныстарды тиісті мекемелерге жолдап, берілген ресми жауаптарды оқырмандарға қосымша жеткіземіз.



Айман ОЛЖАБАЙҚЫЗЫНЫҢ «Мұрагер» тобымен ізденіс жұмысы

БАЛТА ТІЛДІ АҚЫН ҰМЫТ ҚАЛМАСЫН

Қазақтың айтыс өнерін зерттеушілердің еңбегінде XIX ғасырдағы суырыпсалма ақындардың қатарынан Бақтыбай Жолбарысұлының есімі ерекше аталады. Өйткені Сүйінбай, Жамбыл, Әсет, Самалдық, Уәйіс, Жүсіпбек, Арыстан, Бәйімбет, Тезек төре, Мәйке қыз, Қыпшақбай, Түбекпен айтыс аламанында белдесіп, алты Алашқа танылған Бақтыбай ақын өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық қатынасты, құбылмалы саяси жағдайды, өктемдік пен билікшіл топты сөзбен түйреп, қазақтың мұңын мұңдады, жоғын жоқтады. Қазақ халқының рухани болмысын қалыптастыруға еңбек еткен Бақтыбай Жолбарысұлын қаншалықты деңгейде қастерлеп жүрміз?!



Бақтыбай Жолбарысұлының домбырасы.

Ілияс Жансүгіров 1921 жылы танымал түркітанушы, фольклор жинаушы Әбубәкір Диваевпен бірге Жетісу, Сырдария экспедициясына қатысқан. Экспедиция аясында Лепсі, Қапал, Көксу елді мекендерін аралап, Бақтыбай Жолбарысұлы, Сүйінбай Аронұлы, Түбек ақын, Құл ақын, Орынбай ақын, Әсет Найманбайұлы сынды ақындардың сөзін жинап, ел қорғаған батырлар туралы деректерді жазып алады. Сол қатарда тірлігінде 40-қа жуық ақынмен сөз сайыстырған Бақтыбайдың Сүйінбаймен, Жамбылмен, Тезек төремен, Қыпшақбаймен, Түбекпен, Әсетпен, Мәйке қызбен айтыстарын қағазға түсіріп, болашақтың еншісіне қалдырады. Сондай-ақ, Жансүгіровтің «Қазақ» газетінен басталып, «Қазақ әдебиеті» газетімен түйінделетін журналистік жазбаларында Бақтыбай Жолбарысұлының есімі жиі аталып тұрады.

Ілияс Жансүгіровтен кейін Бақтыбай ақын мұрасына ерекше ден қойғандар журналист, жазушы Ораз Исмаилов пен жазушы Ұзақбай Доспанбетов. Расында, Ораз Исмаилов Бақтыбай ақынның өмірі мен ел арасында сақталған біраз айтыстарын қағазға түсіріп, «Қыз құлаған», «Едіге-Нұран» дастандарын, қазақ әдебиеті мен айтыс өнеріндегі орнын нақтылауда ерінбей еңбектенді. Ұзақбай Доспанбетов ақынның шығармаларын жинақтап, алғашқы кітабын шығаруға мұрындық болды. Ал Бақтыбай Жолбарысұлы мен оның жары Мәйке ақынның ескерткіші мен құлпытасының салынуына қолдау білдірген қоғам қайраткері Көпес Ақылбаевті, Бақтыбай ақынның қасиетті қара домбырасын сақтап келген Райса Әбеновады да осы қатарға қосуға міндеттіміз.

Бүгінде Ілияс Жансүгіров атындағы университет, елді мекен, мектеп, көше атауы бар. Жыл сайын облыстық, республикалық «Ілияс оқулары» өтіп тұрады. Алайда, Ілияс пір тұтқан Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы бірде-бір байқаудың болмағаны жаныңды ауыртады. Айта берсек, Бақтыбай сөз сайыстырған Сүйінбай, Жамбыл, Ақын Сараларға қатысты айтыс жыл сайын, кейбірі екі жылда бір рет ақындардың басын қосады. Ал «Бақтыбай Жолбарысұлының айтысы өтіпті» дегенді естіп көрдіңіз бе?

Рас, 1990 жылы Бақтыбай Жолбарысұлының 155 жылдығында дүркіреп той өтіп, ақындардың аламан айтысы болғаны белгілі. Айтыстың ұйымдастырылуына сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Егеубек Далбағаев пен облыстық «Жерұйық» газетінің бас редакторы Тұрсын Әбдуалиев ерекше үлес қосқан. Айтысқа Айтақын Бұлғақов, Халел Тәжібаев, Бақытгүл Қасымбекова, Балқия Көшкінбаева, Дәурен Қуатов, Қаныша Райысова, Дәулет Қашқынов, Роза Амандықова, Марат Қопабаев, Панархан Қамбарова, Болатбек Тұрақбаев, Жапар Ақылбеков, Шакура Әліпова, Есенқұл Жақыпбеков, Абаш Кәкенов сияқты сол тұстағы айтыс аламанының ақиықтары қатысып, Абаш Кәкенов I, Есенқұл Жақыпбеков пен Жапар Ақылбеков II, Қаныша Райысова мен Айтақын Бұлғақов III орынды иеленген. Ал Бақтыбай Жолбарысұлының 165 жылдық мерейтойында жазба ақындардың мүшәйрасы ұйымдастырылып, оған 27 ақын қатысады. Мүшәйрада бас жүлдені жеңіп алған ақын Әбен Дәуренбеков және I, II, III орынға иелік еткен ақындарға демеуші, сол тұстағы «Ескелді» кооперативінің төрағасы Серік Сариев пен ауыл азаматы Төлеген Шойынбеков ақшалай және заттай сыйлық табыстайды.

Бүгінгі жұртқа танымал марқасқалардың дені 35 жыл бұрын өткен байқауға қатысқан жас жүйріктер еді. Демек, Бақтыбай Жолбарысұлының рухы өз кезінде талай жастың талабын ұштады деуге болады. Сол үрдіс жалғасқанда қаншама талант танылар еді?! «Ештен кеш жақсы» дегендей, биыл ақынның туғанына 190 жыл толады. Осы мерейлі мерекеде Бақтыбай Жолбарысұлына арналған ақындар айтысын, жазба ақындар мүшәйрасын, мектеп оқушылары арасында Бақтыбай оқуларын ұйымдастырып, жақсы істі жаңғыртып, болашаққа бағдар салсақ нұр үстіне нұр болар еді.

1990 жылы ақынның 155 жылдық мерейтойына орай Бақтыбай ақын мен оның сүйікті жары Мәйке ақынның басына құлпытас қойылып, ескерткіш мемориал орнатылды. 2000 жылы ақынның 165 жылдық мерейтойында Крупская ауылына Бақтыбай Жолбарысұлының есімі берілді. Ақын атында көшелер, мектептер бар.

Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы ауылдық округ Ескелді ауданына қарайды. Облыс орталығының іргесіндегі ауыл 3 елді мекеннен құралған. Онда 10 мыңға жуық халық тұрады. Оның екі мыңға жуығы зейнеткер. Округте жалпы 46 көше бар. Олар тарихи тұлғалар, қоғам қайраткерлері, соғыс ардагерлері, ақын-жазушылар, ауылды өркендетуге еңбегі сіңген азаматтардың атымен аталады. 21 көшеге жарық шамдар орнатылып, біразына асфальт төселіп, тротуарлар темір



1990 жылы Бақтыбай Жолбарысұлының 155 жылдық мерейтойында жұрт қаражатымен салынған ескерткіш.

Қажет АНДАС,
«Jetisý»

жақтаулармен бөлінген. Арасында қиыршық тас төселген көшелер де кездеседі. Бір қызығы, Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы көшенің толық асфальтталмағанын байқап қалдық.

Естеріңізде болса, ауылдастардың өздері тұрып жатқан ауылға аты берілген Бақтыбай Жолбарысұлының кім екенін білмейтіні өткен жылы әлеуметтік желіде қызу талқыланған.

Бақтыбай ауылының әр көшесімен жүріп, аяғымыз жеткенше аралап шықтық. Өкініштісі, барған жерімізден ақын есімін ұлықтайтын бірде-бір көрнекілік көрмедік. Демек, Бақтыбай ауылында ақын есімін ұлықтауға, оны тұрғындарға насихаттауға қатысты жұмыс жүргізілмейді деген сөз.

Бүгінде Бақтыбай ауылдық округінде 2 білім беру мекемесі бар. Екі мектепте 1551 оқушы білім алуда. Жас ұрпаққа елжандылық пен туған жерінің қадірі мен қасиетін сіңіретін бірден-бір орта мектеп. «Демек, Бақтыбай Жолбарысұлының есімі ауылдық округке қарасты С. Сейфуллин атындағы және Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектептерде түрлі шаралар арқылы өскелең ұрпаққа насихатталып жатқан шығар?!» деген оймен екі мектептің директорымен жолығып, пікірлестік.

– 2003 жылы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектептен ұстаздық жолымды бастап едім. Сол жылдары мектеп атамыздың атымен аталып, еліміздің жер-жерінен қоғам қайраткерлері жиналып, ас берілген. Қазір С. Сейфуллин атындағы орта мектепті басқарып отырмын. Жыл сайын, тоқсан сайын бір рет Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы сынып сағатын өткіземіз. Сондай-ақ, мектеп кітапханасының жанынан атамыздың шығармашылығына арналған бұрыш ашып, қазірге дейін жарық көрген еңбектерін жинақтадық. Бұл әдебиетке құштар оқушыларға рухани азық болып жүр. Биыл ақынның 190 жылдығына орай күзге қарай 10 күндік ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз, – дейді С. Сейфуллин атындағы орта мектептің директоры Дильбар Тамышева.

– Мектебімізге 2000 жылдары Бақтыбай Жолбарысұлының есімі берілді. Бүгінде 1000-нан астам бала білім алады. Ауылдың іргесінде Бақтыбай Жолбарысұлының ескерткіші бар. Оны абаттандыру, тазалау, қарау жұмысы біздің мектепке жүктелген. Мектеп кітапханасында Бақтыбай Жолбарысұлының бұрышы бар. Онда ақын мұрасы мен кітаптары жинақталған. Сондай-ақ, мектеп ішінде ақынның шағын мүсіні, қанатты сөздері жазылған стендтер, тағы да басқа көрнекіліктер қойылған. Мектеп мұғалімдері, оқушылар жыл сайын Бақтыбай Жолбарысұлының мұрасын зерттеп, түрлі конкурсқа қатысып, жүлдегер атанып жүр. Сондай-ақ, оқушылар бұл заттарды күнделікті көріп жүргендіктен Бақтыбай Жолбарысұлына құрметі арта түседі. Биыл ақынның 190 жылдығына орай ғылыми-әдістемелік конференция, көрме, мектеп оқушылары арасында айтыс ұйымдастырсақ деген жоспарымыз бар, – дейді орта мектеп директоры Жанат Тәңірбергенұлы.

Мектеп басшыларымен, мұғалімдермен кездесу барысында С. Сейфуллин атындағы орта мектепте жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан Айман Ізбасарованың Бақтыбай Жолбарысұлы туралы үлкен ізденіс жұмыстарын жүргізгенін және ол еңбектер бүгінде мектептегі сынып сағатында көмекші құрал ретінде пайдаланылып келе жатқанын естіп, іздеп бардық.

Бізді жылы шыраймен қарсы алған қарт педагог Бақтыбай Жолбарысұлы туралы зерттеу еңбектері мен қол жеткізген барлық рухани қазынасын жайып салды.

– Бақтыбай атамыздың мұрасын жинақтау және өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында 1990 жылдан бері ізденіс жасап келемін. Сол жылы мектептегі әдебиетке құштар оқушылардан «Мұрагер» тобын құрып, Бақтыбай ақынның өмірі, шығармашылығы, айтысы, қанатты сөздері туралы көптеген тың деректерді, бұрын кітап бетіне түспеген өлең, жырларды, күйлерді жазып алдық. Әр жылдары өзімнің зерттеу жұмысымды мектептердегі «Атамекен», «Атамұра – Ата дәстүр», «Азамат» ұйымының бағдарламалары бойынша іске асырдым. Сол дүниелер бүгін үлкен қорға айналды, – дейді Айман Олжабайқызы.

Айман Олжабайқызының 30 жылдан бері Бақтыбай ақынға қатысты ақпараттары біршама жинақталыпты. Оны бір-бірден парақтап танысып шықтық. Оның ішінде Бақтыбай Жолбарысұлы шығармашылығы туралы тәрбие және сынып сағатының жобалары және атқарылған шаралардың есебі көрсетілген. Ақынның шығармашылығын зерттеу жоспары және жеткен жетістіктер, Бақтыбай Жолбарысұлының шығу тегі, бүгінгі ұрпақтары туралы шежіре дерегі рет-ретімен қатталған. Бақтыбай Жолбарысұлының айтыстары туралы сараптамалық материалдар мен Бақтыбайдың Сүйінбай, Жамбыл, Қыпшақбай, Әсет, Мәйке қызбен айтыстарының толық нұсқасын жазып қойыпты. Ақын жайлы замандастарының, кейінгі буынның, бүгінгі қаламгерлердің айтқан жылы лебіздері, ақынның 155, 165 жылдық мерейтойларының өту барысы туралы жалпы ақпарат пен фотосуреттер, ақын домбырасы туралы анықтамалар толық жинақталған. «Мұрагер» тобының Бақтыбай мұрасын зерттеу аясында 1990-2005 жылға дейін атқарған жұмыстары, ақынға арнаған кейінгі қаламгерлердің арнау өлеңдері, мерейтойдағы сөздер, газетте жарияланған ақпараттардың түпнұсқасы, тағы да басқа тың дүниелер жинақталған. Сондай-ақ, Жетісудың танымал тұлғалары Ескелді би, Балпық әулие, Қабылиса жырау, Жолбарыс би, Айту би туралы зерттеу еңбектері мен олардың кесенелерінің орналасқан жері бойынша деректер де табылады.

Мақаламыздың көлемі шекті болғандықтан бұл дүниелерді тәптіштеп жазу мүмкін болмады. Бірақ осы ұлан-ғайыр дүние бақтыбайтануда үлкен еңбек болатыны анық. Сондықтан аудан, ауыл әкімдігі, ауылдың атқамінер азаматтары тарапынан Айман апаның бақтыбайтанудағы еңбектерін жинақтап, кітап етіп басып шығаруға қолдау көрсетілсе, ақынның 190 жылдығына үлкен тарту болар еді. Сонымен бірге, Бақтыбай бабамызды насихаттау екі мектептің ғана еншісінде болмай, ел болып қолға алатын іс екенін ескерте кеткенді жөн көрдік.

Айту біздің, атқару ел азаматтарының жауапкершілігінде...

Бақтыбай ауылы,
Ескелді ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ

Әділеттілікті қалыптастыратын жол

Мемлекетіміз жаңа қоғам қалыптастыруда. Оның бірден-бір жолы – сыбайлас жемқорлықтан арылу. Осы орайда көз алдымызда көптеген бармақ басты, көз қысты әрекеттер әшкереленуде. Қазақстанның бар байлығын шетел асырып жібергендердің де барын білеміз. Кейбір мемлекеттік нысандарды сатып алып, жалға беріп, өздері шетелде сайрандап жүргендер де бар.

Осы орайда заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы заң жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа тұзақ болмақ. Ел алдында жүрген азаматтар отандастарының сенімін аяққа таптап, көзбояушылық жасап, көптеген фабрика, зауыт, құнды ғимараттарды жекешелендірген. Бұл – халықты қанау, несібесін пайдалану. Жекешелендіру үдерістерінің көбі заңсыз жүргізілген. Халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін жекеменшікке заңсыз берілген мемлекет байлығын қайтару керек.

Оның қаржысы түйіні қиын мәселелерге жұмсалуы тиіс. Мысалы, сыбайлас жемқорлар қолды еткен байлықты қайтарудың нәтижесінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры құрылды. Осы қор бүгінде көптеген әлеуметтік қорғалуды қажет ететін осал топтарға көмек көрсетуде. Мысалы, Талдықорғанда мүгедектігі бар, аутист балаларға арналған 2 бірдей орталық ашылды. Қоғамдық қор сол мекемелерге заманауи медициналық қондырғылар алып берді. Қазір балаларға сол арқылы ем жасалуда. Ата-аналар да балаларына жасалған қамқорлыққа ризашылығын білдіруде. – Біз инклюзивті мемлекетпіз. Ендеше, қоғам мүшелері бірдей өмір сүруі керек. Барлығы жер, ел байлығын тең пайдалану керек. Қоғамдық бақылау күшейтілуі тиіс. Оған елсүйгіш, ар-ұяты бар, адамдық қасиеті жоғары азаматтарды тартқан жөн. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі артуы тиіс. Атымтай жомарт азаматтардың жерлестеріне жасап жатқан жақсылығын үлгі еткен дұрыс. Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы заң – әділеттілікті қалыптастыруға басталған даңғыл жол.

Анарбек МОНГОЛХАН,
Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты

Қоғам алдындағы ашықтық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңға қол қоюы ел күткен маңызды шешімнің бірі болды. Бұл Заңға әу баста «AMANAT» партиясы бастамашыл болған еді. Шын мәнінде дәл осы бастама Әділетті Қазақстанды қалыптастыруға бағытталған нық қадамның бірі десек те болады.

Ашығын айту керек, заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару – өте күрделі шаруа. Өкінішке қарай, қолданыстағы заңнама заңсыз иемделінген мүлікті қылмыстық процестік және әкімшілік процестік тәртіппен қайтаруға ғана мүмкіндік берген еді. Бұл ұзақ әрі әркез нәтиже бере бермейтін үрдіс болатын. Ал енді заңсыз иемделінген активтерді қайтарудың жаңа мүмкіндігі пайда болды. Жалпы, заңсыз иемделінген активтерді қайтару әрекеті өткен жылы басталған. Былтыр ел күткендей 600 млрд. теңге мемлекет қазынасына салынды. Ендігі жерде заңсыз иемделініп, елден тысқары шығарылған активтерді қайтару оңтайландырылады. Әрі қоғам алдындағы ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етеді. Депутаттардың жаңа заң жобасын әзірлеуде әлемдік тәжірибеге сүйенгені белгілі. Өйткені елімізде мұндай ауқымды және ел үшін маңызды бастама орын алған жоқ. Шыны керек, бір кездері сұраусыз байыған олигополияның басына осы заң арқылы қара бұлт үйіріледі. Сәйкесінше бұл әрекет бұқара халық үшін бұлт артынан күн шыққандай әсер ететіні анық. Бұдан былай «қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» дейтіндер аяғын аңдап басатын болады.

Осы уақытқа дейін өз білгенін істеп келген олигополия жаңа заңнамаға сәйкес күннің басқа жақтан шығып, таңның басқаша ататынын сезінеді. Осы заңның қуатымен халықтың аузынан жырып, мемлекеттің меншігіне қол сұғып, оны сыртқа жасыру толастайды деп сенеміз. Мемлекетке қайтқан активтердің ел мүддесіне жұмсалатынына да үмітіміз зор.

Талғат АБДРАХМАНОВ,
«Жетісу» телеарнасының жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері

АҚТЕКШЕДЕ жақсы дәстүр жаңғырды

Соңы. Басы 1-бетте



Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Сондықтан еңбекті бағалап, тиісінше құрмет көрсету біздің міндетіміз. Бүгінгі той осындай мақсатпен ұйымдастырылды, – деді ол.

Осыдан кейін аудан әкімі өңірдегі мал шаруашылығын өркендетуде ерінбей еңбек етіп, еселі үлес қосып жүрген бірқатар азаматты марапаттап, алғыс білдірді. Сахнаға бірінші болып жақында Абай облысында өткен аламан бәйгеде баптаған жүйрігі топ жарған Мұрат Күлтенов көтерілді. Қашанда ат мініп, жүйрік баптап өскен қазақпыз ғой. Еліміздің батысы мен шығысынан, оңтүстігі мен солтүстігінен жиналған жүздеген жүйріктің арасында 140 шақырым алыстықтан алқынбай жеткен жүйріктің жүлдесі иесіне тән болса, қуанышы барлық көксулықтарға ортақ еді.

Аудан әкімінің қолынан Алғыс хат алып, заттай марапатқа ие болған малшылардың қуанышы еселене түсті. Өйткені жаз жайлау, қыс қыстаудағы қиындыққа қарамай атакәсіпті жалғастырып жүрген жандар осындай ұлы дүбір тойды ұмытқалы ширек ғасырдан асып кеткен. «Сыйлық қымбат емес, сүйіну қымбат» дегендей, малшылардың ел мен жұрттың қарапайым еңбек адамдарын құрметтеп, қошемет көрсетіп жатқанына көңілдері марқайып, қуаныштан жүздері бал-бұл жанып жатты.

– Кеңес өкіметі тұсында шопандардан қадірлі адам болмайтын. Кеңшар мен ұжымшарлар арасында кімнің төлі көп, сол төрге шығып, тіпті, депутат болып та сайланатын. Бертін келе бұл дәстүр ұмытылды. Кеңшарлар тарады, ұжымшарлардан татулық кетті. Дегенмен, сол мәдениетімізді сақтап қалуға тырысып жатырмыз. Әрине, мемлекет тарапынан қолдау болмай бұл істің бұлыңғыр тарта беретіні анық. Ауданның арда азаматтарының ауызбіршілігінің арқасында бүгін осындай келелі жиынға куә болып отырмыз, – дейді «Алмалы» шаруа қожалығының шопаны Тілеуберген Жақыпов.

Бұл жерге жұрт той тойлау үшін жиналды десек қателесеміз. Кездескен, пікірлескен адамдардың лебізінен өзгелердің жетістігін көріп, өздерінің тәжірибесін де елге жеткізуді мақсат еткенін аңғардық. Сол қатарда аталарының өсиетін аяқсыз қалдырмай, төрт түлікті түлетуді азаматтық борышы санап жүрген азаматтарды да кездестірдік. Соның бірі – Қабылиса ауылдық округі «Рауан» шаруа қожалығының жетекшісі Олжас Болатұлы.

– Қазақтың қазақ болып қалуы, осынау ұлан-байтақ жердің иесі атануы төрт түлік малдың көктеуі мен жайлауын, күзеуі мен қыстауын күзеткен аталарымыздың еңбегінде жатыр. Осыған дейін Базарбай, Мырзатай, Болат есімді аталарым мыңғыртып мал өсіріп, көл-көсір тіршілік еткен адамдар. Міне, сол ата жолын төртінші буын болып мен жалғастырып келемін. «Мал баққанға бітеді» дегендей, қиындығы көп болғанымен қадірі мен қасиеті де мол. Жыл он екі ай малдың соңында жүрген еңбеккерлердің жаз жайлауға шығып, арқасын кеңге салатын тұсы осы. Осындай орайлы сәтінде малшылар тойын өткізіп, мерейімізді тасытып жатқанына алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді ол.

Әрине, мал күтімі деген де оңай емес. Ақ таяқты қолға алып, алдына төрт түлікті иіріп ұстағанның бәрін осы саланың маманы деуге келмейді. Бабын таппаса мал да өспейді. Түрлі кеселдің кесапаты да төрт түліктің жанына қас болатыны белгілі. Сондықтан кейінгі жылдары облыста мал дәрігерлеріне деген сұраныстың да артқанын білеміз. Десе де осы тойда төрт түліктің ауру-сырқауын дәл басып, оны емдеудің дәстүрлі жолын бүгінгі технологияға ұштастырған кәсіби мал дәрігерлерін де кездестірдік. Мәселен, мал дәрігері Зәуреш Құдайбайұлының айтуынша, қазіргі таңда малға ота жасап, түрлі кесапаттан арашалап қалуға болады екен.

– Аталарымның бәрі қой бақты. Қытайда мал дәрігері мектебін бітіргендіктен сонда үйренген тәжірибемді бүгінде жалғастырып, тентек қойдың миына ота жасап, ірі қара мен ұсақ малды қолдан төлдетіп, әріптестеріме үйретіп жүрмін. Байырғы қазақ малсақ еді. Малдың жай-күйін жүріс-тұрысынан-ақ танитын. Қазір қазақтың байырғы мал бағу үрдісінен алыстап барамыз. Мүмкін болса, аталарымыздың дәстүрлі мал шаруашылығын қайта жаңғыртқанымыз жөн, – дейді ол.

Тойға жиналған жылқышы, бақташы, шопанмен немесе басқалармен пікірлессең де малшы қауымның берекесін тасытып, беделін биіктеткен шараға деген жақсы лебізін естисің. Ал қатар-қатар тігілген ақшаңқан киіз үйлер мен шатырларда дастарқан жайылып, сыбаға үлестіріліп, қымыз сапырылып, қазақтың кең қолдылығын тағы да паш етті.

Тойдың ең қызықты сәттері балуан күрес, арқан тартыс, аударыспақ, теңге ілу, аламан бәйгемен айшықталды. Ат қазақтың қанаты ғой. Бәйге біткенше жиналған қауымның делебесі қозып, балуандар күресін қызыға тамашалаған көпшіліктің көңіл-күйі көтеріңкі болды. Желмен жарысқан жүйріктер жарысының қорытындысы бойынша Мәмбет ауылынан Айбарыс I орынды жеңіп алса, балуандар белдесуінде 1-орын Әділхан Жалғасқа, теңге ілуден 1-орын Бейсбек Ерланға, арқан тартыстан ерлер арасында 1-орын Балпық ауылдық округі командасына, әйелдер арасында 1-орын Қабылиса ауылдық округі командасына тиесілі болды. Жеңімпаздармен қатар II, III орын иегерлері де марапатталды. Жеңімпаздарды ҚР Парламенті Сенатының депутаты Амангелді Төлемісов пен Мәжіліс депутаты Болат Керімбек марапаттап, ауданымыздың тұрғындарын құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Расында, атакәсіпті ардақтап, атажолын жалғастырған еңбеккерлердің алар асуының да төмен болмайтыны белгілі. Осы тұста Жетісу жерінде бірінші рет осындай ұлы дүбір той өткізіп, жұрттың сенімін еселеген, олардың алдағы кәсібін өркендетуге жігер берген аудан басшыларына да ризашылық білдіре кеткен жөн.

Ақтекше ауылы
Көксу ауданы

✓ ОҚУШЫЛАР ДЕМАЛЫСЫ

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП

Үш ай жазда үлкендер еңбек демалысын алып, туризм ошақтарына барып, табиғат аясында демалатыны сияқты мектеп оқушылары да өздерінің каникулдарын ерекше өткізуді қалайды. Осыны ескерген мемлекет әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары мен үздік оқушыларды демалыспен қамтуды қолға алған. Ал Жетісу облысында балдырғандарға арналған лагерь бойынша қандай шаралар атқарылып жатыр?

Айдар ҚАЛИЕВ

Балалардың жазғы демалысын жақсы өткізу бойынша ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов: «Оқушылар демалысын пайдалы әрі қызықты өткізгісі келеді. Сондықтан біз бала денсаулығын нығайтуға, білімін толықтырып, жақсы демалуына жағдай жасауымыз керек. Ауыл балаларының бос уақытын тиімді өткізу ерекше назарда болуы керек. Олар үшін спорт алаңдары мен даму орталықтарын жабдықтап, ойын-сауық, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру қажет», – деп селекторлық жиында барлық облыс әкімдеріне тапсырма жүктеген еді.

Осыған орай балдырғандардың жазғы демалысын қызықты әрі әсерлі өткізу үшін Жетісу облысында жүйелі жұмыстар жүріп жатыр. 2024-2026 жылдары 4 балалар сауықтыру орталығын салу жоспарлануда. Бұл да балалар мен ата-аналар үшін керемет жаңалық.

Қазір демалыс орталықтары бар жақсылығын балаға тосып, бүлдіршіндердің демалысын қызықты өткізу үшін түрлі шаралар өткізуде. Мәселен, Текелі қаласындағы «Алтын Шажа» жазғы лагері бірінші маусымының алғашқы легінде 250 баланы қабылдады. Мұнда Ескелді ауданынан келген балалар жазғы сауықтыру орнында демалды. Оқушыларға 50-ден астам маман қызмет көрсетті. Оның 20 жуығы кәсіби тәлімгерлер. Демалыс орнында балаларға барлық жағдай жасалған. Таңғы астан бастап күні бойға бағдарламалар құрылған. Бүлдіршіндердің қауіпсіздігі үшін арнайы бейнебақылаукамералары орнатылған. Биыл лагерь 9 ауысымға бөлінген. Жалпы осы маусымда 2000-нан астам бала қабылдауды көздеп отыр. Балдырғандардың жазғы демалысының қалай өтіп жатқанын көру мақсатында «Алтын Шажа» лагеріне барып қайттық. Мұндағы бүлдіршіндер демалыс орнында бар жағдай жасалғанын айтып, алған әсерлерімен бөлісті. Сауықтыру лагерінде каникулын ерекше өткізіп жатқандардың бірі Аяжан Амангелдіқызы былай дейді:



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

– Мен биыл лагерьге алғашқы рет келдім. Демалыс орнында спорттық ойындарға қатысып, құнарлы тамақтар іштік. Түрлі байқаулар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Ең бастысы, ұялы телефоннан алшақтап, кітап оқып, шығармашылықпен айналысу үшін де мол мүмкіндік жасалды. Бұл жердің табиғаты да керемет екен. Жалпы лагерь маған ерекше әсер сыйлады.

Әрбір балдырған үшін жазғы демалыстың қызықты әрі көңілді өтуін ұйымдастырып жатқан мамандарды сөзге тартқан едік. Облыстық білім басқармасының дене тәрбиесі, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығы директорының орынбасары Гүлзира Құмарқызы:

– Жетісу облысында 339 жалпы білім беру мекемесі бар. Онда 128 мыңнан астам бала қамтылған. Оның 56 мыңы әлеуметтік осал топтағы бала. Қала сыртында 9 лагерь бар. Текелідегі «Бастау» және «Эдельвейс» лагерінің басқа демалыс орындарынан ерекшелігі – мұнда ағылшын тілін тереңдетіп оқу қарастырылған. Сонымен қатар, оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу үшін мектептерде де лагерь болады. Мектеп жанындағы лагерьмен 43 мыңнан астам бала қамтылады деп жоспарлап отырмыз. Балдырғандар 7-10 күн аралығында білім ордасында өтетін түрлі жарыстар мен шараға қатысады. Мектептегі әр лагерь 6 ауысымнан тұрады, – дейді.

Сондай-ақ, Талдықорғандағы оқушылар сарайында 6-10 жасқа дейінгі балаларға арналған лагерь бар. Бүлдіршіндерге екі ай бойы ойын ойнатып, шығармашылыққа баулып, демалысын ерекше өткізу үшін жарыстар ұйымдастырады. Текелі қаласы білім бөлімінің әдіскері Гауһар Шүкібасованың айтуынша, моноқаланың өзінде 100-ден астам бала түрлі бағыттағы шығармашылық үйірмеге қастысса, 300-ден астам оқушы өлкетану көшпелі экскурсиясына шығады екен.

Иә, бүлдіршіндердің демалысын қызықты өткізу үшін облыста түрлі шаралар ұйымдастырылып, тегін лагерьлер қарастырылған. Десе де он лагерьмен барлық облысты қамту мүмкін емес. Сондықтан, Жетісу облысына әлі де лагерь салу керек.

Жетісуда тау да, тоғай да, су да, көл де бар. Тарихи, мәдени орындар да жетіп артылады. Тек соның оңтайын тауып, табыс құрай білсек, туризмді дамыта білсек болғаны. Балалардың туған елі мен жерінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін танытуда лагерьдің ерекше маңызға ие екені белгілі. Олай болса неге әрбір ауылға лагерь салып, үйірмелер, спорттық нысандар ашпасқа? Жас ұрпақтың денсаулығын ойласақ, әр ауылдан бір-бір лагерь ашып, ауыл балаларын толықтай жазғы демалыспен қамтуымыз қажет.

18 shilde

2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№81 (19220)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

✓БӘРЕКЕЛДІ!

Алакөл ауданының Ақши ауылында елді елең еткізген кезекті жаңалық тіркелді. Көпшілік жақсы білетіндей, осыдан біраз бұрын облыс әкімінің Панфилов ауданындағы резиденциясы балалардың емдеу-сауықтыру орны ретінде қайта жабдықталған еді. Енді, міне, сол игілікті іс Алакөлде жалғасын тапты. Аудан әкімдігінің Ақши ауылындағы демалыс үйі бұдан былай жеткіншектердің демалып, денсаулығын түзететін демалыс орны ретінде қайта құрылып, жабдықталып, салтанатты түрде ашылды.





Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

«ЖАНСАЯ» жаңға сая орталық

«Жансая» күндізгі болу орталығы – оңалту бөлімшесімен» КММ-нің Алакөл ауданы, Ақши ауылындағы «Жансая» жазғы демалыс үйі ресми түрде жұмысқа кірісті.

Демалыс үйінің аумағы кең, барлық қолайлылықтар қарастырылған, жасыл желекке бөленген. Аумағында орналасқан ғимараттың жалпы пайдаланатын алаңы 200,3 шаршы метр. Ғимараттың жобалық қуаты 40 орынға арналған. Жаз айларындағы әр демалыс маусымы 5 күннен тұрады. Жазғы демалыс кезіндегі 5 маусымда 200 бала қамтуды жоспарланған. Демалушыларға жазғы кезеңде 24 штаттық бірлік қызмет көрсетеді. Демалыс орны балаларға арналған жатын төсектер, жеке заттар, киімдер салынатын шкафтар, түрлі жұмсақ жиһаздармен түгел қамтылған. Асхана қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Сыртқы аулаға ойын алаңқайлары мен су бассейні салынған. Сонымен қатар, жазғы кезеңде демалушылардың өмірі және денсаулық қауіпсіздігіне байланысты алғашқы медициналық көмек көрсетуге және өртке қарсы дабыл беру, өрт сөндіруге қажетті құралдарымен қамтылып, бейнебақылау орнатылып, ғимараттарда мүгедектердің жүріп-тұруына қажетті жағдайлар жасалыпты.

Демалыс орнының ашылу салтанатына арнайы келген аудан әкімі Алмас Әбдінов: «Құрметті ата-аналар, қадірменді халайық! Өздеріңіз білетіндей, біздің елде балалар ерекше қамқорлықта. Мемлекет басшысының өзі осы бағыттағы жұмыстарды бақылауға алған. Осы орайда Жетісу облысында жеткіншектерге барлық жағдай қарастырылғанын айта кеткен жөн. Облыс әкімінің қолдауымен үлкен істер атқарылуда. Бейбіт Өксікбайұлы ауданымызға келгенінде көл жағалауында мүгедек балаларға арналған демалыс орнын ашу қажеттігін айтқан еді. Бүгін сол тапсырманың орындалғанына куә болып отырсыздар. «Жансая» оңалту орталығының жаздық демалыс үйі пайдалануға беріліп, алғашқы демалушыларын қабылдады. Сырт көмекке мұқтаж жеткіншектеріміз осында демалып, ем алатын болады. Алдағы кездері де балаларға қамқорлық, қолдау істері жалғасады. Бүгінгі қуанышпен құттықтаймын!» – деді.

Одан кейін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ермек Мизамбаев демалушыларға тілегін арнап, облыста осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сатай Бекболатов ақ батасын беріп, игі істерге ілгерілеу тіледі. Демалып, ем алуға келген балалардың ата-аналары атынан сөз алған Сәлима Төлепбергенова жан жылуына мұқтаж жеткіншектерге жағдай жасап отырған жандарға ата-аналардың алғысын жеткізді.

Айдын көлдің жағасындағы демалыс орнының лентасы қиылып, шашу шашылды. Құрметті қонақтар мен демалушы балалардың ата-аналары ғимаратты, ауланы аралап көріп, жеткіншектерге қажетті жағдайдың бәрі жасалғанына көз жеткізді.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ
Алакөл ауданы

● Оқушылар демалысы



Жаз жайнатып, күн күлдіріп

2

● Өнеге мен өсиет



Дәстүр даналығы

4

● Өзекті



Бұралқы ит пен мысықтан қауіп жоқ

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

✓МӘСЕЛЕ

САСЫҚКӨЛ ДАУЫ:

23 мың гектардағы экожүйені қалай сақтаймыз?



«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» деген ғой. Алакөл ауданында сол көк сиырсыз-ақ дау туындап отыр. Тарқата айтсақ, аудан аумағындағы Сасықкөл атты көлдің маңындағы 10-ға жуық көлшіктің ұлтаны құрғап, тіршілігінің аңқасы кепкен. Сол көлшікті мекендеген құс пен аң қазір басқа жаққа ауыпты. Өйткені қорек жоқ, сол қоректі қамтамасыз етер су жоқ. Табиғат жанашырлары 23 мың гектарға жуық аймақтың экожүйесі мен фаунасы құрдымға кетті деп дабыл қақса, балық шаруашылығы инспекциясының өкілдері Сасықкөлдің суы мен балығы далаға кетіп жатқанын алға тартады. Редакцияға базынасын жеткізгендердің шақыртуымен Алакөл ауданына ат басын бұрып, мән-жайға қанықтық.

Дастанбек САДЫҚ

Соңы 3-бетте

✓ШОПАНДАР ТОЙЫ

АҚТЕКШЕДЕ жақсы дәстүр жаңғырды



Таң атпастан Шаған тауының етегіне жиналған халықтың қарамы қалың. Бөктерге ақшаңқан киіз үйлер мен шатырлар тігіліп, ыңғайлы жердің біріне сахна орнатылып, қатар-қатар орындық қойылыпты. Алаңқайдың бір жағында аудан кәсіпкерлері келген жұртқа қызмет көрсетсе, аламан бәйгеге шабатын жүйріктері мен су жорғаларын жаратып жүрген шабандоздар мен белдесетін балуандардың сайыстың басталуын асыға күтіп жүргенін байқадық.

Қажет АНДАС

Шараның ең қызықты тұсы күн арқан бойы көтерілгенде басталды. Жұрттың қуанышын Көксу ауданының әкімі Марлен Көлбаевтың құттықтау сөзі еселеді.

– Қымбатты қонақтар, қадірменді жерлестер, Көксу өңірінде өтіп жатқан шопандар тойына қош келдіңіздер. Ата-бабаларымыз ежелден мал бағудың қыры мен сырын терең меңгеріп, төрт түлікті шөбі шүйгін, суы таза жайлауда өсірген. Жетісу облысы – ауыл шаруашылығына қолайлы, мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы аймақ. Оның осы саладағы бәсі басым. Бүгінгі күнде ауданда 197 түйе, 20 мыңға жуық жылқы, 43 мыңнан аса ірі қара, 170 мыңнан аса қой мен ешкі бар. Оған 175 шаруашылық жұмылдырылған. Осы көрсеткіш арқылы мал шаруашылығы бойынша облысымызда алдыңғы қатарда келеміз. Десе де оны баптап, өсіру сіздердің – шопандардың, фермерлердің, шаруашылық иелерінің еңбегінің арқасында жүзеге асады.

Соңы 2-бетте

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Мемлекеттік шегараның мықты болуы ел шебін күзетіп отырған әскердің әлеуетіне ғана емес, шеп бұзбай отырған халықтың санына, әл-ауқаты мен жұмыспен қамтылуына да тікелей байланысты. Шегаралық елді-мекендердің келбеті кез келген мемлекеттің ішкі ахуалынан хабар береді. Шетелден сапарлай, туысқаншылап, бизнес не кәсіпкерлік байланыспен Қазақстан топырағына алғаш қадам басқандар еліміздің әлеуетін, мәдениетін, беріктігі мен бекемдігін шегара маңындағы елді мекендердің жағдайымен өлшейтіні анық. Бір сөзбен айтқанда, шегара – елдің айнасы. Өзгелер сол айнадан нені көрсе, біз жайлы солай қабылдайды. Ендеше: «Біздің айнамыз болған шегаралық өңірлердің жағдайы қалай, шалғайдағы елдің тыныштығын күзетіп тынымсыз еңбек етіп жүрген жерлестеріміздің тұрмысы, әлеуметтік мәселелері сын көтере ме? Оларға тиісінше жағдай жасап жатырмыз ба?» деген сұрақтарға жауап іздеп «Шалғай ауыл шырағы» айдарының кезекті материалын дайындау үшін облыс орталығынан 500 шақырым қашықтықта орналасқан Алакөл ауданының Достық ауылына жолға шықтық.

ШАМ ЖАРЫҒЫ ТҮБІНЕ ТҮСПЕЙ МЕ?

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ҚҰРДАС АУЫЛ

Бүгінде Достық ауылдық округіне Достық ауылы мен Жалаңашкөл және Көктұма стансылары кіреді. Ауыл 1991 жылы шілде айының 20-ы күні Қазақстан – Қытай теміржолының ашылуымен тұспа-тұс құрылды. Өткен 30 жылдың ішінде ауылды Мәлс Құсбеков, Ерлан Жақиянов, Қуандық Мұхаметқалиев, Қайыржан Қайранбеков, Ринат Құрмаев сияқты азаматтар басқарып, шығыс шегарадағы ауылды өркендету үшін аянбай тер төкті. Бүгін ауыл тізгінін жастайынан мемлекеттік қызметте шыңдалған Ермек Еңсебаев ұстап отыр. Ел аузында Жоңғар қақпасы атанып кеткен елді мекенде 1193 отбасы, 6729 адам тұрады. Негізінен ауылдық округ тұрғындарының 80 пайызы теміржолда жұмыс істейді. Ауылда 36 көше, 8 мемлекеттік мекеме, 3 әскери бөлім, 17 «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ мекемесінің бөлімшесі, 1 ауылдық аурухана, 2 мектеп, 1 балабақша, 1 өрт сөндіру мекемесі, 116 шағын және орта бизнес нысаны бар. Ауылдағы әлеуметтік маңызы бар нысандарда су, электр, жылыту жүйесі орталықтандырылған. Ауыл ішін 36 шақырым көлік жолы байланыстырып тұрады.

– Кейінгі жылдары ҚР «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында бірқатар игілікті жұмыс атқарылды. Айталық, теміржол қызметкерлеріне арналған 136 пәтерлі 2 қабатты 10 үй салынып, «Тенгри Достық» ЖШС-нің тапсырысымен логистикалық жүк ауыстырып тиейтін терминал, «Достық КаргоСервис» ЖШС-нің тапсырысымен «Контейнерлік жүк ауыстыру алаңы» іске қосылды. 250 орынды балабақша, биыл пайдалануға берілетін спорт алаңы ауылдың ажарын аша түсті. Сонымен қатар, Мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен жеке кәсібін ашып, жаңа жұмыс орындары құрылып, тұрғындардың тұрақты жұмыспен қамтылуына ықпал етті.

Биыл көктемгі-күзгі санитарлық тазалық айлығында 700 түп ағаш көшеті, сондай-ақ, тамшылатып суару әдісімен «Жастар» аллеясында әртүрлі гүл көшеті отырғызылып, абаттандыру жұмысы жүргізілді. «ЕвроТрансГрупп» ЖШС мекемесі ауылға 200 түп шырша ағашын отырғызып берді. Округ бюджетінен «Теміржолшылар» саябағында 3 дана Workout, 10 вазон, Әлібаев көшесі бойына «Достық» стеласы жазуы, «Жастар» аллеясына балалар ойын алаңы, көше тренажерлары, 12 дана орындық пен стела орнатылды. Білім беру мекемелерінің алдында жаяу жүргіншілер өткелі салынды. Жергілікті бюджеттен қаражат қарастырылып, ауыл ішіндегі 10 орынның қоқыс тастау алаңы қоршалып, 50 қоқыс жәшігі қойылды, – дейді ауыл әкімі Ермек Сейфил-Мәлікұлы.

Ауыл әкімінің айтуынша, елді мекеннің мүмкіндігі жыл өткен сайын кемелденіп келеді. «Евротрансгрупп» ЖШС-нің логистикалық жүк ауыстырып тиейтін терминал құрылысы жыл басында қолданысқа беріліп, 6 млрд. теңге инвестицияға салынған терминал жылына 2 млн. тоннадан астам жүк сақтау қызметін атқара бастапты. Шегара өткізу бекетіндегі жүк көліктерінің кептелісін азайту үшін ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер департаментінің тапсырысымен бас мердігер қытайлық «Nuc Tech» ЖШС компаниясы, қосалқы мердігер «QSM inqenerinq» ЖШС былтыр кеден бекетін кеңейту жұмысын қолға алған. Жалпы құны 15 млрд. теңгені құрайтын жоба толық аяқталғанда тәулігіне 1600 (50 пайызы импорт, қалғаны экспорт) жүк көлігі өтеді деп күтілуде. Алдағы уақытта «Достық Транс Терминал» ЖШС-нің 180 адамды жұмыспен қамтитын көлік логистикасын салу жобасының 3-4 кезеңінің құрылысы басталса, қомақты қаржы бөлінген «ЕТТ Достық» (Евротранзит) ЖШС мен «Дар Раил» ЖШС-нің көлік логистикасын салу жобасының құрылысы қарқынды жүруде. Осыған қарап-ақ Достық ауылындағы жағдай ойдағыдай деп топшылауға болады. Десе де осы бір шағын елді мекенде әлі де шешімін күткен әлеуметтік мәселелер жетерлік.







Қажет АНДАС

ТҰРҒЫНДАР ҮЙІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРЕ АЛМАЙ ЖҮР

Бүгінде ауылда 1039 көпқабатты пәтер және 179 жер үй бар. Бұл үйлердің алды 1960 жылы салынса, соңғысы 2016 жылы бой көтерген. Бір қызығы, бұл үйлер Достық ауылының аумағында орналасқанымен меншік құқығы «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-ның теңгерімінде тұр. 2017 жылы осы үйлерді жекеменшікке беру туралы жұмыс басталғанымен өз деңгейінде атқарылмай, тұрғындардың мазасын алумен қатар ауылды өркендетуге де кедергі келтіруде. Оны бірнеше бағытпен түсіндіруге болады.

Біріншіден, ауылдағы тұрғын үйлердің коммуналдық қызметін, инфрақұрылымын жаңғыртуға қатысты жобаларды жүргізуге тұсау болуда. Яғни аталған үйлер «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-ның теңгерімінде тұрғандықтан ауылдық округ олардың жылу, жарық, су, электр желілерін қайта жаңғыртуға заңдық тұрғыда араласа алмайды. Ал 2021 жылдан бері аталған үйлерді жекешелендіру туралы қаулы шыққалы «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Алматы бөлімшесінің Достық стансысы аталған үйлердің коммуналдық жұмысын жетілдіруге назар аудармайтын болған.

Екіншіден, «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ теңгеріміндегі үйлерді жекешелендіруге қатысты қаулы шыққанымен толық орындалмай жатқанын байқадық. 2023 жылы «Корпоративтік тұрғын үйлерді иеліктен шығарудың «Жол картасы» бекітілген. Соған сәйкес Достық стансысы бойынша биылғы II тоқсанда 281 пәтерді, III тоқсанда 484 пәтерді, IV тоқсанда 500 пәтерді жекеменшікке беру жоспарланған. Өкінішке қарай, биылғы жоспар емес, 2017 жылдан басталған жұмыс өз деңгейінде атқарылмай келеді. Айталық, 2021 жылғы 27 мамырда «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ басқармасының №02/18 хаттамасында: Достық стансысының балансында тұрған 19 пәтер меншік құқығына өткен. Сондай-ақ, 81 пәтер меншік құқығына берілді. Алайда 81 пәтер иелері тұрғын үйге құқықтық құжаттарын алғанымен «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ теңгерімінен шығарылмаған» деп көрсетілген. Осыған орай аталған 81-пәтердің иесі «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ басшылығының тұрғын үй комиссиясының отырысында осы мәселені қайта қарауға өтініш түсіргенімен әлі хабар жоқ.

– «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық стансысының теңгеріміндегі үйлерді жекешелендіру жұмысы 2017 жылдан басталды. Содан бері еліміздегі, тіпті «Қазақстан теміржол» ҰК» АҚ Алматы бөлімшесінің құрамындағы Жалаңашкөл, Көктұма, Матай, Ақтоғай, Отар стансысындағы үйлерді иелері жекешелендіріп алды. Ал Достық стансысының теңгеріміндегі үйлер жекешелендірілмей келеді. Оның себебін білмек болып, сұрау салып, қақпаған есігіміз қалмады. Бір күні үйден айырылып, далада қаламыз ба деген уайымымыз көбейіп келеді, – дейді Достық ауылының Абай көшесі, 9/1 үйдің тұрғыны, зейнеткер Сәуле Керімқұлова.

Бұл Сәуле Керімқұлованың ғана емес, 81-үйдің тұрғындарының ортақ уайымы. Мұның нақты жауабын «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-дан сұрап көрмек болдық.

Үшіншіден, тұрғын үйлерді жекешелендіруге қатысты пәтерлерді жалға алу мәселесі де ушығып тұр. Айталық, 2017 жылы 18 мамырда «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ директорлар кеңесі отырысының хаттамасына сәйкес корпоративтік үйлерді меншікке беру ережесі бойынша 144 мемлекеттік, әскери, әлеуметтік сала қызметкерлері мен 16 зейнеткерге айына 5 АЕК көлемінде төлемақы төлеу міндеттелген. Ал 2020 жылдың 27 шілдесіндегі хаттамада корпоративтік үйлерді меншікке берудің жаңа ережесі қабылданыпты. Аталған ереженің 4-бабы 15-тармақшасында теміржол саласы қызметкерлері ай сайын 1 бөлмелі пәтерге 1 АЕК, 2 бөлмелі пәтерге 2 АЕК, 3 және одан көп бөлмелі пәтерге 3 АЕК мөлшерінде, мемлекеттік және әлеуметтік сала қызметкерлері, зейнеткерлер мен басқа сала қызметкерлері ай сайын 1 бөлмелі пәтерге 2 АЕК, 2 бөлмелі пәтерге 3 АЕК, 3 және одан көп бөлмелі пәтерге 4 АЕК көлемінде жалдамалы пәтер ретінде ай сайын жалға алу құнын төлеп тұру міндеттелген.

Осы аталған ереже негізінде бүгінгі таңда 85 зейнеткердің 3 жылға шаққандағы қарызы 21 млн. 114 мың теңге, «Қазақстан теміржолы ҰК» АҚ Достық стансысы филиалының қызметкерлері тұрып жатқан 1001 пәтердің 3 жылға шаққандағы қарыз сомасы 248 млн. 648 мың 400 теңге, мемлекеттік қызметкерлер (әкімшілік, әскери азаматтар, полиция) тұратын 172 пәтердің 3 жылға шаққандағы қарыз сомасы 64 млн. 087 мың 200 теңге, басқа мекеме қызметкерлері тұрып жатқан 21 пәтердің 3 жылға қарызы 7 млн. 824 мың 600 теңге, жалпы тұрғындардың «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ алдындағы қарызы 341 млн. 674 мың 200 теңгеге жеткен. Демек, Достық ауылындағы тұрғындардың бәрі қарызға белшесінен батып отыр деген сөз. Осыған орай тұрғындар жоғарыда аталған ережеге өзгеріс енгізіп, жылына 1 айлық есептік көрсеткіш ретінде жалдау ақысын төлеп тұруды сұрағанымен құзырлы мекеме тарапынан нақты жауап болмаған.

Бүгінгі таңда тұрмыстық жағдайына байланысты үйлері теміржол стансысының теңгерімінде тұратын барлық ауыл тұрғыны жоғарыда қабылданған ережемен келіспей, бірнеше рет наразылық білдірген. Алайда, «жоғарыдан қабылданған шешім өзгертілмейді» деп жауап қайтарылған. Сондай-ақ, теміржолда істейтіндер мен мемлекеттік, әлеуметтік, құқық қорғау саласы қызметкерлерін бөліп-жару халық арасындағы алауыздықты тудыратыны белгілі. Тұрғындардың бәрі: «Жалға алу құны барлық санаттағы қызметкерлерге бірдей болуы керек» деп есептейді. Алайда арызын арқалап, қаншама есікті тоздырғанымен әлі де толық жауап ала алмаған жұрт сандалып жүр.

Ауылдағы үйлерді аралап көргенімізде тұрғын үйлердің көпшілігі 1961 жылдан 2015 жылға дейін салынғанын көрдік. Ал бір және екі басты жеке сектордағы тұрғын үйлер осы уақытқа дейін ешқандай күрделі жөндеуден өтпеген. Жылу, су, кәріз желілері ауыспаған. Тұрғындар ай сайын коммуналдық қызмет төлемін төлеумен қатар өз қаражаттарына үйлердің кіреберісі мен ішкі жөндеу жұмыстарын жүргізеді екен.

Осыған қарап: «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық стансысының теңгерімінде тұрған үйлерді Достық ауылының балансына өткізіп бергенде ғана мәселе түбегейлі шешіліп, ауыл тынысы ашыла түседі» деген ойға келдік. Бірақ құзырлы мекеме бұл туралы не айтады? Оның жауабын іздеп көреміз.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК НЕГЕ БЕРІЛМЕЙДІ?

Бүгінде Достық ауылында 200-ден астам Семей сынақ полигонының зардабын тартқандар тұрады. Олардың дені Достық стансысында жұмыс істейді. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан №1787-XII Заңында ядролық сынақтардан зардап шеккен аймақта тұрған адамдарға әлеуметтік көмек көрсету мен зейнеткерлікке шығуға қатысты жеңілдіктер қарастырылған. Алайда бүкіл елдегі осындай санаттағы азаматтарға қызмет еткен зардап Достық стансысындағы ядролық сынақтан зардап шеккендерге көмектесе алмай отырғаны бізді таңғалдырды. Соның бірі – «Қазақстан теміржол» ҰК» АҚ Достық стансысының жүк қабылдап, тасымалдаушысы болып қызмет атқаратын Марзия Касенова:

– Достық стансысында 1992 жылдан бері жұмыс істеп келемін. 1993 жылы Семей сынақ полигонының зардап шегуші қатарында еңбек демалысыма 10 күн қосып берген болатын. Ал 1994 жылдан бастап әлеуметтік жеңілдік алып тасталды. Содан бері құқымызды қорғап талай құзырлы мекеменің табалдырығын тоздырып, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарына дейін жүгіндік. Әлі шешілмей келеді, – дейді ол.

Бір ғана адамның емес, осы ауылда тұратын 200-ден астам тұрғынның тағдырына қатысты ауқымды іс неліктен ескерілмей келгенін жауапты мекемелерден сұрап, жауабын тұрғындарға жеткізетін боламыз.

12 ЖЫЛ БОЙЫ БІТПЕГЕН АСПАЛЫ КӨПІР

Ауыл әкімімен әңгіме барысында Достық ауылының демографиялық жағдайы жақсарып, жыл сайын бала туу көрсеткіші 150-170 бала мөлшерінде артып келе жатқанын білдік. Осыған орай мектепте дейінгі білім беру мекемесі мен мектепке деген сұраныс арта түскен. Достық ауылында 2 мектеп бар. 600 орынды Достық орта мектебінде 1200 бала оқиды. Ал 300 орынға арналған Достық №11 мектебінде 700 бала білім алады. 240 орынға арналған балабақшада орын жетіспеушілігі байқалады. Демек, Достық ауылында білім мекемесіне деген қажеттілік көп. Осы мәселе бойынша аудан әкімдігіне сұраныс беріліп, биыл «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында жаңа мектеп салу ісі қолдау тауып, аудан әкімдігі тарапынан 2,5 гектар жер телімі бөлініпті. «Самұрық-Қазына» АҚ қаржыландыруымен мектеп құрылысы келесі жылы басталады. Бұл жоба жүзеге асса ауылдағы білім мекемесінің мәселесі түбегейлі шешіледі деуге болады. Бірақ ауыл тұрғындары оқу жасындағы балалардың қауіпсіздік мәселесіне алаңдаушылық білдірді. Яғни, Достық ауылы – теміржолдың екі жағына бөліне орналасқан ауыл. Күн сайын теміржолдың оңтүстік бөлігіндегі Ш. Қалдаяқов көшесінің бойына орналасқан 7 және 10 үй шағын ауданының балалары қарсы бөлігінде орналасқан екі мектепте оқиды. Олар үйінен мектепке жетер жолда күндіз-түні пойыз ағылып жататын теміржолды кесіп өтуге тура келеді. Балалардың қауіпсіздігіне алаңдаған ата-аналар күнде таңертең такси жалдап, болмаса жұмысын қайырып қойып, өздері баласын теміржолдан жетелеп өткізіп, әбден шаршап бітіпті.

Осы келеңсіздікті жою үшін ауыл тұрғындары Алакөл аудандық мәслихатының депутаты Жайлаубай Нұрмұхамедовтың бастамасымен теміржолды кесіп өтетін аспалы көпір салу мәселесін көтеріп келе жатқанына 12 жыл толыпты. Бірақ содан бері арыз-арманын арқалап, жоғары-төмен өтінішін жеткізіп, мәселенің шешімін іздеген жұрт әбден шаршаған. Бұл мәселе шешімін таппай жұрттың алаңы да басылмайтын сияқты.

Мүмкін аудан әкімдігі немесе «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық стансысының басшылары бұл мәселені тағы бір назарға алып көретін шығар. Аспалы көпірді салу мүмкін болмаса теміржолдың арғы бетіндегі тұрғындар мен балаларды тасымалдау үшін көше автобусын жүргізген жөн сияқты.

ҚҰБЫРДАН ЛАЙ СУ АҒЫП ТҰРАДЫ

Достық ауылының маңынан Кендірсақал, Шыңдалы, Тоқта өзендері ағып өтеді. Алайда Ш. Қалдаяқов көшесіндегі 7 және 10 үй шағын ауданы тұрғындарымен кездескенімізде олар: «Құбырымыздан жиі лай су ағып тұрады» деп шағымданды. Мұның жағдайын ауыл әкімінен сұрап көрген едік:

– Көктемгі жер тоңы жібігенде немесе жаңбыр көбірек жауғанда су құбырларындағы ақаудың салдарынан Достық стансысының теңгерімінде тұрған 7 және 10 үй шағын ауданындағы тұрғындардың үйлеріне лай судың баратыны анық. Осы мәселені шешу үшін 2019 жылы Алакөл ауданының әкімдігі «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық стансысымен бір мәмілеге келіп, теміржол стансысы 5 жерден ауызсу соратын ұңғыма қазу үшін 2 гектар жер телімін бөліп берді. 2021 жылы 80 метр тереңдікте бір ұңғыма қазылып, зерделеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде таза ауызсу алуға болатыны анықталды. Өкінішке қарай, олар кезінде берген уәдесін орындамай отыр, – дейді ауыл әкімі Ермек Сейфил-Мәлікұлы.

Тұрғындардың өтініші неге ескерілмей, аудан әкімі мен теміржол стансысы арасындағы келісім қалайша жүзеге аспай жатқанын құзырлы мекемелерге газет тарапынан сауал жолдап, жауабын жеткізуге уәде бердік.

ТҮЙІН:

«Достық ауылын көгертіп-көркейтсем, ауыл тұрғындарына аз да болса азаматтық көмегім тисе» деп түрлі келеңсіздікті көтеріп, шыр-пыр болып жүретін Жайлаубай Нұрмұхамедов деген азаматты көптен білетінбіз. Бүгінде ол Достық ауылынан Алакөл аудандық мәслихатының депутаттығына сайланып, жұрты үшін елеулі еңбек етіп келеді. Өкінішке қарай, жұмыс бабының тығыздығына байланысты кездесе алмасақ та оның Достық ауылына қатысты депутаттық сауалдары әлеуметтік желілерге жиі жарияланып тұрады. Оның ішінде Достық стансысы «Теміржолсу – Алматы» участогінің басшысы А. Саржановқа тұрғындардың үй мәселесі жайлы депутаттық сауал жолдаса, Алакөл ауданының әкімі Алмас Абдиновке Достық тұрғындары мен оқушы балаларының Достық паркінен өтетін аспалы көпір салу және Достық – Үшарал – Талдықорған – Алматы жол қатынас бағытында автобустар жүргізуін сұрап хат жолдапты. Ал Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбаевқа Семей полигонынан зардап шеккен Достық ауылы тұрғындарының мәселесін шешіп беру туралы өтініпті. Жетісу облыстық білім басқармасына Достық ауылындағы аудандық білім бөлімінің есебінде тұрған, көрген көзге үрей туғызатын ескі үйлерді сүріп тастауға шешім қабылдауын өтініп те хат жазған. «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевқа Достық ауылы тұрғындарының тұрып жатқан үйлерін жекешелендіруге қатысты жанайқайын жеткізіп, әділдік талап еткен депутаттық сауалын да көргенбіз. Алайда депутаттың сауалдары тиісті құзырлы мекеме немесе лауазымды тұлға жағынан қаншалықты қолдау тапқанын халық қалаулысының өзі айта жатар.

Достық ауылына барғанда тағы бір түйгеніміз, бүгінде ауылға келетін шетелдік және отандық туристердің, кәсіпкерлердің көбейе түскенін байқадық. Өкінішке қарай, Достық ауылында шегара бекеті ашылғаннан бергі 30 жылдағы тарихты түгендейтін бірде-бір мұражай жоқ. Мүмкін аудан тарапынан қолдау тауып, Ермек Еңсебаев бастаған ауыл әкімі, Жайлаубай Тұрсынұлы бастаған халық қалаулылары қолға алса, бұл істі де жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз.

Достық ауылы
Алакөл ауданы

10 qazan
2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№115 (19254)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

✓ ҰЛАҒАТ

Ұстаз аты - биік, әрі мәңгілік



ҰСТАЗ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ қатысуымен өткен «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» атты салтанатты шарада 100 шақты білікті маман, ұлағатты ұстаз марапатталып, көпшілік керім кештің куәгері болды.

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайындағы салтанатты жиыннан бұрын көпшілік «Жеңімпаздар аллеясы» сурет көрмесін тамашалап, «Білім әлеміне жол» атты әдеби-театрлық композициямен жанар суарды.

Алғашқы болып сөз алған облыс әкімі Бейбіт Исабаев ұлт болашағының ең негізгі күретамыры білімде жатқанын айшықтап, ұлағат иелерінің мәртебесі мен міндеті туралы рух жанитын пікірін ортаға салды. Сонымен қатар ол: *«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кешегі өткен республикалық педагогтер съезінде «Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие мен озық білім беру – өте маңызды міндет». Бүгінде еліміздің болашағы жарқын болып, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүр. Бұл орайда соңғы жылдары мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесі заң жүзінде айқындалып, жалақысы едәуір өскенін жақсы білесіздер. Биылғы оқу жылының басынан балабақша тәрбиешілерінің де еңбекақысы 30%-ға көтерілді. Облыста білім беру саласының бюджеті осы жылы 109 млрд. теңгеге жетті. Оның 3,7 млрд. теңгесі білім нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ауылдық мектептерді қайта жаңғыртуға жұмсалып отыр. Бұл – балалардың алаңсыз білім алуына, мұғалімдердің әлеуметтік, моральдық және материалдық жағдайын жақсартуға мемлекеттің ерекше назар аударып отырғанының айқын айғағы»,* – дей келе бүгінде облысымыздың білім саласында 20 мыңға жуық педагог қызмет етіп жатқанын, олардың арасында үздік нәтиже көрсетіп, дарынды шәкірт тәрбиелеп жүрген ұлағат иелері мен бүкіл ғұмырын ұстаздық жолға арнаған ардагерлердің есімін айрықша атап өтті.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Жылы лебізінен кейін аймақ басшысы білім саласының қызметкерлерін марапаттау рәсімін өткерді. Айталық, салтанатты жиында облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің салалық марапаттары табысталды. Сондай-ақ, «Еңбек ардагері» медалін Самархан Абдилдинов, Майра Ақанбаева, Заир Атабаев, Ләззат Базаркұлова, Парида Бекмұратова, Жакен Бершімбекова, Құлшар Букабаева, Бақытгүл Кәрібекова, Күлжамал Көптілеуова, Махаббат Чуйкенова, Несіпбала Молдабековалар өңіріне тағынды.

Өз кезегінде облыстық «Үздік сынып жетекші» байқауының жеңімпазы Панфилов ауданы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебінің 9-сынып жетекшісі Жанар Кегенбаева 1 млн. теңгелік сертификатқа ие болды. Сол секілді «Үздік балабақша», «Үздік ауыл мектебі», Үздік кәсіптік білім беру ұйымы», «Үздік қосымша білім беру мекемесі» байқауларының жеңімпаздары қараталдық «Балбөбек» балабақшасына, көксулық Жетіжал орта мектебіне, Талдықорған жоғары политехникалық колледжіне, көксулық «Өнер мектебіне» 1 миллион теңгенің сертификаты табыс етілді. Ал «Жетісу ұстазы» байқауының жеңімпазы Сарқан ауданы №1 мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі Іңкәр Рахмановаға автокөлік сыйлады. Саналы ғұмырын білім саласына арнап келе жатқан әулеттер арасында өткен облыстық «Ұстаздар әулеті» байқауының жеңімпазы саналған кербұлақтық Байғалық әулеті «Ұлағат жолындағы ұстаздар» аталымы бойынша, талдықорғандық Жапақовтар әулеті «Ұстаздықты ұлық тұтқан әулет» аталымы бойынша, жаркенттік Үмбетовтер әулеті «Өмірін ұстаздықпен өрнектеген әулет» аталымы бойынша мерейленіп, әрқайсысы 200 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Еңбегіне қарай ел ықыласына бөленгендердің мерейлі сәтінен кейін Астана қаласында өткен республикалық падагогтар съезінің делегаты, №28 ІТ лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Индира Байғожина сөз алып, ұлағат пен ұстаз тұрғысында тағылымды ой қозғап, лебіз білдірді. Көпшілікті кәсіби мерекемен құттықтады.

Салтанатты шара соңы облыс өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

○ *Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ* ○

✓ ФОРУМ

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ана тілінде оқытылуы керек


Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Талдықорғанда «Қазақстанның жаңа тарихындағы идеологиялық бағдарлардың серпіні» атты республикалық форум өтті. Шарада тарих, тіл, дін, әлеуметтік сала сынды ауқымды тақырыптар талқыланды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Форумның алғашқы бөлігі Жастарға қызмет көрсету орталығында өтті. Мұнда Алматы мен Астанадан келген әлеуметтанушылар «Аймақтағы әлеуметтану: өзгеруге дайындық», «Тарихи фильмдер негізіндегі – кино коуч» сынды тақырыптар бойынша дәріс оқыды.

Осыдан кейін Салтанат сарайында пленарлық отырыс өтті. Басқосуды облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли жүргізіп отырды.

– Бүгінгі басқосу Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы негізінде өтіп отыр. Президентіміз өз сөзінде: «Енді елімізге барша халыққа түсінікті болатын және шын мәнінде, азаматтарымыздың сұранысына сай келетін идеология қажет», – деп атап өткен еді. Осы шара барысында азаматтық қоғам мен әлеуметтік-саяси дүниелер талқыланады. Форум шеңберінде зерттеу ұйымдары мен ғылыми қызметкерлердің әлеуметтік зерттеу нәтижелері мен материалдары ұсынылады, – деді Рустам Әли.

Жиында алғаш болып сөз алған «Стратегия» және әлеуметтік зерттеу орталығы қоғамдық қорының президенті Гүлмира Елеуова дін саласындағы өзекті мәселелерді қозғады. Спикердің айтуынша, дінді дұрыс түсінбей, жат ағымға кіріп кетіп жатқандардың көбі 31-49 жас аралығындағы азаматтар. Сондай-ақ ол: «Мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлерге хиджаппен жұмысқа баруға бола ма? Мектепте дін саласы бойынша сабақ оқытылу керек пе?» деген тақырыптарда мониторинг жұмыстары жүргізілгенін атап айтты.

Осыдан кейін «Ел үміті» қоғамдық қоры директорының кеңесшісі, «Kazakhstan Sociology Lab» әлеуметтанушылар мектебінің басшысы Әлия Сәрсекеева әлеуметтік тақырыпта баяндама жасап, қоғамда орта топтағы адамдардың әрқайсысында несие барын, ғалымдар мен мемлекеттік қызметкер бірігіп жұмыс істеу керектігін тілге тиек етті. Ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы Мансия Садырова «Қазақстандағы кедейлік пен жұмыссыздық салдары» деген тақырыпта баяндама жасап, елімізде оқығысы, жұмыс істегісі келмейтін жастар көбейіп отырғанына, сонымен қатар, үлкен қалаларда халық саны артқандықтан жұмыссыздық басты мәселеге айналып, кедей халық көбейіп келе жатқанына тоқталды. Атап айтқанда, кедейлік бойынша Жетісу облысы Түркістан облысынан кейін 7,6 пайызбен екінші орында тұр. Бұл мемлекеттік деңгейде реттеуді қажет ететін мәселе.

Өз кезегінде тарих ғылымдарының магистрі Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Phd докторы Меруерт Тілебалдиева «Тарих пен тіл ұлттық идеологияның құралы» тақырыбында баяндама жасап, тіл – ұлттың жаны, тарих – ұлттың тамыры екенін, қазақ тарихын қазақ тілінде оқыту керектігін айтты. Әр сала мамандары баяндама жасап болғаннан кейін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әміре Әрін сөз алып, өзге тілде баяндама жасаған мамандарды сынға алды.

– Елдің алдында жүрген, сөз ұстайтын сіздер мемлекеттік тілді құрметтемесеңіздер, онда қалай болғаны?! Сіздер үлкен қызметте отыратын азаматсыздар. Сондықтан келешекте осы ойларыңызда болсын. Мемлекет басшысы мемлекеттік тілді жетік білетін әрі өзге тілді білетін кадрларға үлкен көңіл бөліп жатыр. Дана халқымыз: «Жол білген адам керуенге жалтақтамайды» дейді. Президентіміз билікке келгелі небір реформаларды жүзеге асырып, қоғамды да халықты да оң бағытқа өзгертуге барын салып келеді. Бүгінгі идеология мәселесіне келсек, көтеріліп отырған шаруалардың барлығы Мемлекет басшысының қолдауымен іске асып отыр, – дей келе баяндамашылар қозғаған әр тақырып бойынша пікірін білдірді. Сонымен қатар, дінге соқыр сеніммен емес, терең білімімен келу керектігін, жат ағымға ерудің басында діни сауатсыздық тұрғанын қадап айтты. Соның салдарынан үрген итке жүрген иттің ілесіп кетіп жатқанын жеткізді.

Жиын соңында қатысушылар ауқымды төрт тақырыпты бір ғана форумға сыйғыза алмайтынын айтып, келешекте бірігіп жұмыс істейміз деп тарқасты.

✓ ЕРКІН АУЫЛЫНА – 90 ЖЫЛ


● Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ ●

ӨТКЕНІ ЕРЕН, КЕЛЕШЕГІ КЕНЕН

Талдықорған қаласының іргесіндегі Еркін ауылы шағын ғана елді мекен болғанымен тарихтың талай құпиясын бауырына басып, елдікпен үндесіп жатқан құтты қоныс. Ырысы шайқалмаған ауылдың азаматтары ауызбіршілік танытып, ауылдың 90 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өтті. Той шымылдығы ауылдың батыс жағындағы алаңқайда түрілді. Айналасын ағаш қоршаған табиғаттың өзі қолмен орнатқандай дөңгелене біткен жазыққа 30-дан аса киіз үй тігіліп, дәл ортасына мерекелік шара өтетін үлкен сахна қойылыпты.

Қажет АҢДАС,
Серік ҚАНТАЙ

Тойға жиылған қауымның қарасы көп. Араларында Еркін ауылынан түлеп ұшып, еліміздің әр өңірінде еңбек етіп жүрген азаматтар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері көптеп ұшырасады. Киіз үйлердің айналасында асқа дайындалып жүрген қыз-келіншектердің көңіл-күйі шадыман, ал мерекенің қызығын арттыратын құлдыраңдаған балалардың қызыққа толмайтын қылығы әркімді еліктіреді.

Мерейтойлық салтанатқа облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, көпшілікті қуаныштарымен құттықтады:

– Ерте кезеңнен-ақ Талдықорғаннан іргесі бөлінбеген ауыл. Солай бола тұра қаймағы бұзылмаған қазақылықтың, берекесі қашпаған ынтымақтың ортасы болып отырған Еркін ауылының тарихы ғана емес, өзіндік салт-дәстүрі бар, сол дәстүрін қалыптастырған аға ұрпағы бар, елдікті, қазақы мәдениетті сақтаған болмысы бар, айрандай ұйып отырған ауызбірлігі бар қазақы ауылдардың бірі. Мұндай береке-бірлігі мол ауылдың болашағы бұдан да зор болады ғой деп ойлаймын. Президенттің бастамасымен қолға алынып жатқан барлық реформалардың негізгі мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту. Сондықтан біз қаланың шет аймақтарына соңғы жылдары көп назар аударып, көмек жасап келеміз. Саяжайларға дейін газ жеткіздік, су тартып, жарық беріп, жолын жөндеп жатырмыз. Алдыңғы жылы Еркінге жаңа дәрігерлік амбулатория салынды. Былтыр қабылдауыма келген азаматтардың өтініштеріне орай Еркінге бір мектеп пен Мәдениет үйін салып беруге құжаттарын әзірлеп жатырмыз.

(Соңы 2-бетте)

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ЖОЛДАУ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Жыл сайын ел Президентінің кезекті жаңа Жолдаулары жарияланады. Биыл да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел дамуының алдағы кезеңдегі басым бағыттарын белгілеп берді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТЕТІГІ

Биылғы жаңа Жолдауды халық болып күтіп, қолдау таныттық. Ел болашағын меңзейтін маңызды құжатқа қатысты ойымызды айтып, пікір білдірудеміз. Бір ұлт, бір мемлекет болғаннан кейін өткенімізді сарaптап, болашағымызға бағдар жасап келеміз. Саяси құжатта экономиканы өркендетудің сан түрлі бағыты мен бағдары көрсетілген. Осы арқылы мемлекетіміздің сыртқы және ішкі экономикалық-саяси өркендеу жолын байқауға болады. Онда өзіндік жолы бар, әр қадамы нық, нақты жоспары белгіленген мемлекетіміздегі сан алуан саланың мүмкіндіктері қарастырылған.

Экономикалық саясаттың жаңа моделіне көшудің нақты және тиімді тетіктері айқындалды. Олар әділдік, инклюзивтілік, тиімділік және прагматизм қағидаларына табан тірейді. Ұсынылған шаралар экономикадағы құрылымдық өзгерістерге және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған. Ұлттық бизнестің мүддесін қорғау, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау да Президентіміздің ерекше назарында. Сондай-ақ, Жолдауда инвестиция тарту бойынша нақты шаралар көрсетілді. Осы ретте өндеу өнеркәсібіне серпін беру үшін шетелдік және отандық инвесторлар алғашқы үш жылда салықтан босатылатынын баса айту керек.

Мемлекет басшысы су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Осы салада қордаланған проблемаларды жүйелі шешу үшін жеке министрлік құрылды. Мұндай қадам еліміздегі су қауіпсіздігі мәселелерін мақсатты түрде шешуге және саланы жоспарлы дамытуға мүмкіндік береді. Реформалардың маңызды бағыттарының бірі – салық және бюджет заңнамасын одан әрі жетілдіру. Бұл ретте Парламент Үкіметпен бірлесіп, елдегі кәсіпкерлік және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі тетіктерді пысықтайды.

Жолдауда айтылған көп міндеттің ішінде «Отбасы банк» қызметін қайта қарау, басты назарды аудандар мен моноқалаларға, ауылдарға аудару бар. Сондай-ақ, ел ішіндегі 21 банктің қатарына бәсекені арттыру үшін сенімді деген 3 шетелдік қаржы ұйымын тарту ұсынылды. Президент «Аталған міндеттің бәрі 3 жыл ішінде жүзеге ассын», – деді. Президентіміз көлік-логистика саласын да одан әрі дамыту жөнінде нақты тапсырмалар берді. Жаңа бастамалар еліміздің қуатты логистикалық әлеуетін тиімді іске асыруға жол ашатыны анық. Жаңадан құрылған Көлік министрлігі осы бағыт бойынша кешенді жұмыстар жүргізеді.

Жолдауда негізгі нарықтарды демонополизациялау, мемлекеттің экономикаға ықпалын азайту бойынша қажетті шаралар қабылдау керектігі де айтылды. Бұл бастамалар еліміздегі кәсіпкерліктің жандануына оң әсерін тигізеді. Сондай-ақ, Президенттің таукен саласына қатысты кейбір жайттарға көңіл бөлгені көп көңілінен шықты деп ойлаймын. Онда аталған саланы түбегейлі жаңғырту қажет екені айтылды. Мемлекет басшысы, сондай-ақ, Жолдауда өңірлердің бюджет саласындағы дербестігін арттыруға арналған нақты тапсырмалар берді. Соған сәйкес салық төлемдерінің бір бөлігін аймақтарға беру көзделіп отыр. Бұдан былай аудандық әкімдіктер бюджетті өздері жасақтай алады. Бұл, өз кезегінде, жергілікті жердегі мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады.

Осы ретте әкімшілік реформаның жалғасатынын атап өту қажет. Соған сәйкес Үкімет мүшелері мен әкімдердің жауапкершілігі артады. Мемлекеттік жоспарлау барынша жинақы және икемді бола түседі.

Мемлекет басшысының осы және өзге де бастамалары, ең бірінші кезекте, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға және экономикамызды әртараптандыруға бағытталған. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал өте күрделі. Аталған бастамаларды іске асыру осы шешуші кезеңде еліміздің теңгерімді және сапалы дамуына тың серпін береді.

Бір сөзбен айтқанда, экономикалық саясаттың жаңа үлгісін жүзеге асыру еліміздің тұрақты, сапалы әрі ұзақмерзімді экономикалық дамуына негіз болады. Бұл бастамалардың бәрі Әділетті Қазақстан құру ісіне үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

Бекет БЛАСОВ,
облыстық мәслихат депутаты

✓ӨНЕР

Талдықорған жұртшылығы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Өнербаевтың концертін тамашалады. Халықтың сүйіктісіне айналған қоңыр дауысты өнерпаздың ән кешіне облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ қатысып, ықылас гүлін жолдады.



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ЖҮРЕККЕ ЖЕТКЕН ӘН КЕШІ

Гүлжан ТҰРСЫН

Әуезді әндерімен көпшіліктің көңілін жаулаған Нұрлан Өнербаев бұл жолы да ойлы туындылармен тыңдарманын тәнті етті. Қазіргідей мән-мағынасы жоқ, даңғаза шығарма көбейіп кеткен заманда өнерпаздың кеші тыңдарманның құлақ құрышын қандырды. Әндері ана, әке, бауыр, туған жерге арналатын әнші махаббат тақырыбымен де тербетті.

Экрандағы бейнебаян әншінің тауға шығып, туған жер төсінде еркін тыныстап, даласына сүйсіне қараған кездерінен сыр шертіп, қазақтың сән-салтанаты, сұлулығы, ерекшелігі көрсетіліп тұрды. Ән мен көрсетілім бір-бірін толықтырды. Бөрікті жігіттері мен көрікті қыздары, тау-тасы, мөлдір бұлағы, ұшқан құс, жүгірген аңы туған жердің байлығы мен берекесін паш етті. Ол ана туралы ән орындағанда экраннан анасының бейнесі, құрмет көрсетіп гүл сыйлаған кезі, перзенттің борышын өтеген сәті, қимас күндері естелік ретінде көрсетілді. Көпшілік сүйіп орындайтын «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» әні сонау 90-шы жылдарды еске түсірді.

Әншімен бірге:

«Анашым, шалқып күлсең,
Алдымда ұзақ жүрсең,
Жүрегім жыр толғайды,
Көнілім ортаймайды.
Анасы бар адамдар,
Ешқашан қартаймайды», – деп әннің қайырмасына қосылған әркім өз анасына деген көңіл түкпіріндегі тілегін шырқады.

Нұрлан Өнербаев осыдан бірнеше жыл бұрын елді COVID дерті дендеген кезді еске ала келіп: «Осы кеселден елім аман қалса Қазақстанды аралап жүріп, 60 концерт қоямын!» деп серт бергенін айтты. Жетісу жеріне дейін жер-жерді аралап, жиырмадан астам концерт қойып келген екен. Бұл күні ел аралауға қос ұлы бірге шығыпты. Үлкені Мақсат, кішісі Марғұлан. «Тектіден тәрбие алған тозбайды» дегендей, сүйікті әншінің қос перзенті де кәсіби әнші. Жастар өздеріне тән ырғақты, жеңіл, көңіл-күйді аспандатып жіберетін әндерді орындады.

Нұрлан Өнербаев қос ұлымен бірігіп үш дауыста ән шырқады. Біле білген адамға осының өзі тәрбие емес пе?! Ұрпағы әке жолын жалғап, қазақы ән-жырды жанына серік етсе қалай қуанбассың?! Үшеуі бірігіп, танымал әндерден попурри айтты.

«Өз елім менің,
Өзегім менің,
Жырыма қосып жүремін,
Төрім деп менің,
Жерім деп менің,
Соғады мәңгі жүрегім», – деген ән жолдары барша қазақтың патриоттық сезімін аспандатты. Лирикалық әнсүйер қауым да көңіл хошына бөленді.

«Сен дегенде, сен дегенде таңмен
бірге ояндым,
Сен дегенде, сен дегенде
күн нұрына бояндым,
Екеумізге ауысса екен, аяулым,
Адалдығы, адалдығы Қозы менен
Баянның», –

деген әннің қайырмасын қосыла шырқаушылар қатары көп болды. Театр іші бір тілек, бір арман, бір көңіл-күйді бастан өткізді. Тыңдаушыны баурап алу деген осы болар?! Жүректен шыққан ән жүректерге жетті. «Қарағым-ай», «Айналайын», «Алатауым» әндерімен балалық шаққа, туған жерге сапар шеккізген әнші талдықорғандық музыканттардың сүйемелдеуімен де бірнеше ән орындады.

Концертінің соңында Бикен Римова атындағы театрдың әдемілігін, осындай салтанатты сарайда ән салу мен оны алаңсыз тыңдап отырудың өзі бір бақыт екенін айтқан Нұрлан Өнербаев бақыттың берекелі елде болатынына тоқталып, көрерменге алаңсыз күндер тіледі.

✓ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРСЕК ЖҮК ЖЕҢІЛ

«Шалғай ауыл шырағы» айдары бойынша Алакөл ауданының Достық ауылдық округі жөнінде дайындалған «Шам жарығы түбіне түспей ме?» атты мақала газеттің №106 (19245) сенбі, 16 қыркүйектегі санында жарияланған соң онда көтерілген мәселелер бойынша тиісті құзырлы мекеме басшылары мен жеке тұлғалардың атына хат жазғанбыз. Міне, соның жауабы да келе бастады.

Қажет АНДАС

Мақаладағы сұрақтардың дені «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына бағытталған болатын. Аталған акционерлік қоғамның аппарат басшысы С. Кеулімжаевтің жауабында: «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «ҚТЖ» ҰК» АҚ) сіздің 2023 жылғы 26 қыркүйектегі хатыңызды қарап, келесіні хабарлайды:

Жалға алушылардың меншігіндегі корпоративтік (қызметтік) пәтерлерді иеліктен шығарудың тәртібі мен шарттары «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқармасының шешімімен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік тұрғын үй беру және иеліктен шығару қағидаларымен (бұдан әрі – Қағида) реттеледі.

Қағида нормалары мен ережелеріне сәйкес қызметкер (жалға алушы) «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрғын үй комиссиясына өзі тұрып жатқан корпоративтік пәтерді өз меншігіне беру (иеліктен шығару) туралы өтінішпен жүгінуге құқылы, бұл ретте корпоративтік тұрғын үйді жалға алушылардың меншігіне иеліктен шығару туралы түпкілікті шешімді, тұрғын үй бизнесі иелерінің ұсынымдарын ескере отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқармасы қабылдайды.

Корпоративтік тұрғын үй қорын иеліктен шығару мәселесінің әртүрлі ұзақмерзімді операциялық тәуекелдерге, яғни, пәтерлерді жекешелендіруден кейін кадрлардың кету қаупі, шалғайдағы стансыларда корпоративтік тұрғын үйлердің болмауына байланысты кадрлардың жетіспеу қаупі, тағы да басқа себептері бар.

Осылайша, осы уақытқа дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік тұрғын үй қорын иеліктен шығару мәселесін шешу тәуекелдерді егжей-тегжейлі талдау және бағалау қажеттілігіне орай тұрғын үй комиссиясының шешімімен қосымша тәуекелдерді, оның ішінде корпоративтік тұрғын үйдің баланстық құнын бағалауға байланысты, бағалау бойынша жүргізілген талдауды зерделеу нәтижелері бойынша, тұрғын үйді қызметкерлердің (жалға алушылардың) меншігіне беруді уақытша тоқтату туралы шешім қабылданды.

Жақын арада «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрғын үй комиссиясының отырысы өтеді деп күтілуде, онда барлық филиалдар мен еншілес ұйымдарға тиісті хабарламалар жібере отырып, тұрғын үйді қызметкерлердің (жалға алушылардың) меншігіне беру процесін бастау бойынша бірқатар басқарушылық шешімдер қабылдау жоспарлануда.

Сондай-ақ, корпоративтік пәтерлерді жалға алушылардың меншігіне беру процесі, мәжбүрлеп шығарусыз әлеуметтік бағдарланған жұмыс беруші қағидаттары бойынша жүзеге асырылатынын атап өтеміз», – делінген.

Достық ауылының әкімі Ермек Еңсебаев: «Бүгінде Достық ауылында 1281 пәтер бар. Оның 1039-ы көпқабатты, 179-ы жер үй. 2021 жылғы 27 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқармасының № 02/18 хаттамасында «Достық» НЖС-7 балансында тұрған 19 пәтер меншік құқығына өткен. Сондай-ақ, 81 пәтерге меншік құқығы берілгенімен «ҚТЖ» ҰК АҚ» теңгерімінен шығарылмаған. Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Достық стансысындағы тұрғын үй қорының қалдық баланстық құны 5 372 057 064,90 теңгені құрады. Биылғы «Корпоративтік тұрғын үйлерді иеліктен шығарудың Жол картасы» жоспарына сәйкес Достық стансысы бойынша: II тоқсанда 281 пәтер, III тоқсанда 484 пәтер, IV тоқсанда 500 пәтер жекеменшікке беру жоспарланған. Алайда, бүгінгі таңда 259 өтініш Алматы магистральдық желі бөлімшесіне түсіп, «ҚТЖ ҰК» АҚ басшылығының тұрғын үй комиссия отырысына қарауға жолданған.

Достық ауылындағы Ш. Қалдаяқов көшесі бойында орналасқан 7 және 10 үй шағынаудандарында «Қазақстан теміржолы» ҰК АҚ «Теміржолсу-Алматы» ЖШС-нің теңгерімінде тұрған «Шындалы» өзенінен тазартылған ауызсу беріліп отыр. Алайда көктемгі және күзгі уақытта ауа райы күрт бұзылып, жауын-шашын салдарынан су сүзгіш құбырына судың нормасынан көп келуі және жер тоңының еруіне байланысты қозғалыстардан болған су құбырындағы ақау салдарынан теміржол теңгерімінде тұрған 7 және 10 үй ауданы тұрғындары үйлеріне лай су баратыны рас.

Осы жағдайлардың алдын алуға байланысты 2019 жылы Алакөл ауданы әкімдігі тарапынан «Қазақстан Теміржолы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамына ауызсудың 5 құдығын қазып, халыққа таза ауызсу беру үшін 2 гектар жер телімі бөлінген болатын. 2021 жылы 180 метр тереңдікте 1 ұңғыма (скважина) қазылып, зерделеу жұмыстары жүргізілген, нәтижесінде таза ауызсу алуға болатындығы анықталған. Бірақ «Қазақстан Теміржолы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы тарапынан таза ауызсу жүргізу үшін қаражат бөлінбегенін хабарлады.

«ҚТЖ ҰК» акционерлік қоғамы Алакөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне тамыз айында Достық ауылына салынатын аспалы көпірдің жобалық-сметалық құжаттарды қабылдап-тапсыру жұмыстары атқарылды. Алайда, ЖСҚ-тың мерзімі өтіп кетуіне байланысты қайта есептеуге жіберіледі. ЖСҚ қайта есептен өтіп, келесі жылы бюджеттік өтінім тиісті облыстық мекемеге жолданады. Бюджеттік өтінім қабылданған жағдайда аспалы көпір құрылысы жүргізілетіндігін хабарлаймыз.

«ҚТЖ ҰК» АҚ-ның Алматы магистральдық желі бөлімшесі филиалы директорының орынбасары Б. Жадранов «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «Магистральдық желі дирекциясының» бас инженері Қ. Урынбаевқа «Семей ядролық сынақ полигоны аймағында тұрған қазіргі кезде теміржол саласындағы қызметкерлерге жеңілдіктер беру мәселесін қарастыру қажеттілігі» туралы хат жолданғанын хабарлады. Оның жауабын қосымша айтатын боламыз», – деп жауап беріпті.

Ал Алакөл аудандық мәслихатының депутаты Жайлаубай Нұрмұхамедов: «Президент айтқандай: «Шындық айтылмаған жерде әділдіктің атасы өледі». «Көш жүре түзеледі» деген тәубешілікпен 30 жылды өткізсек те жұрт көңілі жабырқаңқы. Достық ауылының көркейіп, көктеуі жолында бір тал шеге болса да түзу қақсақ, елдің игілігі үшін еңбек еткеніміз. Осыған орай өзімнің депутаттық сауалдарымды әлеуметтік желілерге де жиі жариялап тұрамын. Өйткені жұрт хабардар болып, атқарылуына үн қоссын деген ой. Бұл дүниелерді жұрттың қамын жеген қырағы журналистердің көзі шалмауы мүмкін емес. «Jetisý» газетінде жарық көрген «Шам жарығы түбіне түспей ме?» атты мақалада сол жайлы айтылған екен. Биыл көктемде аудандық мәслихаттың депутаты болғалы түрлі мекеме, ведомствоға 25 сұрақтан тұратын 11 депутаттық сауал жолдадым. Оның 16-сы орындалса, 9-ы әлі шешімін тапқан жоқ. Президенттің жаңа Жолдауында көптеген ауқымды мәселелер көтеріліп, тапсырмалар берілді. Осыған орай ауылдық округтегі 12 ұжыммен кездесіп, Жолдауды талдап, түсіндіру барысында Достық ауылындағы қордаланған мәселелерді көтеріп, депутаттық сауал ретінде жолдап, шешілуіне ықпал етудемін», – деп жазыпты.

Ең алдымен, газет бетінде жарияланған мақаламызға бейжай қарамай түсіністік танытып, ондағы сұрақтарға тұшымды жауап берген құзырлы мекеме басшыларына алғысымызды айтамыз. Бұл сұрақтардың қалай шешілетінін алдағы уақытта да назарымызда ұстайтын боламыз.

Алакөл ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ЖОЛДАУ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ



ҚАҒИДАТТАРДЫ ҰСТАНУҒА ТИІСПІЗ

● Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы біздің нақты артықшылықтарымызды тиімді пайдалануға негізделетінін атап өтті.

Мәселен, өңдеуші өнеркәсіп саласы сияқты. Мұнай, газ және көмірхимия, металдарды терең өңдеу, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автокомпоненттер мен тыңайтқыштар өндірістеріне жаңа дем беру керек. Мемлекет басшысы Үкіметке ұзақ мерзімдер, шексіз шағымдану және ашықтықтың жеткіліксіздігі секілді ағымдағы жүйенің проблемаларын жою мақсатында мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін енгізу мәселесіне байланысты берген тапсырмасы туралы айтты.

Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет. Бұл – 2019 жылы сайлау алдында менің халыққа берген уәдем», – деді. Жолдауда қозғалған аса ауқымды мәселелердің бірі әлеумет арасында әралуан пікір тудырған атом электр стансысын салу жайлы болды. Атомдық стансы қауіпті болғанымен Президент: «Еліміз – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет, сондықтан атом стансысын салуға әбден қақымыз бар», – деген пікірін білдірді.

Дәстүрлі Жолдауда еліміздегі ауқымды тақырыптардың бірі – су мәселесі де қозғалды. Жиырма жылдан соң Қазақстанда су тапшылығының болуы мүмкін екенін айтқан Президент Су ресурстары және ирригация министрлігінің құрылатынын ақжолтайлады. Әр Жолдау сайын білім-ғылым, денсаулық сақтау саласының өрістеуіне ерекше көңіл бөлетін Мемлекет басшысы бұл жолы «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынатынын сүйіншіледі. Жетісу өңірінде аталмыш бағдарлама өзегінде 7 мектеп Алакөл, Панфилов, Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласында салынады. Қазірдің өзінде «Жайлы мектеп» жобасы Панфилов ауданында бастау алды.

Сондай-ақ, Президент Жолдауда өңірлердің бюджет саласындағы дербестігін арттыруға арналған нақты тапсырмалар жүктеді. Соған сәйкес салық төлемдерінің бір бөлігі аймақтарға беріліп, аудандық әкімдіктер бюджетті өздері жасақтай алатын болады. Бұл өз кезегінде жергілікті жердегі мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады.

Жетісу өңірі құрылған күннен бастап 56 ауылдық округтер мен аудандық маңызы бар қалалардың әкіміне тікелей сайлау өткізілді. Сайлауға 95 кандидат қатысқан. Осы демократиялық үрдіс алдағы уақытта өз жалғасын таппақ.

Өз басым түрлі жиында, оның ішінде кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің отырыстарында отандық өндірушілерді қолдау мәселесін тұрақты көтеремін. Осы бойынша көптеген мәселе шешілуде. Алайда мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер енгізу жеткіліксіз болды. Қасым-Жомарт Кемелұлы, сондай-ақ, еліміздегі кәсіпкерлік ахуалды жақсарту, қорғаныс, агроөнеркәсіптік кешен және IT технологиялар саласындағы даму, басқа да мәселелерді қозғады. Қойылған міндеттерді сапалы жүзеге асыру үшін баршамыз Әділетті Қазақстанның қағидаттарын ұстануға тиіспіз.

Римма САЛЫҚОВА,
облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрайымы

✓ САЙЛАУ – 2023



✓ ӨЗЕКТІ

ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА ҚАРСЫ

● ҚР Президентінің еліміздің бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесуінің қорытындысы облыстық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінде талқыланды.

Кәсіпкерлермен кездесу кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдаудың негізгі аспектілерін еске салып, жүйелі мәселелер туралы айтып, Үкіметке бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ, бизнес үшін маңызды мессенджерді айтты. Ол экономиканың өсуі бизнестің жеке бастамаларын барынша қолдауға тікелей байланысты болатынына тағы да назар аудартып, мемлекет пен кәсіпкерлер арасында қоғамдық шарт жасасуға шақырды. Мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы өзара сенімге негізделуі керек, мемлекет жағдай жасайды, бизнес адал қызмет атқарады.

– Президенттің маңызды тезистерінің бірі – адал және патриоттық көзқарастағы бизнес біз үшін әрқашан құрметті және мемлекеттің қорғауында болады. Сондықтан кәсіпкер болуды таңдаған әрбір адам үшін бұл сөздер постулат болуы керек. Өз кезегінде Үкімет, жергілікті атқарушы органдар даму үшін жағдай жасауы тиіс, – дейді өңірлік кеңестің төрағасы Римма Салықова.

Қосымша құн салығы мөлшерлемесін 12-ден 16%-ға дейін көтеру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Министрлік салық мөлшерлемесінің көтерілуі бюджетке қосымша түсімдер әкеледі және көрші елдерден жеткізілетін тауарлармен салыстырғанда отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады деп санайды. Алайда кәсіпкерлер ҚҚС мөлшерлемесінің өсуіне қарсы. Себебі, мұның бәрі тауар құнының көтерілуіне және инфляцияға әкеледі. Сонымен бірге шағын бизнестің дамуына кедергісін тигізеді. Шағын бизнес, оның ішінде шағын кәсіпкерлік «көлеңкеге» түсіп, заңсыз түрде жұмыс істейтін болады.

– Бұл жерде кәсіпкерлердің шынайы пікірлерін тыңдау маңызды. Қазіргі уақытта экономикалық тұрақсыздықты ескере отырып, бұл шешімді шұғыл түрде жою қажет деп санаймыз. Жеке кәсіпкер үшін бұл бизнестің толық құлдырауын білдіреді. Кәсіпкер не істеуі керек? Өз бизнесін сата ма немесе жаңа несие ала ма? Содан кейін жеке кәсіпкер де, оның қызметкерлері де жұмыссыздық бойынша есепке қою үшін әлеуметтік қамсыздандыруға бару керек пе? Бұл мемлекетке одан да үлкен күш түсірмей ме? Бұл туралы кім ойлады? – дейді өңірлік кеңестің мүшесі, салалық сауда кеңесінің төрағасы Эдиль Қазақпаев.

Айта кетейік, Салық кодексінің жаңа жобасы парламентке 2024 жылдың бірінші тоқсанында ұсынылады.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

ӨТКЕНІ ЕРЕН, КЕЛЕШЕГІ КЕНЕН



(Соңы. Басы 1-бетте)

Келесі жылы осы екі нысанды сала бастаймыз, – деп атап өткен облыс әкімі Еркін ауылдық округінің қаланың ауылшаруашылығын дамытуға қосып отырған үлесін де назардан тыс қалдырған жоқ.

Мәселен, қазір «Ауыл аманаты» жобасына осы округтен 7 адам қатысып, оларға 60 млн. теңгеге жуық қаржылай қолдау көрсетілуде. Ауыл тұрғындарын осылай бір желпіндіріп тастаған облыс басшысы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар азаматты Жетісу облысы әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапаттады.

– Еркін – туып-өскен құтты мекеніміз. Сондықтан қашанда ауылымыздың өркендеп, өсуі үшін қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз, – дейді облыс әкімінің Құрмет грамотасын иеленген Бағлан Байұзақов.

Алғаш құрылған жылы 3 мың тұрғын тіркелген Еркін ауылдық округінде бүгінде 20 мыңға жуық халық тұрады. Округ орталығының өзінде тұрғындар саны 10 мыңнан асты. Келесі кезекте облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Тойлыбаева, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, қала әкімі Ернат Бәзіл, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков, ауыл ақсақалдары Арыстанбек Бибатыров, Тортай Ізбасқановтар жылы лебіз білдіріп, бір топ азаматты марапаттады. Сол қатарда Әукен Казыбаев, Рахымбек Жиенгелдинов, Ермұхан Байқадамов «Талдықорған қаласының Құрметті азаматы» атағын алса, бірқатары облыстық мәслихаттың, облыстық ауылшаруашылығы және облыстық денсаулық сақтау басқармасының, облыстық ардагерлер ұйымының, Талдықорған қаласы әкімінің, қалалық мәслихаттың Құрмет грамотасы және Алғыс хатын иеленді. Әукен Қазыбаев ағамыз көпшілікке бата беріп, Еркін ауылының алдағы болашағына жетістіктер тіледі.

Еркін ауылдық кеңесі 1933 жылы құрылғанымен бұл өңірдің тарихы тым арыда. Еркін ауылының іргесіндегі «Үйтас» саяжайы, Қызылтас петроглифтері, саяхатшылар жазбаларында айтылатын Талды қалашығының көне жұрты, Шүмекті қыстауындағы, Дауылбай тауындағы тарихтан сыр шертетін сырлар, Балықты өзені бойындағы ежелгі жиһангездер еңбегінде көрсетілетін керуен сарай орны, Талдықорған атшабары маңындағы Сырымбет қырғыны болған жер, айтқан сайын шыға беретін тарихи қоныстар бұл өңірдің 3-4 мыңжылдық тарихы бар екендігін айғақтайды.

● *Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ* ●



Бүгінде Еркін ауылы облыс орталығының бір бөлшегі ретінде тәуелсіз елдің болашағы үшін өз үлесін қосып жатқан ауыл. Сондай-ақ, осы ауылдан шыққан қоғам қайраткерлері мен ел дамуына есе қосып жатқан азаматтар да көп. Сол игілікті істі Еркіннің жастары жалғастырып келеді. Ғасырларға тамырласқан ауыл тарихы, ондағы ұрпақ жалғастығы Еркін ауылының 90 жылдығына орай жазылған «Өткені ерен, келешегі кенен Еркін» атты кітапта толық көрініс тапқан. Тойға келген қонақтарға аталмыш кітап тәбәрік ретінде сыйға берілді.

Орталық сахнадағы ресми шарадан кейінгі кезек спорттық сайыстарға берілді. 90 жылдық мерейтойда палуандар арасында «Еркін барысы – 2023» облыстық ашық турнир, тоғызқұмалақ, арқан тарту, қой мен тоқты көтеру, шахмат, қол күрес, гір тасын көтеруден жарыстар өткізіліп, футбол, волейбол ойындары ұйымдастырылды. Қазақ күресінен «Еркін барысы – 2023» ашық турнирі де көп көңілінен шығып, жергілікті балуан Жәнібек Дүйсенбековтің жеңісі жиналған жұртты желпіндірді. Ол финалда белгілі балуан Руслан Әбдіразақовты ұтты. Ал қалалық ипподромда 35 шақырымға аламан, 15 шақырымға құнан бәйге өтті. 35 шақырымдағы аламан бәйгеде елімізге белгілі жетісулық жас шабандоз Хамза Амангелдінің мінген «Тұран» тұлпары бірінші болып келді. Жеңімпазға «Chevrolet Cobalt» көлігінің кілті табысталды. Бұл Хамзаның жалпы бәйгеден ұтып алған жетінші машинасы. Ұйымдастырушылар мәре сызығын кесіп өткен барлық шабандозға сыйлық қарастырған.

Еркін ауылының тұрғындары бірлесіп өткізген облыстық деңгейдегі үлкен футболдың да тартысты өтканіне куәміз. 1-орынды Көксу ауданы Бесқайнар ауылының футболшылары (200 мың теңге), 2-орынды «Zhetysu champions» командасы (150 мың теңге) алды. Ал 3-орынға Көксу ауданының екі командасы таласып, Балпық бидің жігіттері (100 мың теңге) Мұқырыдан басым түсті. Жекелей номинация бойынша Нұрым Оразғалиев «Үздік қорғаушы», Жандос Алиайдаров «Үздік қақпашы», Қазбек Мұхитұлы «Үздік ойыншы» атанды. Оларға ауыл тұрғындары үлкен кілем беріп, арнайы сый-сияпат көрсетті. Ұйымдастырушылардың бірі Алмас Мырзахметов:

– Жалпы, 16 команда қатысты. Алты жылдың көлемі болған шығар, Талдықорғанда әуесқойлар арасында үлкен футболдан жарыстар сирек өткізіледі. Бәрі сағынған. Ойындар да тартысты өтті. Еркін ауылындағы стадионда дәл осындай ірі жарыс алғаш рет ұйымдастырылды, – дейді.

Салтанатты шара мен спорттық жарыстар елге танымал өнер майталмандары мен шығармашылық ұжымдардың мерекелік концертімен жалғасты.

Еркін ауылы,
Талдықорған қаласы

● ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰНҒАН ТАРИХ

ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНІҢ ЖАҢА ШОҒЫРЫ АНЫҚТАЛДЫ

■ Петроглифтер – қазақ даласындағы өткен ғасырлардан сыр шертетін ең құнды жәдігерлердің бірі. «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің өлкетанушылары жұрт назарына түспеген тағы бір жартас суреттерінің шоғырын анықтады. Ашутас тауындағы Сарыбұлақ шатқалы қола, сақ, түркі кезеңінен бастап халық жиі қоныстанған аумақтың бірі. Оны осы аумақтағы ежелгі қоныстар маңындағы бұғы, таутеке, қозғалыстағы жыртқыш аңдар және ат мінген, алауды қоршай билеген, аң аулаған адамдар бейнеленген антроморфты суреттер айғақтайды.







Қажет АНДАС

Сарыбұлақ ауылының айналасы тұнып тұрған жартас суреттеріне бай. Өкінішке қарай, осы тарихи жәдігерлер әлі күнге есепке алынып, еңбектерге енген жоқ. Жалпы Сарыбұлақ ауылының маңындағы жартас суреттерін төмендегідей бірнеше топқа топтастыруға болады.

I. Ашутас тауының солтүстік-батыс бөлігіндегі Сарыбұлақ шатқалындағы Жөңкебай жартас суреттерінің шоғыры.

II. Малайсары тауының солтүстік беткейіндегі Тесіктас табиғат ескерткішінің маңындағы қола, сақ, түркі кезеңдерінің беті тегіс жартастарға қашалған суреттер.

III. Жапанқұдық қонысының аумағындағы шоқыдағы суреттер.

Бұл маңдағы негізгі жәдігер – жақпар тастар бетіндегі петроглиф. Жартасқа қашап салынған сансыз суреттер галереясы негізінен қола дәуіріне тән. Олар Арқарлы, Малайсары жоталарындағы, Талдықорған іргесіндегі Қызылтас, Үйтас, Ескелді ауданына қарасты Ешкіөлмес жартас суреттерімен терең қатынасы бар. Тағы бір ерекшелігі, жәдігерлер осы өлкеде адамзат мәдениетінің бастау алғандығын да айғақтайды.

Демек, Сарыбұлақ ауылы – байырғы сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі бабалар өркениетінің табы қалған тарихи қоныс. Сарыбұлақ шатқалындағы жартас суреттері Жетісу жартас суреттерінің құрамдас бөлігі және оны басқа жерлерден кездестіре бермейтін жаңа бейнелермен толықтыра түседі. Жалпы, Жөңкебайдағы тастағы бейнелердің бәрі пикетаж техникасында, кейбірінің темір аспаптың көмегімен немесе таспен ойып салынғанын байқаймыз.

Тастағы суреттердің ғылыми-танымдық негіздері де жеткілікті. Зер сала қарасақ, халықтық көркемөнермен қатысты жартас суреттеріндегі шеберлік, қарапайым сызылған адам тұрқы және тасқа бедерленген рутайпалардың таңбасы, адам, жылқы, сиыр, бұғы, керуен суреттері үлкен шеберлік пен табандылықты және жоғары деңгейдегі талғампаздықты көрсетеді. Жартаста қашап салынған суреттердің енді біреулері қазақтың тайпалық-рулық бірлестігін білдіретін айқындама – таңбалы белгілер. Бұл әрбір қазақ руының шығу тегін, көршінің туыстық тұрғыдағы жақындығын, сондай-ақ, халықтың тарихи жағдайын және шаруашылық жүргізу тәсілін көрсету ниетімен кең көлемде қалыптасқан белгі. Жөңкебай жазығынан сақ кезеңі мен біздің заманымыздың XV ғасырын қамтитын көптеген қорғандарды кездестіруге болады.

Жөңкебайдағы суреттер шағын жартас тақталарының оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейлеріне қашап салынған. Суреттердің арасында адамдардың және жануарлардың бейнелері кездеседі. Көпбейнелі үлкен композициялардан ешкі және арқар аулау көріністерін көруге болады. Бұл суреттер аласа жақпар тастардың бетіне салынған.

Сарыбұлақ жартас суреттерін зерделеу барысында ежелгі суретшілердің шебер жасағаны арқардың немесе қошқардың басы, мүйізі. Ол зергерлік істер (жүзікте, білезікте, мойын алқада, шолпыда) жиі кездеседі. Бұл ежелгі дәстүр қазақ заманына жетіп, «Қошқармүйіз» қазақ өнерінің ұлттық түріне айналды.

Демек, жартас бетіндегі суреттердің мазмұны бірден-бірге байып, оқиғасы кемелденіп отырған. Бұған әуелі ертедегі сызбалар мен кейінгі сызбалардағы айырмашылық дәлел бола алады. Мысалы, алғашқы сызбаларда жалғыз адам немесе аң, тағы басқа да зат бейнеленсе, кейін келе жыртқыш аңдармен болған күрес, табындағы малды қорғау жолындағы ерлік анық көрсетіледі. Сарыбұлақтағы жартас суретінде садақ тартып тұрған адаммен бірге жебелердің ұшу бағытын көрсеткен суреттер өте көп.

Десе де жартас бетіндегі ежелгі стиль біртіндеп құлдырағанымен қазақ халқының сурет өнерін өзіндік өзгешелігімен тарихқа таңбалап кетті. Жалпы, петроглифтер мұрасы жағынан Қазақстанға тең келер ел жоқ деуге де болады. Оны аялап-сақтау ғана басты міндет. Десек те Сарыбұлақ жартас суреттері орналасқан жерлерден де вандализмнің белгілерін кездестірдік.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Норвегия, Швеция секілді Скандинавия елдері мемлекеттегі әр ескерткішті мемлекет қазынасы деп санап, алтыннан артық қорғайды екен. Тіпті Франция мемлекетіндегі үңгір ішіндегі осындай петроглифтерді туристік мекенге айналдырып, келушілердің аузынан бөлінген ауаның әсерінен петроглифтерге зақым тиюі мүмкін деп, ескерткіштердің жасанды көшірмесін жасап, туристерді сонда жібереді екен.

Ел аумағында ежелгі үңгір суреттерінің қанша шоғыры бар екені нақты белгісіз. Археологтар 1000-ға жуық орынды сипаттап, тіркеген. Ғаламторда шамамен 3 мың деген ақпарат шығады. Десе де Сарыбұлақ ауылының іргесінде жатқан жәдігерлер әлі де ғылыми айналымға түскен жоқ. Тіпті, жергілікті жұрт «Тесіктас», «Үңгірқора» атап кеткен табиғаттың таңғажайыбын әлі күнге дейін білмейді.

Осы мұраларды ел қазынасына айналдыратын уақыт келді деп есептейміз.

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

● БРИФИНГ

■ «Темір» карьеріне баратын грунттық жолды салу кезінде археологиялық қорғандарға қатер төнгені ел ішінде қызу талқыға түскен еді. Дегенмен, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталықтың аралассуымен ескерткіштерге зиян тигізетін жұмыс түрлері тоқтатылды.

«Темір» карьерінің жұмысы тоқтатылды

Көпке аян, былтыр «Темирбетон» ЖШС-іне қарасты карьердің кесірінен мәдени мұрамыз талқандалып жатқаны туралы ақпарат әлеуметтік желіде желдей ескен еді. Осы ретте тарихи объектілерді сақтау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Абибеков және қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков журналистерге баяндады.

«2023 жылғы 5 желтоқсанда Қызылтастағы петроглифтер және «Тасбақа» деп аталып кеткен табиғи тасқа байланысты Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы келіп зерделеу жұмыстарын жүргізіп, жиын өткізді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобының ақпараты негізінде комиссия ұсыныстарына сүйене отырып, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы анықталған петроглифтерді басқа жерге көшіруге келісім берді», – деді Ж. Андабеков.

Оның айтуынша, «Қызылтас» саяжайындағы «Темір» карьеріндегі жарылыс жұмыстары толығымен тоқтатылған. Ал Қуаныш Сұлтанұлының сөзіне сүйенсек, алдағы уақытта ондағы петроглифтер мемлекет қорғауына алынады.

«Облыста бітік тастар мен ежелгі қорымдардың үлкен шоғыры бар. Бүгінде ғылыми негізделіп, тарихи мұралар тізіміне енген табиғи нысандар туристердің көзайымына айналып отыр. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі 51 петроглиф мемлекет қорғауына алынған. Қызылтас петроглифтері де сол қатарға қосылады», – деді Қ. Сүлейменов.

Осы мәселе төңірегінде жүрген азаматтар арнайы кездесіп, археологиялық ескерткіштерді сақтау бойынша өзара ынтымақтастық орнатуға бел байлаған. Ел депутаттары да карьер мәселесін шешуге жәрдемдесетін болады.

Аталған кәсіпорын бұрын пайдаланылған карьер мерзімін ұзарту туралы құжаттарын қалпына келтіру үшін сотқа арыз берді. Сот шешімі шыққанға дейін барлық жұмыс тоқтатылды.

Мұхтар КҮМІСБЕК

● «ТАЗА ӨЛКЕ»



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Аула абаттанып, ағаш отырғызылды

■ Көк тебіндеп шыққан соң ауламызды тазартып, ағаш отырғызып, бұлақ көзін ашып, гүл егіп, қоршаған ортаны көркейтудің қамына кірісетініміз анық. Сол дәстүр биыл да «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Жетісу өлкесінде жалғасын тапты. Облыстық әкімдікке қарасты басқармалар, аудан, қала әкімдіктері, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, тағы да басқа салалар әр сенбі сайын өздеріне қарасты ұйымдардың аумағындағы жерлерді тазалап, жанға жайлы орта қалыптастыруда.

Мұндай игілікті іс өткен демалыс күндері де жақсы ұйымдастырылды. Әсіресе облыстық білім басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар көңіл көншітерлік. Бұл іске Талдықорған қаласындағы агротехнологиялық колледжінің ұжымы белсене қатысқанына куә болдық. Біз барғанда мектеп оқытушылары, техникалық қызметкерлер мен студенттер мектеп ғимаратының айналасын қоқыстан арылтып, ағаштардың құраған бұтақтарын кесіп, жол жиегіндегі бордюрлерді ақтап, белгіленген орынға гүл отырғызып жатыр екен. Облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменовті де осы жерден кездестірдік:

– Жалпы, облыстық білім басқармасына қарасты 500-ге жуық мектеп, балабақша, колледж, тағы да басқа білім беру ұйымдары бар. Көктемгі тазалық акциясына осы мекемелер толық атсалысады. Осы реткі сенбілікке облыс орталығы, аудан, қалалардағы білім беру ұйымдарының мұғалімдерін, техникалық қызметкерлерді, облыстағы 20 колледждің студенттерін қоса-ғанда 20 мыңнан астам адам қатысып, 500 тонна қоқыс шығарылды. 1500 түптен артық ағаш отырғызылып, гүл егілді, – деді ол.

Білім басқармасы көктемгі тазалық акциясымен ғана шектеліп отырған жоқ. Басқа күндері де студенттерді ынталандыру арқылы соғыс, тыл және еңбек ардагерлерінің, жалғызбасты қариялар мен жағдайы төмен отбасылардың ауласын тазалауға көмектесіп тұрады. Бірақ «Көп жұмылса көл толады» дегендей, ауруханаға 300-ге жуық қызметкері жұмыла жұмыс істегендіктен ауланың іші-сыртын көп уақыт жұмсамай тазалап тастады. Арасында гүл егіп, жасыл желектерді суарып та үлгерді.

– «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» деген сөз қашанда дәрігерлердің есінде жүретін қағидасы десек те болады. Тазалық айлығы басталғалы сенбі сайын осындай акция ұйымдастырып, ауламызды қоқыстан арылтып тұрамыз. Оған кезекшілік ететін дәрігерлерден басқа мамандар толық қатысуға тырысады. Жай күндері ауруханаға шаруашылық бөліміне қарасты 80-ге жуық қызметкер күнделікті тазалау жұмысын жалғастырады, – дейді Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Гүлнара Темірбаева.

Жалпы, біз көрген мекемелерде қызу еңбек жүріп жатты. Осы күні сенбілікке шыққан барлық мекемеде жағымды жақсылықтардың болғаны анық.

Қ. ОМАРАҚЫН

● ӨЗЕКТІ

Дәрілік заттарды таңбалау

Облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы салалық сауда кеңесінің отырысы аясында дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалауды енгізу мәселесі талқыланды.

Жиын көтерме сауда ұйымдары мен дәріханалар желісі өкілдерінің қатысуымен өтті. Айта кетейік, өткен жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен таңбалауға жататын тауарлар тізбесіне өзгеріс енгізілген болатын. Онда барлық дәрілік заттар биылғы 1 шілдеден бастап міндетті түрде таңбалауға жатады. Дәрілік заттарды таңбалау және қадағалап отыру дәрілік препараттардың сапасын фармакологиялық қадағалау мен бақылаудың тиімділігін арттыру, дәрілік заттардың өндіріс кезеңінен соңғы тұтынушыға дейінгі кезеңді мониторингілеу, заңсыз айналым, оның ішінде жалған өнімге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында енгізіледі.

Бұл тетік дәрілік заттарды сатып алуды ұтымды пайдалануға және жоспарлауға, сондай-ақ, тұтынушыны шынайы дәрілік затпен қамтамасыз етуге ықпал етеді. Облыс бойынша интеграциямен қамту небары 18,4 пайыз немесе дәрілік заттарды таңбалауға және қадағалауға қатысатын 374 дәріхананың 69-ын құрайды. Өңірде 58 медициналық ұйым «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалымен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасты, оның 28-і облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты.

Денсаулық сақтау басқармасы облыстық медициналық ұйымдары бойынша дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау үшін қажетті жабдықтарға талдау жүргізді. Аталған талдаудың қорытындысына сәйкес таңбалауға арналған жабдыққа жалпы қажеттілік 9 млн. теңгеден асты.

– Бүгінгі таңда барлық 28 медициналық мекеме 143 бірлік 2D сканер, сондай-ақ 18 медициналық ұйым 26 бірлік деректер жинау терминалын сатып алды, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық фармацевтикалық бақылау комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Надима Белтаева.

Отырыс аясында бірқатар ұсыныс айтылды. Мәселен, салалық сауда кеңесінің төрағасы Еділ Қазақпаев шағын және шағын бизнес кәсіпкерлерін дәрілік заттарды бөлшек саудада тауарларды таңбалау мен қадағалау ақпараттық жүйесіне ерікті түрде тіркеуді енгізу жөнінде ұсыныс жасады.

Сондай-ақ, ол тауарға ілеспе жүкқұжат және ЭШФ модуліндегі электрондық шот-фактураны сандық қайталаудың қажетсіздігіне байланысты бөлшек сауда үшін дәрілік заттарды қабылдау, тапсыру актілерін растауды алып тастау, нұсқа ретінде АЕК растау мерзімін 1 күннен 20 күнге дейін ұлғайту, тағы бір ұсыныс қабылдау, тапсыру актілерін растау жүйесін жеңілдету және 10-16 күнде дәрілік заттарды айналымнан автоматты түрде шығаруды қамтамасыз ету маңызды екенін айтып, ой қорытты.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

● ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ



Автобуста екі апа өткен күндері мен өскен ауылдары жайлы айтып, шер тарқатып отыр. Жанында отырған соң құлақ құрғыр естиді екен. Балдай тәтті балалық шақтары, қызғалдақ терген қыз күндері, келін боп ақ босаға аттаған сәттері, қызығы мен қиындығы толық баяндалды. Бірақ 90-шы жылдары туған ауылдарын тастап, қала жағалап кеткен жерге келгенде екеуі де шалғайымен көз жастарын сүртіп, үнсіз қалды. Тағатым таусылып, әңгімеге еріксіз араластым.

– Ол ауылда адам қалды ма? – деп сұрадым. Манадан үнсіз отырған екі апам қайта ширай бастады:

– Иә, жалғыз кемпір қалды. Отыз жылдан бері сол ауылды күзетіп жүр.

«Туған топырағымды тоздырмаймын, күйреген ауылдың түлегенін көріп өлсем арманым жоқ» деген жансебіл үміт-пен отыз жылын шалғай ауылда жалғыз өткізген апаға деген қызығушылық оянды. Сонымен байырғы тұрғындары тастап кеткен ауылдың күйреген тіршілігін оңалту үшін сан түрлі жоспарын ұсынып, ауыл, аудан әкімдерінің миын әбден ашытып біткен, жұрт айтқандай, «Қытымыр кемпірмен» жолығуға деген аңсарымыз ауып, жолға шықтық.

ТҮБІ БІР ТҮЛЕЙТІН АУЫЛ

Қажет АНДАС

«ИНДИЙСКИЙ» БОЛЫП БАРАМЫЗ»...

Халқымыз «Жуасты жүндей берсең жуан шығады. Қорқақты қуа берсең батыр болады» деген нақыл сөзді тегін айтпаса керек. Жүзбе-жүз кездескенше Жұмақыз апамыздың кейіп-кеспірін елестетіп, Теректі ауылына жетіп едік. Бізді самайын ақ шалған, бетін өткен жылдардың әжімі өрнектеген, сұңғақ бойы сәл еңкіш тартқанымен жастық шағындағы әдемілігін жоғалта қоймаған қазақтың қарапайым кемпірі жылы шыраймен қарсы алды. Біз барғанда апамыз жеті шелпегін пісіріп, дастарқанын жайып, дайындап отыр екен.

– Журналистер келеді дегелі кешеден бері телефонда маза жоқ. Мені көрсе де көрмеске салып, теріс бұрылып кететіндер «Апалап» жанымды қоймады. Қанша шақырсаң сонша сылтау айтып жоламайтындар келіп амандасып кетті. «Журналистерді неге шақырып жүрсіз?» деп өкпелегендері де кездесті, – деп күлді апамыз.

– Бізді сіз шақырған жоқсыз,– өз аяғымызбен келдік қой, – деп ақталдық.

– Журналисті теледидардан көріп, аты-жөнін газеттен оқушы едік. Көзімізбен көреді екенбіз ғой, – деп әзілдеп қояды.

Жортып жүріп жоқ іздейтін журналистердің аңдығаны жамандық емес, жақсылықтың да жаршысы екенімізді түсіндіріп әлекпіз. Бірақ Жұмақыз апамен әңгіміміз тез жарасып кетті.

Апамыз бұл ауылда 1968 жылы келін болып түскеннен бері тұрады. Ол кезде «Киров» ұжымшарының бөлімшесі еді. Бөлімше деген аты болмаса іргесі бекіген, тіршілігі тынысты, шаруашылығы өркендеген, жері құнарлы, айнала жайнап, тұрғындардың көңілі жарасып тұратын. Сол жылдары 860 тұрғын, 168 оқушы болыпты. 2 дүкен, клуб, көпшілік монша, пошта, әкімшілік ғимараты жұмыс істеп тұрды.

Апамыз алғашында ұжымшар клубының меңгерушісі болып, сол жұмысты 15 жыл атқарыпты.

– Клубта көбінше «Индийский» фильм көрсетілетін. Қазір өзіміз «индийский» болып барамыз, – деп күлдіріп қойды арасында.

Расында, дәл солай. Ақтөбе ауылынан Теректіге апаратын қиыр-қиыр жолдарды артқа тастап, өзен жағалап келе жатқанда алдыңнан қалың ағаш қымтаған ауыл жарқ ете қалғанда көзің жайнап кетеді. Айналасын көкорай шалғынды жоталар қымтап, бір жағы сарқырап аққан өзенмен иықтасып жатқан ауылдың кезінде жұрт қызығатындай жер болғаны көрініп тұр. Түзу-түзу көшелеріне қарапақ бұрынғы тіршілігінің табысты болғаны білінеді. Бірақ бітісіп өсіп кеткен қалың ағаштың арасындағы құлаған қорған, опырылған кереге, шаңырағы ортасына түскен үйлерді көріп, бүгінгі халін бағамдайсың *(1-сурет)*. Көшенің екі жағындағы қатар-қатар үйлерден Жұмақыз апаның үйінен басқа қаңқасы бүтін бірде-бірін көре алмай қиналдық. Жол бойы көлікті жүрісінен жаңылдырған қырғауыл мен өзен иірімдерінде асыр салған ақ шабақтар алға жетелейді. Осындайда «Жұмақыз апаның күйреген ауылда 30 жыл бойы жалғыз тұруына қандай күш жетеледі?» деген сұрақ мазалай берді.

«АҒАШТЫ КЕСПЕСІН, ҚЫРҒАУЫЛДЫ АТПАСЫН»

Ауылдық округтің ақпараты бойынша, Теректіде 20 үйдің тұрғыны тіркелген. Тіркелді деген аты болмаса, тұрақты тұратыны осы Жұмақыз апа ғана. Қалғаны қыстыгүні аудан, облыс орталығындағы жылы баспанасына кетеді де көктем шыға оралады. Олардың дені қырғауыл атып, демалып қайтуға ғана келеді. Оның сыртында күз бастала ауылдың ағашын кесіп, ақша тапқысы келетіндер мен жазда қырғауыл атып, қызыққа батқысы келетіндер құмар-ақ. Ал Жұман апа: «Ауылдың бір тал ағашы қиылмасын, бір қырғауылы атылмасын» деп жанұшырып жүрген жалғыз жан.

Ауылды қызғыштай қорғап жүргенімен басқалар жағынан неше түрлі қысымға, қоқан-лоққыға жиі ұшырап тұратыны бар.

– Қарағашқа байлап, бензин құйып өртеп жібереміз. Қырғауылдың орнына сені атамыз, – дегендер де болыпты. Телефон арқылы да неше түрлі сұмдық жоспарларын айтып, үркітіп-қорқытатындар да көп екен. Бірақ Жұмақыз апа:

– Өртесе де, шапса да осы ауылдың бір тал шырпысын кестіріп, бір бас қырғауылын атқыза алмаймын, – деп бекініп алыпты.

Ауылдың осындай халге жетуіне әлдекімдерді кінәлауға келмейді. Бірақ ауылды бұрынғы деңгейіне қайта көтеру үшін істелуге тиісті кейбір жоспардың дер кезінде қолдау таппағаны ғана өкіндіреді. Кеңес одағы ыдырағанша бұл ауылдың тұрғындарының дені өзге ұлт өкілдері болған. Олардың ата-бабалары отаршылдықпен бірге өзге елден қазақтың шұрайлы мекеніне қоныс тепкендер. Ал тәуелсіздік алып, елдің келешегі қазақтардың қолына өткенде байырғы мекендеріне көшіп кетуі заңды дүние. Иесі кетіп, қараусыз қалған үйлер жылдар өте мүжіліп, құлап, қирап қалды. Алайда халыққа қызмет көрсететін нысандарды қорғап қалуға болатын еді. Бірақ дер кезінде қорғау шаралары дұрыс қолға алынбағандықтан шаңырағын шайқалтып, қабырғасын қаусатып алдық.

Жұмақыз апа ертіп жүріп, сондай нысандарды аралатып, көрсетті. Кезінде күні-түні тынымсыз жұмыс істеп тұрған пошта, аурухана, клуб, монша, балабақша орналасқан ғимараттардың тағаны ғана қалған. Ауласын шөп пен ағаш басып, сұрықсыз көрінеді. Сақталып қалғаны мектеп пен мал бордақылау орнының ғимараты ғана *(2-сурет)*. Сақталып қалды дегені болмаса, төрт қабырғасынан басқа түгі жоқ. Жұмақыз апа осы мектепті сақтап қалу үшін табаны тозып талай мекеменің табалдырығын тоздырыпты.

– Ауылда оқитын бала қалмағандықтан мектеп жұмысын тоқтатты. Алайда 2000 жылдардың басында шетелден қандастар көшіп келе бастады. Біздің ауылға да 20-дан астам отбасы көшіп келіп, қоныстанды. Оларды тұрақтатып қалу үшін мектепті қайта ашуға тура келді. Сонымен арызымды арқалап ауданға, облысқа бардым. Сол кездегі облыс әкімі Серік Үмбетовпен ғана жолыға алмадым. Басқа жауапты мекеме басшылары мен саяси партия өкілдерімен кездесіп, ойымды жеткізіп, 2009 жылы мектеп қайта ашылды. Мұғалім, күзетші, шаруашылыққа жауапты адамдар болып, 11 штат бекітіліп, өз жұмысын бастады. Арада 3 жыл өткенде ағайындардың арасынан жік шығып, қандастар ауылдан көшіп кетті де мектеп мүлдем жабылды. Сонымен ғимараттың есік-терезесі, темір-терсегі, шатыры тоналып, бүгінгідей аңғал-саңғал хәлге жетті. Өткен жылы біреулер келіп, мектеп ғимаратын мал бордақылайтын орынға *(3-сурет)* айналдырмақ болды. Оған қарсы болдым. Түбі ауылдастар оралып, мектеп өзінің жаңа міндетін бастайтынына сенемін, – дейді апамыз.







Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

«Орнында бар оңалар» деген нақылға сенсек, ауылдың алдағы күндері көптің қолы жетпейтін мекенге айналары анық. Өйткені, күйреген ауылдың маңы тұнып тұрған тарих. Кезінде бұл ауыл Бесдөң деп аталған екен. Ауылдың іргесінде 5 үлкен сақ қорғаны болған. Бүгінде оның үшеуі толық сақталса, біреуі тегістеліп, егіске айналып кеткен, енді бірінің орнына мал азығын сақтайтын қойма салмақ болып жартылай бүлдіріп тастапты.

– Қорғанды қазған кезде ішінен бөренелер, білтелі мылтық, күміс ақша, күмістелген әшекей бұйымдар шықты. «Мәскеуге әкетті» деп естідік. Бірақ қайда әкеткенін ешкім білмейді. Солай жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Ауылдастар кейінге дейін қыш құмыралар, күмістелген әшекей бұйымдар тауып алып жүрді. Сөйтіп екі қорған бүлініп, бүгінге осы үш қорған ғана қалды, – дейді бізбен жолшыбай тілдескен Қайрат Кәмалұлы.

Мұнан басқа да толып жатқан тарихи оқиғалар бұл жердің қастерлі мекен екенін айғақтайды. Қазақтың әйгілі тарихшысы Мұхаметжан Тынышбаев осы өлкенің тумасы, ал Теректінің қарсы бетіндегі жотаның арғы жағы 1846 жылы Шұбар Ағаш бітімі өткен жер. Қазақстанда алғаш мектеп ашыла бастағанда Кәмал Ыбырайұлы деген зиялы адам Құрақсай деген жерден мектеп ашып, бала оқытыпты. ТҮРКСИБ теміржолының алғашқы сызбасында теміржол Теректіні басып өтуге тиіс болып, кейін жоба өзгертілгені бар. Ұжымшар алғаш құрылғанда осы жердегі көне мешітті трактормен құлатып тастапты. Кейін тракторшы жігіттің аяқ-қолы тартылып, мүгедек болып өмірден өтіпті.

Ауыл іргесінде жеміс-жидек өсіретін бақша болған екен. Жаз, күз айларында жемістер жиналып, қоймаланып, қыстай ауыл тұрғындарына таратылатын. Бүгінде жейтін ауыз жоқ. Күзде төгіліп, шашылып жатады. Ауылдың айналасындағы егістіктерде дәндімайлы дақылдар жайқалып өсіп, қант қызылшасынан мол өнім алынатын. Оның бәрі көзден балбұл ұшқан.

Осындай қызу тірлік, бақытты күнді көрген Жұмақыз апаның 30 жыл бойы «ауылды қайта қалпына келтірсем» деп шырылдап жүруінің себебі осы. «Біз қолдан келгенше көмектесеміз» деп уәде еттік. Ал аудан, округ басшыларының ауылды қалпына келтіру туралы жоспар-жобасын алдағы уақытта сұрап білетін боламыз.

«ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛА АЛМАЙ ЖҮРМІН»

Бір жағына тартсаң екіншісіне жетпей жататын дүние ғой бұл. Жұмақыз апа 30 жыл ауыл деп шырылдап жүріп, жеке басының кейбір мәселесін шешуге уақыт таппағанын айтып мұңайды. Жалпы Запар ағамыз бен Жұмақыз тәтеміздің кіндігінен Назигүл, Жанна, Сайлау, Нұргүл, Рахат, Ботагөз сияқты 6 бала тарайды. Балаларын әлпештеп өсіріп, ел қатарына қосты. Бірақ өмірдің заңы ғой. Қазірде арамыздан алыстап кеткендері бар. Алты бала тәрбиелеп, өсіргені үшін жеңілдікпен ертерек зейнетке де шыққан. Өкінішке қарай, көпбалалы ана ретінде зейнетке шыққаннан кейін берілетін қосымша қаражатқа қол жеткізе алмай келеді. Бір-екі мәрте зейнетақы төлеу орталықтарына сұрау салған екен. Көкейге қонымсыз жауап естіпті. Өзі баруға уақыт таппаған.

– Ауылдың қарағашы мен қырғауылын қорғаймын деп жүріп өзімнің жеке мәселемді қарастыруға уақыт жоқ, – деп мұңайды кейуана.

«Мұның себебін зейнетақы төлеу орталықтарынан сұрап, нақтылы жауабын айтамыз» деп уәде беріп кеттік. Ауылды күзетіп, әбігер болып жүрмеген соң бізде уақыт баршылық.

Тұйін:

Жұмақыз апа да тау қопарып, тас уатқан адам емес. Бірақ ауылға деген шынайы махаббатымен өскелең ұрпаққа өнеге бола алады. Өйткені, кіндік қаны тамған жерін қиып тастап, көшіп кеткен және «аталарымыздың сүйегі жатқан топырақ қой» деп көз қырын салуға жарамағандармен салыстырғанда Жұмақыз апаның қартайған шағында ауылына деген жанашырлықпен шалғайда жалғыз тұрып жатқаны ерлікпен тең дүние. Кеудесіне тағар медалі, үйінің қабырғасына іліп қоятын Алғыс хаты болмаса да біз үшін нағыз еңбек адамы. Әр деңгейдегі қабылдауларға шақырылмақ түгілі «Қытымыр кемпір» атанып, топтан қағыла берсе де туған топырақтың қадіріне бас иген апамызға біз де бас иеміз. Ол кісі орындай алмаған арманын біз жалғастырамыз.

Сарқан ауданы

● ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

«Шалғай ауыл шырағы» айдары бойынша осыған дейін тіршілігі жүдеген, кезіндегі даму бетасынан ажырап қалған бірқатар ауылдар жайлы жаздық. Толып жатқан мәселелер мен жетіспей жатқан тұстарын көрсеттік. Қаусаған қабырғалары қалған қара шаңырақтарды көрсеттік. Олардың мұң-мұқтажын көтеріп, келеңсіздіктерді шешудің жолын басылым арқылы оқырмандарға жеткіздік. Құзырлы органдарға сұрау салып, бірқатар мәселенің басын аштық. Алайда, шырағын сөндірмей үрлеп, жалындатып жатқан шалғайдағы ауылдар да бар. Осы ретте Панфилов ауданының Шолақай ауылы туралы жазуды құп көріп, жолға шықтық.



АРЫЗ-ШАҒЫМЫ ЖОҚ АУЫЛ

Қажет АНДАС

Орталық мемлекеттік архивтегі құжаттардан Шолақай елді мекенінің бір топ тұрғынының Жетісу облыстық әскери губернаторына жазған хатын таптық. Онда: «1881 жылы, Сіздің мәртебелі мырза, Құлжадан қоныс аудару кезінде және Шолақай ауылын құрғанымызда, Сіз бізге Дубин өткелінің паромшылары ретінде қоныстануға рұқсат беріп, Шолақайда үй салуға, жоңышқа егуге, егіншілік жерлерін және мал жайылымын бөліп бердіңіз. Бұл жерлерді бізден тартып алмау және басқаға бермеу туралы бұйырған едіңіз. Соның нәтижесінде біз бұл жерлерді егінге жыртып, жоңышқа тұқымдарынektік...» делінген және Шолақай қонысының тараншылары атынан 7 тұрғын араб әрпімен қол қойған.

халықтың береке-бірлігі мен тату-тәтті тіршілік дәстүрінің тамырластығы, үшіншіден, тұрғындардың ауызбіршілігі мен ақсақалдарының көрегендігінен деп пайымдауға болады.

Бұл ойымызды Шолақай ауылының ақсақалдары да құптады.





Демек, Шолақай атауы 1880 жылдары болған деген сөз. Дегенмен өңірде сақталған тарихи ескерткіштер сан ғасырлар бойы сақтар мен ғұндар, үйсіндердің ұрпақтары жортып жүріп жол тапқан, Жібек жолының жібі үзілмеген керуен жолының бір сілемі болғанын дәлелдейді. Жалпы Жаркент өңірі соңғы бір ғасырда талай тарихи оқиғалар мен өзгерістердің куәсі болды. Шолақай ауылы да сол аумалы-төкпелі жылдардың өтінде атауын да, елді мекеннің аумағын да өзгертпей бүгінге жетті. 1930-1985 жылға дейінгі аумалы-төкпелі заманда атауын да, жер аумағын да толықтай сақтап отырғанының себебі, біріншіден – ауыл шаруашылығын өркендетуге қолайлы болғандығы, екіншіден – қоныстанған

– Атам Итақұн Шолақайда туған екен. Кейінгі аумалы-төкпелі жылдары арғы бетке өтіп, 1960 жылдары Қазақстанға қайта оралып, Жетісудың біраз жерін аралап жүріп, ақыры Шолақайға келіп біржолата қоныстанады. Оны атам: «Шолақайдың дәмі тартып тұрды» деп түсіндіретін. 1962 жылы Шолақайдағы орта мектептің бірінші сыныбына бардым. Ол кезде мектептегі сабақ қазақша, ұйғырша берілетін. Орта мектепті бітірген соң, әскери борышымды өтеп қайтқан соң Талдықорғандағы механизаторлар дайындайтын техникумды бітіріп, ауылға оралып, өндірістің сан саласында жұмыс істедім. Осы ауылда үйленіп, шаңырақ көтердім. Зайыбым ауылдық мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болғандықтан балаларым шешелерінің тәрбиесінде білімді болып ержетті. Бүгінде өздері таңдаған мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарын бітіріп, еліміздің әр жерінде елге қызмет етіп жүр. Қысқасы, бір әулеттің төрт буыны осы ауылға кіндігімізбен байланғанбыз. Оған өскен жеріміздің берекесі мен ауылдастарымыздың ауызбіршілігі сеп болды дер едім, – дейді Шолақай ауылының ақсақалы Әділ Низамдұнұлы.

Бүгінде Шолақай ауылында 5 мыңнан астам адам тұрады. Олар Шолақай, Диханқайрат, Жиделі елді мекендеріне орналасқан. Басым бөлігі ұйғыр. Олар қазақ, орыс, тағы да басқа ұлт өкілдерімен берекесі бекем, ынтымағы мығым. Әрине, ел іші болған соң ағайын арасындағы түсінбеушіліктің болып жататыны анық. Бірақ ондай жағдайда жастарды жөнге салып, тәртіпке түсіріп отыратын ауыл ақсақалдары бар. Бір айта кетерлігі, шағын ғана Шолақайда 141 «Алтын алқа», 76 «Күміс алқа» иегері атанған аналарымыз тұрады. 500-ге жуық зейнеткердің ақыл-парасатын біріктіріп отырған ауылдық ақсақалдар кеңесі жақсы жұмыс істейді. Сондай қадірменді ақсақалдың бірі, бүгінде 80-нен асқан Бердіқожа Жанаманов ұрпақ сабақтастығы мен ауылдастардың берекесі жайлы былай баяндады.

– Бала күнімде ауылда 100 шақты үй тұратын. Ауылымыз аралас, қойымыз қоралас болғасын ба, бір-бірімізді жақсы танитынбыз. Мен ес білгенде Диханқайрат, Куйбышев өз алдына бөлек ұжымшар болатын. Кейін Диханқайрат пен Шолақай бірігіп, бір ұжымшарға толықтырылды. Біздің кезімізде жастар арасында келіспеушілік болып тұратын. Бірақ қазақ, ұйғыр, дүңген, татардың ақсақалдары оның бәрін реттеп отыратын. Сол үрдіс бүгінде сақталған. Әсіресе, ауылдастар ортасында бір жақсы дүние болса біріне бірі үйретсем, білдірсем деген таза ниет басым. Шаруасы шатқаяқтап тұрғандарды белсенді, іскер азаматтар демеп, жебеп отырады. Сен ана ұлтсың, мен мына ұлтпын дейтін бөлінушілік жоқ. «бәріміз шолақайлықтармыз» деген ортақ ниет басым, – дейді Бердіқожа ақсақал.

Осындай жүрек жылытар әңгімелерді бірталай ата-апаларымыздың аузынан естіп, көңілденіп қалдық. Сол берекені бекем ұстаған жастар да көп екен. Ауылына спорт және өнер кешенін салып, ауыл жастарын саламатты өмір салтына бейімдеп жүрген Рашид Надыров атты кәсіпкер азаматпен кездескенде осындай ойға келдік.

– Осы ауылда туып-өстік, білім алдық, алғашқы еңбек жолымызды бастадық. «Кеден ісі» мамандығы бойынша білім алсам да бақытымды кәсіпкерліктен таптым. Басында ауылда тойхана салып, кәсіптің көзін бастадық. Бірақ, жұмысымыз жүріп, қаржымыз көбейгенмен көңілімізде бір бостық тұрғандай болды. Өйткені, ауыл жастарының қатары көбейген сайын оларды спорт пен өнерге жетелейтін орталық болмады. Талай дарынды жастарымыз болғанмен өз мүмкіндігін көрсете алмай жатты. Соны көріп, тойхананы қайта өзгертіп, спорт пен өнерге баулитын орталыққа айналдырдық. Міне, биыл 3 жыл болды, 300-ге жуық ауыл жастары орталықта спорт пен өнердің сан түріне жаттығады. Ауыл арасы шалғай болғандықтан балаларды арнайы автобуспен орталыққа әкеліп, қайтадан үйлеріне дейін жеткізіп саламыз. Қазір мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жетістігіміз де мол. Біраз жастарымыз спорт шеберлігіне кандидат болса, биші, күйші, әншілеріміз республикалық, халықаралық байқауларда топ жарып жүр. Ең бастысы – спорт пен өнер ұлтқа, дінге бөлінбейтін дүние. Қайта түрі, тілі басқа балаларды бір тәртіпке, ұйымшылдыққа, берекеге, ынтымаққа шақырып, ортақ мақсат жолында жұмылдыруға болатынын сезіндік. Себебі, экономикалық жағдайы әр түрлі, отбасылық тәрбиесі бөлек, мақсаты сан алуан балалар орталыққа келгенде бір тәртіпке бағынады, – дейді Рашид Надыров.

Орталықты аралап, спортпен айналысып жатқан, өнерін өрлетіп жатқан балалардың ұмтылысына, бірлігіне тәнті болдық. Әсіресе, домбырадан күй төккен ұйғыр қызды, дутарды тамаша шерткен қазақ баланы, гитараның құлағында ойнаған қаракөз ұл-қыздарды көргенде көңіліміз көтеріліп қалды. Айта кетерлігі бұл ауыл мерекелік шараларда аудан, облыс орталығынан, алыс қалалардан әртіс іздеп әуре болмайды. Барлық іс-шараны осы орталықтағы өнерпаздар атқарады.

Халқымызда: «Адам адамнан үлгі, ағаш ағаштан мәуе алады» деген нақыл сөз бар. Шолақайлықтардың көзге көрінеу бермейтін тағы бір жақсы қасиеті – біріне-бірі қарап бой түзейтіндігі, адал кәсіппен бәсекелесіп, нәпақа табуға ұмтылатындығы. Бұл жақсы қасиет олардың бойындағы еңбексүйгіштік пен табандылықты оятқан. Қысқасы, ауылда сенделіп жүрген адам жоқ. Бәрінің де жұмыстан қолы босамайды. Тіпті көрші ауылдың азаматтары да нәпақасын шолақайлық кәсіпкерлерден тауып жүрген жәйі бар.

– Әр кәсіптің өз бастауы, өркендеу кезеңі болады. Басында қиын болғанмен кәсібің ретке түсіп, өз жолымен жүре бастағанда басқаларға көмегің тие бастайды. Өзім аспаздық өнімдермен 1990 жылдары айналыса бастадым. Басында мектептердің шағын тамақтану орындарын жалға алып, таң атқаннан кеш батқанша тынымсыз еңбектендім. Жүре келе тәжірибе жинап, табысым еселене түсті. 2002 жылдан бастап ғимараттарды жалға алып, қосымша жұмысшылар жалдап, кондитерлік өнімдер шығара бастадым. 2010 жылы Шолақай ауылынан «SANAM» кондитерлік цехын салып, жұмысымыз ауқымданды. Қазір екі ауысымда 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Оның көбі көрші ауылдан келіп жұмыс істейді. Зейнетақы және медициналық төлемдері ай сайын аударылады. Нақты жұмыс істеген 22 жылдан бері бірге жұмыс істеген 4 шеберіміз осы орыннан зейнетке шықты. Қазір инновациялық технологиялармен жұмыс істеуге көшіп жатырмыз. Менің жетістігімді көріп, осы саладан кәсіп ашып жатқан ауылдастарым да көбейіп келеді. Осындай бәсекелестіктің болғаны дұрыс. Өйткені, бәсекелестік болған жерде өркендеу де, даму да болады, – дейді «SANAM» кондитерлік цехының директоры Санам Тұрсынқызы.

Абай атамыздың: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылына сай кәсіптен нәсіп тауып отырған Санам ханым сияқты ауыл тұрғындарының тіршілігін сезіндік. Әрине, өз тапқаны өзіне жетіп жатқан адамның үкіметке алақан жайып, болмаса басқаға телміріп отырмайтыны белгілі.

– Шолақай ауылында бұрыннан қалыптасқан өмір сүру тәсілі бар. Ол – бала ат жалын тартып мінгеннен бастап еңбекпен тапқан наннның тәтті болатынын үйретін ұрпақ сабақтастығы. Ауыл егін және мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы жерге орналасқан. Суы жеткілікті, мал жайылымы мол, төрт жолдың торабында жатыр. Іргесінде шегара базары бар. Ауылда орта мектеп, балабақша, амбулатория, медициналық пункт, пошта, мәдениет үйі, кітапхана, спорт және өнер мектебі жұмыс істейді. Әр отбасының айналысатын қосымша кәсібі бар. 2021 жылы осы ауылға сайлау арқылы әкім болып келдім. Содан бергі 3 жылда үйім жоқ, күйім келіспей жүр деп бірде-бір адам алақан жайып келген жоқ. Қайта анадай кәсіп ашсам, мынадай бизнес бастасам, халыққа қызмет ететін нысандар салсам деген жоспарын айтып, заңдық немесе құқықтық тұрғыдан көмек сұрап келетіндер көп, – дейді Шолақай ауылының әкімі Айдос Арсаламов.

P.S.

Ауыл тұрғындарының тыныс тіршілігін көргеннен кейін ауыл әкімінен көп нәрсені сұрастыруды құп көрмедік. Өйткені, біз іздеген сұрақтың жауабын Шолақай ауылының заманауи келбеті, әрбір үйдің қақпасынан ауласына дейінгі жайлы тіршілігі, жайқалып өскен егіні, өрісі толы малы, бір үйдің баласындай сыйластығы, бірін-бірі қолдап, демеп жатқан татулығы өзі айтып тұрды. Жасыл желекке толған түзу-түзу көшелердің екі жағына орналасқан сәулетіне сәні сай салынған тұрғын үйлер көз қуантты. Бірақ ауылдың осынау берекесіне ұйытқы болып отырған ауыл әкімдігі орналасқан ғимараттың жұпыны көрінісі, тозықты түрі көзімізге оттай басылды. «Шіркін-ай, осы ғимаратқа тым болмағанда ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілсе нұр үстіне нұр болар еді» деп ойладық. Бұл сұрақты ауыл әкіміне қойғымыз келмеді, оны аудан тізгінін ұстағандардан сұрағанды жөн көрдік.

Шолақай ауылы, Панфилов ауданы





• ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ИНТЕРНЕТІ ЖОҚ АУЫЛ



Бақалы ауылдық округіне қарасты Кәкімжан Қазыбаев ауылының тұрғыны Жазира Мұқанованың ауыл тұрғындарының интернет пен телефон байланысының нашарлығынан қиналып жүргені туралы өтініші бойынша жолға шықтық. Басында аудан орталығынан 45 шақырым, Талдықорған – Үшарал күрежолынан аса алыс емес жерге орналасқан, тұтас қазаққа аты белгілі Кәкімжан Қазыбаевтың есімін еншілеген ауылда осындай жағдайдың барлығына сенбедік.

Бақалы ауылдық округіне Бақалы, Кәкімжан Қазыбаев, Тасқұдық ауылдары қарайды. Үш ауылда 1500-ге жуық тұрғын, 363 үй бар. Биыл ауылдық округ тұрғындары 12262 гектар жерге дәнді-майлы дақыл, қант қызылшасы, көпжылдық шөп сеуіп, ел ырысын шалқытып отыр.

Кәкімжан Қазыбаев ауылының тұрғындарымен кездесуден бұрын аудандық мәслихаттың депутаты Талғат Оралғановтың бастауымен Бақалы, Тасқұдық ауылдарын аралап, тыныс-тіршілігімен танысып шықтық. Еңселі Мәдениет үйі, екі қабатты әкімдік ғимараты, фельдшерлік-акушерлік пункт, мешіт, қатымхана, заман талабына сай салынған балалар ойын алаңы ауылдың бет-бейнесін ажарландыра түскен. Ауылдың жолдары асфальтталған. Жаңадан салынған үйлер, ретті қоршаулар тұрғындардың ауқатты екендігін көрсетіп тұр.

Бақалы ауылдық Мәдениет үйінің алдындағы мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Арынның бюсті жаңына жылу сыйлайды. Биыл К. Қазыбаев атындағы орта мектепке күрделі жөндеу жұмысы қолға алынып, үш қабатты мектеп ғимаратының жанынан үлкен стадион салынып, қолданысқа беріліпті. Ал оның бір шетінде балалар ойын алаңы орналасқан. Мектеп қақпасының құрылысы мектеп түлектерінің демеушілігімен жүріп жатыр екен.



– Білім шаңырағы 1980 жылы ашылған. Жалпы 640 орынға арналған мектепте бүгінде 243 бала білім алады. Шағын орталығымыз бар. Өткен жылы наурыз айында мектепке жаңа автобус берілген. Онымен шалғай орналасқан К. Қазыбаев ауылының оқушылары тасымалданады. Биыл мектеп ғимаратын күрделі жөндеу мақсатында қомақты қаржы бөлініп, кіреберістен шатырға дейін жөндеу жұмысы жасалды. Есік алдына брусчатка төселіп, еден мен есіктері ауыстырылып, жаңа үстел-орындық алынып, терезелерге жаңа перде тартылды. Жиынжай мен асхана, үлкен және кіші спортзал толықтай жаңартылды. Сонымен қатар, Кәкімжан Қазыбаевтың 95 жылдығына орай көптеген шара атқарылуда. Алдағы уақытта үлкен кездесу болады. Жалпы, жаңа оқу жылына осындай жақсы көңіл-күймен кірістік, – дейді мектеп директоры Назерке Құтбаева.

Бақалы ауылындағы жақсы істерді көріп, жадырап шыққан көңіл-күйіміз күрежолдан Кәкімжан Қазыбаев ауылына бұрылғанда су сепкендей басылды. Алдымен интернет істемей, телефон байланысы өшті. Одан кейін тас төселген кедір-бұдыры көп жол көлікті сілки бастады. Аяңдап жүріп, ауылдың орта тұсындағы мектептің алдында күтіп тұрған тұрғындардың жанына жеттік. Бірақ көпшілік ашулы көрінді. Бастабында сөзіміз жараса қоймады. Бірақ «Адам сөйлескеше» деген ғой, ақырындап сабасына түскен тұрғындар өкпе-назын үйіп-төкті. Атағы алысқа жеткен Кәкімжан Қазыбаев атындағы ауылдың ақпараттық әлемнен оқшау тірлік кешіп жатқанын көріп, көңіліміз құлазыса, Бақалы мен Тасқұдық ауылындағыдай жайнаған жағдайды көрмедік.

Алдымен ауыл балаларына арнап жасалған ойын алаңы көзге түсті. Қолданысқа берілгеніне көп болмаған нысанның аңғал-саңғалы шығып тұр. Бірнеше бала әткеншекке асылып, дөңгелекпен қызықтап жатқаны болмаса ойыны қанды деуге келмейді. Тасқұдық ауылындағы балалар ойын алаңын көргеннен кейін болар, көзімізге оғаш көрінді. Бұл жағдайды ауыл әкімдігінің мамандары екі алаңға бөлінген қаражаттың аздығына байланысты екенін алға тартты. Яғни, «ауылдағы 48 отбасындағы қарадомалақтарының көңіліне демеу болсын» деген оймен жадағайлап жасай салған дүние екені көрініп тұр.

Ауылдастардың тыныс-тіршілігі жұтап тұр деуден аулақпыз. Егістік жері мол, мал басын мыңғыртып өсіруге жайылымы да жетерлік. Қара жердің қадірін арттырып, қамбасын толтырып, төрт түлігін саудалап, қалтасындағы қаржысын көбейтіп отырғандар көп. Дегенмен, ауылдағы интернеттің нашарлығы мен телефон байланысының қолайсыздығы тұрғындардың бас ауруына айналғалы қашан?! Көпшіліктің бәрі осы мәселені алға тартып, атсалысуымызды сұрады.

Кәкімжан Қазыбаев ауылына былтыр модульді аурухана салынып, ел игілігіне беріліпті. Құрылыстың сапасында және ондағы құралжабдықтарда сын жоқ. Бүгінде мұнда 3 дәрігер ауылдың 180 тұрғынына күндізгі дәрігерлік көмек көрсетеді. Алайда, интернеттің нашарлығына байланысты дәрігерлер құжаттарды рәсімдеу, аудандық, облыстық ауруханаға сұраныс жіберіп, тапсырыстар қабылдап алу үшін Бақалы ауылдық округінің орталығына баруға мәжбүр.

– Күрделі аурулар болып, «Жедел жәрдем» шақыртуға немесе аудандық емханадағы білікті дәрігерлерден кеңес алуға тура келгенде төбе-төбені қыдырып, телефон байланысын іздеп кетеміз. Қазыбаев ауылы мен Бақалы ауылдық округінің орталығына дейін 6 шақырым жер. Кейде өзіміздің көлікпен, кейде жол тосып таксилетіп, болмаса көлігі бар көрші-қолаң, дос-ағайынға өтініп күндеріміз өтіп жатыр, – дейді ауылдық емхананың дәрігері Сабира Шопанова.

Кәкімжан Қазыбаев ауылындағы 180 тұрғынның 31-і зейнеткер. Әрине, жиі ауырып, сырқап жатады. Оның үстіне аудан орталығы, Талдықорған, Алматы, Астанадағы балалары ауылдағы ата-анасымен хабарласа алмай төзімдері таусылатыны тағы бар. Бір жолы 87 жастағы Күнсипа Мұқанова абайсызда жығылып, мертігіп қалғанда «Жедел жәрдем» шақырғанға интернет ұстамай, телефонмен байланысу мүмкін болмай ауылдастар дөң-дөңге шығып жүріп, Талдықорған арқылы «Жедел жәрдем» шақыртып, қарт ананы дер кезінде емдетіп алыпты.

– Интернеттің жоқтығынан жаңалық дегенді білмейтін болдық. Телефон байланысының нашарлығынан үйде қалған үлкен кісілермен байланыса алмай қиналамыз. Тіпті, «Жедел жәрдемді» Талдықорған, Алматы, Астанадағы туыстарымыз арқылы шақыртуға етіміз үйреніп кетті, – дейді апаның қызы Раушан Мұқанова.

Біз балаларымыздың қолынан телефонды тастата алмай жүрсек, Қазыбаев ауылының үлкендері балаларына телефонын құшақтатып, ауыл маңындағы дөң-дөңді қыдыртып, интернет байланысын іздетіп қояды екен. Өркениетті елде осындай өрескел жағдай болады деп ойламаған да шығарсыз?! Басында сеніңкіремеп едік. Жұмыс бабымен хабарласу керек болып, дөң-дөңді аралап, байланыс іздеген кезде ғана тұрғындардың мұқтажын түсіндік.


Ауылдағы сәулетті ғимараттың бірі – бастауыш мектеп. Ондағы 4 сыныпта 20 оқушы бар. Ал жоғары сынып оқушылары Бақалы ауылындағы Кәкімжан Қазыбаев атындағы орта мектепте оқиды. Оларды мектепке апарып, әкелетін арнайы автобус бар. Ауылдағы балаларға қарағанда олардың көңілі тоқ. Өйткені, Бақалыда интернет жақсы істеп тұр. Кәкімжан Қазыбаев ауылындағы бастауыш сыныпта оқитын балалар аға-әпкелері Бақалыдан келгенше тықыршып күтеді. Өйткені, олардан қолжетімді интернет жайлы әңгімелерді бейне қиял-ғажайып ертегісін естігендей тыңдайды.

– Үйімізге Wi-Fi орнатып алғанбыз. Кезінде оны орнатудың құны 35 мың теңге еді. Қазір 50 мыңға өсіп кетіпті. Көп отбасының оған жағдайы келмейді. Бірақ сол құрылғы бірде ұстап, енді бірде ұстамай қинайды. Осылай ілдалдап күн кешіп жатырмыз, – дейді ауылдық мектептің мұғалімі Әсемгүл Қалдыбаева.

Интернетпен қоса ауыл үлкендерін жолдың сапасыздығы да қинап келеді. Ауылдан асфальт төселген көше көрмедік. Оның себебін аудандық мәслихаттың депутаты Талғат Оралханов ауылдың сазды жерге орналасқанымен байланыстыра түсіндірді.

Тұрғындар арасынан Астанадан ауданға дейінгі құзырлы орындарға отбасылық мәселесін айтып, жазып, талай мекеменің табалдырығын тоздырған Айгүл Шаймерденованы кездестірдік. Істің мән-жайын оның үйіне барғанда білдік. Тұрғынның үйінің жанынан осыдан 7 жыл бұрын ауылды таза ауызсумен қамтамасыз ететін қондырғының құрылысы басталыпты. Бірақ айналасы қоршалып, жерасты суын шығарғанмен нысанның жұмысы толық аяқталмай қалыпты. Құрылысқа жауапты мердігер жер астынан сорып шығарған суды нысанның іргесіне ағызып кетіпті. Аққан су жылдар бойы жиналып, көлге айналған. Соның салдарынан Айгүл және оның көршілерінің үйі бүлініп, ауласын қамыс басып кеткен. Тіпті бірнеше тұрғынның баспанасы жарамсыз болып қалған.

Біз барардан бір-екі күн бұрын Бақалы ауылдық округінің жуырда сайланған әкімі Айдар Жаңабековтің араласуымен аққан судың арнасын басқа жаққа бұру жұмысы қолға алынған екен. Жөндеу жұмысын жүргізген құрылысшы жігіттермен бірге 7 жыл бойы бітпеген істің түйінін шешіп, аққан судың арнасын басқа жаққа бұрып, игілікті іске атсалысып қайттық.



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Әрине, Айгүл Шаймерденоваға көмектесіп, оның алғысын алғанымызбен Кәкімжан Қазыбаев ауылының іргесіндегі көне қорғанның бүлінген жағдайын көріп, жүрегіміз тағы ауырды. Кеңес одағы кезінде тарихи нысанды кесіп жол салынса, бүгінде оның дәл ортасынан жерасты суын тартатын сорғы құрылысын жүргізіп, та-ғы бүлдірген. Тарихшылардың еңбегінде айтылатын «Ежелгі Ағарту қалашығы» деп аталатын қоныс осы болса керек.

– Осы жерде 30 жылдан астам тұрып келемін. Кезінде қорғанның ішінде жайқалып жасыл майса шөп өсіп тұратын. Мына құрылыс түскелі айналаны жабайы шөп пен қамыс басып кетті. Ауылдың өркениеттен алыс қалғаны, құрылыс жұмысының шатқаяқтап тұрғаны қорғанның қасиеті емес пе екен?! – деп қалды Айгүл Шаймерденова.

Мұның жайын облыстағы тарихи-мәдени мұраларды қорғаумен айналысатын мекемелер мен аудан әкімдігінен сұрап көретін боламыз.

Ең бастысы, Кәкімжан Қазы-баев ауылының тұрғындарына сапалы интернет пен жылдам телефон байланысы керек. Оған сұрау салу енді біздің назарымызда болады.

К. Қазыбаев ауылы, Сарқан ауданы

Қажет АНДАС

• РУХАНИЯТ

Кітаптан ұлы ұстаз жоқ. Көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев: «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп асыл ойын айшықтаған. Шын мәнінде аппақ әлемнің ақылы мен парасатын әр парағына, сөресіне сіңірген кітап пен кітапхана туралы тереңнен толғануға болады, кемеліне келтіре көркемдеп, кестелеп жырлауға негіз бар. Ал осынау ұлы құндылықтың қалтқысыз қызметінде жүрген кітапханашылар туралы асқақтата айтсақ артық етпес.

КІТАПХАНАШЫЛАР МЕРЕЙЛЕНДІ

Асқақтата айшықтамасақ та өткен жылдан бері күллі кітапханашыларды қуантқан төл мереке күнтізбеміздің орын алды. 24 қазан ресми түрде Кітапхашылар күні болып бекітілді.

Руханияттың шырақшысы, ғылым мен білімнің алтын кені саналған кітапхана қызметін жандандырып, заманға, оқырман сұранысына сай еңбек етіп келе жатқан Кітапханашылар күнін жетісулықтар ерекше атап өтті. Дәнеш Рақышев атындағы облыстық филармонияда өткен рухани шарада алғашқы болып сөз алған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов көпшілікті мерекемен құттықтап, бірқатар кітапханашыларды марапаттады.

Салтанатты шара барысында ұзақ жылдан бері кітапхана ісі бойынша еңбек етіп келе жатқан алакөлдік Сағатхан Дүйсенбаева «Мәдениет саласының үздігі», талдықорғандық Ғалия Ешенова «Кітапхана ісінің ардагері», ақсұлық Бақытгүл Мамбетова «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгілерімен марапатталды. Сондай-ақ, маңдай терін шүмектете еңбек етіп келе жатқан бірқатар кітапханашыға Қуаныш Сұлтанұлы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Жетісу облысы әкімінің, басқарманың Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын тапсырып, арнайы аталым бойынша жеңіске жеткен мамандарды да мерейлендірді.

Өз кезегінде кітапхана деген кемел сала туралы мемлекет және қоғам қайраткері Наурыз Қылышбаев ерекше толғаныс білдірді. Ал, Жетісу облысының кәсіподақ филиалының төрайымы Сәуле Ахмадиева Орталық кәсіподақ комитетінің «Еңбек даңқы» төсбелгісін, ақсұлық Шолпан Сүлейменова мен алакөлдік Жаңылхан Бұрғанбаеваға табыстаса, бірқатар кітапханашыны комитеттің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарымен мерейлендірді.

Сан алыптың ұлт пен ұрпақ үшін қалдырған құнды мұраларын, кітаптарын арқалаған кітапхананың қадіріне жету әрбір саналы азаматтың міндеті десек, бұл орайда оқырман мен кітап арасындағы ұлы достыққа арқау болар кітапханашылардың ісі ерен. Осынау сала мамандарына арналған мерекелік күнге орайластырылған салтанатты шарада дені мерейленсе, рухани шараға қатысқан көпшілік Дәнеш Рақышев атындағы облыстық филармония өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалап, әсем әннің ырғағымен тербелді, тебіренді.

АРДА БИ

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

11 ақпан,
сейсенбі,
2025 жыл
№16 (19443)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●



МАМАНДЫ ШЫҢДАЙТЫН өндірістік тәжірибе

Дуальды оқыту кәсіптік білім беру ұйымдары мен кәсіпорындардың ынтымақтастығын қамтиды. «Атамекен» ҰКП өңірлік палаталары олардың арасында серіктестік қатынастарды орнатуға жағдай жасайды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Мұндай ынтымақтастықтың қаншалықты нәтижесі бар? Оны облыстық кәсіпкерлер палатасы мысал ретінде көрсетті. Өңірде дуальды оқыту бағдарламасына 336 кәсіпорын қатысады. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаевтың айтуынша, оқыту 14 колледж базасында жүргізіледі. Аталған бағдарламамен 18 сала, 35 мамандық және 55 біліктілік қамтылған. 9 жыл ішінде кәсіпкерлер тапсырысымен облыс колледждері 3,5 мыңнан аса адамды оқытқан. Дуальды оқыту тиімділігіне көбіне кәсіпкерлердің жұмыс берушілер ретінде оқу бағдарламасын жасауға қатысуынан қол жеткізіледі.

Кәсіпорындағы студенттік тәжірибе өндірістен қол үзбей ұйымдастырылған, әрбір студентке тәлімгер бекітілген. Олар тәжірибелі қызметкерлер қатарынан анықталады. Мысал ретінде кәсіпорында тәжірибеден өткен колледж түлектері мансабын жалғастыруға мүмкіндік алған «Темірбетон» зауытымен ынтымақтастықты келтіруге болады.

– *Темірмен жұмыс істеу бала кезімнен ұнайтын. Мектеп бітіре салып колледжге оқуға түстім. Оны тамамдағаннан кейін «Темірбетон» зауытында өндірістік тәжірибеден өттім. Сөйтіп, теорияны тәжірибе жүзінде жүзеге асырып, нәтижесінде жұмыс істеуге қызығушылығым артты. Тәжірибелі тәлімгердің арқасында өндіріске тез бейімделдім. Ендігі кезекте жоғары білім алып, осы зауытта инженер болып еңбек жолымды жалғастыру жоспарда бар,*– дейді 4-разрядты токарь Виктор Радюк.

Қазіргі кезде «Темірбетон» зауытында 12 колледж оқушысы тәжірибеден өтуде. Атап айтқанда, олар бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика бойынша болашақ слесарь, токарь, фрезерлеуші және дәнекерлеушілер. Кәсіпорын жетекшілерінің сөзінше, колледж оқушылары шын ниетпен өндірістік тәжірибеден өтуге келеді. Олар еңбек тәртібіне бағынып, өздерін шыңдайды.

– *Тәжірибеден өтіп жатқан балалар өздеріне жүктелген міндетті мінсіз орындауға тырысады. Тәлімгерлер оларға кәсіби білім беріп, барынша тәжірибеден өткізеді. Сондай-ақ, олардың әрқайсысымен жеке жұмыс істеледі. Кәсіпорын мамандары сертификат пен диплом иегерлерін ғана емес, сондай-ақ, дайын маман алуға да қызығушылық танытады,* – дейді «Темірбетон» зауытында 20 жылдық жұмыс өтілі бар 5-разрядты дәнекерлеуші Олег Окольский.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаев бұл жұмыс «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жалғасатынын, кәсіпорындарда оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін қысқамерзімді оқытуға, тағылымдамадан өткізуге, оқу орындарында бизнеске қамқорлық танытуға, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуге және кәсіпорындардан тәлімгерлерді даярлауға ерекше назар аударылатынын айтты. Мұның бәрі білім беру жүйесін дамытуға және жоғары білікті мамандарды даярлауға елеулі үлес қосуы тиіс.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ҰСЫНЫСТАР ЕСКЕРІЛЕДІ

Газеттің №10 (19437) сейсенбі, 28 қаңтар 2025 жылғы санының 3-бетінде жарияланған «Ақын Сара рухы ардақталса»» атты мақалада (https://7-su.kz/news/cat-1/27046/) көтерілген ұсыныстар бойынша Ескелді аудандық әкімдігіне хат жолдап едік. Міне, әкімдіктен жауабын алып, оны оқырмандармен бөліскелі отырмыз. Алдымен аудан әкімдігі облыстық «Jetisý» газетінің еліміздің өркениет жолындағы үлесіне айрықша тоқтала келіп, мақалада көтерілген ұсыныстарды тиісті мекемелерге жолдай отырып, төмендегідей шешім қабылданғанын жеткізіпті.

Қажет АНДАС

Мақалада: «Біржанның інілері, Сараның сіңлілері» атты айтыс ақындарының сөз сайысы «Біржан сал мен Ақын Сараның айтысы өткен Тоғызқұмалақта ұйымдастырылса» деген сұрағымызға: «Ауданда мұндай іс-шараға қаражат қарастырылмаған. Алайда, біздің тарапымыздан басқа ұйымдастырушылық жұмыстарына қолдау көрсетілетін болады» деп жауап беріліпті. Ақын Сараға қатысты республикалық, облыстық, аудандық конференция, еске алу кештеріне, тағы басқы шараларға ауыл әкімінің мамандарын және де ауыл ақсақалдырын жіберу туралы өтінішіміз ауыл әкіміне жеткізіліпті. Мұндай шараларға Ақын Сара ауылындағы Ш. Уәлиханов атындағы мектеп ұжымының оқытушыларын Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі бұйрық арқылы жіберетін болады. Бұл алдағы уақытта назарға алынады. Ал «Талдықорған – Өскемен күрежолында орналасқан Ақын Сара кесенесіндегі бүлінген QR код туралы Жетісу облысының тарихи-мәдени мұрасын қорғау орталығына хабарланып, жақын



арада QR код қайтадан жаңартылады» деген хабарды естідік.

Әрине, мақсатымыз – тырнақ астынан кір іздеу емес, тұрғындардың тілегін қаз-қалпында көрсетіп, қордаланған мәселе болса оң шешім табуына басылым арқылы ықпал ету болатын. Осы тұрғыдан келгенде басылым көтерген ұсыныстар өз деңгейінде шешімін тапты дей аламыз.


Ескелді ауданы

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек... Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың төресі сол.

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

...біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.

Қаныш СӘТБАЕВ



Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Талдықорған қаласында жалғызбасты және қарт адамдарға қайырымдылық көрсету акциясы өтті.



Ізгілік ізін ҚАЛДЫРДЫ

Еріктілер аулалар мен көпшілік жүретін жолдарды қардан тазалап, ардагерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысты. Мұнда «Мейірімді-Жетісу» еріктілер фронт-офисінің жетекшісі Шырай Саматқызы қарттарға көмек көрсету ата-бабамыздан келе жатқан үрдіс екенін айта келіп, еріктілер жастарға үлкен кісілерді құрметтеудің үлгісін көрсететінін жеткізді. Бұл күні жиырма шақты ерікті қарт адамдар мен жалғызбасты аналар үйінің ауласын қардан тазалап, көмек көрсетті. Қыста ауланы қардан тазарту жасы келген адамдар үшін өте ауыр. Осыны ескерген еріктілер үлкен кісілердің аулаларының қарын күреп, кіріп-шығуына жеңілдік туғызды. Акция барысында еріктілер тек қар тазалап қана қоймай, ата-апалармен әңгімелесіп, қандай көмек керек екенін сұрап, өтініштеріне де қолғабыс етті. Алдағы уақытта тағы келетіндерін айтып, басқа да ұсақ-түйек шаруаларын жасап берді. Қазыналы қарттарымыз жас буынның мейірімділік іс-шарасына ризашылықтарын білдірді.

«Мейірімді-Жетісу» волонтерлік фронт-офисінің жетекшісі Шырай Саматқызы: «Бұл игі іс ардагерлер мен жалғызбасты аналардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осындай шаралар қоғамдағы мейірімділікті арттырып, бірлік пен жанашырлықты нығайтады», – деді. Көмек алған тұрғындардың бірі зейнеткер София Гвоздикова: «Ауламды қардан тазалау оңай емес. Бүгін еріктілер келіп, барлығын ретке келтіріп берді. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Қайырымды жандар көп болсын!» , – деп алғысын білдірді.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбіліктер мен қайырымдылық акциялары жиі ұйымдастырылып тұратынын айта кетуіміз керек. Игі шара алдағы уақытта да жалғасын табады.

Жанат ҚАЛДЫБАЕВА,
ЖУ-дің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің студенті

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Қарекет түбі – БЕРЕКЕТ

Облыс әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті екінші отырысы өтті.

Сарби ӘЙТЕНОВА

Мәжілісте екі мәселе қаралды. Оның бірі – мектепке ұзақ уақыт бойы бармаған кәмелетке толмаған балаларға қатысты, екінші мәселеде сәтсіз отбасындағы балалардың жағдайы, оларды түрлі үйірмелерге тарту, ата-аналарын жұмыспен, атаулы әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар сараланды. Өзекті мәселелерді жүйелі шешу жолдарын қарастыру мақсатында өткен басқосуға тиісті басқарма басшылары, аудан және қала әкімдерінің орынбасарлары, комиссия мүшелері қатысты.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Марлен Көлбаев ашып, күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталды. Оның айтуынша, кәмелетке толмағандардың қатысуымен құқықбұзушылық фактілері жиі орын алуда. 2023 жылмен салыстырғанда кәмелетке толмағандармен орын алған қылмыстық әрекеттер 25-тен 46-ға дейін өскен. 2024 жылы орын алған 46 қылмыстық әрекетті 40 жасөспірім жасаса, оның 16-сы мектеп оқушысы, 23-і колледж студенті. Ал олардың қылмыстық әрекеттерге баруына көбіне өмірде қиын жағдайға тап болуы, қолайсыз отбасы, ата-ананың жауапкершілігінің жоқтығы, жүрген орта әсер етуде. Мұндай әрекеттерге барған балалардың сабаққа қатысуы да төмен деңгейде. *«Біз балалардың сабаққа қатысуынан бастап, бос уақытын қалай өткізетініне дейін бақылауда ұстауымыз керек»,* – деді Марлен Қапашұлы.

Мектепке ұзақ уақыт бойы бармаған кәмелетке толмаған балаларға қатысты мәселе жайында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Қасымов баяндама жасады. Баяндамашының сөзінше, 2024-2025 жылдардағы оқу жылында облыс бойынша 3 бірдей бала оқумен қамтылмаған. Оның бірі Кербұлақ ауданы Жоламан орта мектебінің 9-сынып оқушысы болса, екі оқушы Көксу ауданы Н. Алдабергенов орта мектебінде оқыған (7 және 9-сынып) сыған ұлтының балалары.

– *Кербұлақ ауданының оқушысы бүгінгі күні 9 сынып оқуы тиіс, бірақ ол 4 сыныптан, яғни 2020 жылдан бері мектепке бармайды. Бұған қатысты аудандық білім бөлімі тарапынан тиісті шаралар қабылданып, аудандық, облыстық заң орындарында қаралған. Заң орындарының қызметкерлері, білім бөлімінің мамандары мен мектеп директоры бірнеше рет анасымен жолыққан, алайда ол баласын сабаққа жібермей келеді. Алайда, 2024 жылдың қазан айында анасы баласымен бірге келіп, негізгі орта білім туралы аттестат беруді сұраған. Оған заң талаптары нақты түсіндіріліп, баланы сабаққа берудің қажеттілігі айтылды. Сол секілді Көксу ауданы Н. Алдабергенов атындағы орта мектептің екі бірдей оқушысын іздеуге қатысты тиісті мекемелерге хат жолданды,* – деді Қайрат Саханұлы.

Баяндамадағы тілге тиек етілген мәселеге байланысты Марлен Қапашұлы екі ауданның орынбасарлары мен білім бөлімінің басшыларынан бұған байланысты қандай жұмыстар атқарылып жатқанын сұрап, олардың берген жауаптарынан кейін нақты әрекетке көшіп, істі тындырымды ету керектігін қадап айтты.

– *Баласының білім алуына шектеу қойып отырған анасын сотқа беріп, қажет болса ата-ана құқынан айыру керек. Анасы үйіне кіргізбесе учаскелік полицияны бірге ертіп барыңыздар. Әйтпесе, үйде де оқытуға болады ғой. Ол баланың мүлдем оқуға ниеті жоқ деп қарап отырмай, әрекет ету қажет. Бұл – сіздердің әрекетсіз отырғандарыңызды көрсетеді. Әрекет түбі –берекет деген. Анасы үйіне кіргізбейді деп қол қусырып отыра бермей, жолын қарастырған жөн. Ал, бір балаға шамаларыңыз келмесе, онда несіне отырсыздар?!* – деген комиссия төрағасы бұған қатысты тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Сәтсіз отбасылар» бойынша Алакөл ауданы әкімінің орынбасары Мәулен Төлеужанов баяндама жасап, осы төңіректе атқарылған жұмыстар туралы тілге тиек етті.

«Әр бала – мектепке баруы керек» деген облыс әкімінің орынбасары Марлен Қапашұлы жиын соңында қаралған мәселелер төңірегінде нақты тапсырмалар жүктеді.

✓ ЖЕТІСУДАН – СОЛТҮСТІК ПЕН ШЫҒЫСҚА

АБАЙ ЕЛІНДЕГІ АҒАЙЫНДАР



ХАЛҚЫМЫЗДА: «Елге ел қосылса – құт қонады» деген нақыл сөз бар. Әрине, бір ел, бір тудың астында өмір сүріп жатсақ та әр аймақтың өз ерекшелігі, мүмкіндігі, жұмыс күшіне қажеттілігі бар. Естеріңізде болса, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында қыруар іс атқарылды. Ол халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға, жәрдемдесуге және азаматтарды кәсіпкерлікке тартуға бағытталды. Ал 2023 жылдан бері қолға алынған «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аудару» бағдарламасы талай жанның бағын ашып келеді. Осыған орай, жұмыс күші жеткілікті оңтүстік облыстардан солтүстік, шығыс облыстарға көшіп, қоныстанып, тіршілігін түзеп жатқандардың қатары көбейді. Сол қатарда жетісулықтар да бар.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ақпаратынша, былтыр Жетісу облысынан 349 адамнан тұратын 117 отбасы солтүстік-шығыс өңірлерге өз бетінше қоныс аударыпты. Нақтылап айтар болсақ, Солтүстік Қазақстан облысына 11 отбасы (36 адам), Шығыс Қазақстан облысына 17 отбасы (45 адам), Павлодар облысына 68 отбасы (189 адам), Абай облысына 18 отбасы (68 адам), Қостанай облысына 3 отбасы (11 адам) ерікті қоныс аударған.

Бұл ресми ақпараттан жерлестеріміздің мемлекеттік бағдарламаға ынта танытып, ел экономикасын өркендетіп, өңірлердің дамуына үлес қосып жатқанын бағамдауға болады. Алайда, газетімізге оқырман тарапынан ерікті қоныс аудару бойынша көптеген сұрақ түсіп жатады. Оның кейбіріне ресми дереккөздер бойынша жауап қайтарғанымыз болмаса солтүстік-шығыс облыстарға көшіп барған ағайынның тыныс-тіршілігі туралы толыққанды ақпарат бермеген едік. Сондықтан облыстық «Jetisý» газеті «Жетісудан – солтүстік пен шығысқа» деген жаңа айдар ашып, көрші облыстарға ерікті қоныс аударған жерлестеріміз жайлы сараптамалық мақалалар дайындауды қолға алды. Жобамызға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев қолдау танытып, көрші облыстағы әріптестерімен хабарласып, жұмысымызды үйлестіру үшін облыстық еңбек мобильділігі орталығының қызметкері Жарқын Жаксыбековты қосып берді. Ол жақта Абай облысының еңбек мобильділігі орталығы директорының орынбасары Асқар Базылов сапарлас болып, бағытымызды реттеп отырды. Осылай жаңа бастаманың алғашқы сапарын Абай облысынан бастадық.

Хакім Абайдың атымен аталатын облысқа жолға шыққанда көңілімізде: «Жолымыз қалай болар екен?», «Ойға алған мақсатымызға сай ақпарат ала аламыз ба?», «Кейіпкерлерімізден көңілсіз жауаптар естіп қалмаймыз ба?»... деген күдікті сұрақ көп болды. Алаштың айбыны атанған Семей шаһарына аяқ басқаннан бастап бір түрлі жылылық жүрегімізді желпіп тұрды. Бізді жылы шыраймен қарсы алған Абай облысының еңбек мобильділігі орталығының директоры Еркебұлан Тұрсыннан алғашқы сұрағымызға жауап таптық.

– Былтыр 188 отбасы, яғни 530 адам Абай облысына көшіп келді. Оның ішінде 310 қоныс аударушы, 220 қандас. Бұл ретте Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан және Алматы, Жетісу, Қызылорда, Жамбыл, Түркістан, Маңғыстау облыстарынан келгендерден бөлек, ҚХР, Моңғолия, Түрікменстан, Өзбекстан және Ресейден тарихи атамекеніне оралған қандастар да бар. Мемлекеттік қолдау шаралары аясында 503 адамға көшу шығыстарын өтеу үшін бір реттік материалдық көмек көрсетіліп, 152 отбасының тұрғын үй жалдау және коммуналдық шығындары өтелді. 112 отбасына тұрғын үй сатып алуға экономикалық ұтқырлық сертификаты берілді, – деді ол.

Дегенмен, туып-өскен, бауыр басқан жерден тағы бір өңірге қоныс аударып, жаңа өмір бастау оңай емес. Бастапқыда қиындықтар болуы мүмкін, бірақ мемлекеттен берілген қолдау шаралары жаңа ортаға тез бейімделуге көмектеседі. Бағдарлама шын мәнінде қоныс аударушылар үшін үлкен мүмкіндік. Мемлекеттік қолдау болмаса жаңа жерге келіп, бірден жұмыс тауып, үй алу қиындық туғызар еді. Осындай мүмкіндікке ие болғанның бірі Жарма ауданының Әуезов кентіне қоныстанған Панфилов ауданына көшіп барған жерлесіміз Мұхтар Айтуғанов:



Қажет АНДАС,
«Jetisý»

– Қашанда жігіттің бағын ашатын да, сағын сындыратын да – баспана. Отау құрып, шаңырақ көтерген соң жалдамалы үйде тұрып, біраз қиналдық. Баспана алуға, салуға жеткілікті қаражатымыз болмады. Берекеміз қашты. Оның үстіне балалар есейіп келе жатыр. Қашанғы үй жалдап, көшіп-қонып жүреміз. Қоныс аудару бағдарламасы туралы естіп, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткіземіз деп шештік. Жаңа орта, жаңа жұмыс, жақсы өмір сүру үшін үлкен қадам жасадық. Міне, екі жыл болды. Көшіп келген соң материалдық көмек берілді. Сонымен қатар, баспана алуға да жәрдемдесті. Тұрғын үй сатып алуға экономикалық ұтқырлық сертификатын алып баспана алдық. Мұндай қолдау шаралары жаңа ортаға тез бейімделуге үлкен мүмкіндік береді. Жұмысқа орналасу мәселесі де шешімін тауып, отбасымызбен жаңа өмір бастауға жағдай жасалды. Бәрі керемет болды десем артық болар, қиындықтар да кездесті, – деп күлді Мұхтар Нұрхожаұлы.

Мұхтар Айтуғанов «Ауылшаруашылығы өндірісінің шебері» мамандығын бітірген. Зайыбы Гүлназ Мұқашова бала күтімінде. Отбасымен бірге көшіп барған Іңкәр 7, Әмина 5, Аяла 3-сыныпта оқиды. Әуезов кентінде туған тізгін ұстар Әлмұхамед үйде. Қысқасы, отбасының жылдар бойы аңсаған арманы орындалып жатқанына да қуанышты.

Бір айта кетерлігі, Абай облысында халық саны аз шоғырланған ауылдарға көшіп келгендерге жергілікті кәсіпкерлер, ұжымдар тарапынан мемлекеттік бағдарламадан тыс азаматтық қолдау көрсетіледі. Бұл үрдіс Жарма ауданында жақсы жолға қойылыпты.

– Жетісу облысы, Талдықорған қаласынан былтыр қыркүйек айында көшіп келген 1 отбасына (8 адамға) халық саны аз шоғырланған Қапанбұлақ ауылдық округі Егінбұлақ ауылының С. Әлімбетов атындағы негізгі мектебінің ұжымынан, ауыл тұрғындары тарапынан уақытша тұрғын үй, 2 ірі қара, 10 бас ұсақ мал берілді. Қыркүйек айында Аршалы ауылдық округі, Жарықтас ауылына көшіп келген 1 отбасы 2 адамға жеке кәсіпкер «Кирюши» тарапынан 2 тонна көмір түсіріп берді. Жарық ауылдық округі, Малай ауылына қараша айында көшіп келген 1 отбасы 8 адамға Малай ауылының тұрғындары тарапынан уақытша тұрғын үй, 2 тонна көмір, ағаш, азық түлікпен көмек көрсетілді, – дейді Жарма аудандық «Мансап» орталығының директоры Қайрат Садықов.

Биыл Жарма ауданы ерікті қоныс аударушылардан 28, қандастардан 25 адамға көшіру квотасын бекітіпті. Қазіргі таңда Жетісу облысынан үш отбасы көшуге ниет танытқан. Олармен де кездесіп, көш көлікті болсын айттық. Егер құжаттары комиссияның сараптамасынан өтсе, жармалық жерлестердің қатары көбейе түспек.

Абай облысында ерікті қоныс аударғандардың ішінде әр саланың мамандары бар. Тіпті олардың қатарында Абай туған аймақтың өнер, мәдениет саласында еңбек етіп, руханияттың дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды кездестірдік. Біз келе жатыр дегенді естіген Абай аудандық «Мансап» орталығының директоры Нұрбек Серікбекұлы Қаратал ауданының Бастөбе ауылынан көшіп барған Балтабек Какимовтың жетістіктерін таныстырып, сұхбаттасып қайтуымызды өтінді. Біз Балтабек Қайырбекұлымен Абай ауданының орталығы Қарауыл кентінде жолықтық.

– Осы жаққа көшіп келсем деген ой біраз жылдан бері көкейімнен кетпей жүрді. Өткен жылы арнайы Абай ауданына келіп, «Мансап» орталығындағы мамандармен кездесіп, өзімнің жоспарымды айттым. Олар бірден қолдау танытып, көшіп келгеннен кейінгі көрсетілетін көмек, мүмкіндіктерді түсіндірді. Ол кезде мен Қаратал ауданының Бастөбе ауылындағы колледжде жұмыс істейтінмін. Зайыбым Айнұр Түсіпқан бастауыш сынып мұғалімі еді. Көшіп келген соң мені Құндызды ауылдық Мәдениет үйіне, зайыбымды мектепке мұғалімдікке орналастырды. Мемлекеттік қолдаудың көмегімен үй сатып алдық, балалар мектепке, балабақшаға орналасты. Бүгінде ауылдың мәдениетіне үлес қосып, балаларды өнерге баулып жүрмін, – дейді Балтабек Қайырбекұлы.

Аудан орталығынан 60 шақырым жердегі Құндызды ауылынан Балтабек Қарауыл кентіне өнерге баулып жүрген шәкірттерін байқауға қатыстыруға келіпті. Шәкірттері жүлдегер болып, желпініп тұрғанда кездесіп, қуанышымен бөлісіп, көңілденіп қалдық. «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген осы шығар.

Жалпы 10 аудан, 2 қаланы қамтып жатқан Абай облысының барлық елді мекенінде жерлестеріміз тұрып жатыр. Оның бәрімен кездесіп, сұхбаттасуға, қал-жағдайын білуге, біріншіден, уақыт тапшылығы, екіншіден, қысқы күнгі ауа райының қолайсыздығы мүмкіндік бермеді. Кейбір елді мекендерге жол жабық болғандықтан жете алмадық. Сондықтан облыс орталығынан алыс орналасқан Мақаншы, Үржар, Көкпекті, Ақсуат, тағы басқа аудандарда қоныстанған жерлестерімізбен телефон арқылы хабарластық. Бәрінің көңіл күйі көтеріңкі, бағдарламаның мүмкіндігіне, мемлекеттік қолдау арнасына дән риза. Мақаланың көлемі шектеулі болғандықтан кездесіп, сұхбаттасқан ағайындардың пікірін толық көрсете алмадық. Бірақ сапар барысында облыстық, аудандық басылымдарға бас сұғып, Абай облысының басты ақпарат алаңы болып саналатын «018.kz – ABAI AQPARAT» ұжымының мүмкіндігін көріп, «Қазақстан-Семей» телеарнасының «Елге сәлем» бағдарламасына сұхбат беріп, сапар барысындағы сезінгенімізді айттық. Сондай-ақ, абайлық әріптестерімізден көшіп барған жетісулықтардың ой-пайымы мен жетістіктерін БАҚ арқылы насихаттап тұруын өтіндік. Ол өнімдерді «Jetisý» газеті арқылы жерлестерімізге жеткізіп, ортақ істің нәтижелі жалғасуына сеп болатынымызды білдірдік. Сапар барысында Абайдың Жидебайдағы мұражай үйі, Семей қаласындағы Абай Құнанбаев мемориалды мұражайын араладық. «Абай-Шәкәрім» мемориалды кешені, Еңлік-Кебек кесенесіне тәу етіп, Күшікбай батыр бұлағынан дәм таттық.

Абай облысындағы іссапарымызда біраз дүниені көңілге түйіп қайттық. Ең алдымен, руханияттың бесігі саналатын мекендегі тұрғындардың қонақжайлылығы мен алыстан келген ағайынға жасалатын құрметін сезіндік. Сонымен қатар, Абай облыстық еңбек мобильділігі орталығы мен аудандардағы «Мансап» орталығында ыңғай таудың тасындай іріктелген, өз жұмысына шынайы берілген, біліктілігі жоғары, ізеті мен құрметі өңінен есіп тұратын қыз-жігіттердің жұмыс істейтінін көрдік. Демек, Абай еліне көшіп барғандардың жұмысы тез бітіп, көп қиналмай орналасып, бірден сіңісіп кетуінің себебі осында жатыр. Ең бастысы, көрші облысқа көшіп барған ағайындардың жағдайымен жақыннан танысып, бағдарлама аясында жұмыс істейтін мамандармен қарым-қатынас орнатқанымыз болды. Демек, Абай облысына көшуді жоспарлаған жерлестерімізге тәжірибелік те, моральдық та көмек көрсете алатын мүмкіндікке қол жеткізіп қайттық.

**** Керек-дерек***

Естеріңізге сала кетейік, ерікті қоныс аудару аясында қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары ұсынылады:

– Көшуге арналған субсидиялар

отбасының әрбір мүшесіне біржолғы 70 АЕК төленеді (275 240 теңге)

– Тұрғын үй жалдау бойынша шығындарды өтеуге арналған субсидиялар

1 жыл, яғни ай сайын, 12 айдан көп емес, тұрғын үй алғанға дейін құрамында 1 адам бар отбасы үшін – ауылды мекенде 15 АЕК (58 980 теңге), қалада 20 АЕК (78 640 теңге), құрамында 2-4 адамы бар отбасы үшін – ауылды мекенде 18 АЕК (70 776 теңге), қалада 25 АЕК (98 300 теңге), құрамында 5 және одан көп адамы бар отбасылар үшін – ауылды мекенде 21 АЕК (82 572 теңге), қалада 30 АЕК (117 960 теңге) төленеді.

– Тұрғын үй алуға отбасыға 1160 АЕК (4 561 120 теңге) аспайтын тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде көмек көрсетіледі.

– қысқамерзімді кәсіптік оқытуға жолдама;

– жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу;

– экономикалық ұтқырлық сертификаттарын беру.

Бұдан басқа, өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге тұрғын үймен қамтамасыз етілген және кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа қабылданған әрбір қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі.

Биыл Абай облысына «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аудару» бағдарламасы шеңберінде 499 адамға (244 қандас, 255 қоныс аударушы) қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы жоспарланған. Жетісулық жерлестерімізге: «Бұл мүмкіндіктен қағыс қалмаңыз» дегіміз келеді.

Абай облысы

КӨҢІЛДІР ОТЫН



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КӨБІ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Облыс тұрғындарының басым бөлігі көгілдір отынмен қамтылған. Газдандыру Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бүгінде аймақта «Жетісу облысын 2030 жылға дейін кешенді газдандыру» өңірлік кестесін іске асыру жалғасып жатыр. Бағдарлама аясында табиғи газға 358 елді мекеннің 192-сін қосу көзделген. Қазіргі таңда 84 елді мекен газдандырылды, бұл жоспарланған көрсеткіштің 58,2%-ын құрайды. Көгілдір отынға 400 мыңнан аса адам қол жеткізді. Бұл 101,8 мың абонент.

Биыл тағы 42 елді мекенді газға қосу жоспарланған. 45 жобаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 7,9 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде 21 жоба 2024 жылдан өтпелі. Қазіргі уақытта біреуінен басқа барлық нысан аяқталды. Қоғалы ауылында 80 шақырым газ құбырының 35-і салынды.

ҚР Энергетика министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 24 жаңа жобаны жүзеге асыруға 3,5 млрд. теңге бағытталған. Өңірде қосымша 18 бағыт бойынша құрылысты бастау жоспарланған. Оған 15,9 млрд. теңге керек. Аталған министрлік бюджетке 25,6 млрд. теңге бөлуге өтінім берген. Бұл сома басталған жобаларды аяқтауға және жаңа жобаларды іске қосуға қажет.

Барлық іс-шара нәтижесінде облысты газдандыру деңгейі 71,4%-ға жетеді. Бұл 126 елді мекенді және аймақтың 500 мыңнан аса тұрғынын табиғи газбен қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді. Негізгі жоспарларға қосымша қолданыстағы өңірлік кестеге кірмейтін 22 елді мекен бойынша жобалық ізденістер жалғасуда. Бұл болашақта газ инфрақұрылымын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы, ҚР Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес 2022-2024 жылдар аралығында бүкіл ел бойынша газдандыруға 371,1 млрд. теңге бағытталып, 14 мың шақырымнан аса газ құбыры салынған. Осы кезеңде Қазақстанды газдандыру деңгейі 11-ден 12,6 млн. адамға дейін өскен. Бұл ел халқының 62,4%-ын құрайды.

СЕМИНАР

ӨЛКЕТАНУДАҒЫ тарих пәнінің маңызы

Сарқан ауданының Аманбөктер ауылындағы әдістемелік орталығы мен Аманбөктер негізгі орта мектебінің ұйымдастыруымен «Өлкетану аясында тарих пәнін оқыту ерекшеліктері» атты облыстық семинар өтті. Облыстық тарихи мұраларды қорғау орталығы мен «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігі атсалысқан шараға облыс мектептерінде тарих және география пәнінің мұғалімдері, тарихшылар мен өлкетанушылар қатысып, тың ойларын ортаға салды.

Қажет АНДАС

Жалпы, семинар аудан мектептерінің «Саялы Сарқан ауданы» атты аудан тарихын таныстыруға арналған көрмемен ашылды. Көрмеге Аманбөктер ауылы аумағындағы таңбалы тастар, орта ғасырлық Қойлық қаласына, Черкасск қорғанысына қатысты жәдігерлер, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұқан Төлебаев, Кәкімжан Қазыбаев еңбектері, мектеп оқушыларының қолөнері, ауылдың дәмі, тағы да басқа жәдігерлер қойылыпты. Оны дайындаған мектеп ұжымдарының өкілдері көпшілікке таныстырып шықты.

Осыдан кейін мектептің жиынжайына жиналған көпшілік арнайы шақырылған тарихшылар мен өлкетанушылардың баяндамасын тыңдады. Жалпы, өлкетану пәнінің жас ұрпақтың елжандылығы мен туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырудағы маңызы облыстық «Jetisý» газетінде жиі қаузалатын тақырып. Сондықтан семинар аясында басылымның осы бағыттағы дұрыс ұстанымын көпшілікке жеткізуге тырыстық. Сондай-ақ, басқа қонақтар да өлкетану аясында тарих пәнін оқытудың маңыздылығы мен қажеттілігіне тоқталды.

– Тарих және география пәнін өлкетану аясында оқытудың тиімділігі мол. Облыстық әдістемелік орталық сәуір айында дәл осындай шараны Панфилов ауданында өткізген едік. Бүгін Сарқан ауданында өтіп жатыр. Демалыс аяқталған соң облыстың басқа аудандарында өткізуді жоспарлап жүрміз, – дейді облыстық әдістемелік орталығының әдіскері Әсел Асқарқызы.

Семинар тек теориялық бағытпен, мамандардың баяндамасымен шектеліп қалған жоқ. Арасында Сарқан ауданы Алмалы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Рүстем Бейсенбекұлы «Тарихи ескерткіштердің ұлттық құндылықты дәріптеудегі рөлінің маңыздылығы», М. Жұмабаев орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Дана Жанатқызы «Жасанды интеллект мүмкіндіктері: Тарих сабағында оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді.

Семинардың күн тәртібі бойынша Аманбөктер ауылының маңындағы тарихи орындар мен таңбалы тастар және балбал тастарға саяхат ұйымдастырылды. Өлкетанушылар сол маңдағы таңбалы тастарды суретке түсірді.

– Жаңадан анықталған таңбалы тастарды мемлекеттік тізімге алу жұмысын қарастырамыз, – дейді облыстық тарихи мұраны қорғау орталығының басшысы Ғалымжан Оспанов.

Шараның соңы Сарқан қаласындағы «Жоңғар – Алатау» ұлттық паркінің мұражайындағы жәдігерлермен танысумен түйінделді.

Сарқан ауданы



БРИФИНГ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» грантына өтініштер қабылданады

Облыстық қоғамдық даму басқармасы жұмыссыздық деңгейін төмендету және ауылшаруашылығы саласындағы жобаларды іске асыруға қолдау көрсету мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына өтініштер қабылдауды бастады. Осыған орай Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде облыстық қоғамдық даму басқармасының бас маманы Жанерке Бексейітова мен «Жетісу жастары» мемлекеттік коммуналдық басқармасының директоры Шәміл Ванкеев баспасөз мәслихатын өткізді.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жанерке Бейбітқызының айтуынша, құжаттарды облыста тұратын, 18-34 жас аралығындағы жұмыссыз жастар тапсыра алады. Құжат қабылдау 15 шілдеге дейін жүргізіледі. Жобалар 6 бағыт бойынша ұсынылады. Гранттар облыс тұрғындарына жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін конкурстық негізде беріледі. Қаржы ірі қара, ұсақ мал, құс, ара, балық өсіру және оларға қатысты қосалқы шаруашылықтар жүргізушілерге ұсынылады. Өсімдік шаруашылығы – жылыжайда қияр, қызанақ, бұрыш өсіруге конкурс бойынша беріледі. Конкурсқа бидай, арпа, жүгері, күнбағыс, соя, қант қызылшасы, пияз, картоп өсірумен шұғылданушылар де қатыса алады. Жанерке: «Сүт өнімдерін өңдеушілер де конкурсқа қатысып, грантқа ие бола алады. Сүзбе және басқа да сүт тағамдарын өндірушілер, сондай-ақ, ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеушілер өтінім бере алады. Бұған көкөніс, жеміс-жидек, ет, балық, сүт, дәнді дақылдарды консервілеу, кептіру, орау және басқа да өңдеу түрлері жатады. Қолөнер және шағын өндіріс жүргізуге грант ұсынылады. Бұған ұлттық және заманауи қолөнер бұйымдарын (тоқыма, ағаш, металл, тері, зергерлік заттар жасау және сату) өндіру жатады. Агро және экотуризм – ауылдық демалыс нысандарын ұйымдастыру, фермерлік экскурсиялар, ауылшаруашылық өнімдерін ұсыну және туризммен байланысты басқа да қызмет түрлері гранттық негізде қаржыландырылады», – деп атап өтті.

Шәміл Дүйсенғазыұлының айтуынша, әрбір жеңімпазға 3 000 000 (үш миллион) теңге көлемінде грант беріледі. Жоба таныстырылымы слайд түрінде, шығыстар сметасының жобасы, зияткерлік меншік нысандар туралы мәлімет, жеке куәліктің көшірмесі, мансап орталығынан жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама, зейнетақы қорынан соңғы 6 айға арналған аудырымдар туралы анықтама, білімі туралы құжаттың көшірмесі (аттестат, диплом – қажет болған жағдайда тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат тапсыру керек).

Баспасөз мәслихатынан кейін журналистер құжаттар реттеуде қиыншылық тудырылмаса, конкурс талапқа сай өткізілсе деген ой айтты.

Жетісу облысы Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 16 сәуірдегі қорытындысы негізінде Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жетісу облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне келесі атаулар берілсін:

«Береке» тұрғын үй алабы бойынша:

– №4 атауы жоқ жаңа көшені– Әріпбай Алыбаев көшесі;
– №5 атауы жоқ жаңа көшені – Жүсіп Әбдрахманов көшесі;
– №9 атауы жоқ көшені – Көлсай көшесі;
– №10 атауы жоқ жаңа көшені – Ақши көшесі;
– №11 атауы жоқ жаңа көшені – Қызғалдақ көшесі;
– №13 атауы жоқ жаңа көшені – Бурабай көшесі;
– №17 атауы жоқ жаңа көшені – Аманбөктер көшесі;
– №18 атауы жоқ жаңа көшені – Зеренді көшесі;
– №19 атауы жоқ жаңа көшені – Жетібай көшесі;
– №20 атауы жоқ жаңа көшені – Жиренкөл көшесі.

Талдықорған қаласының оңтүстік-батысында орналасқан:

– №3 атауы жоқ жаңа көшені – Көктен Қоңырбайұлы көшесі;
– №21 атауы жоқ жаңа көшені – Жұматай Жақыпбаев көшесі;
– №22 атауы жоқ жаңа көшені – Көкжиде көшесі;
– №24 атауы жоқ жаңа көшені – Алтынқорған көшесі;
– №25 атауы жоқ жаңа көшесі – Көктас көшесі деп аталсын.

2. Осы бірлескен Жетісу облысы әкімдігі қаулысының және Жетісу облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Жетісу облысы әкімдігінің қаулысы мен Жетісу облыстық мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетісу облысының әкімі _____ **Б. ИСАБАЕВ**

Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы _____ **Г. ТОЙЛЫБАЕВА**

2025 жылғы 25 маусымда сағат 11.00-де: ҚР, Алматы облысы, Үйғыр ауданы, Бахар а.о., Шырын а., А. Байтұрсынов к-сі, 8. «Бахус-Ширин» ЖШС жұмыс істеп тұрған бастапқы шарап жасау зауыты үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі және «Эмиссиялар нормативтері» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастамашы: «Бахус-Ширин» ЖШС БСН 970 840 003 767, телефон: +7(771)-488-94-88, электрондық мекен-жайы: 87714889488@mail.ru Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭКО және Ко» ЖШС, БСН 061240005922, телефоны: 8(727) 278-01-79, электрондық мекенжайы: klg_55_007@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, телефоны: 8(708) 761-97-86, электрондық мекенжайы: Ecoalmobl@mail.ru. Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған https://ndbecology.gov.kz.

Интернеттегі байланыс сілтемесі. ZOOM бойынша https://us04web.zoom.us/j/76757302366?pwd=hmwgNv9r8pMOATyDvKrGzoDteZxpSy.1

Конференция идентификаторы: 767 5730 2366 Кіру коды: 9XGKw2

---

25 июня 2025 года в 11.00 ч. по адресу: РК, Алматинская обл., Уйгурский район, Бахарский с.о., с. Шырын, ул. А. Байтурсынова 8. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу «Охрана окружающей среды» и проекту «Нормативов эмиссий », разработанному для действующего завода первичного виноделия ТОО «Бахус-Ширин». Инициатор: ТОО «Бахус-Ширин» БИН 970 840 003 767, телефон: +7 (771)-488-94-88, электронный адрес: 87714889488@mail.ru

Разработчик проектной документации: ТОО «ЭКО и Ко», БИН 061240005922, телефон: 8 (727)278-01-79, электронный адрес: klg_55_007@mail.ru.

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, телефон: 8 (708) 761-97-86, электронный адрес: Ecoalmobl@mail.ru.

Для предоставления замечаний и предложений документация по проекту размещена на Едином экологическом портале https://ndbecology.gov.kz.

Ссылка на онлайн подключение.

По ZOOM https://us04web.zoom.us/j/76757302366?pwd=hmwgNv9r8pMOATyDvKrGzoDteZxpSy.1

Идентификатор конференции: 767 5730 2366

Код доступа: 9XGKw2

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ЕЖЕГОДНОГО ГОДОВОГО ОТЧЕТА

В соответствии с требованиями п. 9. ст. 25 Закона РК «О естественных монополиях», ТОО «КараталТранзит» оповещает о проведении 12 июня 2025 года в 10.00 часов ежегодного отчета о деятельности предприятия за полугодие 2025 года, по виду предоставляемой регулируемой услуге «Передача и распределение электрической энергии». На территории ТОО «КараталТранзит», по адресу: г. Талдыкорган, ул. Медеу, строение 7 - действует пропускной режим, в связи с этим будет предварительно формироваться список слушателей, срок которого истекает в 10.00 часов 11 июня 2025 года.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Қазақ халқының тарихында елдің еңсесін көтеріп, ұлттың болашағы үшін күрескен қайраткерлер аз емес. Солардың ішінде есімі ерекше аталатын тұлға – алғашқы кәсіби қазақ инженері, мемлекет және қоғам қайраткері Мұхамеджан Тынышбаев. Оның еңбегі тек инженерлік салада ғана емес, ұлттық саясат пен ғылымда да айрықша із қалдырды. Қазақтың тұңғыш инженері, мемлекет және қоғам қайраткері Мұхамеджан Тынышбаев есімі ел тарихында ерекше орынға ие. «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құруға атсалысқан ол ғалым ретінде қазақ тарихы мен шежіресін зерттеп, ұлттық ғылымға зор үлес қосты. Оның өмір жолы – ғылым мен саясатты, ұлтқа қызмет етуді тоғыстырған тағылымды тағдыр.

ТЫНЫШБАЕВ ТУҒАН ЖЕР



2017 жылы мектепке Алаш қайраткері, ағартушы, тарихшы, тұңғыш қазақ теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың есімі берілді. Мектеп – ғасырлық тарихын жалғастырып, сапалы білім мен тәрбие беріп келе жатқан іргелі оқу орны.

Қажет АНДАС

ҒАЛЫМ МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАУ

Мұхамеджан Тынышбаев есімі елімізде белгілі деңгейде ұлықталып келеді. Алматыдағы көлік және коммуникация академиясы мен Талдықорғанда тарихи-өлкетану музейі де тұлғаның атымен аталады. Мерейтойлық даталарда ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, кітаптар мен мақалалар жарық көрді. Соған қарамастан кең көлемдегі насихат әлі де жеткіліксіз. Тынышбаев туралы толыққанды деректі және көркем фильмдер аз, мектеп пен жоғары оқу орындары бағдарламаларында еңбегі жан-жақты қамтылмайды. Жастар арасында да есімі кең танымал емес.

Бүгінгі күні Тынышбаевты өз деңгейінде насихаттау – тек өткенге тағзым емес, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық рухты дарытудың бір жолы. Сондықтан оның еңбегін жаңа бағытта дәріптеу – киноөндіріс, білім беру, мәдени жобаларда жүзеге асуы тиіс. Сол қазынаның қадіріне жетпей жүргеніміз қынжылтады.

ҚАЙ ЖЫЛАНДЫ?

Мұхамеджан Тынышбаевтың туған жері туралы әралуан пікір бар. Wikipedia-ның қазақшасында: «Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы – Садыр болысында, қазіргі Жыланды ауылында дүниеге келген» десе, e-History порталында: «Ол Жыланды тауының баурайында Әлдекеұлы Тынышбайдың отбасында дүниеге келген» деп көрсетіледі. Басқа әдеби және дереккөздер де Мақаншы – Садыр болысында туғанын растайды. Түптеп келгенде Мұхамеджан Тынышбаев Сарқан ауданының Черкасск ауылдық округіне қарасты Ешкіөлмес тауының баурайында, қазіргі Қарғалы ауылының аумағында дүниеге келген. Мұны тәптіштеп отыруымыздың себебі – кезінде Тынышбаевтың туған жері туралы біраз пікірталас орын алды. Кейбір азаматтар Алакөл ауданының Лепсі ауылына ғалымның еңселі ескерткішін тұрғызбақшы болып та көрді. Кейін ақсақалдар мен көнекөз қариялардың дәлелі бойынша ғалымның туған жері нақтыланды.

– Ежелден қазақ баласына қорған болған өңірді XX ғасырдың басында ақтар да, қызылдар да жынойнаққа айналдырды. Қазақ баласының басына талай зобалаң әкелді. Сол қатарда Мұхамеджанның әкесі Тынышбай да жазықсыз өлім құшты. Әсіресе, Алматыдан Тарбағатайға дейінгі қазақ ауылдарының басына қара бұлт үйірген Мамонтовтың жасақтары бір реткі жорық жолында осы сайдың аузында намаз оқып отырған жерінде Тынышбайды қылышпен кескілеп өлтіреді. Содан бері бұл сай Тынышбай сайы атанады. Кезінде осы жерде 30-ға тарта отбасы қоныстанып еді. Қазір жалғыз шаруа қожалығы ғана қалды. Ешкіөлмес тауының бұл беті жазда шұрайлы болғанымен қыста қары қалың, шаруаға қолайсыз келетіндіктен көктем шыға ел Ешкіөлмес тауының жалпақ жартасты арғы бетіне көшіп барып, малын төлдетеді. Көктем шыға іннен шыққан жыландар жартастардың бетіне шығып, шуақтап жататындықтан жұрт «Жыланды» атап кеткен. Мұхамеджан, міне, осы жерде көктем шыға дүниеге келген. Кейінгілердің жаңылып, Жыландыда туған деп жүргені осы, – дейді Черкасск ауылының бұрынғы әкімі, зейнеткер Төлеухан Битембинов.

Ешкіөлмес ұзындығы 22 шақырымға созылып жатқан тау жотасы. Оның қия беткейлері, асқар шыңдары, жазиралы даласы ауылдың айналасына ерекше көрік беріп тұр. Тау баурайына орналасқан бұл ауыл табиғатының көркемдігімен ғана емес, тарихи-мәдени құндылығымен де ерекше. Ешкіөлмес тауының баурайы жаз айларында жайқалған жайлау, қыста қарлы шыңдарымен көз тартады. Бұл өңір мал шаруашылығына қолайлы, сонымен бірге этнотуризмді дамытуға зор мүмкіндік бар. Тарихи деректерге сүйенсек, Ешкіөлмес жотасында қола дәуірінен қалған жартас суреттері, археологиялық ескерткіштер көптеп кездеседі.

Қарғалы ауылы аудан орталығы Сарқан қаласынан шамамен 50 шақырым қашықтықта орналасқан. Кеңес заманында іргелі елді мекен саналған ауылдың тұрғындары уақыт өте азая бастады. Табиғаты сұлу ауыл маңы мәдени-тарихи мұраға да бай. Халық санының азайып бара жатқанына қарамастан ауылдың мәдени келбеті, табиғи сұлулығы, тарихи маңызы сақталып отыр.

Бұл жерде Мұхамеджан Тынышбаев атындағы орта мектеп жұмыс істейді. Білім ошағы – ауыл балаларының мәдени әрі рухани орталығы. Қазақтың тұңғыш инженері, Алаш арысы Мұхамеджан Тынышбаев есімімен аталуы – жас ұрпаққа тарихи тұлғаны үлгі ету жолындағы үлкен қадам.

– Қарғалы орта мектебі шамамен 1885 жылы Лепсі уезінің Қарғалы ауылында төрт сыныптық шіркеуприход мектебі ретінде ашылған. Азаматтық соғыстан кейін 7 жылдық мектеп болып, 1947 жылы онжылдық білім ордасына айналды. Соғыс жылдарында мектепті Филипп Криниченко басқарды. 1961 жылы ата-аналар мен ұстаздардың көмегімен жаңа мектеп ғимараты бой көтеріп, 1962 жылы оқушылар жаңа ғимаратта оқуды бастады. 1990 жылы үш қабатты жаңа мектеп салынып, Соколовка ауылының мектебімен біріктірілді. 2017 жылы мектепке Алаш қайраткері, ағартушы, тарихшы, тұңғыш қазақ теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың есімі берілді. Мектеп – ғасырлық тарихын жалғастырып, сапалы білім мен тәрбие беріп келе жатқан іргелі оқу орны. 2024-2025 оқу жылында М. Тынышбаев атындағы Қарғалы орта мектебін 240 оқушы аяқтады. 1-сыныпқа 16 бала қабылданды. 11-сыныпты бітірген 23 түлектің ішінде 2 оқушы «Алтын белгі» иегері атанса, 3 оқушы ерекше үлгідегі аттестатпен бітірді. Оқушылардың білім сапасы жақсы. Олимпиадалық және ғылыми, спорттық жетістіктері де мол. Білім шаңырағын бітірген түлектер үнемі көмектесіп, материалдық қажеттіліктерін толықтап тұрады, – дейді мектеп директоры Айман Амангелдіқызы.

Мектеп қабырғасында ұлттық тарихқа, Алаш қозғалысына қатысты тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, ауылда мешіт, Мәдениет үйі, шағын дүкендер бар. Дегенмен, әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейі қалаға қарағанда баяу. Мұхамеджан Тынышбаев атындағы мектептің ауласында ұлы тұлғаның бюсті бой көтерген.

Осы бюсті дәтке қуат демесеңіз, «Мұхамеджан Тынышбаев осы ауылдың тумасы» екендігін білдіретін басқа бірде-бір белгі жоқ. Демек, қазақтың ел болуы жолында үлкен еңбек еткен, тарихын түгендеуге сеп болған тұлғаның туған жеріне сәулесі түспей тұрғанын осыдан-ақ көруге болады.

ТҰЛҒА АТЫНДАҒЫ ҚОР

Бүгінде ұлт перзентінің мұрасын дәріптеп, жас ұрпаққа үлгі ету мақсатында М. Тынышбаев атындағы қор жұмыс істейді.

Қордың жетекшісі – қайраткердің ұрпағы Нұршакен Жүніскызы. Оның бастамасымен қор құрылғаннан бері, әсіресе 2024 жылы тұлғаның 145 жылдығына орай бірқатар ауқымды іс-шаралар өтті. Атап айтқанда, «Ғасыр жобасы» атты ғылыми-танымдық фильм түсіріліп, тарихшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен конференциялар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ауыл мектептері мен жоғары оқу орындарында таныстырылымдар, тәрбие сағаттары өткізілді.

Талдықорғанда орналасқан М. Тынышбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі де тұлғаның өмірі мен қызметіне қатысты құнды деректерді жинақтап, халыққа ұсынып келеді.

– Ұлт перзентінің 145 жылдығына орай М. Тынышбаев атындағы Қарғалы орта мектебінде ғалымның туған күніне орай спорттық шаралар ұйымдастырылып, конференция өтті. Оған ғалымдар, тарихшының ұрпақтары, зиялы қауым өкілдері қатысты, – дейді мектеп директоры Айман Амангелдіқызы.

P.S. ***М. Тынышбаев қорының басты миссиясы – ұлттың тарихи жадын жаңғыртып, Алаш арыстарының еңбегін кеңінен насихаттау. Бұл – тек өткенге тағзым емес, келер ұрпақтың бойына ұлттық рух пен отансүйгіштік дарытудың бір жолы. Бірақ аталмыш қордың айтулы даталарда шара өткізгені болмаса, алдаспандай өткір азаматтың атын асқақтатып, ұрпаққа өнеге болар игі бастамаларды жүйелі қолға алып, шалғайдағы шағын ауылдың еңсесін көтерер жұмыс істемегені байқалып тұр. Ұлт перзентін ұлықтауға тек ұрпақтары ғана емес, осы өңірде туған әр азамат мүдделі болса, Алаш арысының рухы асқақтап, атасына ұқсағысы келетін буын тәрбиеленіп-ақ шығатын еді. Бір кем дүние...***

Черкасск ауылы,
Сарқан ауданы

ҮЙ АУЛАСЫ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

Облыста инженерлік желілер мен арықтардың, шатырлар мен тозығы жеткен көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жөндеуге 19 млрд. теңге бөлінді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бұл жұмыстар «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында жүзеге асырылуда. Талдықорған қаласындағы 60-шы жылдардың соңында салынған тұрғын үйлер соңғы онжылдықтарда бірде-бір рет күрделі жөндеу көрмеген. Тозығы жеткен бұл үйлер шаһардың дәл ортасында орналасқан. Олардың шатырынан біраз жыл бойы жаңбыр суы өтіп, тұрғындарды әбден әбігерге түсірген.

Осыған байланысты мердігер Асхат Сабазов үй шатырының әбден ескіргенін, құрылысшылар енді олардың бәрін ауыстырып, толық жаңартуға кіріскенін айтты. Биыл қаладағы 39 үй шатырын жаңарту көзделуде. Бүгінде мұндай жұмыстар көпқабатты 17 үйде аяқталыпты.

– Біз тұрған үйге талай жылдан бері жөндеу жүргізілмеген. Қазір бәрі жақсы. Үй төбесінен су өтпейтін болды. Осыдан-ақ жұмыстың сапалы атқарылғаны көрініп тұр. Оған тұрғындар да қуанышты әрі көңіліміз де тыныштанды, – дейді Талдықорған қаласының тұрғыны Майра Тойжанова.

Акция аясында қалада алғаш рет көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттері жаңартыла бастады. Олар боялған, ғимараттарға да жаңа көрініс беріп тұр. Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтың сөзінше, қаладағы 20 үйдің қасбетін жөндеу жоспарда бар. Сонымен бірге 39 ауланы абаттандыру жұмыстары жүргізілмек.

Бұрындары аулалар ағымдағы жөндеуден ғана өтетін еді. Ал былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы аясында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады. Биыл 77 үй шатырын ауыстыру, 33 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін жаңарту, 80-нен аса балалар мен ойын алаңын жөндеу, сондай-ақ, саябақтарды абаттандыру жоспарда бар.

Талдықорған қаласы

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

СЕНБІЛІК СЕРПІН БЕРДІ

Үшарал қаласында жалпықалалық сенбілік өтті. Тазалық апталығына мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау мекемелері, коммуналдық кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлер мен қала тұрғындары белсене қатысты. Қатысушылардың ұйымшылдығының арқасында қаланың барлық аумағында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Сенбілік барысында орталық көшелер, әлеуметтік нысандардың аумақтары, саябақтар мен скверлер, көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары тазартылды. Арнайы техниканың көмегімен жиналған қоқыс шығарылып, құраған шөп шабылды. Сонымен қатар, жасыл аймақтарды абаттандыру, ағаш отырғызу және гүлзарларды ретке келтіру жұмыстары жүргізілді. Қала аумағындағы өзен-көл жағалаулары мен бос жатқан жерлер де тұрмыстық қалдықтардан тазартылды.

«Таза қала – Таза Қазақстан!» ұранымен өткен игі істі қала тұрғындары қуана қабылдап, ортақ іске белсенді қатысты. Сенбіліктің нәтижесінде қаланың санитарлық жағдайы айтарлықтай жақсарып, көшелер мен аулалардың келбеті жаңарды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



Қостанайдағы жерлестер

Әдетте жолға шықсаң көңілінде бір толқу туатыны анық. Ал еліміздің шығысынан терістігіндегі елді мекендерге іссапар жоспарланғаннан алағызу сезімі бірге туындады. Талдықорғаннан шығып, Қостанайға жеткенше 40 сағаттық сапарымда пойыз доңғалағының тарсыл-гүрсіліне «Бармаған жер, араласпаған ел, тілдеспеген орта, қалай қабылдар екен?!» деген сан сауал қосылып, жүрегімді күпті етті. Жетісудың кен өлкесі мен Сарыарқаның сайын даласы көз қарықтырып, алабұртқан бір сезімнің жетегінде қазақтың талай арысы туған Қостанай қаласына да жеттік.



Пойыз стансысынан Қостанай облыстық еңбек мобильділік орталығы директорының орынбасары Ерлан Қайратұлы деген азамат қарсы алды. Көкшетаудың тумасы болғандықтан да көркем мінезді жігіт болып сезілді маған. Астанадан өткен соң Қостанайға жеткенше пойыздағы сапарластарыммен тілімді бұрап сөйлескенімді ұмытып, таза қазақша пікірлесіп кеттік.

Қостанай тарихи ескерткіштерге бай қала екен. Өйткені, қазақ руханиятының көш басында тұратын Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әлжан Байқара, Мыржақып Дулатов, тағы да басқа ұлт зиялылары туған, өскен, еңбек еткен құтты мекен ғой. Сол зиялылық Қостанай қаласы мен елді мекендердегі тарихи ескерткіштерге құрметпен қарайтын ізгіліктерінен сезіледі.

Облыс орталығы мен елді мекендерде бір ғасыр немесе одан да бұрын салынған көпестердің үйлері сол қалпында сақталып, тарихи ескерткіш ретінде мемлекет қорғауына алыныпты. Оның көбінде бүгінде облыс әкімдігіне қарасты мемлекеттік және бюджеттік мекемелер орналасқан. Айталық, XIX ғасырдың соңында іргесі қаланған көпес Воищевтің үйіне Қостанай облыстық ардагерлер үйі, тағы бір көпестің үйіне А. Никифоров атындағы облыстық көркемсурет мектебі, XIX ғасырдың соңында салынған бұрынғы «Халық үйі» ғимаратына облыстық мәдениет басқармасы орналасыпты. XIX ғасырда тұрғызылған көпес Яушевтердің пассажы облыстық тарихи-өлкетану музейіне беріліпті. Айта берсек, бұл тізім ары қарай тізбектеліп кете береді. Бұл үлгі етуге татитын үлкен құндылық. Егер бұл үйлер жекеменшіктің қолында болса бүгінгі жағдайы қалай болар еді?! Есік-терезесі шағылып, кірпіші тасылып, орны омырайып, тағаны ғана қалар ма еді?! Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, үйренуге татитын құндылық. Осыны көргенде Талдықорған қаласы мен аудан, қалалардағы тарихи ғимараттарды сақтауда енжарлық танытқанымызды ойлап, жүрегім ауырды.

Тарихқа осылай терең сүйіспеншілікпен қарайтын қостанайлықтар Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті көші-қонмен Қостанайға көшіп барған азаматтар мен шетелден тарихи Отанына оралған қандастарға да ыстық құшағын ашып, жылы пейілін танытыпты.

Қостанайда мал жаятын, астық егетін жер көп. Өзге елдерден көшіп келіп, адал еңбегінің арқасында берекесін асырып, малдың басын көбейтіп жатқан қандастардың да қатары жыл сайын көбейіп келе жатыр екен. Олар отбасының жағдайын жақсартумен қатар облыс экономикасын еселеп, айналасындағы жерлестеріне де өнеге көрсете бастапты. Оның біразының жұмысымен таныстық. Айталық, Тәжікстаннан Түркістан облысына, одан ерікті қоныс аудару бойынша Қостанай облысының Алтынсарин ауданына көшіп келген Шүкір деген азамат аудандық білім бөлімінде жұмыс істейді. Үйінің қасынан қосымша 1 гектар жер алып, көкөніс-көктат егіп, қосымша табыс көзін тапқандардың санатына қосылған. Қостанай ауданы Константиновка деген ауылға қоныстанған Өзбекстаннан келген ағайындар асыл тұқымды, сүтті ешкілерді өсіруді қолға алып, ірімшіктің түр-түрін нарыққа шығарады. Олар мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грандтқа құжат өткізіпті. Егер қаржы түсіп жатса ауқымды жұмысты қолға аламыз дейді. Өнімдері Қостанайдың базарында ғана емес, күллі Қазақстанда сұранысқа ие болады деген сенімде. Мұндай азаматтардың қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді.

Қостанай облысына көшіп барған жетісулықтардың қатарында бүгінде егістікпен, мал шаруашылығымен, кәсіпкерлікпен айналысқандар жоқ екен. Жалпы 2023-2024 жылдары ерікті қоныс аудару бойынша Жетісу облысынан Қостанай облысының аудан, қалаларына 12 отбасы қоныстаныпты. Олардың бәрі мамандық бойынша жұмысқа орналасып, сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық, білім, мәдениет саласын өркендетуге үлес қосуда. Айталық, Кербұлақ ауданынан көшіп барған Асхат Адамбаев Рудный қаласындағы «Трансремвагон» ЖШС-на, Талдықорған қаласынан көшкен Рамазан Көпжасаров «Рудненское ремонтное депо» ЖШС-на тұрақты жұмысқа тұрыпты. Текеліден көшкен Фарида Абуова Рудный қалалық ауруханасына, Талдықорғаннан көшкен Ұлпан Жүнісова қалалық №2 ауруханаға дәрігер болып орналасып, денсаулық сақтау саласында еңбек етуде. Ал Талдықорғаннан көшкен Дәурен Томатаев Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде, Мирас Құлтанов қалалық №13 орта мектепте ұстаз болып, білім беру саласындағы жетістіктерімен көзге түсе бастапты. Басқалар да мамандық бойынша жұмыс атқаруда. Сол жерлестерімізбен кездесіп, жетісулықтардың сәлемін жеткізіп, қоныс құтты болсын айттық. Бітпей жатқан жұмыстары, орындалмай жатқан армандары жайлы сұрап, ұсыныстілектерін жазып алдық.

Солардың бірі – Текелі қаласынан көшіп барған Ардақ СЕЙІТҚАЛИЕВА:

– 2004 жылы Алматы қаласынан Текеліге келіп қоныстандық. Мектептен соң І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетін бітірдім. Жоғары оқу орнын тамамдаған соң Текелі қалалық №4 орта мектепте мұғалімдік жұмыс атқардым. Жұбайым Қарағандыда жұмыста, екі баламыз бар. Үлкені мектепте оқиды, кіші баламыз биыл 1-сыныпқа барады. Халқымызда: «Жүргенге жөргем ілінеді» деген сөз бар ғой. Бір жерде тұра бергенше мемлекет қолдау танытып жатқанда жас кезде басқа жақтарда жұмыс істеп, біліктілікті арттырғанымыз жөн. Өткен жылы қазан айында көшіп келдік. Қазір мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыны толық алдық. Тұрғын үй алуға тиісті 4,5 млн. теңге сертификаты берілді. Мамыр айында үй сатып аламыз деген ойдамыз. Бүгінде арнайы қамқорлықты қажет ететін балаларды оңалтуға бағытталған мекемеде жұмыс істеймін, – дейді.



Қажет АНДАС
«Jetisý»



Ардақтың арманы – жанына жақын мұғалім мамандығы бойынша жұмысқа орналасу. Өткен жылы күз айында көшіп келгендіктен жұмыс табылмапты. Десе де бізбен бірге жүрген Қостанай облыстық еңбек мобильділік орталығының басшылары Ардақтың арманын орындауға көмек көрсететін болды. Осы мақаланы дайындап жатқанда Ардақпен тағы хабарластық. Ол тұрғын үй алуға қатысты құжат өткізіп, үйдің кілтін күтіп отырғанын жеткізді.

Тағы бір жерлесіміз Әділет ТАЛДЫБАЙҚЫЗЫ өзінің көшу себебін баяндады.

– Көшкенге дейін Текелі қаласындағы №8 мектепте мұғалім болып жұмыс істедім. Мектеп директоры Эльмира Сейдахметқызы жұмыс барысында болсын, кейін Қостанайға көшемін дегеннен кейін де қолдау көрсетті. Талай шәкірттерді тәрбиелеп, көптеген ата-ананың алғысына бөлендім. Осылай көшудегі себебім – үш ұлым бар. Үлкен ұлым Ғалымжан Рудныйда жұмыс істейді. Кенже ұлым Амандық Рудный қаласында электр мамандығы бойынша бітіріп, әскери міндетін өтеп қайтқан соң осында тұруды шешті. Сосын бәріміз әр жақта жүргенше бір жерге жиналайық дедік те көшуге бел будым. Ортаншы ұлым Асылжан Талдықорғанда әскери салада жұмыс істейтін. Ол ұлды да көшіріп алдық. Қазір орналасып, жәрдемақымызды алып, тұрғын үйлі болдық. Бала-шаға, немерелерімнің ортасында өмір сүріп жатырмын. Бірақ тұрғын үй Рудный қаласынан берілді де жұмыс қаладан 50 шақырым шалғайдағы ауылдан табылды, – дейді Әділет Талдыбайқызы.

Әділеттің де: «Рудный қаласындағы мектептердің бірінен жұмыс табылса» деген арманы бар. Өйткені «Бала-шағамызбен бір жерде тұрамыз» деген арманмен келіп, жұмыс үшін 50 шақырым шалғайдағы ауылда пәтер жалдап жалғыз тұру қисынға келмейді. Әділеттің өтінішін де тиісті мекеме басшыларына жеткіздік.

Әділеттің айтуынша, Қостанайдағы мектептерде математика, ағылшын тілі, физика, химия, биология пәндерінен сабақ беретін мұғалімдерге сұраныс көп екен. Сондықтан университетті бітірген жастар біліктілігін арттырып, өз мамандығын меңгермек болса мемлекеттік бағдарламаға қатысып, бағын сынап көруге мүмкіндік бар.

Жетісулық жерлестермен әңгіме барысында ескеруге тиісті біраз дүниені де бағамдадық. Ең алдымен, ерікті қоныс аударушылардың көбі көшуге шешім қабылдап, құжаттарын өткізгеннен кейін бірден тұрғылықты жеріндегі жұмысынан шығып кетеді. Ал тұрғын үй сертификатының мерзімі жарты жыл. Демек, жарты жылда тұрғын үйді сатып алып үлгеру керек. Сөйтіп тұрғын үйді сатып алу мақсатында құжаттарын өткізгенде соңғы жарты жылда зейнетақы төлемі болмағандықтан банк өтінімін қабылдамай тастайды. Қайтадан жұмысқа кіріп, зейнетақы салымы түсе бастағанша жарты жыл уақыт өте шығады да сертификаттың уақыты өтіп, 4,5 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттен төленетін көмек қаражатты ала алмай қалады. Сондықтан ерікті қоныс аударушылар көшіп барған жеріне құжаттарын өткізіп, өтінімі қабылданып, тұрақты жұмысқа тұрғанша тұрғылықты жеріндегі жұмысынан шықпағаны жөн. Бұл жағындағы жеңілдіктер қарастырылғанын айта кеткеніміз жөн. Сонда ғана мемлекеттік бағдарламаның игілігін толық көріп, ары қарайғы тіршілікті реттей алады.

Сосын Қостанай облысында ерікті қоныс аударушылар болсын, қандастар болсын, көпбалалы отбасыларға мүмкіндіктер өте көп. Әсіресе, Қостанай облысының кейбір аудандарында мектеп жасындағы балалар азайып, мектептері жабылу алдында тұрған ауылдар бар. Егер осы ауылдарға көшіп келсе, жергілікті тұрғындар тарапынан бірнеше бас мал, оның екі жыл бойғы жемшөбі, отын-суы секілді қосымша көмек көрсетіледі. Мысалы, биыл Наурызым ауданының Шиелі ауылына көшіп барған бір қандасымыз мемлекет тарапынан тағайындалған жәрдемақыны алумен қатар, ауылдағылар тегін үй беріп, оны жөндеп, суын кіргізіп, ауласын реттеп, алдына мал салып, егін егетін жеріне дейін құжаттандырып беріпті. Қысқасы, бұл елден бауырмалдық пен жақындықтың белгісі әлі өше қоймаған.

Қостанай облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан алынған ақпаратта 700-ге жуық бос жұмыс орнының ақпараты көрсетілген. Оның ішінде барлық саланың мамандарына сұраныс бар. Ерікті қоныс аударушылар үшін бұл үлкен мүмкіндік. Мұнан бөлек, қостанайлық кәсіпкерлердің де сырттан еңбек күшін әкелу мақсатында жасап жатқан жақсылығы мол.

Фёдоров ауданындағы Камышный ауылдық округінің Камышный Чандак ауылындағы егін және асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын «Тұрар» шаруа қожалығы жұмысшыларына арнап бір көше бойына қаз-қатар жаңа үйлер салып тастапты. Сыртқы көрінісі көз тартатын үйлердің іші заманауи жабдықтармен жабдықталған. Төсек-орын, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ бәрі толық. Жұмысшылардың жалақысы жоғары, науқан кезінде орташа жалақы 1 млн. теңге көлемінде болады. Ал қыстағы айлық сәл азаяды десек те отын-суын, сорпа-қатығын шаруашылық береді. Қосымша егін егіп, мал өсіруге де мүмкіндік мол. Мұндай шаруа қожалықтар аудандарда да бар. Ең төменгі жалақысы 800 мың теңгеден басталады. Айта кетерлігі, осы шаруа қожалықтары егін мен малдың жайын білетін мамандарға зәру. Жоғарыда айтылған төлемдер мен баспана ерікті қоныс аударушыларға берілетін мемлекеттік көмектен тыс шаруа қожалықтары тарапынан жасалған жағдайлар. Яғни, жұмысқа тұрған қоныс аударушылар мемлекеттік бағдарлама аясындағы көмекті толық алады.



Түйіні:

Қостанай облысында биыл 283,4 млрд. теңгеге 7 жобаны іске қосу және «озық технологиялар және сыртқы нарықтарға бағдарлану» талаптарына сәйкес келетін 3,4 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда. Олардың ішіндегі ең маңыздысы 1500 жаңа жұмыс орны ашылатын «KIA» автомобиль зауыты мен 1000 жұмыс орны ашылатын ыстық брикеттелген темір зауыты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ақтөбе облысынан Қостанайға дейін тартылатын магистральді газ құбыры елді мекендерді көгілдір отынмен қамтып қана қоймай, инвестициялық жобалардың артуына септігін тигізбек. Десе де, міне, осындай, ауқымды жобаларды жүзеге асыруды көздеп отырған Қостанай облысы биыл 150 қандасты және еңбек күші артық өңірлерден 535 қоныс аударушыны қабылдау квотасын бекітіпті. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 400 адамға аз. Сәуір айына дейін бөлінген квота толығымен игерілір біткен. Ал Қостанайға көшіп жатқан адам көп, көшуді ниет етіп жатқандар да баршылық. Есесіне, Қостанай облысы мен көрші Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарына бірнеше мың квота бөлінген.

Талдықорған – Қостанай – Талдықорған

✓ ОҢТҮСТІКТЕН СОЛТҮСТІК ПЕН ШЫҒЫСҚА

ЖАҢА ҚОНЫС – ЖАҢА СЫНАҚ ПЕН ҮМІТ



Солтүстік Қазақстан облыстық еңбек мобильділік орталығы, қандастар мен қоныс аударушыларды бейімдеу және ықпалдастыру бөлімінің басшысы Гүлқайша Ілиясованың бастауымен Солтүстік Қазақстанның Петропавл қаласындағы, Айыртау, Аққайың, Тайынша, Ақжар, Мамлют аудандарындағы жетісулық қоныс аударушылармен кездесіп, олардың тыныс-тіршілігін бағамдап қайттық.

Қажет АНДАС,
«Jetisý»

Солтүстік Қазақстан облысында бүгінде 500 мыңнан астам адам тұрады. Соңғы жылдары халық санының азаюы байқалады. Дегенмен, іске асып жатқан инвестициялық жобалар мен инфрақұрылымдық өзгерістер облыстың даму әлеуетін арттыруға бағытталған. Олар демографиялық жағдайды жақсарту мен тұрғындардың әлеуметтік бастамаларын қолдау мақсатында ішкі көші-қон бағдарламасы аясында көшіп келетіндерге айрықша назар аударады. Бұл аймаққа көшіп барып, тіршілігін түзеген жетісулықтардың да қатары көбейіп келеді.

Айталық, 2010 жылдан бері орта жасы 30-50 аралығындағы оңтүстікқазақстандық бірнеше отбасы Солтүстік Қазақстан облысының Телжан, Ащыкөл, Алқатерек және Қондыбай елді мекендеріне қоныстанғаны туралы да дерек бар. 2017 жылдан бері іске асырылып келе жатқан «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында Түркістан, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 9120 адам көшіп келген. Былтыр Солтүстік Қазақстан облысына, сондай-ақ, Павлодар, Абай, Ұлытау өңірлеріне ерікті түрде көшіп келген немесе шақырылған 1 595 отбасы үшін жалпы 6 100 квота берілген. Биылғы қаңтар-наурыз айларында Қазақстанда ішкі көші-қонға қатысқан 417 573 адам тіркеліпті. Олар негізінен білім, ғылым, медицина, сервис, техника, өндіріс, мәдениет, ауыл шаруашылығы, телекоммуникация, әлеуметтік қызмет салаларына маман ретінде алынды. Солардың бірі – Айыртау аудандық Мәдениет үйінде жұмыс істейтін Берікбол Дүйсенбайұлы:

– Жетісудың жаймашуақ даласын артқа тастап, солтүстікке қарай жол тарту – біздің отбасымыз үшін оңай шешім болған жоқ. Солтүстік Қазақстан бізді салқын қабағымен қарсы алды. Аязды қысы, қатаң климаты оңтүстіктің күн шуағына үйренген бізге алғашында ауыр тиді. Тағы бір тосын жағдай – тілдік орта. Көпшілік орысша сөйлейді, бізге бейімделу біраз уақытты талап етті. Дегенмен, балаларымыз келіп, ауыл мектебіндегі оқушылар санының артуы көңілге демеу болды. Бұрынғы 20 баланың орнына бүгінде 60-қа жуық шәкірт білім алып жүр. Бұл – біздің келгеніміздің де бір нәтижесі.

Әрине, қиындықсыз іс болмайды. Бізге берілген үйлердің көбі ескірген, жөндеуді қажет етеді. Қоныс аударушылар негізінен осыған шағымданып жүр. Жаңа ортаға бейімделу, тұрмыстың қиындығы талайдың жігерін сынады. Кейбіреулер қайтадан елге қайтып та кетті. Соған қарамастан, Үкімет тарапынан берілген қолдаудың игілігін де көрдік. Жолға қаржылай көмек, жалға алу шығынын жабу, жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар. Бірақ бағдарламаның өзі кейде жүйелі емес көрінеді. Мамандығы сұраныска сай келмегендер бос қалады, ал еңбек күші қажет жерге әрдайым лайықты адамдар келе бермейді. Басында қиналсақ та осында қалуды жөн көрдік. Өйткені ауылға жан бітіру – біздің де, балаларымыздың да болашағы үшін маңызды. Жаңа қоныс – жаңа сынақ, сонымен бірге жаңа үміт. Қазір бәріне үйреніп кеттік, – дейді.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы Солтүстік Қазақстан облысына халықты қоныстандыруда белсене жұмыс атқарып, еңбек ресурстары тапшылығын реттеуге бағытталды. Жалпы Қызылжар аймағында бала тууды ынталандыру, отбасыларды қолдау, көші-қонды тиімді басқару, сондай-ақ, білім мен денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту негізгі бағыт ретінде белгіленген.

Солтүстік Қазақстанға соңғы жылдары Жетісу облысынан да көптеген отбасы қоныс аударуда. 2023 жылы өңірге барлығы 711 отбасы немесе 2460 адам көшіп келді. Оның ішінде Жетісу облысынан 21 отбасы (97 адам) қоныс аударған. 2024 жылы қоныс аударушылар саны шамамен тұрақты деңгейде болды. Барлығы 710 отбасы немесе 2340 адам қоныстанды. Сонымен қатар, 105 отбасы (207 адам) қандас ретінде келді. Биыл 46 отбасы (216 адам) көшіп келген. Биылғы жоспар бойынша, өңірге жұмыс күші артық аймақтардан 2969 адам және 175 қандас қабылданбақ. Жалпы, 2020-2024 жылдар аралығында Жетісу облысынан Солтүстікке 121 отбасы немесе 549 адам қоныс аударды.

Дегенмен, сарапшылар бағдарламаның нәтижелі емес екенін атап көрсетеді. Олар көбінесе қоныс аудару бағдарламасына сай келмейтін топтарды жұмыссыздар, қарызға батқандар деп сипаттайды. Оларға солтүстікте нақты сұраныс болмауы (яғни мамандықтары сәйкес келмеуі), сондай-ақ, климаттық қиындықтар, менталитет айырмашылығы және инфрақұрылымның төмендігі кедергі болады. Сенат спикері Мәулен Әшімбаев та бағдарламаны қайта қарау қажет екенін ұсынған.

Қысқасы, Солтүстік Қазақстан облысына оңтүстіктен тұрғындарды көшіру үшін жаңжақты қолдау бағдарламалары іске асуда. Қаржылық көмек, тұрғын үй, жұмысқа орналастыру секілді негізгі мәселелер қарастырылған. Дегенмен, бағдарламаның шынайы әсерін арттыру үшін сұраныс пен ұсынысты сәйкестендіру, инфрақұрылымды дамыту және бейімделу жүйесін жетілдіру қажет деген ұсыныстар жиі айтылады.

Қызылжар өңірі – табиғаты сұлу, шұрайлы өлке. Мұндағы кең жазира дала мен қалың орман-тоғайдың сұлулығы талайдың жүрегін баурап келеді. Көктемде көк майсаға оранған алқап жаз шыға құлпырып, алтын дәнге толады. Жайқалған егін даласы – елдің берекесі, ауылдың несібесі. Ал күзде орман-тоғай сары мен қызылға боялып, көрген жанды тамсандырады. Бұл өңірдің орманы – нағыз қазына. Қарағай мен қайың аралас өскен тоғай таза ауасымен, жанға жайлы тыныштығымен ерекшеленеді. Құс үні мен жапырақ сыбдыры табиғаттың әсем симфониясындай. Солтүстіктің көркі – тек көздің қуанышы ғана емес, елдің ырысы да. Орман-тоғайы, ну даласы – болашақ ұрпаққа аманат, табиғат сыйы.

Солтүстік Қазақстанның тұмса табиғатын сөз еткенде алдымен Имантау мен Шалқар көлдері ойға оралады. Тау мен тоғайды баурай жайғасқан бұл өңір табиғаттың нағыз інжу-маржаны. Осы жолы Айыртау аудандық мансап орталығының директоры Руслан Қожахимовтың бастауымен Имантау – Шалқар демалыс аймағына барып, ондағы жетісулықтармен кездесіп қайттық.

– Жаз шыға көлдің айдыны айнадай жарқырап, саялы орманға саяхатшылар толығады. Қарағай мен қайың аралас өскен тоғай жаңға тыныс, денсаулыққа шипа. Құстың сайраған үні, самал желдің сыбдыры табиғаттың әсем әуеніндей. Көл жағасында жайқалған жасыл шалғын, қып-қызыл қоңызгүлдер мен сарғалдақтар өңірдің сұлулығын одан әрі айшықтай түседі. Қыста ақ көрпесін жамылған тау бөктері шаңғы тебушілер мен қыдырушыларға ерекше көңілкүй сыйлайды. Имантау – Шалқар тек табиғатымен ғана емес, тарихымен де қымбат, – дейді туған жерінің табиғатын ерекше мақтан еткен жолбастаушымыз Руслан Сайлауұлы.

Имантау – Шалқар курорттық аймағы – ауданның басты қазынасы екені белгілі. Қазір мұнда 40-тан астам демалыс орны жұмыс істеп, бір мезгілде 3 мыңнан астам қонақты қабылдай алады. Өңір тарихқа, киелі жерлерге де бай. Ботай қонысы, Шоқан Уәлиханов мұражайы, Айғаным қонысы, Қарасай мен Ағынтай батырлар мемориалы – ұлттық рухты асқақтататын нысандар. Уақыт тауып Қарасай мен Ағынтай батырдың мемориалды кешеніне тәу еттік. Қысқасы, Айыртау ауданының әлеуеті зор. Таза табиғат, тарихи мұра мен жаңа инфрақұрылым – оның «екінші Бурабайға» айналуына негіз болуда.

Табиғаттың осы бір шұрайлы мекеніне де қоныс аударушылар ірге теуіп, болашақ жоспарларын жүзеге асыра бастапты. Көріп көңіліміз толды. Десе де олардың кейбір ұсыныс-тілегін тыңдап, осы жазбамыз арқылы аудан, облыс басшыларына құлаққағыс еткіміз келеді.

– Біздің Имантау табиғатымен ерекше. Жазда көл жағасы туристерге толып, қыста шаңғымен сырғанап, таза ауамен тыныстаймыз. Бұл жердің шырайы – орман-тоғайы мен мөлдір көлдері. Соңғы жылдары туризм дамып келеді. Жолдар жөнделіп, демалыс орындары көбейді. Жергілікті халық үшін де бұл қуаныш – жұмыс орындары ашылып жатыр. Әрине, әлі де істелетін шаруа көп. Бірақ ең бастысы – туған жерімізді қадірлеп, табиғатын сақтау. Бұл өңірде қазақтың талай арысы ат ізін салған, аңызға айналған оқиғалар өткен. Сондықтан да оны көздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аман жеткізу – бәріміздің ортақ міндетіміз, – дейді Имантау ауылының тұрғыны Бибек Абдыразақ.

Айыртаудағы ағайындармен кездесуден соң Көкшетау бағытымен Тайынша, одан ары Ақжар аудандарына жолға шықтық. Ол жақта да бізді күтіп отырған ағайындар бар екен. Ақжар ауданы – Солтүстік Қазақстан облысының батысында орналасқан, орталығы – Талшық ауылы. Ақжар ауданы шағын болғанымен Солтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосып отырған өңір. Ауыл шаруашылығындағы әлеуеті зор, халқының бірлігі мықты, келешегі нық аудан. Сондықтан болар, мұндағы жетісулықтардың да жағдайы жақсы көрінді. Тіпті, мемлекеттен берілген қайтарымсыз грантпен жеке ісін ашып, жоспарын жетілдіріп жатқандар көп екен. Соның бірі – өткен жылы Талдықорғанның іргесіндегі Көксу ауданынан қоныс аударған Жұбаныш Әнештің отбасы Ақжар ауданының орталығы Талшын кентінен дәмхана ашыпты. Ал жуырда 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз грант алып, тауық өсірмекші.

– Солтүстікке қоныс аударғанда ең үлкен арманымыз – өз кәсібімізді ашу еді. Мемлекеттен грант алып, соның арқасында шағын цехымызды іске қостық. Бұрын ойға алған жоспарларымыз тек арман болып көрінетін. Енді, міне, жүзеге асып отыр. Жаңа істің ашылуы – тек біз үшін ғана емес, ауыл үшін де қуаныш. Жергілікті жастарға жұмыс табылды, ауылға жан бітті. Үкімет берген қолдау бізге үлкен сенім сыйлады. Осындай мүмкіндікке ие болғанымызға ризамыз. Бұл – жаңа өмірдің бастамасы, болашағымызға нық қадам, – дейді Ақжар ауданы, Құлы көл ауылының тұрғыны Жұбаныш Әнеш.

Солтүстік Қазақстанда дәрігер тапшылығы бар екені жасырын емес. Дегенмен, соңғы жылдары қабылданған мемлекеттік бағдарламалар бұл мәселені шешуге бағытталған және олардан бірқатар оң нәтиже бар. Әсіресе, қоныс аударған дәрігерлер мен медбикелерге мемлекет тарапынан тұрғын үй беріледі немесе жалдау ақысы өтеледі. Бұл мамандардың тұрақтап қалуына мүмкіндік береді. Сондай дәрігердің бірін Аққайың аудандық емханасынан кездестірдік. Өзін Данияр Нұрқасымов деп таныстырған жас жігіт, бұл өңірге қоныс аударғанға дейін Асфендияров атындағы Қазақ медициналық университетін бітіріп, біраз жыл Алакөл аудандық емханасында жұмыс істеген.

– Бағдарлама аясында келген медицина қызметкерлері бірден тұрақты жұмысқа орналастырылады. Бұл – жас мамандар үшін сенімді қадам әрі кәсіби дамуға жол ашады. Солтүстікке келген мамандарға үстемеақы мен көтерме жәрдемақы қарастырылған. Бұл – қаржылық ынталандырудың маңызды тетігі. Ауылдық жерлерге дәрігерлердің келуі – халыққа сапалы медициналық қызметтің жақындауы деген сөз. Бұл тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттырып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік дамуына да серпін береді. Бағдарламаның арқасында жас мамандар тәжірибе жинақтап, біліктілігін арттыруға жол табады. Көптеген жас дәрігер бұл мүмкіндікті кәсіби мансаптағы алғашқы қадам ретінде бағалап отыр, – деп ағынан жарылды Данияр Нұрқасымов.







> **Солтүстік Қазақстан облысы – табиғаты сұлу, әлеуеті зор өңір. Соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған. Әрине, қиындықтар да бар: демографиялық ахуал, қоныс аударушылардың бейімделуі, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Бірақ өңірге келген әрбір отбасы ауылға жан бітіріп, мектепке бала әкеліп, жаңа тыныс сыйлап отыр. Солтүстіктің шұрайлы даласы мен орман-тоғайы – болашақ ұрпаққа аманат. Егер мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау мен халықтың ынтасы үйлесім тапса, Солтүстік Қазақстанның ертеңі нұрлы болмақ.**
>
> ***Солтүстік Қазақстан облысы***

● ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ биылғы «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын ыждағатпен тыңдадым. Бұл ел өміріндегі шын мәнінде үлкен бетбұрысқа негіз болар саяси жаңғыруға толы жаңалықтардың жаршысы дер едім.

Жолдау қарапайым халықты көптен толғандырып жүрген маңызды мәселелерге негіз болды. Әсіресе Президенттің жергілікті биліктің қызметін бұрынғыдан да жандандыру бағытында аудан, қала әкімдерін де халықтың қалауымен, яғни сайлаумен бекіту жөніндегі тұжырымдары көкейге қонымды бастама деп білемін.

Президенттің атом электр стансысын салып, шетелдерге электр қуатына байланысты тәуелділіктен құтылу жөніндегі бастамасының да мемлекет экономикасының нығаюына тигізер әсері зор. Отандастарымыз бұл жаңалыққа жатырқап қарамай, береке беретін бастаманы қолдағаны абзал.

Әлемдік саяси кеңістіктегі орын алып отырған қарулы қақтығыстар мен мемлекетаралық дүрдараз мәселелердің еліміздің әлеуметтік, экономикалық даму үрдісіне салқыны тиетіні анық. Дегенмен, қарапайым халық үшін ең бастысы азық-түлік өнімдерінің шамадан тыс қымбаттамауы шарт. Бұл орайда Мемлекет басшысының Жолдауындағы Үкіметке көктемгі егін егу науқанына тыңғылықты дайындалу жөніндегі тапсырмасы маңызды тұжырым.

Біздің елде халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің негіздері баршылық. Ежелден шаруа баққан аграрлы елдің осы мүмкіндіктерінің нәтижелі жұмыс жасауына билік тарапынан шынайы, адал қамқорлық керек.

Рахметолла ТҰРЛЫБАЕВ,
Панфилов ауданының Құрметті азаматы

Жаркент қаласы

● ЕЛ ШЕБІНДЕ

Батырын еске алды

ҚР ҰҚК шегара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Жетісу облыстық филиалының төрағасы, толыстағы полковник Николай Мечетинмен кездесу өтті.

Шарада толыстағы полковник 1994 жылғы қыркүйек айында Тәжік – Ауған шегарасындағы қарулы қақтығыста қаза тапқан Раджан Батырхановтың ерлігі туралы әңгімеледі. Ардагердің айтуынша, мектепті бітіре сала әскер қатарына қабылданған оғлан 19 жаста ғана болыпты. Жастығына қарамай, қарулас достарын аман алып қалу үшін кеудесін оққа төсеп, сол жерде қаза табады. Жас өреннің қайтпас қайсарлығын жоғары бағалаған Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Раджанды I дәрежелі Спитамен орденімен марапаттайды.

Толыстағы полковник батырдың ерлігін айта отырып, шегара сақшыларын өз елінің патриоты болуға шақырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



Жақсылық жасап жарысайық

Жуырда Сарқан қаласының облыстық № 3 арнайы мектеп-интернатында «Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясы өтті. Жоғарыда аталған іс-шара аудан әкімінің қолдауымен әрі білім ордасы басшылығының бастамасымен ұйымдастырылды. Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов, аудандық ардагерлер ұйымының өкілдері, өңірге танымал кәсіпкерлер, мекеме-ұйым басшылары қатысып, шәкірттерге арнайы әзірленген бағалы сыйлықтарын табыстады.

Акция барысында мектептің фойесінде оқушылардың өз қолдарымен әзірленген қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылып, барлық қажетті жағдайлармен жабдықталған сынып бөлмелері қонақтарға таныстырылды. Сонымен қатар мұнтаздай жиналып, дайындалған білімпаздар демалатын төсек-орындар да келушілер назарынан тыс қалмады.

Мектеп-интернат ауласында арнайы дайындалған сахнада кеш жүргізушілері оқушылардың қатысуымен дайындалған концерттік нөмірлерді көрермендер назарына ұсынды. Бастауыш сынып оқушыларынан құрылған «Меруерт» би тобы қызылды-жасыл көйлек киіп, «Гүлдер» биін мың бұрала билесе, мектеп ұстазы Индира Елубаева «Ата-ана үшін ғұмыр бер, Алла» әнін нақышына келтіре шырқады.

Арнайы әзірленген концерттік бағдарламаның соңында мектеп-интернат басшысы Бақытгүл Сәрсембаева осынау қайырымдылық акциясына атсалысып, демеушілік көмек көрсеткен қайырымды жандарға Алғыс хат табыстаса, өңірге танымал бапкер Жандос Хабдулиннің баптауындағы болашақ спорт сайыпқырандары джиу джитсу сайысынан шеберлік сағатын көрсетті.

Өз салалары бойынша жетістікке жетіп, ел алғысына бөленіп жүрген осындай аға-апаларының өздеріне деген қамқорлығын сезініп жүрген мектеп-интернаттың жеткіншектері келешекте ел қамын күйттейтін, қайырымды болуға барынша тырысатын ұлағатты ұрпақ болып ержетері даусыз.

Жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде жанданып, өз жалғасын тауып келеді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Сарқан ауданы

● САРАПТАМА

Қалтасы қалың, қарны тоқ

Сарапшылар Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйене отырып, зерттеу жүргізді.

Белгілі болғандай, биылғы II тоқсанда халықтың ет және ет өнімдерін тұтыну көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,5 пайызға өскен. Мәселен, бір адам тоқсанына 20 келіге жуық осы өнімді пайдаланған. Сонымен бірге жеміс-жидек пен көкөніс, сүт өнімдері және тәттілер бойынша өсім байқалады.

Ал ұн өнімдері мен дәнді дақылдарды тұтынуды азайтқан тұрғындар май мен жұмыртқа жеуді де төмендеткен. Алайда, бұл ел бойынша тұтынудың орташа көрсеткіштері болып саналады. Нақты жағдайды бағалау үшін бай және кедей қазақстандықтардың қалай қоректенетінін салыстырып көрейік.

Мәселен, бір тоқсан ішінде аз қамтылған қазақстандық 10,5 келі немесе күніне 116 грамм ет жейді. Ал байлар тоқсанына 35,7 келі, күніне 396 грамм ет тұтынады. Яғни, мұндағы айырмашылық 3,4 есеге көп. Бай тұрғынның тағамдарына балық пен теңіз өнімдері де молынан кіреді. Дәруменге бай мұндай тағам түрлерін қолдану оларда тоқсанына 6,7 келіні құраса, күніне 73,3 грамм, ал кедейлерде бұл тоқсанына 1,6 келі, күніне 17,7 грамм, айырмашылық 4,2 есеге жоғары. Сүт пен сүт өнімдерін тұтынуда да өзгерістер бар. Егер ауқатты адам орта есеппен тоқсанына 104,8 келі, күніне 1,1 келі сүттен жасалған тағам түрлерін жесе, онда кедей 30,9 келі, күніне 343 грамм ақ өнім тұтынады.

Үш ай ішінде еліміздегі аз қамтылған тұрғын ағзасына 29 жұмыртқа, яғни, күніне жұмыртқаның жартысынан азын бере алды. Ал ауқатты адам тоқсанына 2,8 есе, 82,9 дана, күніне 1 данадан сәл төмен тұқым жеуге мүмкіндігі бар. Көкөністерге келетін болсақ, бұл жерде айырмашылық 2,6 есеге көп. Мәселен, кедей қазақстандық тоқсанына картопты есептемегенде 12,3 келі, байлар тоқсанына 32,9 келі көкөніс жейді. Бай адамдар, сондай-ақ, кедейге қарағанда, жеміс-жидектерді молынан тұтынуға мүмкіндігі жетеді.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

● САРЫБҰЛАҚ АУЫЛЫНА – 80 ЖЫЛ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Бірлікті жерде БЕРЕКЕ БАР

Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылында дүркіреп той өтті. Алыс-жақыннан жиналған қауым, осы ауылда еңбек еткен ардагерлер, ауылдан түлеп ұшып, бүгінде әр салада елеулі еңбек етіп жүрген түлектер, ауыл тұрғындары берекесі мен мерекесі жарасқан шараны бірге атқарды. Алдымен ауыл азаматтарының ауызбіршілігіне алғыс айтуға тиістіміз.

Сарыбұлақ ауылдық округінің іргетасы 1944 жылы «Сарыбұлақ» қой кеңшарының негізінде құрылған. Алғашқы кездегі аумағы 130236 шаршы метрлік кеңшардың 10 ұлт өкілінен тұратын 3027 тұрғыны болған. Кеңшар құрамына Қарағаш, Қазынсу, Сарыбұлақ, Шилісу ауылдары кіріп, Қарағаш ауылы орталығы болған. Асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлініп, ет-сүт өнімін өндіру бағытында жұмыс істеді.

Ауыл ақсақалдарының айтуынша, «Сарыбұлақ» қой кеңшарында 15 мың қой болса, кейін 100 мың тұяқтан асқан мыңғырған малы бар кеңшарға айналды. Мектеп-интернат, клуб, балабақша, монша, алма бағы ауылға сән берді. Мыңнан аса үй, бірнеше мыңдаған тұрғыны болды. Ауыл және мал шаруашылығы жұмыстарына пайдаланылатын 90-нан аса трактор, 100-ден аса машина, 56 комбайн, 22 «К-700», 70 су таситын көлік, тағы басқа техникалар самсап тұратын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау кезеңінде қолда бар мүмкіндік көзден бұлбұл ұшты. Дегенмен, ауыл азаматтарының береке-бірлігі, тынымсыз еңбегі, облыс, аудан басшылығының қолдап-қуаттауының нәтижесінде қазіргі ауылдың тынысы ашылып, тіршілігі түзеліп келеді.

Алғаш кеңшар, кейін асыл тұқымды қой зауыты, тәуелсіздіктен кейін ауылдық округ болып құрылымдалған елді мекеннің тарихында елге сыйлы, жұртқа танымал, осы өңірдің өркендеуі үшін еңбек еткен азаматтар мен азаматшалар көп болды. Тоқырау жылдары ауылдан алыс қалаларға көшіп кеткендер болғанымен олар да бүгін өздері туып, өскен, еңбек еткен ауылының өркендеуі үшін қолдан келер жақсылықтарын жасап жүр. Ал бүгінде осы ауылдың еңсесін тіктеу үшін еңбектеніп жүргендер аз емес. Осы тарихи оқиғалар өлкетанушы-журналист Қажет Андастың «Құт мекенім – Сарыбұлақ» атты өлкетану бағытында жазылған тарихи-танымдық еңбегінде толық көрініс тапқан. Ауыл тойы жаңа кітаптың тұсаукесерімен басталды. Оған Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатов, Әбутәліп Бектеміров бастаған ауыл ақсақалдары мен ақжаулықты апалар, мемлекет және қоғам қайраткері Серік Мұқанов бастаған алыс-жақыннан келген елге еңбегі сіңген, сыйлы азаматтар қатысты.

– Сарыбұлақ ауылы қасиетті бабаларымыздың ізі қалған қасиетті мекен. Табиғаты сырға толы, қойнауы құт мекен талантты тұлғаларды, белгілі азаматтарды өсірді, жетілдірді. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, бүгінде бұл маңда ұлттық өркениеттің жарқын іздері сайрап жатыр. Құрылғанына 80 жыл болған ауылдың іргетасын қалаған, ел қорғаған, қиындыққа мойымай еңбек еткен аға буынның еңбегі бүгінгі жастарға үлгі-өнеге болуға тиісті. Қаймағы бұзылмаған елі бар, бірлігі жарасқан Сарыбұлақ ауылының гүлденер шағы әлі алда. Ауылымыздың бақ пен берекесі артып, жаңарып, жайнай берсін, – деді аудан әкімі.

Осыдан кейін сөз алған ауыл ақсақалы Әбутәліп Бектеміров, Серік Мейірханұлы, тағы да басқа қонақтар осы ауылда еңбек еткен жылдардағы естеліктерімен бөлісіп, бүгінгі буынның өткен мен бүгіннің арасын жалғаған ұлы дүбір той салтанатының жетістікпен аяқталуына тілектестігін білдірді. Той шымылдығы осылай түрілген соң ауыл мерекесінің шаттығын асыруға арнайы шақырылған әнші, күйші, ақын, өнерпаздар айтыс аламанын қыздырып, күмбірлете күй шертіп, әсем әндерін арнап, бұратыла би билеп, жиналған көпшіліктің көңілін көтеріп тастады.

Той-думаны өткен Сарыбұлақ ауылдық округінің орталығы Қарағаш ауылының іргесіндегі алаңқайға қаз-қатар тігілген қазақ үйлер, әсем безендірілген шатырлар, мерекенің айшығын асырған сахна ауыл азаматтарының туған жерге туын тіккен ынтымағының ұйытқысындай көрінді. Айта кетерлігі, ауылдың 1944 жылдан бергі әр жылдардағы түлектері бір-бір киіз үй тігіп, барлық шығындарын ортақ көтеріп, қонақтарды жылы пейілмен қарсы алуға сақадай сай тұрды. Тойға жиналғандар түсте осы үйлерден дәм татып, қазақтың бай дастарқанының куәсі болды.

Айналасы киіз үй, шатырлармен қоршалған алаңда спорттық жарыстар ұйымдастырылып, білегі мен бел күші мықты жігіттер қошқар көтеріп, қазақ күресінен бәсекеге түсті. Талғар ауданынан келген Бауыржан Әбдішайықов қошқар көтеруден жеңімпаз атанды. Ал Қазақша күресте 1-орынды Жоламан ауылынан Бекарыс Садуақас, 2-орынды Сарыбұлақ ауылының спорттық жаттықтырушы Олжас Қойшыман, 3-орынды Сарыөзек ауылынан Санжар Қызайбек иеленіп, жұрт алдында мерейленді.

Спорттық жарыс өтіп жатқан алаңнан қашықтағы жазықта көкпар тарту қызып жатты. Беташар салымды Қоғалы ауылының азаматы Айдос Қайран, «Өгіз өрімді» Шоқан ауылының азаматы Нұржан Сыпатай салып, тартысты бәсекенің көрігін қыздырды. Той аясында тай, құнан, аламан бәйге жүрттың делебесін қоздырды. Тай бәйгеде Қайсар Шымырбаевтың «Айсұлтан» атты тайы бірінші келіп мотоцикл, құнан бәйгеде «Мұзбалақ» атты сәйгүлік басқалардан оқ бойы озып келіп мотоцикл, аламан бәйгеде Марлан Бектенов баптаған, шабандозы Хамза Марланұлы, Марат Ақберлиновтың «Ақтанау» атты сәйгүлігі мәре сызығын бірінші болып кесіп автокөлік ұтып алды.

«Той – елдің қазынасы» деген бар. Бұл тойдың жөні бөлек. Ауылдың өткен тарихы түгенделіп, бүгінгі ұрпақтың берекесі мен бірлігін нығайтып, алдағы жарқын істерге жол салғанымен жұрт есінде қалды.

Қ. ОМАРАҚЫН

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Jetisý» газетіндегі «Шалғай ауыл шырағы» айдарының алғашқы мақаласын Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылына арнағанбыз. Сол кезде басылым арқылы біраз мәселе көтеріліп, аудан әкімі және басқа да тиісті мекемелерге орын алған келеңсіздікті жоюға қатысты хат жолданып, жауап алғанбыз.

● ТҰҒАН ӨЛКЕ – ТҰҢҒАН ТАРИХ

ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНІҢ ЖАҢА ШОҒЫРЫ АНЫҚТАЛДЫ

■ Петроглифтер – қазақ даласындағы өткен ғасырлардан сыр шертетін ең құнды жәдігерлердің бірі. «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің өлкетанушылары жүрт назарына түспеген тағы бір жартас суреттерінің шоғырлары анықталды. Ашутас таулыдағы Сарыбұлақ шатқалы қола, сақ, түркі кезеңінен бастап халық жиі қоныстанған аумақтың бірі. Оны осы аумақтағы ежелгі қоныстар маңындағы бұғы, таутеке, қозғалыстағы жыртқыш аңдар және ат мінген, алауды қоршай билеген, ақ ауалаған адамдар бейнелеген антропоморфты суреттер айғақтайды.





Қажет АНДАС

Сарыбұлақ ауылының айналасы тұнып тұрған жартас суреттеріне бай. Өкініштке қарай, осы тарихи жәдігерлер әлі күнге есепке алынып, еңбектеріне еленген жоқ. Жалпы Сарыбұлақ ауылының маңындағы жартас суреттерін төмендегідей бірнеше топқа топтастыруға болады.

I. Ашутас тауының солтүстік-батыс бөлігіндегі Сарыбұлақ шатқалындағы. Жоңкебайдағы жартас суреттерінің шоғыры.

II. Малайсары тауының солтүстік беткейдегі Тесіктас табиғат ескерткішінің маңындағы қола, сақ, түркі кезеңдерінің бетті тегіс жартастарға қашалған суреттер.

III. Жапаңқұлақ көмсеның аумағындағы шоқылар суреттер.

Бұл мәндағы негізгі жәдігер – жақтар тастар бетіндегі петроглиф. Жартасқа қашап салынған сансыз суреттер галереясы негізінен қола дәуірінде тән. Олар Арқадағы, Малайсары жоталарындағы, Талшокырдағы ірегіндегі Қызылтас, Үйтас, Ескелді ауданына қарасты Ешкіөлмес жартас суреттерімен терең қатынасқы бар. Тағы бір ерекшелігі, жәдігерлер осы өлкеде адамзат мәдениетінің бастау алғандығын да айғақтайды.

Демек, Сарыбұлақ ауылы – байырғы сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі бабалар өркениетінің табы қалған тарихи қоныс. Сарыбұлақ шатқалындағы жартас суреттері Жетісу жартас суреттерінің құрамдас бөлігі және оны басқа жерлерден кездестіре бермейтін жаңа бейнелермен толықтыра түседі. Жаңалық ашқандай сезімдемін. Ал ғылыми қауымдастық бұл жәдігерлерді қалай бағалайды, қандай ғылыми тұжырымдар жасайды, оны уақыт көрсетер. Жартаста қашап салынған суреттердің енді біреулері қазақтың тайпалық-рулық бірлестігін білдіретін айшалдама – таңбалы белгілер. Бұл әрбір қазақ рушының шығу тегін, көршінің туыстық тұрғыларын жақындығын, сондай-ақ, халықтың тарихи жағдайын және шаруашылық жүргізу тәсілін көрсетуге мүмкіндік жасап, туристерді сонда жіберуді еккен.

Ел аумағында ежелгі үнгір суреттерінің қашқа шоғыры бар екені нақты белгісіз. Археологтар 1000-ға жуық орынды сипаттап, тіркеген. Ғалаторда шамамен 3 мың деген жартас суреттерінің жасалған жеке-дара мың бізден заманымызға XV ғасырмен қамтитын көптеген қорғандардың кездестіруге болады.

Жоңкебайдағы суреттер шағын жартас тақталарының оңтүстік және оңтүстік-батыс бетжйлерінде қашап салынған. Суреттердің арасында адамдардың және жануарлардың бейнелері кездеседі. Көпбейнелі үлкен композициялардан ешкі және арқар аулау көрініскерін көруге болады. Бұл суреттер аласа жақтар тастардың бетіне салынған.

Сарыбұлақ жартас суреттерін зерделеу барысында ежелгі суреттішілердің шебер жасағаны арқадың немесе кошқардың басы, мүйізі. Ол зергердің істер (жүзікте, білезікте, мойын алқада, шолпыда) жиі кездеседі. Бұл ежелгі дәстүр қазақ заманына жетіп, «Қошқармүйіз» қазақ өнерінің ұлтық түріне айналды.

Демек, жартас бетіндегі суреттердің мазмұны бірден-бірге байып, оқиғасы кемелденіп отырған. Бұған әуелі ертедегі сызбалар мен кейінгі сызбалардағы айырмашылық дәлел бола алады. Мысалы, алғашқы сызбаларда жалғыз адам немесе ан, тағы басқа да зат бейнеленсе, кейін келе жыртқыш аңдармен болған күрес, табындағы малды қорғау жолындағы ерлік анық көрсетіледі. Сарыбұлақтағы жартас суретінде салақ тартып тұрған адамның бірге жүбелердің үлкен бағытын көрсетеен суреттер өте көп.

Десе де жартас бетіндегі ежелгі стиль біртіндеп құдыраған кезеңнен кейін қазақтың сурет өнерін өзіндік өзгешелігімен тарихқа таңбалап кетті. Жалпы, петроглифтер мұрасы жағынан Қазақстанға тең келер ел жоқ деуге де болады. Оны аялап-сақтау ғана басты міндет. Десек те Сарыбұлақ жартас суреттері орналасқан жерлерден де вандализмнің белгілерін кездестірдік.

Өлкетанушы тәжірибеге сүйенсек, Норвегия, Швеция секілді Скандинавия елдері мемлекеттері әр ескерткішті мемлекет қазынасы деп санап, алтындай қатаң қорғайды екен. Тіпті Франция мемлекетіндегі үнгір ішіндегі осындай петроглифтерді туристік мекеме айналдырып, келушілердің аузынан бөлінген ауаның әсерінен петроглифтерге зақым тиюі мүмкін деп, ескерткіштердің жасалы көшіреісін жасап, туристерді сонда жіберді екен.

Су тапшылығы – өңірдегі күрделі тақырыптың бірі. Кезінде Қарағаш ауылының тау жағында үлкен екі көл болған екен. Ауылға сол көлден құбыр тартылып, ауылдың қалтасқасы өтіп. Ол көл кейін тартылып қалған. Бүгінде ауылдық округке қарасты елді мекен тұрғындары жарасты суын ағытеледі. Ал су сорғыш құрылғыға жұмыс істемей қалғанда ауыл маңынан ағып өтетін жыланшық өзеніндеден су тасып ішеді. Ауылда жұмыс істемей жатыр дегеннен аулақпыз. Тұрғындардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ету үшін қолдан келер шаруының бәрі жасалуда. Келешегіміздегі ретімен шешілін келеді. Десе де, Сарыбұлақ ауылдық округінде жұрты әбден қажағын, шешімін күтіп тұрған мәселе бар.

Күн электрстансысы бар, жарық жоқ

Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Ермұбұлан Жармұхамбетұлының айтуынша, өткен жылы Қарағаш ауылының көшелеріне жарық шамдар орнатысып, жұртшы қуанышын есселеті. Алдағы уақытта Шилісу, Қалысу ауылындағы көшелері жарықтандыру бағытында жоспар жасалып, қаржысы анықталып, құжаты мекемелерге жолданылты. Өкініштке қарай, осындай тыныжсыз еңбекті есепшісті көп-күйбіңдігі Сарыбұлақ ауылындағы жарықсыз отырған жұртшын жанайшалы сезбенеді бастық.

– Міне, 20 жыл болды жарықсыз отырмыз. Интернет деген атымен жоқ. Ауылдағы ағайынмен хабарласу үшін телефонымызды көкке көтеріп алып, төбе-төбені қызырып кетеміз. «Жедел жәрдем» шақырусы ұмытып кетсеңіз, – деп мұң шақты Сарыбұлақ ауылының тұрғыны Аскар Есімбеков.

«30 жыл жарықсыз отырсың» десек артық болмас. «Дәулын басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, жарықсыз қалудың себебі – осы бір құм шетіне орналасқан ауылдан «Жарықпен жарқылайық» деген орынсолық жоспарын кесіп екен. 2012 жылы Сарыбұлақ ауылында, Қазақстанға Корея көмек беру үкіметаралық бағдарлама аясында және «Green Village» халықаралық жоба бойынша, Швед Ұлы Герцогтігінің инвестициясы «DostykEnergo» ЖШС бірігіп, 52 кВт қуатты күн электрстансысын салған.

Дүрілдеп тұрған тұсында 80-нен аса үй болған, бүгінде 10-ға тарта түтін түтетін отырған алаңындай ауылға мұңлай шығынсыз кол, технологы басқарушы құралдағы электрстансының жазатт жоқ екі. Басында ауыл тұрғындары бұл жоспарды құптамай, елді мекеңге Қарағаш ауылынан электр жарығын жеткізіп беруді талап етіпті. Бірақ тұрғындар үзеңге құлақ асар пендеге табылмай, алыс құрылыс бой көтерген. Арқаз бір-екі жыл өткенде ауылды жарықтандырған стансы күйіп кетіп, ақыры ауыл жарықсыз қалады. Тұрғындар өрлі-төмен шапқылап жүріп, 2016 жылы тағы бір мәрте жаңартып алыпты. Алайда екі жылдан кейін стансы мүлде істен шықсан. Қазір ауылдағы-лар жылтылдаған майшамның қалқасында ұзақ сары таңды сабырмен атырлы.

Күн электрстансысы тұрып, жарықсыз жарымай отырғанымыз былайша ұятты іс. Жағдайымызды айтып баспаған табалдырық, аштатып есігімізі қалмады. Бұрындары «Жасымыз, қатырамыз» деген жауап алушы едік. Қазір кейбір мекеме басшылары есігін тарс жауып, кіріпбейтіндей шығарды. Оны қойшы, бізді аңдайдан көрсе, «Жер көрсеткіліе жасырынға қалатын жағдайға жеттік. Діңкеміз құрып, төзіміміз таусылды, қоршалды. Бұл жұмыс әлі де жалғасуда. Ал Қазынсу ауылына газ құбырлары тартылып жатыр. Қысқасы, газетте көтерілген мәселе өз шешімін тауып, жұртқа игілік әкелуде, – дейді ауыл әкімі.

Осылай тың тіршілік басталғалы ауылдың жағдайы жақсарып, жұртты қуантатын жақсы істер көбейіпті. Биыл Қарағаш ауылында мемлекеттік бағдарламамен 10-ға тарта тұрғын үй салынып, оның бесеуі үй кезегінде тұрғандарға берілсе, қалғанының құрылысы жүріп жатқанын көрдік. Келесі жылы да бірнеше үй салу жоспарланған. Бүгінде Қарағаш ауылында бой көтерген дәрігерлік-амбулатория көп өтпей тұрғындардың игілігіне айналмақ.

– Осы ауылда әке-шешем шопан болған. Туғаннан бері осында өстім. Екі қызым бар. Біраз жылдан бері үй кезегінде тұрып келгенмін. Биыл үкіметтің бағдарламасы, аудан басшыларының қолдауымен жаңа үйлер бой көтеріп, соның бірі маған берілді. Баспаналы болғандар қуанып жатырмыз. Жыл соңына дейін салынып жатқан үйлердің құрылысы аяқталса, қуанышымыз еселене түспек, – дейді ауыл тұрғыны Рысжан Тұрсынбекқызы.

Біз ауыл әкімінің бастауымен Әлия Молдағұлова көшесінің бойындағы жаңа үйлерді аралап көрдік. Қаз-қатар тізілген ақ шағаладай үйлер көз тартады. Ауласы кең, құрылысы сапалы, іші ыңғайлы.

Осындай табысты істердің түйінін тарқатқан ауылдың тіршілігін тыныстандырған тағы бір тың дүние бар. Ол ауыл іргесіндегі Малайсары және Желдіқара тау сілемдеріндегі жартас суреттері мен көне обалар. Бұл туралы осы жылдың көктемінде «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің өлкетанушылары зерттеу жұмысын жүргізіп, нәтижесін баспасөзде жариялады. Демек, Сарыбұлақ ауылы – байырғы сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі бабалар өркениетінің табы қалған тарихи қоныс. Сарыбұлақ жартас суреттері Жетісу жартас суреттерінің құрамдас бөлігі және оны басқа жерлерден кездестіре бермейтін жаңа бейнелермен толықтыра түседі. Аталған нысан туризмді дамытуға қолайлы болғанымен әлі де жарнамасы жетпей келеді.

– Жөңкебайдағы тұнып тұрған жартас суреттері, табиғаттың өзі жасап берген Тесік тас, Тіленші қазымен тарихы сабақтасатын Үңгір қора, ал анау жазық беттердегі әлі зерттелмеген сақ обалары тұнып тұрған тарих. Егер осы жерлер мемлекет қорғауына алынып, туристік нысан ретінде табылса деп ойлаймыз. Ол ауылдастардың туризм бағытында жұмыс көзін ашып, кәсіптенуіне ықпал етер еді, – дейді ауыл тұрғыны Әбдіманап Назарбекұлы.

Жалпы, петроглифтер мұрасы жағынан Қазақстанға тең келер ел жоқ деуге де болады. Оны аялап-сақтау ғана басты міндет. Десек те Сарыбұлақ жартас суреттері орналасқан жерлерден вандализмнің белгілерін кездестірдік.

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ЕРІН КЕТСЕ, ТІС ТОҢАДЫ

Қажет АНДАС



Кеше және бүгін

Сарыбұлақ ауыл тұрғындары 1944 жылы Ақсу ауданының Қоға ауылындағы қой кешарын негізінде құрылыпты. Қазіргі Сарыбұлақ ауылдық округіне қарасты Шилісу ауылы 1-фермда, Сарыбұлақ ауылы 2-ферма, Қалысу ауылы 3-ферма болып, орталығы Қарағаштан орналасқан. Жұмыс бағыттағы қой шаруашылығымен айналысып, атағы Одаққа жетіп, дүрілдеген кешпар болған екен.

– Осы ауыл құрылған 1944 жылы тұлым. Балалық, жастық, көрікін шағым осы ауылмен бірге өтіп кеткелі. Алғаш құрылғанда 15 мың қой болса, кейін 100 мың тұяқтан асқан мыңдеген қылған малы бар кешпарға айналды. Мектеп интернат, клуб, балабақша, монша, алма бағы ауылға сән беріп тұратын. Мынаған аса үй, бірнеше мыңдаған тұрғыны болды. Сол жылдарды 90-нан аса трактор, 100-ден аса машина, 56 комбайн, 22 «К-700», 70 су таситын қолік, тағы басқа техникалар самсап тұратын. Қазір соның елесін ғана көресің. Тағына қалған, қабырғасы жығылған, шаңырақ-тың орнасына түскен үйлерде талай өркенді істердің болғанын балаларға айтсақ, ертегі тыңдағандай әсерде қалады. Еліміз тәуелсіздік алды деп қуанғанымызбен ауылды тонап, тоздырып, құртып тыңдық қой, – дейді ауыл ақсақалы Жанат Байсалаков.

Қазір ауылдық округке қарасты Шилісу, Қалысу, Сарыбұлақ елді мекеніне 297 үй, 1605 адам тұрады. Округ орталығы Қарағаштағы ауылдық орта мектепте 176 бала оқиды. Оқу орнасы күрелі жиырдеден өтіп, бар жағдайы жасалған. Алайда Шилісу, Қалысу, Сарыбұлақ ауылындағы жоғары сынып оқушылары арнасы 20, бәрісі 5 шақырым жердан қолмұлық көлігімен осында келіп білім алады. Бұл жүрістің күн көрмеген кейбір ата-аналар аудан орталығы Сарыөзек, болмаса Қапшағай қаласынын үй жалдап балаларын оқытуға мәжбүр. «Өтпей жыла Алматы – Талдықорған күрежолының аузына дейінгі арасықтағы екі жарым шақырым жол жасалса» деп өрлі-төмен есепі берілгенмен елді мекендегі жол мәселесі әлі де өзекті.

Су тапшылығы – өңірдегі күрделі тақырыптың бірі. Кезінде Қарағаш ауылының тау жағында үлкен екі көл болған екен. Ауылға сол көлдан құбыр тартылып, ауылдың қалтасқасы өтіп. Ол көл кейін тартылып қалған. Бүгінде ауылдық округке қарасты елді мекен тұрғындары жарасты суын ағытеледі. Ал су сорғыш құрылғыға жұмыс істемей қалғанда ауыл маңынан ағып өтетін жыланшық өзеніндеден су тасып ішеді. Ауылда жұмыс істемей жатыр дегеннен аулақпыз. Тұрғындардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ету үшін қолдан келер шаруының бәрі жасалуда. Келешегіміздегі ретімен шешілін келеді. Десе де, Сарыбұлақ ауылдық округінде жұрты әбден қажағын, шешімін күтіп тұрған мәселе бар.

Күн электрстансысы бар, жарық жоқ

Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Ермұбұлан Жармұхамбетұлының айтуынша, өткен жылы Қарағаш ауылының көшелеріне жарық шамдар орнатысып, жұртшы қуанышын есселеті. Алдағы уақытта Шилісу, Қалысу ауылындағы көшелері жарықтандыру бағытында жоспар жасалып, қаржысы анықталып, құжаты мекемелерге жолданылты. Өкініштке қарай, осындай тыныжсыз еңбекті есепшісті көп-күйбіңдігі Сарыбұлақ ауылындағы жарықсыз отырған жұртшын жанайшалы сезбенеді бастық.

– Міне, 20 жыл болды жарықсыз отырмыз. Интернет деген атымен жоқ. Ауылдағы ағайынмен хабарласу үшін телефонымызды көкке көтеріп алып, төбе-төбені қызырып кетеміз. «Жедел жәрдем» шақырусы ұмытып кетсеңіз, – деп мұң шақты Сарыбұлақ ауылының тұрғыны Аскар Есімбеков.

«30 жыл жарықсыз отырсың» десек артық болмас. «Дәулын басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, жарықсыз қалудың себебі – осы бір құм шетіне орналасқан ауылдан «Жарықпен жарқылайық» деген орынсолық жоспарын кесіп екен. 2012 жылы Сарыбұлақ ауылында, Қазақстанға Корея көмек беру үкіметаралық бағдарлама аясында және «Green Village» халықаралық жоба бойынша, Швед Ұлы Герцогтігінің инвестициясы «DostykEnergo» ЖШС бірігіп, 52 кВт қуатты күн электрстансысын салған.

Дүрілдеп тұрған тұсында 80-нен аса үй болған, бүгінде 10-ға тарта түтін түтетін отырған алаңындай ауылға мұңлай шығынсыз кол, технологы басқарушы құралдағы электрстансының жазатт жоқ екі. Басында ауыл тұрғындары бұл жоспарды құптамай, елді мекеңге Қарағаш ауылынан электр жарығын жеткізіп беруді талап етіпті. Бірақ тұрғындар үзеңге құлақ асар пендеге табылмай, алыс құрылыс бой көтерген. Арқаз бір-екі жыл өткенде ауылды жарықтандырған стансы күйіп кетіп, ақыры ауыл жарықсыз қалады. Тұрғындар өрлі-төмен шапқылап жүріп, 2016 жылы тағы бір мәрте жаңартып алыпты. Алайда екі жылдан кейін стансы мүлде істен шықсан. Қазір ауылдағы-лар жылтылдаған майшамның қалқасында ұзақ сары таңды сабырмен атырлы.

Күн электрстансысы тұрып, жарықсыз жарымай отырғанымыз былайша ұятты іс. Жағдайымызды айтып баспаған табалдырық, аштатып есігімізі қалмады. Бұрындары «Жасымыз, қатырамыз» деген жауап алушы едік. Қазір кейбір мекеме басшылары есігін тарс жауып, кіріпбейтіндей шығарды. Оны қойшы, бізді аңдайдан көрсе, «Жер көрсеткіліе жасырынға қалатын жағдайға жеттік. Діңкеміз құрып, төзіміміз таусылды,

– дейді ауыл тұрғыны Абдул Хуичеев.

Ауыл тұрғындарынан білгеніндей, Қазақстан мен Кореяның мәнтамақтастығы аясында бой көтерген, әлемдік деңгейдегі күн электрстансысы осы күнге дейін еңбегімен бағынсына алыпбанты.

– Күн электрстансысы 2016 жылы қайта жаңғыртылды. Есті/шығыс, 10 млн. теңге қаржы жұмсалыпты. Сонда еңбір мекеменің балансында болмағын нысанға сонша қаржының қалай ауадырып, пайдаланып отыр, – деп бізден сұрайды Сарыбұлақ ауылының тұрғындары.

Алтық ақпарат көздерін қанша актарсақ та, «Camtrk-Green ENERGY» компаниясының сайтынан іздесек те қаржы туралы, оның қалай пайдаланғаны жайында дерек таппадық. Сондықтан бұл мәселе бойынша Жетісу облыстық прокуратурасына хат жолдап, мәселенің мән-жайын анықтан беруді өтінің қормекпіз.

Құм басып барады, әрекет жоқ

Сарыбұлақ ауылдық округі тұрғындарын тағы бір алаңдатар жағдай – елді мекендерді құм басу жағдайы. Аудан әкімдігі тарапынан құрылған комиссияның талдау нәтижесі бойынша, бүгінде Қалысу ауылындағы 1606 гектар жерді, ал Қарағаш ауылы аумағындағы 2892 гектар жерді, 851 гектарын құм басып үлгерген. Осының салдарынан елді мекендерге шөп шықпай, мал азығын дайындау қиынға соғуда. Оның үстіне Қарағаш-Қалысу-Сарыбұлақ аралығындағы жолды құм басып, қолік қатынасы қиындай түскені анық.

Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Ермұбұлан Жармұхамбетұлының айтуынша, осы мәселені көтеріп, жоғарғы-төмен шапқылап, көмек сұрап көрген. Тіпті аудан, облыс аттап, бірінен Үлттар Үйымының Даму бағдарламасына да үәжелерін жеткізіпті. Бірақ тұяқсыз жауап, қолға алған шара, қабылданған нақты шешім болмаған.

– Егер елді мекендерді құм басу жағдайы тез арада реттелмесе, ауылдың келешегі бұлыңғыр. Оның үстіне құм басқан аумақтың көлемі кеңи түсіе, Алматы – Талдықорған күре жолының қатынас жұмысына да әсері ықпалын тигізбей қоймайды, – дейді ауыл басшысы.

Расында, «Ерін кетсе, тіс тоңады» дегендей, Жетісу облысындағы ана тұяқты жануардың жартысынан көбі қыстан шығатын аумақтың жағдайын түзеу ауылдық округтің қолынан келмейді. Оны ел болып қолға алып, жұрт болып түзуіміз керек. Осы мәселе төңірегінде Жетісу облыстық әкімдігі мен облыстық экология департаментіне сауал жолдайтынымызды айта кеткенді жөн көрдік.

Байлық бар, қарекет жоқ

Сарыбұлақ ауылының орналасқан аумағы туризмді түлендіретін жер-ақ. Бұл маңда қазақ-жоңғар соғысына қатысты, Ресей отарвалдығы тұсындағы тарихтан сабақтастын, Кеңес одағы кезіндегі күзын-сүртін, апаршылықтың әуар дерті-нен дерек беретін тарихи жәр ете көп. Айталық, Талдықорған – Алматы күрежолының бұрылған тұсын Кентабан, Қарабастау, Нұрмолдының қыстауы, Жөнребай, Шұрық, Мақпал ата жерлерінен жер, Балпық бидің ұлы Тіленші қазының атақонысы, Тесіктас, Үйгірқора, Шоқпақтас, Қаумен, Бақлабекті есті/ірген тас, Шорман байға қатысты жер атауы сияқты тарихи жерлер Қуанбасымен түйіседі. Тарихи деректерде 1223 жылы Шыңғыс хан Хорезм жорығынан қайтар жолында Қуанбасында құрылтай ашып, төрт ұлына жер-шекара бөлген. Сол жер осы Қуанбасы болуы мүмкін деген болжам бар. Малайсары қыратары – тұтіп тарих. Тау бетіндегі тас-тарға салынған суреттерге тіл бітсе, ең кемі 3000 жыл бұрынғы дәуірді көз алдыңызға әкеледі. Өкініштке қарай, сол бағалы байлықтың бағын ашып, әлыс-жақындағы әйбынға жеткізетін қарекет қана жоқ.